



Қостанай, 2017

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті  
Қылмыстық құқық және процесс кафедрасы

А.Ш. Майсатаева

## **СОТ РИТОРИКАСЫ**

Оқу - әдістемелік құрал

Қостанай, 2017

**УДК 808.5 (084)**  
**ББК 67.402. (5Каз)**  
**М 14**

**Автор:**

Майсатаева Айнұр Шамшитденовна, з.ғ.м., қылмыстық құқық және процесс кафедрасының аға оқытушысы

**Рецензенттер:**

Тұрлыбеков Б.С.- з.ғ.к., доцент, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті Заң факультетінің деканы

Ибраев А.З, - з.ғ.к., З.Алдамжар атындағы Қостанай Әлеуметтік - Техникалық Университеті, Экономика, құқық және басқару факультетінің Заң пәндері кафедрасының профессоры

Хакимова Г.Е. - з.ғ.к., А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің азаматтық құқық және іс жүргізу кафедрасының меңгерушісі

Майсатаева А.Ш.

М 14 Сот риторикасы: Оқу - әдістемелік құралы. – Қостанай: А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ, 2017– 132 бет.

ISBN

Бұл оқу-әдістемелік құралында сот риторикасы пәніне байланысты түсініктер қолданылған.

Сот риторикасы курсының пәні, мақсаты мен міндеті, шешендік өнер тарихынан, қазақ билерінің шешендік өнері, заңгердің сөйлеу техникасы, шешен өнерінің негіздері, шешен өнерінің мәдениеті, соттағы сөйлеудің түрлері, соттағы пікірталас жайлы жалпы ұғым, сот барысындағы дәлелдеудің өнері, сот сөзі, заңгердің жазба сөйлеуінің мәдениеті, сот жарыссөзі сияқты ауқымды тақырыптарды қамтыған.

Сот риторикасы оқу – әдістемелік құралы заң мамандығы бойынша оқитын студенттерге, оқытушылар, магистранттар және заңгерлерге арналған.

ББК 67.402.(5Каз)  
М 14

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті оқу-әдістемелік кеңесімен бекітілді және басылымға ұсынылды. \_\_\_\_\_  
20\_\_ ж, хаттама № \_\_\_\_\_.

ISBN

© Қостанай мемлекеттік университеті  
© Майсатаева А.Ш. 2017

## Мазмұны

Кіріспе.....	5
<b>I Сот риторикасының құрылуы.....</b>	<b>6</b>
1 «Сот риторикасы» курсының пәні, мақсаты мен міндеті.....	6
1.1 Сот риторикасының жалпы түсінігі.....	6
1.2 Қысқаша риториканың негізгі ережелері.....	10
1.3 Риториканың ғылым ретіндегі пәні, нысаны және оның құрылысы. Риториканың негізгі заңдары мен ережелері.....	12
1.4 Риторикалық талдау және сөздің риторикалық эскизі.....	13
2 Шешендік өнер тарихынан.....	26
2.1. Ежелгі Грециядағы сот шешендік өнері.....	26
2.2. Ежелгі Римдегі сот шешендік өнері.....	32
2.3 Ресейдің сот шешендік өнері.....	38
3 Қазақ билерінің шешендік өнері. ....	46
3.1. Қазақстан сот шешендік өнері (CVII- СІС ғғ.).....	46
3.2. Билердің шешендік өнердегі ерекшеліктер.....	47
3.3 Қазақ билерінің шешендік өнерлері, сот жүйесіне қосқан үлесі...	49
4 Заңгердің сөйлеу техникасы.....	52
4.1 Сөйлеу техникасы.....	52
4.2 Сөйлеу мәдениеті.....	53
4.3 Мәтін риторикасы.....	54
<b>II Шешендік өнердің негіздері.....</b>	<b>56</b>
5 Шешен өнерінің негіздері.....	56
5.1 Шешендік өнердің түсінігі.....	56
5.2 Қазақ шешендік өнері.....	57
5.3 Қазіргі кездегі сот шешендігі.....	61
6 Шешен өнерінің мәдениеті. ....	66
6.1 Заңгер тілінің лингвогерменевтикалық аспектілері. Жалпы мәселесі.....	66
6.3 Сот дауының логикалық формулалары.....	66
6.2 Сөздердің мағыналық типтері.....	68
7 Соттағы сөйлеудің түрлері.....	71
7.1 Қазіргі заманғы сот тілі: ұғымы, түрлері.....	71
7.2 Айыптау сөзі: жалпы ерекшеліктері, құрылымы.....	72
7.3 Қорғау сөзі: жалпы ерекшеліктері, құрылымы.....	74
8 Соттағы пікірталас жайлы жалпы ұғым. ....	79
8.1 Соттағы даулардың кейбір түрлері.....	79
8.2 Ұлғайту. Қайталау.....	84
8.3 Айтылмай қалған жайттар туралы. Мүмкіндік және ықтималдық	86
<b>III Сот барысындағы дәлелдеудің өнері.....</b>	<b>89</b>
9 Сот барысындағы дәлелдеудің өнері.....	89
9.1 Дәлелдемелік құқығы және оның дәлелделер теориясындағы орны.....	89

9.2 Таным теориясы – дәлелдемелер теориясының негізі.....	90
9.3 Дәлелдемелердің жіктелуі, оның теориялық және практикалық маңызы.....	93
10 Сот сөзі.....	97
10.1 Сот сөзін сөйлеушінің мәдениеті.....	97
10.2 Қылмыстық және азаматтық істер бойынша сотың бірінші сатысындағы прокурор мен адвокаттың сөйлеулері.....	99
10.3 Қылмыстық және азаматтық істер бойынша соттың екінші сатысындағы прокурор мен адвокаттың сөйлеулері.....	101
10.4 Прокурорлық немесе айыптаушылық сөз.....	102
10.5 Қорғаушылық немесе адвокаттық сөз.....	105
11 Заңгердің жазба сөйлеуінің мәдениеті. ....	109
11.1 Заңгердің сөйлеуінің мәдениетіне жалпы шолу.....	109
11.2 Сөз сөйлеуге дайындық кезеңдері.....	111
11.3 Соттағы сөйлеу сапасын арттыру тәсілдері.....	117
11.4 Сот сөйлеу сөзінің құрылымы.....	119
12 Сот жарыссөзі.....	124
12.1 Сот жарыссөзінің жүргізілу тәртібі.....	124
12.2 Сот жарыссөзіндегі адвокаттың қорғау сөзінің мақсаты мен міндеттері.....	125
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	131

## Кіріспе

Бүгінгі таңда өзінің қайта өрлеу кезеңін өткеріп жатқан сөз сөйлеу ғылымы болып риторика саналады. Қазіргі замандағы риторикаға соның ішінде сот риторикасына деген қызығушылық тіл шеберлік ғылымына ғана емес сондай-ақ сөз-сөйлеудің жеткізілуі мен іскерлігін жандандыратын ғылым мен өнерге бағытталуда, өйткені сөзді қолданудың еркіндік қасиетінің ширауы тек сөзді билеуді ғана бере қоймай сондай-ақ шешендіктің жеке бейнесін нысандау мен дәлелдеу тәсілін де қалыптастыруда.

Бұл ғылымның оқулықтан арнайы пәні есебінде заңгердің жалпы көпшілік алдындағы сөз сөйлеуі болып табылады. Оның басты мақсаты шешендік көзқарастың дұрыстығына көз жеткіздірту және дәлелдеп беру. Осы аталған курсты заңгердің кәсіби дайындық жүйесіне кіргізу қажеттілігі болашақ заңгердің сөз сөйлеу мәдениетін жоғарылатып нысандау, рухани міндеттері есебінде анықталған. Курстың теориялық және практикалық бағытының өте терең тарихи тамыры бар.

Бұл, сөз сөйлеу сот процестеріндегі айыптаушылық және қорғаушылық маңызды факторлар болып санала басталған уақыт, антикалық мемлекеттердегі соттық - құқықтық жүйемен қалыптасқан. Содан бері сот риторикасына деген қызығушылық бірде жоғалып бірде пайда болып отырды.

Жалпы көпшілік алдында сөз сөйлеу практикасында заңгердің коммуникативтік қолынан келушілігін дамытуға көмек беру. Болашақ заңгердің заңи ойлау қабілетін, кәсіби қылықтарының тәлімділігін дамыту, Заң диалогы шеңберінде нәтижелі қатынас жасай білу қабілетін жетілдіру,

Біздің еліміздегі жоғары оқу орындарында «Сот риторикасы» курсын оқыту ғылыми және тәжірибелік пайдасы екі маңызды объективті факторларға сүйене келіп, біріншіден – сот риторикасы мемлекеттегі сот процесстеріндегі сөз сөйлеу заңдылықтары мен тәртіптерін қаматамасыз етудің негізгі жолы екендігін, екіншіден- сот-құқықтық реформаларын және дәл және жүйелі талдаулы жүргізілетін құқық қорғау органдары қызметкерлерінің этикалық сауаттылығын риторикалық сөйлей білу жұмысымен көрсетеді.

Осы оқу-әдістемелік құралды жасауда келесідей алдына қойған мақсаттарға қол жеткізілген:

-Сот риторикасы пәнінің мазмұны мен осы пәннің өзге құқықтық ғылымдар жүйесіндегі орны туралы.

- Сот риторикасының қылмыстық және қылмыстық атқару құқығымен, қылмыстық іс жүргізу құқығымен, криминалистикамен, криминологиямен байланыстылығы туралы.

- Қазақстан Республикасында Сот риторикасының даму жағдайы.

## **I Сот риторикасының құрылуы**

### **1 «Сот риторикасы» курсының пәні, мақсаты мен міндеті.**

#### **1.1 Сот риторикасы туралы түсінік**

Бүгінгі таңда өзінің қайта өрлеу кезеңін өткеріп жатқан сөз сөйлеу ғылымы болып риторика саналады. Қазіргі замандағы риторикаға соның ішінде заң риторикасына деген қызығушылық тіл шеберлік ғылымына ғана емес сондай-ақ сөз-сөйлеудің жеткізілуі мен іскерлігін жандандыратын ғылым мен өнерге бағытталуда, өйткені сөзді қолданудың еркіндік қасиетінің ширауы тек сөзді билеуді ғана бере қоймай сондай-ақ шешендіктің жеке бейнесін нысандау мен дәлелдеу тәсілін де қалыптастыруда.

Классикалық риторика бірнеше сауалдарды қарастырады:

- Сөз сөйлеудің мағынасын табу;
- Материалды жайғастыру;
- Неориториканың теориясында өзгерген және сапалы ширақ түрде берілген қазіргі замандағы сөз сөйлеуді безендіру.

Классикалық риторикада және неориторика теориясында бірінші сұраққа көңіл аударғанда сөз шеберліктің саясаттық, академиялық, рухани, тұрмыстық және соттылығын (заңдық) айыра білген жөн. Бұл ғылымның пәні болып заңгердің жамағат алдында сөз сөйлеуі саналады, мақсаты сөз шешенінің көзқарасының түзулігін сендіртіп және дәлелдеп беру.

Қазіргі заманда өзінің қайта жанғыру кезеңінен өтіп жатқан дәстүрлік сөз сөйлеу туралы ғылымдардың бірі ол – риторика. Қазіргі замандағы риторикаға деген қызығушылық, соның ішінде заң, сот риторикасына, тек шешендік туралы ғылымға емес, сондай – ақ ой жеткізуші және әрекеттік сөздерді пайда қылушы өнермен ғылымға да көбеюде. Өйткені сөзді пайдалану еркіндігінің ширатылуы сөз сөйлеуді игеруді ғана емес, сондай-ақ шешендік жеке бейнені нысандау және дәлелдеу қабілеттігін игеруді қажет етеді. Бұл ғылымның оқулықтан қарастырулық және зерттеулік арнайы пәні есебінде заңгердің жалпы жамағат алдындағы сөз сөйлеуі болып табылады. Оның басты мақсаты шешендік көзқарастың дұрыстығына көз жеткіздірту және дәлелдеп беру. Осы аталған курсты заңгердің кәсіби дайындық жүйесіне кіргізу қажеттілігі болашақ заңгердің сөз сөйлеу мәдениетін жоғарылатып нысандау, рухани міндеттері есебінде анықталған. Курстың теориялық және практикалық бағытының өте терең тарихи тамыры бар. Бұл, сөз сөйлеу сот процестеріндегі айыптаушылық және қорғаушылық маңызды факторлар болып санала басталған уақыт, антикалық мемлекеттердегі соттық - құқықтық жүйемен қалыптасқан. Содан бері сот риторикасына деген қызығушылық бірде жоғалып бірде пайда болып отырды. Жалпы жамағат алдында сөз сөйлеуге, сотта сөз сөйлеуге деген қызығушылықтың қайта қалыптасуы қашанда қоғамның демократиялануымен байланысты. Қазақстан демократиялық қоғам жолына нық тұрды, соның ішінде соттық-құқықтық жүйеде. Сондықтан осы жәйттар заңи жоғарғы оқу

орындарының оқу жоспарларына «Сот риторикасы» пәнін кіргізуді қалыптастырды.

Оқу пәнінің негізгі мақсаты: жалпы көпшілік алдында сөз сөйлеу практикасында заңгердің коммуникативтік қолынан келушілігін дамытуға көмек беру. Болашақ заңгердің заңи ойлау қабілетін, кәсіби қылықтарының тәлімділігін дамыту, Заң диалогы шеңберінде эффективті және нәтижелі қатынас жасай білу қабілетін жетілдіру,

Оқу пәнінің негізгі міндеттері: студенттердің меңгеретін білімі мен іскерлігі.

Біздің еліміздегі жоғары оқу орындарында «Сот риторикасы» курсы оқыту ғылыми және тәжірибелік пайдасы екі маңызды объективті факторларға сүйене келіп; біріншіден – сот риторикасы мемлекеттегі сот процесстеріндегі сөз сөйлеу заңдылықтары мен тәртіптерін қаматамасыз етудің негізгі жолы екендігін.

Екіншіден- сот-құқықтық реформаларын және дәл және жүйелі талдаулы жүргізілетін құқық қорғау органдары қызметкерлерінің этикалық сауаттылығын риторикалық сөйлей білу жұмысымен көрсетеді.

Негізгі сабақ түрлері болып дәріс, тәжірибе сабақтары есептеледі. Оқу процесінде студенттерге еліміздің көп жылдар бойы құқық қорғау органдары мен сот жүйесі органдарында қызмет атқарған, оқулықтар мен қажетті әдебиеттер авторларының еңбектерін қолдана отырып, үлкен ғылыми және тәжірибелік құндылықтар беру көзделген.

Студенттердің меңгеретін білімі мен іскерлігі:

Бұл курс оқылғаннан кейін студенттер төмендегідей білімге ие болулары керек:

- Сот риторикасы пәнінің мазмұны мен осы пәннің өзге құқықтық ғылымдар жүйесіндегі орны туралы.
- Сот риторикасының қылмыстық және қылмыстық атқару құқығымен, қылмыстық іс жүргізу құқығымен, криминалистикамен, криминологиямен байланыстылығы туралы.
- Қазақстан Республикасында Сот риторикасының даму жағдайы туралы.

Сабақтар классикалық нысанда (дәрістер, тәжірибелік сабақтар, есептерді шешу) және студенттердің логикалық - тану қызметтерін белсендіретін нысандарда (минималды қорытынды мәліметтер бойынша істің фабуласын талдау, қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғалардың рөлін бөле отыра сабақтарды ойындармен жүргізу) жүргізіледі. Студенттер тәжірибелік сабақтарға өзіндік жұмыс бойынша берілген тапсырмаларды уақытында дайындалуға міндетті.

Сот риторикасы курсы оқып білудің тек теориялық ғана емес сондай-ақ практикалық мағынасы да бар. Осыған байланысты практикалық сабақтар өткізу, рефераттар мен курстық жұмыстар даярлау сияқты белсенді тәсілдерге негізделген оқыту түрлері маңызды роль атқарады.



Риторика – ежелгі өнердің бір түрі. Ол б.э. бұрын V ғасырда қоғамның практикалық қажеттілігіне орай пайда болған. Бұл қоғамда практикалық сұрақтар Халық мәжілісінде шешілген, жария түрінде көптеген халық алдында сот жүргізілген. Риторика әрбір адамға қажет болған. Оның негізін қалаған Платон мен Аристотель болған; олардың алдыңғы жол салушылары, риторикадан алғашқы еңбек жасаушылар: Лисий, Георгий. Сол кезеңдегі ең атақты шешендері - Демосфен, Соқрат, Перикл болды.

Классикалық риторика келесі мәселелерді қамтиды: мәселенің маңызын табу, материалдың орналасуы, сөзді әсерлеу, неориториканың қазіргі теориясына ұқсас. Классикалық риторика мен неориториканың негізгі мәселелерінің арақатынасын анықтауға арналған «Сот риторикасы» курсы келесі түрде беріледі:

<u>Классикалық риторика</u>	<u>Неориторика</u>
1. Істі, шығарманы, «үйретуші» және «нандырарлық» айғақтарды ойлап табу	1. Мағлұмат іздеу
2. Орналасу орны	2. Композиция
3. Мәнері туралы	3. Ауызша әрлеу
4. Шешеннің жеткізуі (дыбыстауы)	4. Сөзді орындау (жеткізу)
5. Ақыл-ес туралы	5. Сөзді есте сақтау

Классикалық риторикадағы «Істі ойлап табу...» бірінші сұраққа жауап бергенде, саяси, академиялық (оқу), рухани (дін), тұрмыстық және соттық ділмарлықтарды (шешендік) айрықша атап өтетін болған. Сонымен қатар ділмарлықтың әрбір түрі (кейбір кезеңдерде тұрмыстық ділмарлықтан басқа) тілдің мазмұны мен формасын анықтайтын ерекшеліктерге ие. Оларға мыналар жатады:

1) тілдің функциональдық бағыты (әрбір сөздің (тіл) тыңдарманға әсер етуі, оларды нандыру, кейбір қимыл-іске шақыру үшін айтылады);

2) тілдің саяси бағыты пәлсапалық аспектісімен (бұл ерекшелік саяси сөз ділмарлықтың (шешендіктің) әрбір жанрлық түрінде ашық көрсетілген);

3) тілдің тарихи сипаты (әрбір тарихи дәуір өзіне тән шешендік бейнесін ұсынады. Егер қазіргі заманғы қорғаушы сот мәжілісінде XIX ғасырдың белгілі сот шешені Ф.Н. Плеваконың тілімен сөйлесе, онда арзан экзальтациядай әсер қалдырар еді.

Қазіргі кезеңге дейін саяси шешендіктің мынадай түрлері сақталған: саяси сөздер, саяси шолу, әскери-патриоттық сөздер, митинг сөздері, үгіттеуші сөздері. Саяси шешендіктің негізін ақпараттық маңыздылық, тапсырмалардың берілуі және олардың шешу жолдары құрайды. Академиялық шешендік, кейбір кездерде оқу ретінде мынадай түрлерде беріледі: лекция, баяндамалар, ғылыми шолулар, ғылыми деректер және ақпараттар.

Діни-символикалық көзқарасты дамытушы діни шешендігі дидактикалық жанрларда (уағыз, ғибратнама), сондай-ақ мадақ түрінде («сөз») де шешендік әдістерінің тәлімгерлік және біртүрлігімен ерекшеленеді. Тұрмыстық шешендікке торқалы және мадақтау сөздері, отырыс сөздері жатады.

Риторика қазіргі таңда да қажет. Оның ролін саясатта, коммерцияда және күнделікті күнде қайта бағалау мүмкін емес. Табысқа жету үшін адамның негізгі міндеттерінің бірі - бұл өзінің жағына көптеген адамдарды тарта білу.

Ең бастысы - тыңдарманға шешеннің айтқаны емес. Олар өмір жолында өздерін қолдайтын қуат алғысы келеді. Сондықтан шешен аудитория алдындағы сөйлеп жатқан ойына сенімді болуы қажет. Шешен әртіс болуы қажет, сонымен қатар әрбір әртіс білетін «Станиславский жүйесін» білуі қажет.

Біріншіден, шешен сөзге шығу үшін өзінің жеңіп шығуға көмектесетін міндеттерді айқындау қажет. Міндеттерді айқындап болғаннан кейін бейне жасау қажет (сол бейнемен аудитория алдына шығу үшін): сөз мәнері, қимылдар, сипат (мінез). Сөзге шығудың (орындау) басталуы мінберге шықпастан бұрын және одан кеткеннен кейін аяқталуы қажет.

Сөзге шығу үш бөлімнен тұрады: кіріспе, айғақтау (дәлелдеу) және қорытынды. Кіріспе екінші бөлімде дұрыс дәлелденетін ойдың қысқаша мазмұнынан тұрады. Кіріспенің алуан түрлері болады. Оны таңдау шешен сөзге шыққан аудиторияға және міндетке байланысты.

Орындаудың негізгі бөлімі – дәлелдеу. Егер шешен аудиторияға ойдың дұрыстығын логикалық (қисынды) түрде дәлелдесе, онда ол логикалық болып есептеледі. Ақпараттық дәлелдер нақты және анықтамалық мағлұматтарға сүйенеді. Эмоциялық дәлелдер шешеннен көп күш салуды және әртістік шеберлікті қажет етеді.

Шешен қорытынды сөзінде тұжырым жасайды, өз сөзінің негізгі пікірлерін (ойларын) қысқаша қайталайды, басты ойды мазмұндайды, оны іске асыру үшін тыңдармандарды нақты іс-қимылдар қабылдауға шақырады. Көпшілік алдына сөзге шыққанда кезінде алдын-ала дайындалған тезистерге, қысқаша сөйлемдерге сөздің мазмұнын баяндаудағы логикалық бетбұрыстарды белгілеу кезінде сүйенуге болады.

Көпшілік алдында сөйлеу кезінде үндік (дауыстық) акустиканы да ұмытуға болмайды: аудиторияға дейінгі қашықтықтағы вертикальды жазықтықтағы дыбыстық ағымның өрбуі, үш мөлшерлі кеңістіктегі вектор динамикасы («әмбебап сегіздік»). Егер шешен мінберден сөйлесе, онда ол вектор өрбуіндегі оның биіктігін есептеуі қажет. "Мортира эффектісі" жайлы да ұмытуға болмайды – тыңдарманның субъективті түйсігінде, оның артында шешенге ниеттес адамдардың болуы. Үннің (дауыстың) де маңызы зор.

Шешен сөзі бір сарынды болмауы керек. Фразалар әр түрлі интонацияларда айтылуы тиіс. Кідірістер әр мағыналық ауысуларда жасалынады, эмоционалдық эффект үшін, сонымен қатар өткен және келесі фразалардың маңыздылығын көрсету үшін. Тілдегі әрбір сөзге көп күш – жігер жұмсау керек.

Барлық жария қорғау кезінде шешен қарсыластар алдында өзінің көзқарасын сақтауы қажет. Сол кезде ақталмау керек, керісінше айыптау қажет; түсіндірмеу керек, жария (мәлімдеу) қажет; қарсыласты өзіне тиімді етіп тыңдау қажет. Барлық пікірталас кезінде талқандалған қарсыласты қысымға алу қажет.

Бөтен ойды жоққа шығаруда қысқаша сөйлеу қажет, интонациялық гамманы ұмытпау қажет. Тыңдарманның санасында қатталып қалу үшін өзінің ойын бірнеше рет қайталау керек.

Жоғарыда шешендік өнер мен риториканың негізгі ойлары айтылды. Жария қорғау жеке тәжірибесі таптырмас нәрсе. Сонда ғана адам өзінің істерін жасауға және ерекше ойларын шығара алады. Аудиторияны сезіну қажет және өзінің сөздерін түзетуді үйрену керек. Шешен көптеген сұрақтар бойынша білімі кең болуы керек, қалаған тақырыпта пікірталас өткізе білуі қажет.

## 1.2. Қысқаша риториканың негізгі ережелері

Тіл (сөз) дегеніміз – бұл белгілі бір ретпен орналасқан біздің ойларымыз мен сезімдеріміздің ауызша айтылуы. Рет пен байланыс жасанды сөздің тілден айырмашылығын көрсетеді. *Тіл* сөзінің кең мағынасында тілдің барлық ережелерін түсіну керек, әсіресе үш ғылымды құраушы ретінде: *логика* немесе *диалектика*, дұрыс, байланысты және түпкілікті ойлауға, байымдауға және қорытынды шығаруға үйретеді; *грамматика*, сөздердің мағынасы, қолдануы мен байланысын көрсетеді. Риторика – ойды жүйелі әрі нақты баяндайды, сөз таптары прозалық шығармалардың әрбір ерекше түрімен үйлесе отырып, орналасады.

*Риторика*, сөзшендіктің (ділмарлық) барлық теориясын қамтиды. Сөз ділмарлығы әдеттегідей бұл өз ойларымыз бен сезімдерімізді жазу немесе сөз арқылы дұрыс және анық жеткізу білу қабілетіміз. Ежелгілер *сөз ділмарлығы* дегенді тек қана – шешендік өнерді, *риторика* дегенде – қызмет етушілер және шешендердің қалыптасуын түсінген. Басқа да прозалық шығармалардың теориясы диалектика мен грамматикаға жатқан.

Риториканың мақсаты басқа да барлық прозалық шығармалардың теориясы сияқты тек қана сендіру мен дәлелдерден тұрмайды. Ежелгі және кейбір қазіргі тәлімгерлерге қарсы реттебіз сол сөзді ғылымдағы санамызды қалыптастыратын, үйрететін немесе жүрекке және ерік-жігерімізге әсер етеді деп түсінеміз. Сонымен, ол үйрететін, әсер ететін, орын алатын, дәлелдейтін бұл әрбір прозалық жазушының құрайтын пәні.

*Мағына*, бұл сезім, және оларды жеткізу сөздің маңызын құрайды, ол жан мен тән сияқты байланыста болуы қажет. Сол және басқалары да материя мен форма секілді риторика пәніне жатады, олар өздерінің зерттеулерін сөздеріне және ойларына дейін жоймайды, оны оны *логика* мен *грамматикаға* қалдырады. Ол шығарманың әдемілігіне және түзулігіне қарайды, сол сияқты ол дұрыс ойланған және грамматиканың ережелеріне сәйкес сөзшендіктің әрбір түріндегі ойларды оқиды. Кейбіреулер сөзшендікті өлеңдер және проза деп түсінсе, біреулер тек қана проза деп бөледі, сол себепті оны екі түрге: прозалық және өлеңдік өнер деп атауға болады. Бұл тек сыртқы пішініне қарап бөлу емес; оны шешен мен ақынның алдарына қойған мақсаттың айырмашылығынан білуге болады; біреуі-оқытуға, екіншісі – қанағаттануға мақсат тұтады.

Табиғи шешендігімен ерекшелінетін адамдар бар; олар риторика ережесін оқымаған, сонда да таза ой, тілі жеңіл және өз қабілетімен мақсаттарына сәйкес өз ойлары мен сезімдерін жеткізе білген.

Әрбір жазушыдан талап етілетін нәрсе ол өзінің айтатын сөзін жан-жақты білуі қажет, ол өзін барлық уақытта ұстай білуі, басқаларға ұсынатын себептеріне және дәлелдеріне сенімді болуы керек, сондай-ақ оқырманның жүрегіне жеткізуі қажет.

Сөз ділмарлығының пайдасын, егер кімде кім оның мәні мен мақсатына назар аударса ғана біледі. Басқа ешқандай да ғылым біздің жан-дүниемізге олай әсер ете алмайды, өте әдемі сөз ділмарлығы біздің жүрегімізді жаулап алады. Соның көмегімен бізден ғасырлар бойы жат адамдардың ойлары мен сана-сезімдерінен бөлек сезімдері, қабілеттеріне дейін біздікі және қазіргі заманғы болады. Ол бізді заттарды таңдауға, оларды дұрыс және бір-біріне байланыстырып суреттеуге үйретеді; ол шындыққа сенімді күш береді; ол біздің адамгершілік қасиеттерімізді қалыптастырады.

Шешеннің қалыптасуына риториканың ережелері жеткіліксіз. Сол себепті ежелгі және қазіргі заманғы шығармалармен танысу қажет. Тыңғылықты зерттеу бұл біздің еліктеуімізге алып келеді; сөз ділмарлығын зерттеудің арқасында әдемілік пен жақсылықтан күш аламыз, жамандықты тез айыра білеміз.

Тіл құрылымы жүйесінде риторика грамматикаға қарайды. Бірінші грамматиканы зерттеп, одан кейін риторикаға өтеді. Грамматика мен риторика арасында маңызды әдістанымдық айырмашылық бар. Грамматика немесе лингвистика барлық адамдар қандай тілді қолданса да оның бірдей екенін біледі. Риторика теріс тезисті қолданады: әрбір сөзді құраушы басқаларға ұқсамайтын жеке болуы қажет, жаңалық айтуы тиіс, осыдан келіп **риториканың негізгі талабы** шығады: хабарламада жаңалықтың болмауына тыйым салу.

Грамматика және риторика **стилистика** арқылы байланысады. Стилистика сөздің дұрыстығымен қатар тартымдылығын да көрсетеді. Әрбір ғылым секілді риторика да негізгі категорияларға сүйенеді, олар келесі екі кесінділермен көрсетілген:

1. Квинтилиан кесіндісі:

1. Жаңалық ашу;
2. Орналасуы;
3. Орындалуы;

Бұл кесінді сөзді ауызша дайындау және оның айтылу әдістемесі. Берілген кесінді сөздің мазмұнына тиісті емес. Аристотель кесіндісі:

1. Эпос;
2. Пафос;
3. Логос.

Бұл жерде шындық қаралады, сөз қоғамдық өмірдің процесіне айналады.

*Ереже:* Эпос дегенде антикалық дәстүр бойынша шешенге шындықты айтуы керек жағдайлар мен келісімдер ұғынылады. Бұл жағдайларды сөзді

алушы сөзді құраушыға жасайды. Бұл жағдайлар уақытқа, іс-қимылға, мерзімге, сөзді болжауға, сөз қарқынына байланысты.

*Ереже: Пафос* дегенде сөз ойы (пиғыл) түсіндіріледі, сол себепті пафос сөзге жаңалық енгізуді жобалайды, сөздің не үшін құралатынын көрсетеді.

*Ереже: Логос* дегенде сөздің ауызша толықтырылуы, ойлардың сөз жүзінде іске асуы, сондай-ақ эмоциялар ұғынылады.

Сөз тиімділігі. Сөз тиімді болу үшін ол жаңалаық беруші, орынды және дұрыс болуы қажет.

Әлеуметтік тоқырау – сөздің құлдырауы.

### **1.3 Риториканың ғылым ретіндегі пәні, нысаны және оның құрылысы. Риториканың негізгі заңдары мен ережелері**

Қазіргі риториканың нысанына тек қана ауызша сөз емес, сондай-ақ барлық сөздердің түрлері де жатады. Бұл сөздердің түрлерін риторика стилистикадан алады, ал стилистиканың негізгі бөлімі ауызша сөз теориясы деп есептеледі.

Риторика құрылысы: риторика жалпы, жеке, тақырыптық болып бөлінеді. Ол эпосты, пафосты, логосты зерттейді. Стилистикамен қосыла осы сөз түрлерінің бір түрін зерттейді (жеке ауызша сөз).

Тақырыптық риторика бір тақырып төңірегінде араласқан ауызша сөз түрлерінің ережелерін зерттейді (Америка үшін).

Одан басқа риториканы теориялық және қолданбалы деп бөлуге болады.

*Теориялық* – сөз заңдарын дедуктивті әдіспен зерттейді, кейін олар тарих фактілерімен риторикалық тәжірибемен сендіріледі (түсіндіріледі).

*Тәжірибелілік* – сөздің көмегі туралы ережесін зерттейді: тәжірибеде қабылданатын және мақұлданатын ережелер.

Мыс. 1. Егер диалог ауызша сөз түрінің бірінде жүргізілсе және тақырып бірнеше адамдардың қатысуымен және ұзақ уақытқа созылса, онда бос сөз болғаны (энтропия).

Мыс. 2. Егер диалог ауызша сөздің бірнеше түрінде жүргізілсе және тақырып түрлендірілсе, онда мазмұны толықтырылады.

Мыс. 3. Әдістемелік шығармалардағы мағына қабаттары белгілі тәртіппен орналасады — автор бейнесі, сөздің жалпы мазмұны, сөздің бейнелі мазмұны, сөздің эмоциялық мазмұны, логикалық мазмұны, композициялық, немесе стилистикалық мазмұнмен құрылысы басқа мазмұнды сөз құрауға болмайды.

Гемилектика ережесі: Егер сөз автор бейнесі атынан айтылса немесе керісінше болса ғана, мәтінді толық түсінуге болады.

Риторика ережесі: риторика заңдарын жеке пайдалану, сөйлеушінің мақсатына байланысты.

1. *Диалектика* – сөздің негізгі мақсаты – шындықты іздеу (Сократ).
2. *Эристика* – шындыққа қарамастан қоғамда өз позициясын бекіту.

3. *Софистика* – сөз мақсаты – диалектиканың ережелерін қолдануымен өз позициясын бекіту немесе тиімді көзқараспен шындықты қамтымау.

#### 1.4 Риторикалық талдау және сөздің риторикалық эскизі (нобайы)

Риторикалық талдау – дайын сөздің қалай құрылғанын түсінуге көмектеседі, ойдан сөзге дейінгі жолды көрсетеді. Ол үшін *риторикалық ереже (канон)* деген түсінік қолданылады.

Классикалық риторикалық канон кезеңдері:

1. Инвенция – жаңалық ашу (жасаушы) (айтылатын нәрсені табу) .
2. Диспозиция – жаңалықтың орналасуы
3. Элокуция – ойдың ауызша көркемделуі
4. Меморио – есте сақтау
5. Actio hypocrisis – сөздің айтылуы (орындалуы)

Инвенция сөздің мағынасын түсінуді жобалайды, оларды бірнеше тақырыпшаларға бөлуді көздейді. Бірінші кезеңде (инвенцияның) ойдың болуы мен байлығы есепке алынады. Ол үшін «жалпы орындар» деп аталатындар бар. (топ – сөзді дамытудағы мағыналық моделдер).

Топ – түсініктер жүйесі, кез келген сөз туралы ойлар әдісін жобалайды.

Диспозиция идеяларды қайта топтау және олардың сөздің негізгі міндетін орындайтын тәртіпте орналастыру. Сөз келесі құрылымға ие:

1. кіріспе;
2. сөйлем;
3. мазмұндау (баяндау);
4. растау;
5. теріске шығару;
6. қорытынды.

Элокуция – бұл сөзді ауызша көркемдеу кезеңі. Сөздер мен сөз тіркестерін таңдау өте маңызды; сөздерді мағыналық, семантикалық, стилистикалық, дыбыстық таңдау. Осы жерде *троптар* мен *сөз фигураларын* таңдау қажет.

Actio hypocrisis – көпшілік алдында сөзге шығу бұл сөз техникасы мен дағдыларын (машықтарын) білу қабілеттерінің бар екенін көрсетеді (дауыс, интонация, қимылдар).

**Инвенция** – идеялар іздеу, болашақ сөздің мазмұны, мағынасы.

Ломоносов бойынша идеялар құрылысына қарай жай және күрделі болып бөлінеді.

**Мағыналық модель: топ, түр**

Топ, сөйлеу мен ойлаудың, пайымдай білудің, жалпыдан жалқыға өтудің (дедукция), жалқыдан жалпыға өтудің (индукция) әмбебап заңын білдіреді.

Мағыналық моделі: Сөз мәнін жуық тектік және түрлік айырмашылықтар арқылы анықтауға болады.

Классикалық риторикалық дәстүр бойынша сөзді анықтау (дефиниция, экспликация) кіріспеден кейін жүреді.

I тәсіл – жалпы түсінікке апару.

II тәсіл – қарама-қайшылық арқылы сөз мәнін анықтау.

III тәсіл – метонимияны қолдана отырып – заттардың араласуы арқылы.

IV тәсіл – қасиеттерді жүйелі атап шығу арқылы

**Троп: бүтін, бөлік**

Анықтау үшін қолданылады:

1. Сөз мәні бүтіннің бөлігі ретінде қаралады және ол туралы бүтін түрінде айтылады;

2. Сөз мәнінің элементтері қаралады және олар туралы жеке айтылады және қайтадан бүтінге жаңа таныммен қайта оралады.

Заттың функционалды маңызы бар бөліктері ғана ерекшеленеді немесе атап көрсетіледі. Ең көрнекті белгілері және қасиеттері.

**Классикалық риторикалық ереженің (канон) екінші кезеңі - диспозиция.**

Диспозиция (Ломоносов бойынша) – идеялардың бір тәртіппен орналасуы.

Риторикалық ереже (канон) сөз идеяларының орналасуы арқылы европалық сөз мәдениетін көрсетеді. Дәстүрге сүйене отырып қазіргі заманғы ұсыныстар шешенге ештеңе жүктемейді, тек қана белгілі үлгілерді ұсынады.

Ескі (көне) риториканың ұсыныстары:

Ломоносов бойынша топтардың орналасу тәртібі келесідей:

1. жансыз заттарды сипаттау:

• заттың сипаттамасы беріледі, тек - түрдің мағыналық моделі қолданылады;

• бүтін-бөлік мағыналық моделі;

• сыртқы қасиеттері (формасы, дерек, мағлұмат);

• зат кездесетін орын;

• заттың қызмет ету аясы (функция);

• куәлік (дәйектемелерге сілтеу жасау, басқа авторлар осы зат жайлы не айтады.

2. жаны бар заттарды (жануарларды) сипаттау сызбасы:

• сипаты, қолданылуы, топ, тек, түр;

• қасиеттері, сыртқы көрінісі;

• іс-қимылдары, өмір сүру салты;

• ішкі қасиеттері: мінез-құлқы, адамгершілігі;

• көмегі;

3. техникалық затты сипаттаудағы талаптар (инструкция);

• Сипаттау түсінікті, толық, дәл болуы қажет.

Затты шығармашылық сипаттау үшін сипаттама үш бөлімге бөліну керек – басы, ортасы, соңы.

Басы: 1) сипатталатын затқа арналған қаратпа сөз (Адамдар!); 2) күннің немесе жылдың уақыты туралы айту 3) заттың қай жерде екендігін немесе қайда кездесетінін айту.

Ортасы: 1) егер зат қимылсыз болса (өзен, дала), сыртқы жағдайларға байланысты болып жатқан өзгерістер сипатталады (уақыт, ауа-райы); 2) жансыз физикалық заттар, бөлімдерден тұрса - әрбір бөлім сипатталады; 3) адамгершілік (ар-ождан, кеңпейілдік) – топ, түр, текке жүгіну, әртүрлілігі, сол секілді қарама-қайшылығы.

4) қозғалыстағы жек тұлға (киноактер) – қасиеттері сипатталады. Ортасы, соңының орналасу ережелері бар: а) ең қызық жері сипаттаманың соңына жақын орналасады; б) артық деталдаудан қашу керек (ең керекті, негізгілерін алу керек); қайталаудан қашақтау қажет.

Соңы: 1) сөз затына эмоциялы түрде арнау, өз сезімдерін, тілектерін білдіру; адамгершілік идеяларын, моралдық ойларын білдіру.

Әңгіме жүргізудің әртүрлі стратегиясы бар.

Ұсыныстар:

1. Мазмұндаудың басы:

а) тиісті адамға арнау (назар аудару);

б) әңгіменің негізгі ойы, мазмұндау;

в) жалпы бекітілген шындық беріледі, афористік түрде айтылады;

г) оқиға болып жатқан жердің орны, уақыты, жеке тұлғасы (бейнесі ).

2. Мазмұндаудың ортасы:

а) кульминацияға жақындап оқиғаның табиғи қалпын сақтау.

3. Мазмұндаудың соңы: а) әңгіменің шешімі, соңы, қорытынды; осы кезде әңгімені айта отырып нені, кімге, не мақсатпен айтқанды есте сақтау қажет.

Қызық әңгіме құрастырудың принциптері:

1. Қарапайымдылық, түсініктілік, қысқалық.

2. Шындық түрінде.

3. Біртіндеп қызығушылықтың артуы.

**Пайымдау (хрия) – сөздің классикалық үлгісі**

*Ереже.* **Хрия** – сөз немесе пайымдау және ойға салу, қандай да бір тезисті түсіндіреді немесе дәлелдейді.

Хрияда біз тек бір ойды (сөйлемді, тезисті) ғана аламыз, соны шындық ретінде немесе өтірікті теріске шығаруын дәлелдеуіміз қажет.

*Қатал (классикалық) немесе тік хрийдің құрылымы*

Қатал хрия талабы бойынша, тезистің негізгі жобасы осы тезистан келіп шығатын мүмкін болатын қарытынды мен жеке салдардан болу керек: тезис – дәлелдемелер.

Құрылыс 8 бөлімнен тұрады:

1. Сөз басы – сөздің басы назар аудару мақсатында (мақтау немесе суреттеу).

2. Парафразис – тақырыпты түсіндіру, экспликация.

3. Себеп– тезисті дәлелдеу (бұл тезис дұрыс, өйткені ...).



4. Қарсы – егер болмаса, онда...
5. Сол секілді – осы құбылысты ұқсас салалармен салыстыру
6. Мысал.
7. Куәлік (беделге сілтеме жасау)
8. Қорытынды (тақырыпқа деген қарым-қатынасың).

*Қатал емес (тәуелсіз) хрияның құрылымы.*

Дәлелдемелер – тезис.

*Ереже.* Бұл пайымдаудың мынадай түрі, басында жеке дәлелдер жиналады, кейін тезистің өзі қалыптастырылады, **индуктивті** (сократов бойынша) деп аталады.

Құрылыс 5 бөлімнен тұрады:

1. Сөз басы
2. Дәлел немесе негіз.
3. Байланыс – жасанды байланыстың немесе логикалық көпірдің көмегімен тиісті адамдысендіру үшін, сол ойға жетелейді.
4. Тезистің қалпы (негізгі ойдың).
5. Қорытынды.

### **3. Классикалық риторикалық ереженің кезеңі – иллокуция**

*Ереже.* Иллокуция дискурс гармониясын құру үшін белгілі сөздік жағдайға байланысты тілдер мен сөздер құралдарын дұрыс таңдауды жобалайды.

Дискурс гармониясы троптар мен сөз фигураларын қолдану арқылы пайда болады.

*Ереже.* **Троп** – бұл сөз оралымы, сөздердің ауыспалы мағынада қолданылуы. Сол себепті айтушы мен тыңдаушыда екі мағына пайда болады: тура және ауыспалы.

Троптарға жататындар: *метафора, метонимия, синекдоха, катахреза, оксюморон, аллегория* және басқалар.

*Ереже.* **Сөз фигуралары** – синтаксистік құрылымдардың ерекше формалары, сол арқылы сөз мәнерлі әрі экспрессивті қалыпқа ие болады

**Сөз фигураларына мыналар жатады:** *антитеза, парадокс, парафраз, градация, риторикалық мәселе.*

#### **Мәтінді риторикалық талдау.**

Ол 3 аспектіде жүргізіледі: 1) мағыналық құрылыс аспектісімен 2) осы идеялардың орналасу аспектісімен 3) риторикалық форма (троптар мен фигуралар) арқылы.

#### **Образ риторикасы**

*Ереже.* **Троп** – бұл сөз оралымы, сөздердің ауыспалы түрде қолдануы.

Риторика үшін қос мағыналығын жоғалтпаған, ауыспалы мағынада қолданатын сөздер қызығушылық тудырады.

Троптардың негізгі ерекшеліктері мен олардың мағыналары.

1. Риторикалық троптар адамның танымдық қызмет тәртібін көрсетеді. Қоршаған ортаға қарай адам одан мыналарды көреді:

- ұқсас жағдайлар мен заттар, сөйтіп оларды бір сөзбен біріктіреді (метафора солай пайда болады)

- жағдайларды жақындығына, бір-бірімен араласуына қарай топтайды (метонимия солай пайда болады)

- көзге көрінбейтін жағдайларды байқайды (сезімдер әлемі, интеллектуальды әлем)

1. Троптар өмірге деген субъективті көзқарасты көрсетеді, оның эмоцияларын, көңіл-күйін, бағасын көрсетеді.

2. Риторикалық троп мағыналық өлшемге ие, соның көмегімен күрделі мазмұнды қысқаша жеткізеді.

3. Образды оралым көрнекті, есте жақсы сақталады, жақсы қабылданады.

4. Риторикалық троптар мәтіннен қанағат алуға мүмкіндік береді және тыңдаушыны шығармашылық процесіне қосады.

**Метафора, оның құрылысы және риторикалық қызметтері (функциялары)**

*Ереже.* **Метафора** – осы заттардың қасиеттеріне қарай атаулардың бір заттан екіншісіне ауысуы.

**Метафора құрылысы.**

Метафора – жасырын теңеу, «сондай», «сол секілді» деген сөздермен айтылады.

Заттың екі түрлі теңеуі бар:

- объект және субъект
- үшінші белгі, соның көмегімен заттар теңеледі.

Ережелер:

1. Теңеу элементтері әртүрлі болуы керек – пропорцияға негізделген ереже. Парадокс шебері – Гераклит.

2. Теңеу термині кез-келген белгіні емес, теңеу кезіндегі маңызы бар белгіні табу керек.

3. Сөз мәнінің бағасы теңеуге байланысты болады

- метафораны жақсарту үшін теңеу іздегенде;
- метафораны нашарлату үшін теңеу іздегенде.

1. Жаңа метафора алу үшін ерекше теңеулерді пайдалануға болады.

2. Метафоралар қысқартылған және кеңейтілген болу мүмкін.

*Қысқартылған метафора* – сөздер жаңа түсінікте теңеледі, «сол секілді» оралымы жоғалады.

*Кеңейтілген метафора* – метафора ішіндегі фраза. Зат құрылысын қиындаттырады, мәтін қабырғасына айналады.

**Метонимия және оны риторикалық мақсаттарда пайдалануы**

*Ереже.* **Метонимия** – (қайта атау) араласуына және жақындығына байланысты зат атауының бірінен келесісіне ауысуы. Метонимияның көмегімен көбіне мыналар аталады:

1. заттың жасалған материалы бойынша
2. қасиетіне қарай

3. шығарушыға, авторына қарай
4. зат затына қарай аталады
5. затына немесе жағдайға қарай уақыт айтылады, осы уақытты сипаттайды (өлгенше жақсы көру)
6. метонимияның жекелей бір жағдайы - синекдоха
  - зат бөлігінің аты затқа бүтіндей ауысады
  - көпше түр жекеше түрмен ауысады
1. метонимияны дамыту үшін риторикалық қабылдау *перифраз* құрылады, мұнда зат аты оның белгілерін сипаттаумен ауысқан кезде.

### **Басқа да троптар және сөз фигуралары, олардың мәтінде қолдануы**

1. Жандандыру (олицетворение) – жансыз заттарды адамның белгілері мен қасиеттерімен көрсету (көбінесе табиғатты суреттеу кезінде қолданылады).

2. *Аллегория* (басқаша айту – “емеурін”) – нақты көркем образдарда тармақты ұғымдарды білдіру, мысал, эпсана, ертегілерде қолданылады.

3. *Антономасия* (қайта атау) – белгілі бір жалқы есімді жалпы есім мәнінде қолдану

4. *Эпитет* – затты немесе іс-қимылды образды анықтау.

5. *Гипербола* – мөлшерді, күшін, әдемілікті асырып жіберу.

6. *Литота* (қарапайымдылық) – кері гипербола, мөлшерді, күшін, әдемілікті әдейі кішірейтуші.

7. *Мейозис* (литота секілді) – сөз фигурасы, бір нәрсенің қасиеттерін, дәрежесін кішірейтуші.

8. *Парафраза* (әңгімелеу) – суреттеу оралымы, қандай да бір сөз, сөз затының орнына қолданылады.

9. *Дисфемизм* – троп, нормативті, табиғи сөздің дөрекі, анайы сөзге айналуы.

10. *Эвфемизм* – бір нәрсені әдепті, сыпайы атау.

11. *Катахреза* – троп, оларға жатпайтын мағынада айтылатын сөздерді қолдануымен байланысты, көбінесе гиперболалық (әсірелеу) метафора түрінде қолданылады.

12. *Каламбур* (сөз ойыны) – бір сөздің әр түрлі мағынада қолдануы немесе екі бірдей айтылатын (дыбысталатын) сөздердің қолдануы.

13. *Оксюморон* – бұл сөз фигурасы, екі антонимнің бірігуінен құралады (мағынасы жағынан қарама-қарсы сөздер), содан мағынасы біріккен жаңа сөз тіркесі пайда болады (тірі өлік).

14. *Анафора* – сөз фигурасы, әр сөйлемнің басындағы сөздің қайталануынан тұрады.

○ анафора лексикалық

○ анафора синтаксистік

### **Ирония және парадокс риторикалық құралдар ретінде**

#### **Қалай тапқыр болу керек?**

*Анық.* **Тәлкек** – риторикалық троп, ол метафора, метонимия секілді айтушы мен тыңдаушы санасында екі мағына ұсынады: тура және ауыспалы. Осы екі мағынаның ойыны (қосындысы) әзілді тудырады.

- әзіл
- юмор
- ой өткірлігі
- сарказм – келемеждеу

Күлкілінің түрлері:

1. Күлкілі нәрсе абстракты түсініктен шындыққа өткен кезде пайда болады.

2. Дұрыс түсінбеген жағдайларда.

3. Ой өткірлігі жағдайды ұтады, трагедияда комедияның көрінуі.

4. Қасақана күлкілі ету - әзіл

- егер әзіл түбі шындық болса – тәлкек;
- егер шындық түбі әзіл болса - юмор;
- өзін-өзі тәлкек ету.

Тәлкек түрлері мен құралдары:

1. антифраз – әлдебір сөз қарсы мағынада жұмсалады

2. парадокс – алғаш қарағанда дұрыс пікірге қарсы келеді, соңында терең мән жатады.

3. гипаллаг – сөздерді тұрақты сөз тіркестеріне келтіру

4. антомакласис – көп мағыналы сөздерге негізделген троптар тобы, сандық нәтижеге әкелу

5. каламбур – жаңа сөздің ескісінде көрініс табуы, мағыналардың қайта берілуі:

- полисемия – көп мағыналы сөздер;
- омонимия – мағынасы жуық сөздер;
- омофония – сөздердің дыбыстық ұқсастығы.

**Сөзге шығуға дайындық**

**Сөзге шығу** – бұл мәтіннің қарапайым, шапшаң бірлігі.

Сөйлеуші (айтушы) сөзге шыққан кезде сөз мәдениетіне көңіл бөлмейді, оның барлық ойы мазмұнында болады, ал сана тәжірибеге сүйеніп ең керекті лексикалық вариантты береді

Ауызша сөйлегенде сөздердің санын қысқартатын шектеу болады. Үйреншікті жағдайда сөз автоматты, бақылауға бағынбайтын болып шығады. Егер жағдай қиындаса, онда сөзде «бағдарламалық деңгей» қолданылады. Сөзде ойлау механизмі өте қиын. Айтылатын сөзді қалыптастыру процесі сөздік қарым-қатынас жағдайына байланысты.

Сөзге шығудың келесі мақсаттары былай бөлінеді:

1. Ассертивтік – фактіні көрсету (айқындау), қандай да мағлұматты хабарлау.

2. Коммесивтік – бір нәрсені орындауға міндеттеме беру.

3. Директивтік – бір нәрсені орындауға көндіру.

4. Декларативтік – ниетін білдіру

5. Аксиологиялық – бір нәрсеге баға беру.

### **Сөз ойлау механизмінің сызбасы**

1. Мотивация – әрбір сөздің басында себеп (мотив) жатады, осы кезеңде айтушыда әрекеттер қорытындысы пайда болады, бірақ әрекеттер жоспары жоқ.

2. Ішкі бағдарлаудың кезеңі – оның белгілі жағдайы тілдік негізде екінші көрермендік бейненің пайда болуы.

3. Лексико-грамматикалық кезең – бұл жерде ішкі сөздердің лексико-грамматикалық тарқалуына өту іске асырылады.

Ауызша сөзге шығудың келесі кезеңдері бөлінеді:

1. Докоммутивтік – аудиторияға шығудың алдында.

2. Коммутативтік – жұртшылық алдында шешеннің өзін-өзі ұстауы.

3. Посткоммутивтік – сөзге шыққанын талдау және оның кемшіліктерін есепке алу:

○ ойлардың іске асуының толығыуы

○ баяндаудың логикасы

### **Сөздік қарым- қатынас жағдайларын талдау**

Сөзге шығуға дайындық тақырыпты таңдаудан басталады, ұсынылған, тапсырылған болуы да мүмкін. Барлық уақытта да айтатын нәрсе болған кезде ғана сөзге шығу керек, негізгі риторикалық ережеге сүйену қажет. Тақырып көкейкесті, нақты және қабылдауға түсінікті болуы қажет. Тақырыптың аты тартымды болуы қажет.

Бағытына қарай ауызша сөз сөйлеу екі түрге бөлінеді:

• үгіттеу

• насихаттау

Үгіттеу сөздердің мақсаты – аудиторияға тез әсер ету, эмоционалды түрде тыңдаушыларды қандай да бір шешім қабылдауға шақыру.

Насихаттау сөздердің мақсаты – қандай да бір факті, мағлұматтарды ағартушылық жолмен беру.

Сөзге шығудың түріне, тақырыбына және оның бағытына байланысты, шешендердің сөзге шығуы бірнеше түрлерге бөлінеді.

1. *Эмоциялық шабыттанған шешен*

Ол сөзге тек қана ойларын ғана емес, сондай-ақ сезімдерін де қосады, аудиторияны қанаттандырады, өзіне тартады, әсер етеді, көбінесе эмоциямен сөйлейді.

Ерекшеліктері және оған тән кемшіліктері:

1. Көбінесе шешен жалған тон, жалған пафосқа түседі. Олар жиі басқа шешендердің шешендік іс-қимылдарын (приемы) алады.

2. Олардың сөзі сенімсіз болып көрінуі мүмкін. Бұл аудиторияға байланысты.

3. Олар шындықтан жиі жалтарады (бас тартады), өйткені оның өзгеруі фактілерді әсірелейді. (бағалаудағы субъективизм).

4. Осы түрдегі шешендер көбіне сөздің нақты емес қимылдарына (приемам речи) жүгінеді, аудиторияның көңілін аударуға талпынады.

1. *Объективті-шындық типіндегі шешен (эрудит шешен)*

Ерекшеліктері және ұсыныстары:

1. Жаңа әдебиеттермен танысуға міндетті, мағлұматтарды жаңалау.
2. Қажетсіз сілтемелер мен дәйектемелерден қашу керек.
3. Қолдан келмейтін тақырыптарды қозғамау керек.
4. Жалпы мазмұндағы бос сөздерден қашу керек.
5. Көпсөздікке түспеу керек.
6. Синтездеуді, мағлұматтарды жинақтауды, негізгі ойды анықтауды білу керек.

**3) Салауатты ой шешені**

Шешендердің бұл түрі сөз ділмарлығының жалтырағынсыз және тыңдаушыларды сілтемесіз-ақ сендіретін, тек қана ойдың туралығына, мағынасына және жалпыға таныс фактілерге сүйеніп. Салауатты ойға және жалпыға танымал фактілерге сүйенен отырып, сөз ділмарлығын көрсетпей-ақ және жұртшылықтың көзін жеткізбей-ақ пайымдай білетін шешен типі.

1. *Дауыстап ойлайтын шешен (Сократ типі).*

Бұл шешен дайын ақиқаттарды хабарламайды, бір нәрсенің соңынан ілесуге шақырмайды, көпшілікпен бірге барлық дәлелдерді «жақтау» немесе «қарсы болу» ретінде келтіре отырып, мәселені шешуге ұмтылады.

Ерекшеліктері және кемшіліктері:

1. Шешен ойын жиі жоғалтады.
2. Ең «күшті» сөзі (адвокаттық).

**Шешендік сөзге шығудың ойлау стиліне тәуелділігі.**

Ойлау үш стилге бөлінеді:

1. дискурсивті
2. интуитивті
3. ассоциативті

*Дискурсивті* – логика заңдарына негізделген, жүйелі, ешқандай секірусіз және ескерусіз. Шешен түсінікті, нақты, жүйелі сөйлейді, кейде керексіз нақтылыққа түседі, мезі қылады, зеріктіреді.

*Интуитивті* (оймен) – нақыл сөздермен, қысқа, бірақ тыңдаушыға барлық уақытта түсінікті емес, өйткені шешен силлогизмнің қысқа формасын жиі қолданады соның нәтижесінде біржақты түсіндірілмеген, дұрыс қабылданбаған.

Силлогизм өзіне тезисті, пайымдауды, ой тұжырымын енгізеді. Орыс философтарына тән.

*Ассоциативті* – субъективті, ассоциативті байланыстың заңдары, ой пікірі тек қана сөйлеушіге түсінікті. Суретшілер, ақындарға тән.

**Сөздің коммуникативті дәлділігі.**

Дәлдіктің екі түрі бар: ұғымдылық және пәндік.

Егер автордың ойы көрсетілген шындыққа тура келсе, онда ол тура, нақты (мәтін-шындық, нақтылық).

Егер осы ой сөздерде адекват (парапар) болса, онда ұғымдық нақтылық (шындық) сақталған (мәтін-ой).

Тәжірибеде басқа да түсініктер қолданылады: Нақты (іс жүзіндегі) дәлдік, Коммуникативті дәлдік.

Дұрыс емес мағынада берілген дәлдікке алып келмейтін сөздер үнемі қолданбайды, бұл тек қана кейде мәтіннің, фразаның мәнерлілігі.

Сөздің коммуникативті дәлдігін бұзатын қателер түрі.

Сөздер араласқан кезде:

- мағынасы жағынан ұқсас;
- айтылуы жағынан ұқсас;
- мағынасы және айтылуы жағынан ұқсас;
- мағынасы және айтылуы жағынан ұқсас емес, бірақ бір синтаксистік жүйеге, бір пәндік салаға жатады.

### **Шешендік қызметтің стратегиялық кезеңі**

*Ауызша сөзге шығуды дайындау*

1. Фактілер мен теориялық мағлұматтармен жұмыс істеу:
  - фактілерді қалай іріктеп алу керек;
  - деректермен жұмыс істеу.
2. Мәтінді редакциялау. Логика (ойлау), сөздердің композициялық бірлігі, оның бүтіндігі, шолушылық, гармониялығы.
3. Сөзге шығудың тәсілдері. Сөзге шығуға дайындық.

*Фактілер және теориялық мағлұматтармен жұмыс*

Алдын-ала сөзге шығудың жоспары түзіледі, кейін сөз фактілермен толықтырылады.

Фактілерді сұрыптаудағы талаптар:

- олар анық және кесімді, нақты болуы қажет;
- сөзге шығудың жалпы инеясына бағынышты болуы керек;
- негізгі және маңызды фактілерді сұрыптау қажет;
- фактілерге әсершіл, жеке қатынас маңызды болуы қажет;
- фактілерді сауатты түсіндіру қажет.

Деректермен жұмыс. Ауызша араласу, теориялық деректермен жұмыс істеу: құжаттармен, монографиялармен:

- әдебиетпен алғаш танысқан кезде мәтінді жалған сенімсіз, сынсыз оқу қажет;
- әдебиетті бағалай отырып барынша пайдалы түрде оқу қажет;
- міндетті түрде жазбаша түрде жүргізу қажет;
- көп оқу қажет, осы тақырып бойынша «резервті білім» алу үшін;
- Дәйексөздерді (цитата) орынды қолдана білу қажет. Ашық дәйексөздер сөздің біркелкілігінен және зеріктіруден айырады. Дәйексөздерді қолданғанда оны бұрмалаудан қашу қажет, түсінікті және нақты дәйексөздерді қолдану қажет, дәйексөздердің орындылығын ұмытпау қажет.

1. *Мәтінді редакциялау.*

Мәтінді жазу тәсілдері:

- сөзге шығудың толық мәтіні жазылады;
- сөзді толық логикалық жоспар түрінде жазу;
- қысқаша жоспар жазылады.

Мәтінді редакциялау мәтіннің логико-композициялық құрылысымен танысуға алып келеді. Мазмұндық байланыстың белгілерін елемей ақпаратты мазмұндау логикасының бұзылуына алып келеді.

Мәтіннің қалыптастыру қасиеттерінің көрсеткіштері:

- дискреттік – мәтіннің мазмұндық блоктарға бөлінуі, олардың саны тыңдаушының есте сақтау қабілетінің көлемімен анықталады;
- мәтіннің бірізділігі – оның компоненттерін уақыт ішінде қарап жүйелі баяндау;
- байланыстылығы – жеке сөздердің жалпы мазмұнға қосылуы.

Мәтіннің логико-композициялық құрастырудағы кемшіліктері:

- композициялық жұмсақтық – төмен ақпарат, төмен мағыналық мазмұнның концентрациясы;
- өте үлкен мәселелерді қамтуға ұмтылу, ол мазмұндауды үстірт жүргізуге алып келеді;
- берілген уақытты пайдалана алмау;
- жағдайды, мақсатты, аудиторияны ескере отырып мағлұматтарды ұйымдастыра алмау;
- мазмұндаудың жеткіліксіз жүйеленуі, логикалық көпірлердің болмауы.

1. *Сөзге шығудың тәсілдері.*

- сөз мәтінінің оқылымы;
- мәтінді есте сақтаған күйде жаңғырту, бірақ жеке фрагменттерді оқумен;
- жинақтап импровизациялау.

Мәтіннен ауытқуға болмайтын сөздер оқылады: дипломатиялық сөздер, салтанатты құттықтаулар, ресми мазмұндағы баяндамалар.

Сөзге шығу мәтінін ұмытсаңыз не істеу керек:

- соңғы сөйлемнің соңғы сөзін келесі сөйлемнің басына қою керек;
- негізгі мағыналық блоктың негізгі сөздерінен тұратын мнемоникалық сөйлем құрастыру керек;
- мәтінді есте сақтау үшін есте сақтаудың 3 заңына сүйену қажет: әсер, қайталау, ассоциация.

Әсер алу – оқыған мәтіннен күшті әсер қалдыру, қайталау – жаңа мағлұматты (тақырыпты) есте сақтағаннан 8 сағаттан кейін қайталау, ассоциация – бізге жақын деген ассоциациялармен байланыстыру.

**Сөзге шығудың режиссурасы**

1. Сөз техникасы: фонациялық тыныс, дауыс, дикция, интонация.
2. Фонетикалық мәдениет.
3. Қарым-қатынастың невербалды амалдары: мимика, ым-ишарат, тұрыс, қалып. Шешендік сөзге шығудың стилдері.
4. Шешеннің психофизикалық дайындығы. Шешен қорқыныштылығы. Стресспен күресудің амалдары және оның сөздегі салдары. Жария жалғыздықтың түсінігі. Образды құрастырудағы Станиславский және Брехт жүйесі.



5. Шешеннің этикалық образы және имидспен жұмыс істеу: эмоционалды жай-күйі, демалысы, тамақтануы, киім-кешегі.

6. Сөзге шығу режиссурасының басқа да ұсыныстары және аудиторияда атмосфераны құрау.

Ұсынылатын сөзге шығу жылдамдығы минутына 100-200 сөз. Сол себепті сөз техникасы келесі әдеттерді енгізеді: сөйлеу тынысы, дауыс жүргізу, дикциялар, интонациялар. Осы дағдыларды шебер пайдалана білу сөйлеу аппаратына қысымға алмайды, шаршаудан құтқарады, тыңдаушылармен барынша тығыз байланыс орнатуға және сөз екпінінің жоғары сапалы болуына көмектеседі.

Сөз техникасы мыналарды қамтиды:

- дауысқа күш беретін фонациялық тыныс
- қатты шығатын, күші, мәнерлілігі бар дауыс
- дикция – әрбір дыбыстың және дыбыс тіркестерінің анық айтылуы
- интонация – сөздің ырғақ - әуендік және логикалық мүшеленуі

Интонация:

- тон жоғарылығы
- дауыс күші
- сөйлем ішіндегі кідірістер
- темп
- тембр – дауыстың эстетикалық реңі.

Интонацияны жаттықтыруға енгізіледі:

- тыныс белгілерінің интонация бойынша қойылуы
- қарқынмен (темп) және сөз стилімен жұмыс істеу работа
- кідірістердің түрі: физиологиялық, грамматикалық, мағына ажыратушы, психолінгвистикалық, мәтінге эмоциялық қатынасын білдіретін.

- дауыспен жұмыс істеу.

Фонетикалық мәдениет.

- сөздердің дұрыс айтылуы;
- сөздерге екпіннің дұрыс қойылуы.

***Қарым-қатынастың невербалды тәсілдері.***

Мәтінге эмоциональды қарым-қатынас невербалды қатынастың тәсілдерін көрсетеді: мимика, тұрыс, қалып, ым-ишарат. Бұл көмекші тәсілдер. Бұлар мәтінді жандандырады, сөздерді үнемдейді, айтылмағандарды жеткізеді

Ым-ишарат: мәнді, суреттелген, көрсетуші, еліктеуші, мылқаулардың тілі, – анықталмаған ым-ишарат.

Шешен мінез-құлығының екі стратегиясы бар: сығылған жұдырығы және созылған қолы.

Шешендік сөзге шығудың үш стилі бар: тиімділік - талдау, эмоциялық-экспрессивтік, синтетикалық.

Шешен қорқынышының табиғаты мен себебі: сәтсіздікті сезіну, аудитория жағынан негативті (дұрыс түсінбеу) баға.

Стресс (есеңгіреу) – бейімделу механизмімен байланысты физиологиялық және психологиялық реакциялардың жиынтығы, құтқаруға арналған барлық қасиеттерді жандандыру және мобилизациялау.

Есеңгіреу жағдайымен күрес: Қорқынышты айыра білу қажет – жәбірлілік пен толқуға байланысты негативті эмоциялар – пайдалы, позитивті эмоциялар.

Қорқыныш не тудырады: сөйлеушінің тәжірибесіздігін, жеке мінез-құлқын, күтпеген жағдайлар, аудитория жағынан негативті қарым-қатынас, жеткіліксіз, нашар дайындық.

Күрес әдістері:

- өзіндік бақылау;
- аутотренинг;
- бір қалыпты жүру;
- терең тыныс алу және шығару;
- өзіндік дұрыс баға беруді қалыптастыру;
- істен нәтижелі шығу үшін жағдай жасау;
- өз эмоцияларымен шын ниетпен бөлісу тілегі;
- бұның үлкен қуаныш екеніне өзін сендіру;
- ойын ситуациясын қалыптастыру.

Керекті эмоциялық жағдайды жасаудың екі жүйесі бар: Станиславский жүйесі – образға кіру, Брехт жүйесі - образдан бөлектену.

Шешеннің этикалық образы: демалыс, тамақтануы, киімі.

Ұсыныстар:

1. аудиторияны топтау
2. аудитория алдында көп отыруға болмайды
3. сөзге шығу уақытын есепке алу керек
4. алаңдататын кезеңдерді жою.

## 2 Шешендік өнер тарихынан.

### 2.1. Ежелгі Грециядағы сот шешендік өнері

Сөз ділмарлығының ғылым және риторикалық тәжірибе отаны ретінде Ежелгі Греция болып танылады, шешендік өнерді Египет, Ассития, Вавилон, Үнді елдерінде де таныс болсада. Бірақ көне Грецияда ол тез дамиды, нақ сол жерде риторика теориясынан арнайы ғылым ретінде алғашқы жұмыстар шығады ( Аристотель, Платон , Горгий, Протагор , Исократ , Фрасимах және т.б. жұмыстары).

Неге осы кезеңде (б.д.д.V ғ. – б.д. IV ғ.) осы елде риторика бұрын соңды болмаған жетістіктерге жетті? Оның себебі – елдің демократиялық ерекшелігі мен мемлекеттік құрылымы риториканың көркеюіне қажет жағдайлар жаратты. Мемлекеттің жоғарғы органы Халық мәжілісі болатын, оған саяси қайраткер тікелей бағынатын. Халықтың көңілін өзіне аудару үшін шешен өзінің идеяларына әсерлі түр беруі керек, өзінің қарсыласының дәлелдемелерін жоққа шығара отырып. Өз кезегінде Горгий – сот шешендігінің теоретигі және тәжірибешісі айтқан сөздері: «Сөз дегеніміз ұлы билеуші, өзінің кішкентай және көзге көрінбейтін түріне қарамай керемет істерді атқарады» (көне поэтика). Ол қорқыныш әкелуші, қайғыны жоюшы, қуаныш әкелуші де.

Шешендік өнердің көптеген сұрақтары Ежелгі Греция шешендерінің теориялық жұмыстарында бірінші рет қаралған: сөздің нанымдылығы (сенімділігі), шешен міндеттері, сөз классификациясы, сөз композициясы және басқалары. Аристотель риториканы көз жеткізу білу өнері ретінде анықтаған, сондықтан да ол нақты шындық жеткіліксіз болған және болмаған да жағдайларда да қолданылған.

Ежелгі Грецияда көптеген риторикалық трактаттардан басқа шешендік өнерге профессионалды түрде оқытатын белгілі Горгий және Исократ мектептері пайда болды.

Ежелгі гректердің пікірі бойынша шешен міндеті үш жақты: 1) түсіндіру, 2) оятушы (қозғаушы), 3) қанағат алып келу. Сөздерді ақылдасуға (саяси), сот және мадақтау түрлеріне бөлу де осы кезеңге жатады. Сөз композициясында бірінші рет Платон еңбектерінде кездеседі: «Әрбір сөз тірі зат секілді құрастырылу қажет. Оның да денесінің басы мен аяғы болуы керек, денесі мен аяғы бір-біріне сай, бүтінге ұқсас болуы қажет» (Көне поэтика).

Осыдан келіп сөзді кіріспе, дәлелдемелерді баяндау, шындыққа жанасатын қорытынды ретінде бөлеміз.

Көне Грекияда сот тілі ең көп таралған жанр болды, саяси және салтанатты сөздер сот тілі үшін үлгі болып танылды.

Айыптаушы ретінде кез-келген адам сөзге шыққан, сол себепті айыпталушы өзін-өзі қорғайтын болған. Айыптаушының сөздері айыптаудың арызда көрсетілген түсініксіз жайттарын нақтылауға алып келген, нәтижесінде айыптаудың дерексіз жайттары қайта құрастыру жолдарымен «дәлелденеді». Сот құрамының көптігімен ерекшеленетін. Афина өкілетті алқалы соты

(гелиэя) 501 сот құрамымен қылмыстық істерді қараған. Шындығында да айыпталушы өзінің кінәлі емес екендігін дәлелдеу орнына аянышты халге түсіп өзінің жағына шығаруға тырысқан. Ешқандай да логикалық дәлелдерге үміттенбей-ақ, ол кез-келген тәсілмен сезімге әсер етуші болған. Осы мақсатта әр түрлі тәсілдер қолданылды. Егер айыпталушының отбасы балса, онда ол балаларын алып келіп олардың әкесін есіркесін, аясын деп жалынған; егер айыпталушы әскер адам болса, онда ол кеудесіндегі соғыстан алған жарақаттарының орнын көрсеткен; егер айыпталушы ақын болса, онда ол өзінің өлеңдерін оқып өнерін көрсеткен.

Сонымен, Ежелгі Афинада шатасқан сот құқығында соттасу онай болған жоқ, өйткені ол жерде барлығында тыңдарманды өзіне қарататын сөз өнері болған жоқ. Айтушының тағдыры тыңдаушы-соттарды өзінің айыпты емес екендігіне қаншалықты сендіруінде болды. Соттардың дарыны бұл өздерінің қол астындағыларға жеңіс әперу және тыңдармандарды қандай да жағдайда, дұрыс немесе дұрыс емес істе де жаулап алу еді. Сол себепті шешендік дарыны бар, тәжірибелі адамдардың көмегіне сүйенген. Бұл адамдар істің барысымен танысып, ақы үшін клиенттерге сөз дайындаған, ал олар оны жаттап сотта айтқан. Ондай құрастырушыларды логографтар деп атаған. Логографтың жағдайы мәз болған жоқ, өйткені ол өзінің автор екендігін жасырып, клиент стилімен жазатын болған. Оның сөздері жәй, тәжірибесіз адамның аузында табиғи болуы керек. Ереже бойынша, шешеннің мақсаты ол дауласу затын жоғары көтеру немесе жәбірлеу, оны тек өзіне керекті жағынан ғана көрсету. Ежелгі Грецияның белгілі логографтары, сондай-ақ сот шешендері – бұл Демосфен, Лисий, Коракас, Исократ. Лисийдің дайындаған (б.э. 445-380 жж.) соттық сөз ділмарлығы өзінің ең жоғарғы нүктесіне жетті. Сот сөзінің негізін құраушы (қорғаушы) 400 сөз жазған, оның 34 ғана сақталған. Лисий сөздерінің басты жеңісі клиент образының, мінез-құлқының шындық түрінде жасалуында болды. Әрбір сөзге шығушы ол өзінің жәй адам, адал екендігін, мемлекет алдында еңбектерінің бар екендігін айтқан. Сондықтан, олардың сөздерінің тілі «жәй стилдің» классикалық үлгісі ретінде көрсетілген. Лисийдің ең жақсы көретін тәсілдерінің бірі – типтендіру тәсілі, анықтаушы мақсатты бағытпен қолданатын – қарсыласты соттағы қаралып жатқан ісі бойынша ғана емес, сондай-ақ жеке өмірін, шығу тегін де қаралау. «Агоратқа қарсы» сөзінде Агораттың жағымсыз мінездерінің фактісі ретінде ұдайылылық (тиянақтылық) көрсетіледі, ол айыптаушы жақтың дәлелдемелерін күшейтеді: «... Бұл құрметті адамдар қандай, бұлардың бір бөлігін Агорат өлімге алып келді, бір бөлігін отанынан қашуға жеткізді, оның өзі қандай адам? Сіздердің білулеріңіз керек ол құл, құлдардан шыққан, бұндай нұқсанды, зиянды қандай адам келтіріп отыр. Оның әкесі Евмар, ал Евмар Никокл мен Антикклдің құлы болған... Сондай-ақ ол өзінің шыққан тегіне қарамай заңсыз байланыстар жасап және адамдардың бос әйелдерін азғырып, алдап-арбаған, сөйтіп қылмыс үстінде ұсталған, ол үшін өлім жазасы беріледі» (Көне поэтика).

Лисий дайындаған барлық сөздердің, сот сөз ділмарлығы ережелеріне жауап беретін, құрылысы болған: 1)кіріспе, оның мақсаты тыңдарманның

көңілін аудару; 2)сөзге шығудың мәнісі түсіндіру – оқиғаның барлық жағдайын көрсету, бұл қазіргі заң тәжірибесінде істің фабуласы ретінде анықталады; 3)қарсыластың дәлелдерін өз пайдасына шешу аргументтерімен жоққа шығару.

Лисийдің дайындаған сөздері Ежелгі Грецияның риторикалық мектептерінде оқытылды, өйткені ол риторикалық шеберліктің жоғары деңгейін көрсетті.

Ежелгі Грецияның сот шешендік өнерін қорытындылай отырып түйгеніміз, қазіргі заманғы заңгерлерге қажетті сол кезеңдердегі шешендік шеберліктің белгілері – қарапайымдылық және мағлұматты баяндаудың ойға қонымдылығы, сөздерді құраудағы қысқалылық және симметриялылығы, әдемі де таңдаулы шешендік тәсілдер – шешендік тілдік образды қалыптастыру үлгісі бола алады. Ежелгі грек кезеңінде сот сөзі жанрының негізі, стиль эталоны, сөз композициясы қаланған.

**Лисий. Эратосфен өлімінің ісі бойынша ақтап шығару сөзі.** (Бұл сөзді Лисий пайдакүнемділікпен Эратосфенді өлтірген. Афина азаматы Евфилетке арнап жазған).

Сот төрелері, егер сіздер өздеріңізді мені соттағандай қарағандарыңызда, мен көп беретін бе едім, егер сіздер осы жағдайда болғандарыңызда; егер менің ісіме өздеріңіздің ісіңіз секілді қарасаңыздар, онда әрбіріңізді заңда қаралғандай берілген жаза өте жеңіл екендігі ашындырған болар еді. Тек қана сіздер ғана емес бүкіл Эллада да келісер еді, өйткені бұл жалғыз қылмыс масқаралылық өте ауыр, бұл қандай да мемлекетте болмасын, қандай да адам болмасын, бай ма кедей ма барлығы осы қылмысы үшін жауапқа тартылу керек. Сол себепті сіздердің үкімдеріңіз бірауыздан болады деп ойлаймын, және де сіздердің ешқайсыларыңызда менің ісіме немқұрайды қарап, бұндай қылмыскерді жазасыз қалдырып немесе жеңіл жазалау керек деп есептемеймін. Ал маған, сот төрелері, қалғаны осыны дәлелдеу, өйткені Эратосфен менің әйелімді азғырды, жолдан тайдырды, менің балаларымды масқаралады, қорлады және де мені абройымнан айырды, оған деген менің қастығымның себебі осы ғана, бұл ақша үшін де, пайдақорлық үшін де емес, мен бұны тек заңға сәйкес жазалау үшін істедім

Мен бұның барлығын рет-ретімен айтып өтейін, өйткені менің бостандығым қалай сипаттап жеткізуге байланысты. Мен үйленіп, әйелімді үйге алып келген кезде өзіме оның қатты қаталдықта емес, сонымен қатар оған ерікте бере бермеу керек деп шештім, оны өзімше бақылап жүрдім. Ал бала дүниеге келген кезде мен оған бүтіндей сендім, өйткені бала - бұл жұбайлар арасындағы ең мызғымас сенім. Афиндіктер, алғашқы кездерде менің әйелімнен керемет жан болмайтын: ең таңдаулы үй егесі, ұтымды, ынталы, құнтты, ыждағатты. Барлық жаманшылықтар менің анамның өлімінен басталды. Жерлеу кезінде менің әйелім марқұмды сапарға алып шыққанда, сол жерде ол адам оны көреді. Содан шамалы уақыт өткен кезде ол менің әйелімді азғыра бастады: базарға зат сатып алуға барған қызмеші әйелді аңдып, сол арқылы әйеліме сөз салып дегеніне жетті.

Сот төрелері, менің үйім екі қабатты, жоғарыда әйелдерге арналған, төменде ерлерге арналған бөлмелер бірдей орналасқан. Бізде сәби дүниеге келген кезде оны көкірегімен емізе бастады, сол себепті әр уақытта түсіп шыға бермес үшін, мен екінші қабатқа орналасып, ал әйелдер төменгі қабатқа орналасты. Сөйтіп әйелім баланы жұбату үшін немесе емізуге төменге жиі түсетін болды. Бұл ұзақ уақытқа созылды, мен жаманшылық болады деп ешқашанда сезіктенбеппін; мен бұрынғысынша әйелімді қаладағы ең адал әйел ретінде санадым.

Бірде мен күтпеген жерден ауылдан қайттым. Кешкі тамақтан кейін бала бақырып жылай бастады: өйткені кейін анықтағанымыздай, қызметші әйел әдейі жылатқан, себебі ол адам сол кезде үйде болған. Мен әйеліме төмен түсіп баланы жыламас үшін баланы емізуді сұрадым. Ол менің келгеніме қуанышты және зеріккенін айтып төменге түсуден бас тарта бастады. Мен ашулана айтқанды орындау керектігін айттым, ал ол болса маған: «Бұл саған қызметшімен шолжаңдау үшін қажет. Сен бұрын да ішіп алып оған тиіскенсің» деді. Мен оған жауап ретінде күлдім, ал ол орнынан тұрды да, ойнағансып есікті құлыптап, кілтті өзімен алып кетті. Мен бұған ешқандай мән берместен қатты ұйықтап қалдым, өйткені жолдан шаршап келген болатынмын. Таңертең әйелім оралып есікті ашты. Мен одан түнде неге төменде есіктер сықырлады деп сұрадым, ол баланың бөлмесіндегі жарық сөніп қалыпты, сол себептен көршілерден от сұрауға тура келді деді. Мен солай болған шығар деп үндемедім. Ағасының қайтыс болғанына бір ай уақыт өтпесе де, мен оның боянып алғанын көрдім. Мен бірақ бұған да үндеместен үйден кеттім.

Біраз уақыт өткеннен кейін,- менің басыма келген жаманшылықтан хабарсызбын, - маған белгісіз қария әйел келді. Енді маған өсектер жете бастады: Бұл әйелді маған Эратосфен азғырған, еліктірген әйел жіберген, оған аз барып жүргеніне жәбірленген, қорлық санаған ол оны аңдып себебін түсінгеннен кейін жіберіп отыр. Осы әйел мені үйімнің жанында күтіп маған мынаны айтты: «Евфилет, өсекші болғым келмейді, бірақ сені және сенің әйеліңнің масқарасын шығарып жүрген адам маған да менің ханымның да жауы. Егер сен базарға барып жүрген үй қызмешіңді жақсылап тергесең, оның барлығына көзің жетеді. Эиден келген Эратосфенді айтамын, ол сенің әйеліңді азғырды, жолдан тайдырды, оған дейін қаншасы болған. Ол бұл тірлікте шебер». Осыны айтып ол кетіп қалды, ал бұл маған найзағай секілді, сөйтіп мен бұрынғы күдікті дегендердің барлығын есіме түсірдім,- мені жатын бөлмесіне құлттап кеткені, түнде сыртқы және ішкі есіктердің сықырлануы, бұрын ешқашан болмаған, әйелімнің бетіндегі бояу, -мен көп есіме түсірген сайын, өзімнің күдіктерім растала бастады.

Үйге келіп мен қызмешіге базарға барамыздеп, оны өзімнің таныстарыма апарып, оған менің үйімде не болып жатқанынан хабардар екенімді айттым. Мен оған екеуінің біреуін таңдауды ұсындым: өтірік айтып жазаланасың немесе шындықты айтып кешірім аласың. Ол маған ештеңе білмейтінін айтып ақтала бастағанда, мен оған Эратосфеннің атын атағанда, оның менің әйеліме келіп жүргенін айтқанда, ол мені барлығын біледі екен деп қорықты. Сол кезде

ол менің аяғыма жығылып, менің уәдемді алып барлық уақиғаны айтып берді: Жерлеуден кейін Эратосфеннің келгенін, кейін бикесіне оның сөздерін жеткізгенін, оның оған ергенін, мен ауылда жүргенде кездескендерін, оның анасымен храмға барғандарын жеткізді. Мен оны тыңдап, былай дедім: «Бұл туралы ешкімге айтушы болма, енді сен маған оларды ұстап беруге көмектесесің, маған дәлелдер керек», - дедім. Сөйтіп үй қызметшісі келісті.

Арада төрт – бес күн өткенде мен барлық дәлелдер таптым. Сол күні күн батқаннан кейін мен көшеден өзімнің ауылдан қайтқан досым Состратты кездестірдім, Сөйтіп оның үйінде тамақтанатын ештеңе жоқ екенін біліп үйге шақырдым. Біз үйге келіп, жоғары көтеріліп тамақтандық, содан ол рахметін айтып үйіне қайтты, ал мен ұйықтауға жаттым. Осы кезде Эратосфен келеді; қызмеші мені оятып оның келгенін айтты. Оны есікті күзетуге қалдырып өзім төмен түсіп достарым мен таныстарымды шақыруға кеттім. Соларды жинап, үйімнің жанында алау жағып қызмеші ашып қойған есіктен кірдік.

Жатын бөлмесіне баратын есікті бұзып, оны менің әйеліммен төсекте ұстадық: бірінші кіргендер оларды жатқан жерінде; кейінгі кіргендер оның төсекте жалаңаш тұрғанын көрді. Жұдырықпен аяғынан құлатып, қайырып, қолын арқасына қайырып менің үйіме қалай кіргенін сұрадым. Ол өзінің кінәсін мойындаған да жоқ, тек қана жылап өлтірмеуін және ақша ұсынды. Мен оған: «Сені мен өлтірмеймін, сен бұзған заң, сен оны өзіңнің қанағаттануың үшін пайдаландың. Сен менің әйеліме, менің балаларыма, маған қарсы қылмыс жасадың, заңдарды сақтаудың және адал азамат болудың орнына». Сот билері, ол сондай қылмыскерлермен заң қалай қараса сондай жаза алды деп ойлаймын. Менің айыптаушыларым айтқандай, оны менің үйіме көшеден алып келген жоқ; ол менен қорған сұраған жоқ. Ол оны қалай істер еді, егер мен оны жатын бөлмесінде аяғынан ұрып құлатып, қолын байласам, егер ол жерде қаншама адам болған, олардың арасынан қолында қаруы, не таяғы жақ ол ештеңе де істей алмайтын еді. Сот билері, өздеріңіз біліп отырғандай, заң бұзушылар кінәсін мойындамайды, олардың өтірік дәлелдері тыңдаушыларды заң бойынша істегендерге тыңдаушыларды қарсы қою. Мына заңды оқыңыздар (заң оқылады). Сот билері, ол өзінің кінәсін мойындады; оны өлтірмеуді сұрады. Ол ақшамен істі жабуды сұрады, бірақ мен көнгенім жоқ. Мен заңның маңызды екенін есептедім, қылмыстың осы түріне сіздер беретін жаза бойынша жазаладым. Куәгерлердің осында көтерілуін сұраймын. (Куәгерлердің жауаптары оқылды.) Маған Ареопагтың бұйрығымен тасқа қашалған заңды да оқыңыз (Заң оқылады). Сот билері, сіздер тыңдағандай Ареопагтың өзі сол кезде өлтіру қылмыстарын қараған, осы күндері бізге де берілген құқық секілді, егер де кім де кім әйелінді бұзса, еліктірсе жазасы өлім екенін анық көрсеткен.

Сот билері бұл мені тек қана ақтап қана қоймайды, сондай-ақ осы берілген жазаны орындауға шақырады, ал енді осы заңның күшінде қалуы немесе оның мәні жоғалуы сіздерге байланысты. Мен ойлаймын, мемлекет заңдары даулы жағдайларды шешу үшін және қандай жағдайда қолдану үшін. Менің жағдайымда заң кінәлілерді жәбір көргендер дәл осылай жазалау керек деп ойлаймын. Сіздер менімен келіседі деп ойлаймын, өйткені әйелді

азғырғандарды жазалау қажет; немесе ұрылар да өздерін ешкім де жазаламайтынын біліп, ашынасымен кездесуге бөтен үйге кіретін болады; олар сіздің үкіміңізден қорқу қажет, өйткені ол осы мемлекеттегі барлық нәрсені шешеді.

Афиндықтар, мені қызметшіме Эратосфенді алдын-ала шақыртқаным үшін айыптап отыр. Сот билері, мен әйелімді азғырушыны қандай амалмен ұстасам да құқықтымын деп ойлаймын. Егер ол менің әйелімді енді азғыра бастаса, онда мен кінәлі болар едім. Ол өзінің дегеніне жетіп, менің үйіме жиі-жиі келіп жүргенде оны қылмыс үстінде ұстау үшін кез-келген амалды қолданар едім. Байқасаңыздар, олар осы жерде де алдап отыр. Өздеріңіз ойланыңыздар: мен айтқандай, Досым Состратты күн батқаннан кейін кездестіріп, менің үйімде кеш қалып тамақтандық. Енді айтыңыздар, егер мен сол күні Эратосфенге қастандық ойласам, мен қайсысын тандар едім: қонаққа барып тамақтануыма, әлде үйге қонақты алып келуді ме?

Бұл Эратосфенді менің үйіме кіруге сескендірер еді. Мен сонда қонағымды жіберер ме едім, бір өзім қалу үшін бе, көмексіз? Мен одан да оның қалуын сұрап, азғырушыны жазалауға көмек сұрар едім. Мен егер алдын-ала ұйымдастырсам, онда достарымды күндізден жинап, бір жерде болуларын сұрар едім. Ал мен болсам Гармодияға және басқаларына жүгіріп, оларды іздедім. Мен үйлерінде барларын ғана жинадым. Егер алдын-ала болғанда, мен қызметшілерімнің, достарымның барлығын жинап отырар едім, өйткені ол қаруланған болуы да мүмкін еді немесе оны көптеген куәлермен ұстар едім. Мен қайталап айтамын, мен оның осы түнде болатынын білгенім жоқ, мен тек қана тапқан адамдарымды шақырдым. Куәгерлерді осында шығуын өтінемін. (Куәгерлердің жауаптары оқылды).

Сонымен, сот билері, куәгерлерді тыңдадыңыздар. Енді мынаған көңіл аударыңыздар: Эратосфенмен менің қастасуға басқадай себебім болды ма? Ешқандай себебі жоқ. Ол мені қаралауға тырысқан да жоқ, мемлекетке қарсы қылмыспен айыптаған жоқ және отанымнан кетуге мәжбүрлеген жоқ. Жеке іс бойынша соттасқан жоқ. Ол менің ешқандай қылмысқа қатысым жоқ екенін, әшкереленуден қашу үшін оны өлтірудің қажет емес екенін білмеді. Мен оны ақша үшін өлтірген жоқпын; біздің арамызда ешқандай ұрыс-керіс, тартыс болған емес, мен оны осы түнгі оқиға дейін көрген емеспін. Егер ол мені осылай қорламағанда мен бұған бармас та едім. Және де мен бұл қылмысты куәгерлер алдында емес жасырын жасар едім ғой.

Сот билері, мен оны өзім үшін ғана емес, мемлекет үшін де жазаладым. Енді осы сияқты адамдар өзінің жақындарына жаманшылық жасаудан қорқатын болады, өйткені оның жазасы ауыр болады. Егер сіздер менімен келіспесеңіздер, онда қолданыстағы заңдардың күшін жойыңыздар және жаңасын қабылдаңыздар, олар әйелдерін қатал ұстайтындарды жазалайтын, ал азғырушыларды ақтайтын болады. Сол кезде ол шындыққа жанасатын болады, қазіргіден басқа, заң әйелдерін азғырғандарды емес, жәбірленушіні үкімімен қорқытады. Мен тура осы жағдайда қалып отырмын: мен заңға бағынғаным үшін, өмірім мен мал-мүлкіме қауіп төніп тұр.



## 2.2. Ежелгі Римдегі сот шешендік өнері

Рим мемлекеттік (б.э. III ғ. – б.э. II ғ.) өмірінде заңгерлер белгілі рөл атқарған. Сот форумда өткізілді, төраға трибуналда жайғасты. Әр түрлі жақтан айыпталушы қорғаушысымен және айыптаушы отырған. Айыптаушы (ол кез-келген рим азаматы болған) сотқа дәлелдерді өзі жинайтын болған және де куәлердің келуін өз мойнына алған. Классикалық рим құқығына жалпы нормаға сәйкес айту техникасының жоғары дәрежесін, айту дәлділіктерін, шешімдердің негізділігін қамтитын, дамыған шешендік өнер сәйкес келген. Ежелгі Римнің көптеген құқықтық нормалары афоризмдерге айналды: «Құқық ұқыптыларға арнап жазылған»; «Заңдарды білу – олардың сөздерін ұстап тұру емес, бірақ олардың күші мен мағынасын түсіне білу керек».

Ежелгі Грециядағыдай шешендік өнер тәрбие жүйесінен бастау алған: бірінші кезеңде әдебиет мұғалімі негізгі фигура болған, екінші – грамматика мұғалімі, одан кейін риторикаға оқытқан. Оқытудың өзі шешендік өнердің теориясынан және тарихтан, мифологиядан, әдебиеттен, қоғамдық өмірден берілген тақырыптарға сөз құрауды қамтитын практикалық жаттығулардан құралған. Бұл жаттығулардың бірнеше түрлері болған: декламация – ойдан құрастырылған тақырыптарға сөз құрау, контroversия – ойдан құралған сот казустары жайлы сөздер және свазория – ақпарат сөздері, ол қиын жағдайдағы мінезді таңдау кезіндегі ойланып тұрған адамға арналған. Сондай ақ сөз ділмарлығы өнері рим аристократтарына лайықты деп саналған.

Ежелгі Рим шешендік өнер теориясы көбінесе ежелгі грек салт-дәстүрлеріне сүйенген. Одан әрі дамуын классикалық риториканың бес бөлімі қамтыған (материал табу, оның орналасуы, ауызша жеткізу, есте сақтау және айту). Табуды оқыту сот контroversиясының (жағдайларды) барлық варианттарын бір жүйеге келтірді, оларды жалпы типке жинақтайды. Орналасуды оқыту сөз композициясына жатады. Ауызша жеткізуді оқыту рим риторикасының орталық бөлімі болып табылған және риторикалық фигуралар мен тәсілдердің теориясын құрастырған. Есте сақтауды оқыту шешеннің кәсіптік есте сақтау қабілетін дамытқан. Айтуды оқыту, көбіне актерлік өнерге және шеберлікке сүйенген, сөз мағынасына және сөз жеңісіне әсер етуге сәйкес келетін дауыс интонациясын, бет-әлпетіне, шешен денесінің қозғалысын қараған. Римдегі сөз ділмарлығы теориясының елеулі жинағы бұл 12 кітаптан тұратын атақты рим шешені Марк Фабия Квинтилианның «Риторикалық ақыл-кеңестер». (35–б.э. 100 ж. шамасында). Сот сөзінің классикалық схемасында берілген Квинтилианның ескертпелері көңіл аударарлықтай: «Шешен мен айтқан бөлімдерді (кіріспе сөз, айту, жеткізу, дәлелдер, жоққа шығару, қорытынды) сол тәртіппен беруді ойламау керек, ол істің қай түрге жататынын, ол неден тұратынын, оған не көмектесетінін немесе не зиян келтіретінін, одан кейін нені жақтау немесе айыптау керек екенін, кейін қалай жеткізу керек екенін, соттарды өздеріне қалай қарату жақтарын іздестіруді ойлауы қажет. Барлық бөлімдерді, істің негізін қарамай оның бізге қандай көмегі бар екенін білмейміз». Квинтилиан жұмыстарының ең негізгісі – сот сөз ділмарлығына

қатысы бар статустар туралы білім. «Адамға айып тағылды деп алайық: «Сен адам өлтірдің – сен жазаға тартыласың». Айыпталушының міндеті – «Мен жазалауға жатпаймын» дегенді дәлелдеу. Ол өз орнында отырып «Мен адам өлтірген жоқпын» деп жоққа шығаруы мүмкін». Бұл жағдайда соттағы негізгі мәселе мынадай болады: «Қылмыс жасалған ба еді?» Бұл ақиқатты белгілеу мәртебесі. Айыпталушы бір қадам артқа жылжып, былай айтуы мүмкін: «Мен кісі өлтірдім, бірақ ол ойламаған жерден кездейсоқ болды». Бұл жағдайда сот алдында «қылмыстың себебі неде?» деген сұрақ туады. Бұл – анықтау мәртебесі. Айыпталушы тағы бір қадам артқа жылжып «Мен адам өлтірдім, ол Отанымыздың жауы еді?» деп айтуы мүмкін. Бұл жағдайда сот алдында «қылмыс әрекеті неден көрінеді?» деген сұрақ пайда болады. Бұл – бағалау мәртебесі. Сөйтіп айыпталушы бағалау құралы ретінде былай деп айтуы мүмкін: «Мен кісі өлтірдім, әдейі өлтірген жоқпын, тіпті оны ақтаудың қажеті де жоқ. Бірақ айыптаушы мені айыптауға құқы жоқ. Өйткені ол менің сыбайласым болды». Бұл жағдайда сот алдында келесі сұрақ туындайды: «Айыптау заңды ма?» Бұл – аластату мәртебесі (Антикалық поэтика).

Сот сөзінің шеберлігі Тацита, Квинтилиан, Цецилия, Цицерон сөз орындауларында анық көрсетілген. Ежелгі Рим сот сөз ділмарлығы тарихының көптеген бөлігі Марк Туллий Цицеронмен (106 — б.э.43 ж. дейін) анықталған. Цицерон жас кезінен бастап, атақты заңтанушы Квинт Сцеволлдың шәкірті және тыңдаушысы бола жүріп өзінің шешендік өнерге қызығушылығы және қабілеті бар екенін білген. Цицерон рим сөз ділмарлығының теоретигі деп саналады. Шешендік өнер туралы үш трактат жазған: «Шешен туралы», «Брут», «Шешен». Бұл жұмыстарында Цицерон шешен қызметі мен қолбасшы қызметін салыстырды. Цицерон ойынша, шешен пәлсапалық білімі бар адам болуы керек, заңтану мен тарихтан білімі, такт, сезу қабілеттері және техникалық тәсілдердің белгілі бір жинағын білуі қажет.

«Шешен туралы» трактатында Цицерон сөз ділмарлығын алғаш рет үш типке бөледі:

1. Жоғары дәрежеде, әрі салтанатты мәндегі ой беретін шешендер;
2. Ұстамды, бәрін түсіндіріп беретін дерек шешендер;
3. Орташа тип – шамасын білетін шешен.

Цицерон бойынша нағыз шешен – бұл мардымсыз нәрселер туралы жай ғана сөйлейтін, құнды нәрселер туралы ерекше екпінмен сөйлейтін, осы екі аралықтағы нәрселер туралы тиісті шамада сөйлейтін адам. Сот сөзінің композициясы Цицеронның өз сөздері мен трактаттарында анықталады және толықтырылады. Ол келесі құрылыстан тұрады: 1) кіріспе – ол үш жақты мақсатты қарайды: тыңдаушының көңілін өзіне аудару, алдын-ала түсінушілік және алдын-ала жаны ашу, есіркеу; 2) баяндау – айтушы жақтан қаралып жатқан іс туралы жүйелі әңгімелеу. Баяндауға қойылған негізгі талаптардың бірі бұл жүйелілік, саралық (барлық толықтырылуларды қамту), қысқа және шындыққа жанасқан; 3) айыптаудың немесе қорғаудың орталық пунктын қарау, ол өзіне затты көрсететін және орталық пункті қамтитын, шешен көзқарасының дұрыстығын көрсететін дәлелдемелерді, және қарсыластың көзқарасы мен ой-

пікірлерін жоққа шығару. Бір нәрсені дәлелдеу үшін ой-пікірлер мен қарсы ой-пікірлер топтарын қарастыру ұсынылатын: сүбелі, ықпалды ой-пікірлер басында және соңында, өте нашарлары – ортасында; баяндаудың пропорционалдылығы және оның ішіндегі ең керектілерін «әдемілеу», «қобалжыту» тәсілдері арқылы үшін; 4) қорытынды, ол екі мақсатты көздеді: тыңдаушылардың санасына айтылған нәрсенің барлығын жинақтау және айтушыға керекті жақтарын қозғау. Соңғысы соттардың ақыл-есіне, түсінуіне және де сезімдеріне есептелген ой-пікірлердің арқасында қол жеткізілді.

Сот процесінде Цицерон айыптау сөзімен де (Верлес ісі), сондай-ақ қорғау сөзімен де (Росция ісі) шыға білген. Біздің байқағанымыздай, Цицерон өзінің көптеген сот сөздерінде көбінесе сот шешені емес мемлекеттік қорғаушы ретінде шыға білген. Цицеронның шешендік тәжірибесінде «Каталинарии» негізгі орын алады – 4 сөзден (речи) тұрады, Цицеронның саяси қарсыласы Луция Катилинді әшкерелейтін. Катилинның астыртын әрекеттерін басуды Цицерон өз өміріндегі басты ерлік деп санаған. «Каталинге қарсы» атты бірінші сөзі б.э. 63 ж. айтылды. Осы жерде Цицеронның сөз стилдерінің барлығын бақылауға болады: жоғары (қатты) дыбысталуы, айтылуы, жоғары буын, барлық шешендік тәсілдердің шекті араласуы.

Цицерон өз замандастарының естеліктерінде қарама-қарсы бейнеде берілген: бір жағынан оның таланты, кең білімі, өткір ақыл-ойы туралы, басқа жағынан атаққұмарлығы, екіжүзділігі, мақтаншақтығы туралы. Жаңғырту гуманистері Цицеронның негізгі философиялық тезисін тапты – адам мен қоғамның қарама-қарсы және айрылмас бірлігі идеясы. Сот сөз ділмарлығының тарихын цицерондық шешендік бейнесіз елестету мүмкін емес – адам-азамат, сөз және іс қорғаушысы ретінде, білімнің философиялық тереңділігін және іс-қимылдың практикалық машықтарын біріктіре отырып.

**Цицерон Марк Туллий. Марк Целий Руфты қорғау.** Осы жерде біздің заңдарымыз, соттарымыз, әдет-ғұрыптарымыздан хабардар емес адам қатысып отырған болса, ол сұрар еді, соншалықты бұл қандай қылмыс осындай мереке күндері, қоғамдық ойындар жүріп жатқанда, сот істері тоқтатылған кезде соттарды жинайтын; егер де бұл қылмыскермен тез арада айналыспаса, онда мемлекет құрдымға кететіндей ол сенімді болар еді...

Егер бұл істі мұқият қарап және бағалайтын болса: егер де таңдау еркі болса, онда бірде-бір адам өзіне бұндай айыптауды алмас еді, егер алған жағдайда ешқандай да жеңіске үміттенбес еді.

Марк Целийді айыптайтындар, оның ең негізгі жаулары (қастастары) емес: оған қанжар сұғатындар – көрсетіп, көлеңкеде көрсетпей оны алып келетіндер. Мен сіздерді куәлерден алыс алып кетпекшімін, соттың әділ де соңғы шешімі жауаптарға байланысты болмасын, оларды ойлап табу оңай және оларды басқаша жеткізу де қиын емес. Ал бізде бұл айыптауларға қарсы ашық күн секілді дәлелдер мен ой-пікірлер бар, айғаққа айғақ, түсінікке түсінік, тұжырымға тұжырым.

Міне, сол себепті де осы жерде Марк Кресе айтқан сөздер негізді, дәлелді – Неапольдегі тәртіпсіздіктер, ПUTEоладағы александрлықтырды ұрып-соғу,

Паллдың мүлкі туралы бір шетке жеңіл тастай саламын. Бір өкініштісі ол Дион туралы ештеңе де айтқан жоқ. Ол туралы не айтуға болады? Дионды кім өлтірді, ол айыптаудан қорықпайды және өз мойнына алуға дайын, немесе ол – патша, ал оның қасында бірге болған, Публий Асиций, сотта ақталған. Айыптау деген осындай! Қылмыскер жоққа шығарып отырған жоқ, жоққа шығарушы ақталған, ал қорқынышты болу қажет, кімде кім істе күдектелінсе, ол туралы өзі де күдіктенбесе де!

Оны екі қылмыста да айыптауда: біреуі алтынмен байланысты, басқасы у мен байланысты, екеуі де – сол бір адаммен байланысты. Алтынды да Клодийдан алған секілді, және де ұды да Клодийға қарсы алған сияқты. Одан қалғанының барлығы – айыптау емес, ол соттағы сөз айтуға емес ұрыс-керіс, төбелеске келетін сияқты. «Қаңғыбас, ұятсыз, алаяқ» - бұл айыптау емес, олардың сүйенетін, ұстанатын ештеңесі жоқ, бұл тек құтырған айыптаушының алған ұрыс сөздері. Ал негізгі екі айыптау – олардың қайдан екенін білемін; оның кім құрастырғанын да білемін – түрін де, атын да білемін. Алтын керек болды – Клодийдан алды, куәлерсіз алды және қанша қажет болса сонша ұстады – ең кезіктірмес қысқаша байланыстың белгісі емес пе? Клодийді өлтіргісі келді – ұды тапты, қолдан келгенін қатыстырды, барлығын дайындады, орнын белгіледі, улағыш затты әкелді – бұл қатал айырылысу мен дұшпандықтың белгісі емес пе? Бұл жерде сот билері барлық іс Клодийдің өзінде, ол өзі – атақты ғана емес, әрі таныс емес, белгісіз. Мен ол туралы ештеңе де айтпаймын, тек қана Целийді қорғауға қажетті нәрселерден басқа...

Ал сен, әйел, - мен өзім сенімен сөйлесіп тұрмын, басқа біреудің атынан емес! – егер сен өзіңнің істеріңе, сөздеріңе, қорқытуларыңа, дәлелдеріңе сенімділік сұрасаң, онда бізге сендердің жақындықтарыңды, байланыстарыңды, одақтарыңды түсіндірші... Сен жоқ нәрседен үлкен жанжал шығарып отырсың? Сен жас көршіңді көз астына алдың, сені оның аппақ терісі, түзулігі, беті және көздері ұнады, сен оны жиі көргің келді, сөйтіп сен атақты әйел ол қыдыратын бауға жиі бардың; сен ол баланы байлықпен қызықтыра алмадың: ол сеннен қашты, сенің бергендеріңді де есептемеді. Сен онда басқа біреумен айналысуың керек еді! Тибрда сенің бау-бақшаң бар ғой – сен барлық жастар шомылуға келетін жерді әдейі таңдағансың; осы жерден әр күні қалағаныңды таңдай бер. Ал егер саған кімде-кім қарағысы келмесе, онда жабысудың қажеті қанша?

Марк Целий туралы айту мен үшін енді жеңіл – оның жақсы жақтарын айтамын, мен оның кейбір әлсіздікті мойындадым, - Марк Целийдің бүлдірген ештеңесі де жоқ екенін, қарыздары жоқ, тойлар мен қаңғыруларға жоқ екенін айта кетемін. Сіздер бұдан да бұрын оны тыңдадыңыздар, ол айыптаушы ретінде сөзге шыққан кезде, тәжірибесі мол сіздер, оның сөз ділмарлығын, қабілетін, сөзі мен ой байлығын бағалай алмайсыздар дегенге сенбеймін. Сіздер көргендей: оның сөздерінде тек қана табиғи қабілет жарқыраған жоқ, оның сөздерінде ұйықтамай және дем алмай оқудың арқасында жеткен шеберлік бар.

Клодия, мен саған деген өкпелерімді кешіремін. Бірақ мен сенен сұраймын: айыптаушыларға сенетін болсақ, қылмыс туралы сен айтқансың, сен оған куә болдың; енді сұрайтыным, егер де мен айтқан әйел, саған мүлдем ұқсамайтын, бірақ өміріне және әдеттеріне байланысты қыдырғыш бола жас жігітпен жүрсе, сен оны үлкен ұят, масқара деп ойлайсыз ба? Егер де сен, ондай болмаса, онда Целийді не үшін кінәлі деп ойлайсың? Егер де сен сондай болсаң, сені олар ойлағандай түрінде, онда біз не үшін айыптаудан қорқуымыз қажет, егер сен оны елемесең? Сен жауап бер, біз қалай қорғанатынымызды білейік: егер де сенде ұят болса, онда ол Марк Целияны барлық өсектерден қорғайды, егер де ол жоқ болса, онда оған және басқалардың қорғануы жеңіл.

Алдымызда екі айыптау тұр, екеуінде де сол бір қылмыскер әйел жайлы; алтынды да Клодийдан алған тәрізді, улағыш затты да сол Клодийға қарсы жасаған секілді.

Алтын, сіздер айтқандай, Луция Лукцеяның құлдары үшін алынған, өйткені олар Лукцеяның үйінде тұратын александрлық Дионды өлтірулері қажет еді. Өте қорқынышты қылмыс – елшінің өміріне қауіп төндіру және құлдарды егесінің қонағын өлтіруге жұмсау. Бірақ мен осы қылмыс жайлы сұрауға рұқсат сұраймын: ол Клодийға алтынның не үшін қажет екенін айтты ма әлде жоқ па? Егер де айтпаса, онда не үшін берді? Егер де айтса, қылмыс екенін біле тұра, ол оның сыбайласы. Сен дүкеннен алтынды алуға, өзіңнің Венераңның әшекейін алып, тонауға шешім қабылдар ма едің? Егер де сен алтынның қандай қылмыс үшін қажет екенін білгенде – елшіні өлтіру үшін, таза, тура Луция Лукцеяның абыройына өмір бойы дақ түсіру үшін, - онда саған сыбайлас болудың қажеті жоқ еді, Бальб бұны жібермейді, ол айтты, Клодия ештеңе де білмеді, Целий бұл істі алтын қоғамдық ойындарды әшекейлеу үшін қажет деді. Бірақ сен айтқандай ол Клодиймен аралары соншалықты жақын болса, онда ол алтынның не үшін қажет екенін айтар еді. Егер де ол оған соншалықты жақын болмаса, онда алтынды бермес еді. Сондықтан да, сен әйел біліп ал: егер Целий саған шындықты айтса, онда сен алтынды қасақана бердің, егер де айтпаса, онда сен де алтынды бермес едің.

Осыдан кейін маған бұл айыптауға дәлелдер қажет пе? Оларға сан жоқ. Мен айта аламын, бұндай қылмыс Марк Целийге жат нәрсе; сондай байқағыш, әрі ақылды адамның басына бұндай істі танымайтын, жат құлдарға тапсыруға сенуге болмайтыны туралы келмейді дегенге сенбеймін. Мен де басқа қорғаушылар секілді, Целий қай жерде Лукцеяның құлдарымен кездесті, қалай, кімдер арқылы және т.с. – бұл не үшін?

Ешқандай себепсіз, орынсыз, мүмкіндіксіз, сыбайлассыз, жазасыз қалуға деген үмітсіз, ешқандай есепсіз, ешқандай да ізсіз сондай ұлы қылмыстың! ... Одан да сіздер ант астындағы куәлердің жауабын тыңдаңыздар, - әрбір сөзіне назар аударыңыздар! Оқы. (Лукцеяның жауаптары оқылады). Бұдан артық не керек? Міне кінәсыздықтың қорғануы, міне істің сөзі, міне шындықтың дауысы! Айыптау негізсіз, дәлелсіз, іс дәлелденбеді: қылмыс ұйымдастырылған деп айтады, бірақ ештеңе де ұйымдасуға, орны мен уақытына көрсетпейді, куәгерлердің де, сыбайластардың да аттары аталмайды. Антпен берілген

жауаптардан ол үйден сіздердің естігендеріңіз, енді барлығына да түсінікті шығар: бір жағынан – ерке, ұятсыз, есірген әйел өтірік айыптауды ойлайды, басқа жағынан – ақылды, ұстамды және лайықты күйеуі ар-ұятымен үміт күттірер куә жауаптарын беруде.

Енді улау туралы іс қалды. Бірақ мен оның не басына бара алмаймын немесе соңын шеше алмаймын. Целийға бұл әйелді улау не үшін қажет болды? Алтынды қайтармас үшін ба? Ол оны сұрады ма? Айыптаудан қашу үшін ба? Бірақ оны кім кінәлады? Басқа бір істі қарамағанда бұл туралы кім айтар? Бұндай қасақаналық себепсіз істелінбейтін шығар? Көрініп тұрғандай, бұл жерде бір қылмыс ойдан шығарылған, оны басқа қылмыстың себебіне шығару үшін?

Сонымен Целий бұл жұмысты кімге тапсырды, кім оның көмекшісі, сыбайласы, кімге ол соншалықты осы істі, өзін, өз өмірін сеніп тапсырды? Осы әйелдің құлдарына ма? Айыптау осыған келіп тіреледі. Бірақ Целий соншалықты ақымақ емес шығар, өзінің тағдырын жат құлдарға тапсыруға? Және қандай? Онда ол өзінің қожайын әйелінің қасында құлдар сияқты емес, еркін, азат өмір сүретіндіктерін білгендіктен тапсырған шығар.

Улаудың өзін бізге қалай суреттейді? У қайдан алынған? Қалай дайындалған? Кіммен келіскен, кімге және қай жерде берілді? Айтуларыңша, Целий уды өзінде ұзақ уақыт сақтаған, сөйтіп оны сынақ ретінде әдейі сатып алынған құлға береді; құл сол жерде қайтыс болады, сөйтіп удың күшін байқайды. Онда неге аспаннан бұндай қорқынышты әрекеттер жіберіп, ертеңіне жазаны дайындап қояды?...

Бұл жерде ешқандай да тура айғақ жоқ, күдікке негіз жоқ, айыптауға қорытынды жоқ. Бұл істе айыптаушылар дәлелдер келтіре алмайды, жағдайды салыстырмайды, белгілерін көрсетпейді, шындықты шешудегі, тек қана куәлерді шығарады. Мен бұл куәлерден қорықпаймын. Олар осында шығатын болса, мен олардан барлық осы әзілдерін, керістерін суырып алар едім! Егер олар мені тыңдаса, мен оларға басқа жұмыспен айналыссын, өздерін басқа жақтан көрсетсін дер едім; осы әйелдің үйінде жүре берсін, оның ақшасын шаша берсін, жабыса берсін, оған қызмет етсін, бірақ кінәсіз адамның өміріне қауіп төндірмесін.

Іске қатысты барлық нәрсені айттым, осымен сөзімді аяқтаймын. Сіздер өздеріңіздің шешімдеріңіздің, сіздерге тапсырылған істің қаншалықты жауапты екенін білесіздер. Сіздер зорлық-зомбылыққа қарсы заңдардың білгірісіздер, ал сол заңмен билік, отанның ұлылығы, жақсылығы байланысты...

Бірақ Марк Целий бұл сотқа не үшін шақырылды? Оның ісі сотқа тікелей қатысы жоқ, оның артында анау айтқан нәрсе жоқ, заң араласатын, бірақ сіздердің қаталдықтарыңыз бар. Жас шағында Марк Целий өзін сондай ғылымдарға арнады, соттарда орындалатын еңбектерге, мемлекетті басқаруға, даңққа, аттаққа алып келетін жолдарға. Ол өзінен үлкендермен, кімдерге талпынса болатындармен достаса білді, осыдан анық білуге болады: ол атақты да, лайықты қорғаушылардың соңынан даңқ жолымен жүрді. Үлкен болған кезде ол Африкаға консул жанындағы өте таза адам Квинт Помпейге барды. Ол жақтан Квинт Помпейдің мақтау пікірімен оралды, оны оның өзі растай

алады. Іскер, қайтпас адамдар жеткен жеңістерге, ол өзінің күші және тырысу арқылы жетті. Дәл осы кезде жас жігіттің даңқ жолы бұзылды (мен сіздерден ештеңе жасырмаймын, немесе сіздердің адамгершіліктеріңіз бен ақылдарыңызға сенемін): осы жерде осы әйелмен таныстығы, қырсыққан онымен көршілестігі, ләззат пен сезімнің жаңалығы, жас кезіндегі басылып және ұстай білген, барлық уақытта болатындай, бірден өз еркіне шықты. Ол сол өмірден, барлық болған нәрседен кетті, босады, құтылды; осы әйелмен болған ұятсыз жақындыққа тіптен жат, оның қастастығынан және жек көрушілігінен қорғануы қажет. Егер де, біреулер үшін, Целий қатал болса, соққыны өзіне қабылдап немесе біреулерге беріп, тіптен тік, қасарысқан болса, ол оның барлығын жеңеді.

Сол себепті, сот билері, мемлекет үшін қажетті, жақсы істер мен адамдар үшін тырысатын азаматты сақтаңыздар. Сіздерге және мемлекетке уәде етемін, егер мен сенімге лайық болсам: Целий менің ойымдағы адам бейнесін өзгертпейді. Сол себепті, сот билері, сіздерден өтінемін, бұл мемлекетте Секст әйел арқасында босатылмасын, ал Марк Целий сол үшін жауапқа тартылмасын, сол бір әйел өзінің күйеуі-ағасымен қылмыскерді босатып және лайықты жас жігіттің өмірін құртпасын.

Осы жерде сіздер Марк Целийдің жастық шағын көре отырып, көз алдарыңызға байғұс қартты елестетіңіздер, оның жалғыз сүйеніші – жалғыз ұлы, барлық үміті – оның жеңісіне, барлық құтқарулары – оның тағдырына. Ол сіздердің мейірімдеріңізге жүгінеді, ол сіздердің аяқ астарыңызда ғана емес, сіздердің жүректеріңіз бен жандарыңызда – сіздер өздеріңіздің ата-аналарыңыздың және балаларыңыздың құрметіне оған көмек беріңіздер, жандарыңыз үлкен кісіге ашысын және жастарға жеңілдік жасаңыздар. Сіздер тағы да бір өмір сіздер салған жарадан құлағанына жол бермейсіздер деп ойлаймын.

Әкесіне баласын және баласына әкесін сақтаңыздар, қарттың өкінішін елемегендей, жас жігіттің өмірін жоқ қылғандай болмасын. Оны өзі, жақындары, отаны үшін сақтаңыздар, ол сіздерге, балаларыңызға жауапты, берілген болады, ал оның еңбектері мен талпыныстарының жылдан жылға жемісін көресіздер.

### **2.3 Ресейдегі сот шешендік өнері (XIX ғ.). Соттық тергеу.**

Ресейдегі 1864-жылғы сот реформасы сот жүргізу ісінде жаңа принциптерді негіздеді. Сотта істі тындау жария түрде өтіп, оған прокурор, адвокат, сот алқа заседательдері енгізілді. Сот процесі көпшілік қатысар мәжіліс орындарда, қорғаушылар мен айыптаушылардың айтыс-тартыс майдан алаңына айналды. Белгілі адамдар қатысқан шулы сот процестері көпшілік қауымның жиналуына себепкер болды, оның барысы іле-шала баспасөз беттерінде жарияланып отырды. Осылайша сот ісіндегі тілмар шешендердің үлкен шоғыры пайда болып, Н. П. Карабчевский, А. Ф. Кони, қазаққа жиен болып келетін Ф. Н. Плевако, П. А. Александров, С. А. Андриевский, В. И.

Жуковский, А.И. Урусов есімдері ел аузына іліне бастады. Сол кезеңдегі сот шешендерінің сөздерінен Ресей қоғамының сол тұстағы тұрмыс-тіршілігі айқын байқалады. Ресей заңгерлерінің сөздері сот шешендігінің жарқын үлгілері.

А. Ф. Конидің пайымдауынша, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, айыптаушылар мен қорғаушылардың өзгеден ерекше түрлері қалыптаса бастайды. Айыптаушылардың бойларынан көрінетін негізгі қасиеттер — байсалдылық, сотталушыға қарсы кек ұстамаушылық, айыптау әдістерінің тиянақтылығы, нақтылығы. Істі бұрмалау мен әсірелеуден адалық, сондай-ақ ең бастысы ым-ишара, іс-қимылы мен даусында жасандылықтың тіптен болмауы, яғни өзін-өзі ұстай білуі.

Шынайы қорғаушы бейнесін А. Ф. Кони былайша сипаттайды: «Ол өзін жалдаған кісінің құлы емес, оның әділетті жазадан құтылуына ниеттес те емес. Ол сотталушы адамның досы, кеңесшісі, оның ұғымынша, ол адам тіптен де кінәлі емес, кінәлі болған жағдайда соттың айыптауындай емес».

Қазан төңкерісіне дейінгі орыс адвокаттары қатарында көптеген әйгілі қорғаушылар қылмыстық сот жүргізу ісіндегі айтулы тұлғалар ғана емес, сонымен қатар шоқтығы биік әйгілі ғалым-заңгерлер, шынайы әдебиетшілер, жазушылар, сыншылар, белгілі қайраткерлер болды.

Федор Никифорович Полониядағы (Польша) көтеріліске қатысқаны үшін Тройцкіге жер аударылған ұлты литван Василий Иванович Плевак аяқ салған бекініс бажханасы — қазіргі кеден (томожня) бастығының есік көзіндегі күңі — қазақ қызынан туған. Қыздың шоқындырылғаннан кейінгі ныспысы Екатерина Степановна екен. Болашақ адвокат оның некесіз туған төртінші баласы. Ақсүйек Плевак әлде осыны қорсынған, әлде сол кездің заңы қоспаған, әйтеуір балаға өкіл әкесі — жергілікті басыбайлы (крепостной), Плевақтың досы Никифор Николаевичтің есімі жалғанады.

Бұрын да жұрттың өсек сырығының ұшынан түспей әбден бас қосақ болып келген Екатерина төртінші баладан кейін шыдамайды, оңаша сәтте кішкентай Федорды ала салып, бекіністі бүйірлей ағып жатқан Ой өзеніне қарай жүгіреді. Сұраусыз туған терісаяқ жылбысқаны мол сулы арнаға атып, жабысқақ өсектің бетін қайтармақ. Ресейдің жоқ-жітігінің бағына қарай, келіншектің осы күйіне сол маңда өтіп бара жатқан бір арбалы қазақ кез келіп, баласыздығын айтып, нәрестені сұрап алады. Қайтар жолда қазаққа көпірде Плевак ұшырасады. Аядай бекіністің жаны алақанға салғандай емес пе, арбада барқырап жылап жатқан бала оның назарын аудармай қоймайды. Арбалы қазақ баланы суға атқалы тұрған «киргизкадан» алғанын айтады.

В. И. Плевак отставкаға шыққан соң Мәскеуге көшеді. Жолдастарының жүгіруімен поляк-литван фамилиясына «о» жалғап орыстандырып алады. Осы арада талапты зерек Федор да гимназияны бітіріп, 1860 жылы Мәскеу университетінің заң факультетіне түседі, соның арасында Германиядағы Гейдельбург университетінде дәріс алады. 24 жасында оның адвокат ретіндегі даңқты қызметі басталады.

Қазіргі жаңарған демократиялық қоғамдағы қазақ, орыс сот шешендігі өнері кешегі кеңестік дәуірдегі шешендіктен арна тартқан, соның заңды



жалғасы, мұрагері саналады. Ендеше жүйесі бір осы екі елдегі бұл саладағы проблемалар екеуіне де егіздің сыңарындай ортақ, түйісетін жерлері көп.

**Куәлерді тергеу.** Әрбір сот шешені сот сөзінің бұл сот тергеуіне қосымша екенін білуі қажет, керісінше емес; сол себепті барлық мүмкіншіліктер сөзге шыққанға дейін іске асуы қажет.

Бұл ереже сөз ділмарлығы қағидаларының басында тұруы қажет. Керемет айыптау сөзі – айыптауды қолдаймын; қорғаушының керемет сөздері – ақтауды талап етемін. Осындай сөздер нені білдіреді? Іс сөзбен емес, фактілермен шешілген, кездейсоқтық әсері шеттетілген – бұл шешендік таланттың судьялардың немесе алқалы соттың шешімі.

Қылмыстық процесте шешен табысы тек қана сөздеріне ғана емес, сот тергеуін «жүргізуіне» байланысты, судьялар алдында іс жағдайын шешеді, сондай-ақ шешімдердің әділдігін дәлелдейді және растайды. Сот тергеуіне дейін әрбір куә күдік тудырушы ретінде қаралады. Ол тергеушіде айтылғандарды растауы да мүмкін, берген жауабын одан да көбірек етуі мүмкін немесе одан бас тартуы да, өтірік айтып ұсталуы да немесе жасырып қалғысы келген фактілерді растауға мәжбүр болуы мүмкін. Тоғыстыра тергеу бұл өнер, сол арқылы адамды білетін барлық нәрсесінен бас тартуға мәжбүрлеу, және де өзін басқа есіммен атау. Бұл әділ; бірақ бұл таза және епті адамдар үшін онсыз сотта қолға түспейтін нәрселерді ашу әдісі; сондай-ақ бұл әдіс қылмыстық іс жүргізу негізіне қойылған, бізде заң бойынша белгіленген, және де осы күнге дейін одан жақсысы табылған жоқ. Айыптаушы және қорғаушы сөз ділмарлығы өнерін қалай білсе, сондай дәрежеде сот тергеуінде жүргізе білуі қажет, және де есте сақтай білуі керек, екіншісі біріншісінен де қажеттірек. Егер сот тергеуінде сотталушыны әшкерелейтін немесе ақтайтын фактілер болса және де сол жақтың өкілі ешқандай да сөз айта алмаса, онда судьялар өздері сол фактілерден логикалық қорытынды жасайды. Оған керісінше, фактілерге негізделмеген сөздер, сол берілген сот тергеуінде, ешкімге дәлелдей алмайды.

Процестің жанды негізі - куәлердің және сарапшылардың берген жауаптарында; олардың сөздерінде жұмбақ және істің шешілуі. Сол себепті сот тергеуін жүргізуде жақтардың негізгі сіңірген еңбегі - бұл тергеуді жүргізе білуі. Біріншіден, бізде қылмыстық сотта қойылатын сұрақтардың көпшілігі, сұрақтар негізі оңай; екіншіден, басқасынан азғантай бөлігінің көбі сұраушыларға рахметі жоқ жауаптар беретін сұрақтар; үшіншіден, көбінесе осы соңғысында жақсылығы жоқ жауап алдын-ала сәтсіз сұрақпен шешіліп қояды.

Біздің айыптаушылар мен қорғаушыларымыздың барлық шеберлігі куәлердің алдын-ала тергеуде берілген жауаптарының көшірмесімен шектеледі, сол бойынша түкке тұрмайтын сұрақтармен және хаттаманы жария ету «қарсымын» талабымен куәнің немесе тергеушінің кінәсінен кішкентай бір сәйкессіздік немесе қателік арқылы.

Екінші ережеге: егер сұрақ мағынасы жоқ жауапқа алып келсе, онда көп жағдайда сұраушының пайдасына шешілмейтін жауап болады.

Гарристің кітабынан кейбір үзінділер келтіреміз: «Өте шебер адвокат болу керек, ұзақ, қиылысы көп тергеуде сұраушының пайдасына шешілмейтін сұрақтардың жауаптарына куәлерді апармау керек, айыптауды растайтын фактілерді көрсетпеу керек». Сот практикасында қорғаушылардың жіберілген қателіктерінің арқасында сотталатыны және де күдіксіз қылмыскерлер айыптаушылардың қате жіберуінен бостандыққа шығуы кездеседі. Сәтсіз және дұрыс емес сұрақтар да болады. Таныс сұрақты қою қажет пе әлде жоқ па деп шешу үшін байқау қажет. Мемлекетке мемлекеттік айыптаушыларды қамқорлығына алуға қаражат жоқ, қазір жаңадан бастап келе жатқан қорғаушылар бар, осы жас мырзалар куәлерге кейбір жағдайлар бойынша сұрақтар қою мүмкін, ол туралы айыптаушылардың сұрауға құқы жоқ болса да; ол аз болғандай, айыпталушыны жеке сұрауға да мүмкіндігі бар, одан кейін куәлерге сұрақ қою арқылы көзбе-көз сөйлесіп білген нәрсесін барлығын айтқызады. Көптеген кінәсіз адамдар осындай қиылысы көп тергеуден (тоғыспалы жауап алу) кеткен».

Жоғарыда айтылғандардан бірнеше практикалық көрсетпелер шығаруға болады, көрініп тұрғандай пайдалы және негізге асатындары немесе сот қызметкерлерімен осы уақытқа дейін түсінбегендері:

1. Куәлерден өздеріне көрініп тұрған немесе даусыз анықталған жағдайлар жайлы сұрамау. Бұл уақытты жоғалту.

2. Қажетсіз жағдайлар жайлы сұрамау. Бұл да уақытты жоғалту.

3. Әрбір сұрақ ойластырылған есеппен негізделуі қажет.

Осы ережеден келесі үшеуі шығады:

4. Жағымды жауапқа үміті аз сұрақтарды қоюдың қажеті жоқ.

5. Таныс емес немесе күдік тудыратын жағдайлар туралы сұраған кезде абай болу қажет.

Күдік бар кезде, екі жақта өзінің пайдасына қолдану керек; оны жоққа шығарған кезде, сіз жеңе аласыз, сондай-ақ жеңіліске ұшырауыңыз да мүмкін..

6. Балалардың сұрақтарын қоюдың да қажеті жоқ.

7. Әрбір сұрақтың анық мақсаты болуы қажет. Келесі ереже алдыңғы ережеге қосымша:

8. Өз уақытында тоқтау керек.

9. Өтірікке, жалғандыққа итермелейтін сұрақтар қоймау керек.

Куәден әсерлі жауап алу үшін, оған сұрақты дұрыс қоя білу керек, одан тек қана жауап беруі және қажетті қана жауапты күтуді ғана емес, одан да көбірек нәрсені күткендей болу қажет.

10. Куәнің немқұрайлығы туралы кездейсоқ қорытындыдан сақтану қажет.

**Куәлер жауаптарының нақтылығы.** Куәлердің жауаптарын бағалау ережелері, басқа да адамгершілік тұрғысынан, әр түрлі болуы мүмкін.

1. Куәгер ойлап таба алмаған жағдайда, шындықты айтады.

Куәлердің жауаптарының мазмұнына байланысты айтар болсақ, деп айтады Уэтли, олбір жағынан хабарланған фактілердің мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі, басқа жағынан – Куәландырушылардың түсінікті және түсініксіз ойларын пайымдау ықтимал болады. Белгілі жағдайдың

мүмкіншілігі аз болса, оның есептеліп ойлап табылғаны немесе біреудің ойлағанындай кездейсоқтық мүмкіншілігі де аз. Куәгер өзіне түсініксіз фактілерді де беру жағдайы да болады, сол себепті де оның өзі оған сенуге қиналады, сондай-ақ олар басқаларға шындық түрінде және мүмкін болып көрінеді. Ол келесі мысалды көрсетеді. «Ескі тарихшы хабарлайды, кейбір саяхатшылар алыс елге жетіп, күн көлеңкесі өздері көріп жүргеннен басқа, қарама-қарсы бағытта түскенін көреді; тарихшы бұл әңгімені шындыққа жанаспайды дейді, өйткені ол өзіне жазғанын түсіндіріп бере алмайды; біз, бірақ оңтүстікке тән құбылысты біле отырып, оның өзінің жазғанын ойдан шығармағанын түсіне отырып, оның берген фактілеріне сенімділікпен қараймыз. Бұны адам қолжазбаны өзіне түсініксіз тілде көшіріп алуға теңеуге болады». Қылмыстық психопатологияда жасырын эпилепсия ахуалында жасалған қылмыс түрлері кездеседі (психологиялық эквивалент деп аталған); қылмыскердің ауру, жан кернеуі қылмыстан кейінгі басталған ұйқымен шешіледі. Бір дәрігер қылмыскердің басқа адамдармен бірге өлтірілген әйелдің қасында ұйықтап жатқан жерінде табылғанын суреттейді. Дәрігер бұны эпилептиктің ауру ұйқысы екенін біледі; психиатриядан хабары жоқ адам үшін бұл құбылыс түсініксіз ғана емес, сондай-ақ мүмкін емес; бірақ осыны көрген куәгерлер шындықты айтқаны анық: олар өздерінің айтқанын ойдан шығара алмайды.

2. Куәгер әңгімесіндегі азғантай толықтырулар маңызды жағдайлар туралы жауаптарын анықтай түседі.

3. Егер куәгер маңызы жоқ фактіні куәландырса, іске оның маңызы бар екенін білместен, жауап сенімге ие болады.

Куәгер куәландырған жағдай факт ретінде маңызы аз болса, ол өзіндік аз белгілі болады, сондай-ақ ол айғақ, дәлел ретінде сенімді болады, немесе оның ойдан шығару мүмкіндігі аз болады.

Куәгер естіген әңгімесін баяндау кезінде айтылған фразасы (сөзі), оның жауаптарының шындық екеніне кепілдік бере алатын кездері де болады; біріншіден, фраза (сөз) өзіндік, екіншіден, күдік тудырмайтын жағдайларға келеді; тыңдармандар оны бірден сезеді, олай айтылмаса болмайтынын, анық сол, анық осы сөздермен айтушы (баяндаушы) жеткізді.

5. Фактіге деген қосымша нұсқау көңілге қонымды болады, оны тура куәландырғаннан көрі; ол хабарланған фактінің әділдігінің дәлелі ғана емес, сондай-ақ жалпы танымалдылығының да.

6. Әдейі істелінбеген өтірік болуы мүмкін емес. Сол себепті куәгер айтқысы келгеннен көбірек айтқанын, соныменен өзі білместіктен айтып қойған немесе жасырғысы келген нәрсені айтқанын ұстау керек. Осы кезде екі жағдайды айыра білу қажет: 1) куәгер айтып қою арқылы, фактіге деген өзінің бағасын көрсетіп қояды және 2) фактіні берген кезде; бірінші жағдайда оның сөздері шешеннің бірыңғай ой-пікірлерін толықтырады, екіншіде - өзіндік және өте маңызды қорытындылар негізіне қызмет етуге мүмкіндігі бар. Өтірікті санасыз деп айтуға болмайды; кім өтірік айтса, ол өзінің өтірік айтып

тұрғанын біледі. Сондықтан, куәгер байқаусызда, кездейсоқ айтып қалса, онда өтірік болмайды; ол қателік болуы мүмкін, бірақ тек адал ниетті.

7. Күмәнсізді жіберіп алу, куәгердің жауаптарындағы маңызды жағдайлардағы оның адал ниетті еместігінің белгісі емес.

Таныс фактіні куәландырушы және мақұлдаушы адам, оны көрген, шындықты айтады, немесе өтірік айтады, немесе адасады, бірақ оның жауаптарындағы кемтіктер басқа себептерге байланысты болуы мүмкін, ол көз алдында болған фактіні байқамауы да мүмкін, байқаса да ол туралы ұмытып кетуі де мүмкін. Бұл өте таныс.

8. Бірнеше куәгерлердің жауаптарындағы түйісу (сәйкестік), әсіресе олардың арасында сотталушының достары және жаулары болса, фактінің толық адамгершілік нақтылығын құрайды.

Егер де осы куәгерлердің әрқайсысы жоғары дәрежеде күмәнді болса, біз онда олардың түсініктерінің кездейсоқ түйісулерін (сәйкестік) жібере алмаймыз. Бірақ екі куәгер фактіні куәландырса, ал қалған екеуі, үшеуі, алтауы, жүздеген басқалары бірінші екеуден естігендерін қайталаса, онда анығында қалғандарының барлығы ешқандай жауап бермейді.

Сонымен куәгерлердің саны маңызға ие болады, егер де басқа жағдайлармен бірдей болғанда. Олардың ішінен біреуін өзгертсе, қорытынды басқаша болып шығады.

**Куәлердің жауаптарын талдау.** Куәгерлердің жауаптарына деген шешен қарым-қатынасының негізгі ережесі оларға қарсы мүмкіндігінше аз дауласуға алып келеді. Егер де шешен куәгер мен дауласу қажет деп шешсе, оның қарсылықтары керемет болуы керек. Көбісі жауаптар жайлы бір нәрсе айтып, сенімділік арттыруға болады деп ойлайды; сол себепті қарсылықтар өзінің тапқырлығымен емес, қауіпсіздігімен ерекшеленеді. Міне, оған бірнеше мысалдар келтіруге болады.

Маңызды куәгер жауабы туралы дауласу жүріп жатыр. Куәгер сұрақтарға тез әрі табандылықпен жауап берді. Ол шындықты айтты,- деп хабарлады прокурор. – Жоқ, ол тергеуден тезірек құтылуын ойлады, - деп қарсы болды қорғаушы. – Куәгер батылсыз әрі нашар жауап берді. Ол өзінің жауаптарына сенімді емес және қателесуден қорқады, - деді қорғаушы. – Мүлдем олай емес; ол өзінің түсініктерінің мағынасын түсінеді және әрбір сөзін таразылайды, - деп жауап берді айыптаушы. – Куәгер ештеңе айтпайды. Анық болғаны, ол барлығын ұмытқан... немесе барлығы есінде, бірақ барлығын жасырып қалғысы келеді. – Куәгер толық және нақты жауаптар беруде. Ол іс жағдайын жақсы біледі және қатаң есінде. – Ия... немесе ол жалған жауапты қатты жаттап алған.

Куәлердің жауаптарын талдаған кезде генерал М.И.Драгомировтың афоризмін есте сақтау керек, істің түрін түсінік қатпарлары мен қарым-қатынас өзгешіліктері анықтайды. Бұл жалпы ереже көптеген нәрсені түсіндіреді және бекітеді.

Неге аула сыпырушы дөрекі де, ал газет сатушы сыпайы? – Атқаратын қызмет түріне қарай. Не үшін ақылды және атақты адвокатта сенім

қалыптасқан «жеңе алмайтын істі жеңген кездегі жеңістен тәтті ештеңе жоқ» - Атқаратын қызметіне қарай.

3. Куәгерлердің сөздерінен фактілерді куәландырылуынан олардың бағалануын айыра білу қажет.

Куәгер оқиға шындығын куәландыру кезінде, оның жауаптарының дұрыстығы оның адалдығынан, фактілерге деген сенімділік пайда болған жағдайлардан және оны жеткізу кезіндегі нақтылықтан; бірақ оқиғаны бағалауда куәгердің іс туралы дұрыс ойлау қабілетінің қаншалықты екенін есепке алу қажет. Нандыру, қызықтыру арқылы, жоғары әсершіл адам білмейтін нәрсесін білемін, көтмеген нәрсесін көрдім деп соған шын сенуі мүмкін. Ольга Штейн мен фон Д мырзаны ісін еске түсірейік. Ол (она) толық әшкереленді; оған (он) қатысты айғақ аз, сөйтіп ол айыптауды мойындамайды. Ол – бұрынғы алқалы сенімді адам, және адвокаттардың бірнеше куәгерлері оның қорғаушысының сұрағына жауап беруде: «Мен сотталушыны ең адал адам ретінде білемін, ол біздің арамызда құрметке ие және біз оны осы істе Ольга Штейннің құрбаны». Бұл пікірлер шындық айтатын адамдар айтқаны белгілі: алқалы сот олардың іс фактісі бойынша түсініктерін тыңдады және олардың адал ниетті куәгерлер екенін көрді; сотталушы туралы олардың пікірлері үлкен мағынаға ие. Бұған не айтуға болады?

Жалпы ой-пікірді көрсету керек: адамға кімге көмек қажет болса соған көмектесу тән; әрбір адал адам сотта сотталушының пайдасына сөз айта алатын, сонымен қатар азаматтық борышын өтейтін әрине ол соны орындайды; егер де сотталушы – куәгерге алыс болмаса; олар бір корпорацияға жататын болса, онда одан да күшейеді: сотталушыға адал, намысты болысады, куәгер де өзінің жақсы атын қорғайды. Сонымен барлық адамдар фон Д. мырзаның адалдығына сенеді; осыдан келіп олардың қателесуі мүмкін бе деген сұрақ туады? Істен алыс кетпеу үшін сотталушының айналасына қарайық. Сізде адамдардың қалай қателесетіні жайлы сенімді мысал жоқ па? Ольга Штейнге алданғандардың барлығы оның адалдығына сенді ғой, сондай-ақ фон Д мырзаның жолдастары сенген сияқты? Олардың көзін не ашты? Оларды алдағандар. Егер де ол оларды алдамағанда, олар оның адалдығын сотта дәлелдер еді. Сотталушының жолдастарының бірде-бірі оған алданбаған, сол себепті олардың ешқайсысы да оны өтірікші деп санамайды.

Куәгердің адамгершілік ролі нашарлаған сайын, шешенге оның жауаптарын талдауда қызығушылығы аз болады.

Егер сіздің қарсыласыңыз сіздің жақтың адал куәгеріңізге сенімділікті бұзғысы келсе, онда оған көмектеспейсіз. Сотқа айтыңыз, куәландырылған фактілердің маңыздылығы мен күштілігі сондай, қарсылас сот алдында өзінің борышын өтеп тұрған адамға көлеңке түсіруден басқа ештеңесі қалмады.

Гаррис айтады: «Екі адам көшеде келе жатыр; біреуі екіншісін көрсетіп, айқайлайды: міне адал адам, мына адал адамға қараңыздар! Сіздер ойлайсыздар екеуі де алаяқтар деп. Адам үшін асыра мақтаудан өткен жаман кепілдеме жоқ, сотта да одан орындалған кемелдеген жасауға ынталану». Бұл қателіктерге

еліктемеңіздер; сотқа үлкен қарсылықтарға тап болмайтын нәрселерді өз күштерімен шешуді беріңіздер.

Егер куәгер жағдайды ақылға симайтындай немесе қосыңқыраса, оны толық жоққа шығаруға уақыт жібермеңіз; сотқа бұл көрініп тұрған нәрсеге тек қана жеке екендігіне қарауға көңіл бөлу керек екенін көрсету қажет.

5. Қарсыластың әрбір куәгерін өзіңізге куәгер етуге күш салыңыз. Әрбір жауаптан процесс кезінде екі жаққа да пайдалы нәрсе табуға болады.

### 3 Қазақ билерінің шешендік өнері.

#### 3.1. Қазақстан сот шешендік өнері (XVII- XIX ғғ.)

XVII-XIX ғасырларда Қазақстандағы сот сөз ділмарлығының өзіндік сот түрі – билер сотымен анықталған. Сот билігі кейбір сұрақтарды шешуде халықтық судьяларға: билер мен қазыларға жүгінген. 1871 ж. Торғай облысының әскери губернаторы Л.Ф. Баллюзектің басып шығарған қазақ құқығы материалдарында сол сот түрінің ерекшеліктерін көрсете отырып, осыны растайды: «Билер соты – ауызша сот, өзіне тән шындықтары мен жарияланымдары бар, сот – бұл жерде әр түрлі іс қаралады, адамды сөзбен ренжіткен кездерінен бастап ең үлкен қылмыс - өлімге дейін, ең төменгі ұрлықтан ең жоғары қылмысқа дейін істер ауызша қаралып және сотталған, ешқандай да қағаз бен жазу құралынсыз».

Билер шешімдерінің құқықтық негізі дәстүр бойынша кәдімгі құқық (адат) және ислам шарттарының негізіне (шариат) байланысты. Соңғысының түпнұсқасы - бұл араб заңгерлері енгізген Құран және оның қосымшасы. Құранның бір сүресінде былай айтылады: «Мұхаммед, біз саған шындық жазылған, адамдарды соттау үшін кітапты жібердік». Шариат құқығы негізі болған облыс - бұл отбасы-неке қатынастары облысы. Қазақстанда хандық билік кезінде (XV—XIX ғғ.) көптеген сұрақтарды шешуде кәдімгі және шариат құқықтарының тоғысулары әдеттегідей болған.

Билер соты Қазақстанда «Сібір қырғыздары» (1822 г.) жарлығы шыққанға дейін ешқандай да шектеусіз болған, соған сәйкес сайлау жүйесі енгізіліп және билер сотының құқығы шектелді. XIX ғасыр соңына Қазақстан сот құрылымы «Түркістан және Дала өлкесін басқару туралы ережесіне» (1886 – 1891) сәйкес атқарылды, соған сәйкес империя түріндегі соттар құрылды, сондай-ақ «халықтық соттар» құру да қарастырылды.

Билер сотын қарай отырып, оның ежелгі халықтық түрін бөлу қажет. Билер соты жекеше сипатта болған, алқалы билер сотына ұқсас. Мысалы, айыптауға қарсы дәлел болмаса, бірақ қатты, негізді күдік болса, онда олар абыройлы туысқандарын араластырып ант қабылдап сотталушыны айыптаған немесе ақтаған. Алқалы билердің саны қаралып жатқан істің маңыздылығына байланысты анықталған. Сот жария түрде және тек қана ауызша болған, барлық уақытта қорғаушы қатыстырылған. Билер формальды қарым-қатынаста ешкіммен ресми түрде сайланбаған және бекітілмеген. Шешімдердің мағынасы жеке беделді адамның ықпалымен болған, шешім біржақты болуы да мүмкін, егер екі жақта бір биге бағынышты бір жүзден болса және өздері бір судьяны таңдаса.

Л.Ф.Баллюзектің материалдарында былай деп айтылады: «Судьялардың міндеттері осы айтылған билерге жатады. Бұл атақ халық санасы бойынша азғантай адамдарға ғана тән, кімдер табиғи ақылдылығымен, сөз ділмарлығы қабілетімен өздерінде қалыптасқан халықтық салт-дәстүрлердің және тарихи аңыздарды терең білімі арқылы ұштастыра білгендерге». Би болу құқығына,

сонымен қатар, екі жағдай арқылы анықталады: сот дәстүрінде терең білім және жеке шешендік шеберлігі есептелген Терең білімі, танымы сот дәстүрінде кәдімгі және шариат құқығы нормалары білімін болжаған, соның ішінде ең бірінші қазақ заңдары жинағының бірі «Жеті жарғы» - хандық дәуірдегі заңнамалық ескерткіш.

Тарихшылардың мағлұматы бойынша, «Жеті жарғыны» құру ойы XVII ғасырдың 70-жылдарына жатады. Әдеттегідей, аңызға сүйеніп бұл заңдар жинағын құрастыру бастамашысы, ұйытқысы ретінде Тәуке ханды атайды. Бір нұсқасы бойынша ол кеңеске үш биді жинаған (Төле би – Ұлы жүз, Қазыбек би - Орта жүз, Әйтеке би – Кіші жүз), сөйтіп солардың көмегімен заң ережелерінің қатары бекітілген. Басқа нұсқасы бойынша Тәуке хан Күл төбенің басына жеті биді жинап, солар Қасым хан мен Есім ханның салт-дәстүрін жаңарған түрде берген. Бұл заңнамалық құжаттың мәтінінде (орыс тілінде А.Левшинның жазуларында) әкімшілік, қылмыстық және азаматтық құқық нормалары қамтылған: «Ол жерде бірінші орында кек алу заңы алады: қанға қан арқылы кек алу, төбелеске сондай төбелес. Ұрлық, тонау, зорлау үшін өлімге асу. Барлық ережелер бойынша өлген адамның туыстары қылмыскерді өлтіруге құқылы; ал қолын, аяғын, құлағын шапқан болса, дәл сол жерінен айрылатын болған. Сондай-ақ жаза судьялардың шешіміне қарай немесе арызданушылардың келісіміне сәйкес жеңіл де болуы мүмкін, онда қылмыскер әрбір қылмысқа бекітілген құн төлеу арқылы жазаланады...». Осы қатарда «Шар ережесі» де айтылуы қажет, баспадан шыққан қазақ тіліндегі бірінші құқықтық құжат. Берілген заңнамалық жоба 1855 ж. мамырда Қарамолада өткен Қарқаралы, Павлодар, Семей уездері мен Зайсан приставының билерінің Жедел шақырылған съезінде талқыланып қабылданған (Съезде төрағалық еткен Абай Құнанбаев).

Тарихта билер сот сөз ділмарлығымен бірқатар атақты шешендер есімдері есте қалды: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Досбол би, Тіленші би, Келдібек би, Сырым би, Есет би, Байдалы би және көптеген басқалар. 1992 жылы шыққан «Билер сөзі» хрестоматиясы билердің шешендік өнерімен танысуға көптеген қызықты мағлұматтар береді. Әрбір шешен-би туралы көптеген ауызша аңыздар қалған. Егер Төле би жайлы айтқанда, үнемі заңдар туралы терең білімі көрсетіледі; Қазыбек би «әділ, тура шешуші, ойлаушы» - ол ақылды дипломат және әділ судья ретінде; Әйтеке би туралы айтылғанда, оның сөздерінің қарапайым мазмұндылығы еске түседі; Досбол би әрбір ауызша жарыста тапқырлығымен ерекшеленді; Тіленші би - өзінің ауызша сөзге шыққанда айтыскерлігімен танылды.

### **3.2 Билердің шешендік өнердегі ерекшеліктер**

Билер шешендік өнерінің айырмашылық ерекшеліктеріне тек қана соттың ауызша өткізілуі ғана емес, сондай-ақ олардың сөздерінің айтыскерлігі, поэтикалығы, аллегориялылығы; халықтық-поэтикалық шығармашылыққа сүйенуі, даулы мәселелерді шешуде ақылдылық, өткірлік және философиялық



шешімдер, кейбір күрделі мәселелерді шешуде Төле би айтқан ескертпелер кейіннен қанатты сөздерге айналды: «Егер де тек мақтаншақ адамдарды жинасаң, халық алдында күлкіге қаласың», «Бай халық үшін емес, би – халық үшін», «Досыңды алдама- сенімділікті жоғалтасың», «Жауыңа шындықты айтпа – ол сені жеңіп кетеді». Даулы мәселелерді шешу мысалына келесі аңызды келтіруге болады. Бала кезінде Төле би әкесіне қой бағуға көмектескен. Бір күні оның жанына екі атты кісі тоқтады. Төле бидің олардың әңгімесінен түсінгені әкесінің шешіміне разы еместігі. Сонда кішкентай Төле оларға жақындап сұрады: «Сіздер менің әкемнің шешіміне разы емес көрінесіздер. Мен Әлібектің атын естідім – ол менің әкемнің аты». Атты кісілер жауап берді: «Біз сол шешім жайлы айтысудамыз. Біз шешімге разы емеспіз». Сонда кішкентай Төле әкесіне барып, болған жайды баяндайды. Әкесі баласын тыңдап, былай деді: «Балам, әділ шешімін өзің бер». Ал анау екеуі не істің мән-жайын айтып берді. Олардың біреуі, жас жігіт айтты, көпес (сатушы) оның ботасын ұрлап алған, өйткені ол өзінің ботасын көпестің керуенінен табады. Екіншісі, көпес, бота өзінікі екенін дәлелдейді. Сонда Төле ойланып, былай деп сұрайды: «Ботаның шешесі бар ма?». – «Ия», - деп жас жігіт те, көпесте жауап береді. Төле екі түйені де алып келуін сұрайды. Сөйтіп оларды жіппен байлауды сұрайды. Ботасын көрген кезде түйе, жас жігітке тиесілі, орнында тұра алмай, босағысы келіп, көздерінен жас ағады. Ал көпестің түйесі бір орнынан қимылдамай тұрады. «Бота жас жігіттікі»- деп шешті Төле. «Көпес, шындықты айтшы», - деп сұрады Төле. Көпес шынын айтты: «Бұдан бес жыл бұрын мен алыс елдерден өз қалама келе жатып жолда жаңа тұған бота мен түйені көрдім. Сөйтіп мен ботасын алып кеттім. Енді, сіздер өздеріңіз мені не істейтіндеріңізді шешіңіздер». – «Төленің өзі шешсін», - деді қатысып тұрғандар. «Өздеріңіз көріп тұрғандай, бұл жас жігіт өзінің адал еңбегімен табады, ал көпес ботаны ұрлап, елдің алдында масқарасы шықты. Абыройынан айрылып, масқарасы шыққаннан үлкен жаза жоқ», - деп шешті Төле.

Халық есінде билер даулы мәселелерді шешіп қана қоймай, қанатты сөздерімен де қалған. Бір күні Сырым биден сұраған екен: Дау мұраты неде? Саудагер мұраты неде? Қыз мұраты неде? Жол мұраты неде? Сонда Сырым би тоқтамастан былай деп жауап беріпті: «Дау мұраты – біту. Саудагер мұраты – ұту. Қыз мұраты – кету. Жол мұраты - жету».

Билердің риторикалық мәдениетінің философиялылығы мен поэтикалылығы Келдібек би мен Шоқан Уәлихановтың әкесінің арасындағы әңгімеден көруге болады. Шоқан Уәлиханов қайтыс болады. Шоқанның әкесіне сүйікті ұлының өлімін сөз шеберлігі арқасында жеткізу үшін адам қажет болды. Сол кезде таңдау Келдібекке түсті. Келдібек би сұрайды:

- Төре, өмірде не қымбат?
- Адам, - деп жауап берді Шоқанның әкесі.
- Адам үшін не қымбат?
- Сүйеніш бола білетін бала.
- Тастар арасында не асыл?
- Алмас.

- Теңіз түбінде жатқан алмастың егесі бар мекен?
- Бұл өмірде барлығы да біреуге бағынышты.
- Жаны бардың, жансыздың да барлық уақытта егесі болады. Егер де олар өмірдегі ең асыл – адам үшін күреске шықса, кім жеңеді?
- Ең мықтысы, күштісі, - деп жауап береді Шоқанның әкесі және өзінің кімді жоғалтқанын түсінеді.

XVII – XIX ғасырлардағы атақты билердің ауызша сөз ділмарлығы тарихи-құқықтық және тарихи-филологиялық тұрғыдан ғана қызығушылық тудырмайды, сондай-ақ қазіргі кезеңде алып қарасақ импровизациялық жария сөзге шығудың ең таңдаулы үлгілерін көрсетеді.

### **3.3 Қазақ билерінің шешендік өнерлері, сот жүйесіне қосқан үлесі**

Әйтеке Байбекұлы - қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Әлім тайпасының төртқара руынан шыққан. Әмір Темірдің бас кеңесшісі Ораз қажының бесінші ұрпағы. Бүкіл парсы, өзбек, қырғыз, қазақ, құрама жұрты "Синесоф буа" (жаны пәк жан) атаған Сейітқұл әулиенің - үшінші ұрпағы. Ә. Қоканға (1622 - 35) хан болған Ақшаның немересі, Самарқан өмірі (1622 - 56) Жалантөс баһадүрдің немерелес туысы. Әйтеке бес жасында ауыл молдасынан сауатын ашқан. Әйтеке Байбекұлы Әмір-Темірдің бас кеңесшісі, Әбілқайыр ханға дейін Кіші жүздің сөзін ұстаған қазақтың биі. Әйтеке би 25 жасынан бастап Кіші жүздің бас биі ретінде жыл сайын өткізілетін үш жүздің басшылары мен беделді адамдары бас қосқан жиындарға тұрақты қатысып тұрады. Тәуке ханнан бастап дәстүр тапқан бұл жиындарда ұлт бірлігін нығайту мәселелері талқыланып, жүздер мен рулардың арасындағы өзара келіспеушіліктен туындайтын даулар шешілетін болған. Қызу айтыс-тартыстар ушығып кетер тұста тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні іспетті жұрт тоқтасар бәтуаны Әйтеке би айтады екен. Ел аузында Әйтеке айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар, баталар көп сақталған. Биді халық "айыр тілді Әйтеке" деп атаған. «Жеті жарғыда» Әйтеке ұсынған баптардың ішінде — «Сүйек құны», «Өнер құны» белгілі. 1685 жылы Әлі сұлтан мен қарапайым халық арасындағы үлкен жанжал дауға айналып кете жаздайды. Әлі сұлтанның тентек ұлы бір кедейдің сұлу, ақын, әнші-домбырашы қызына дегеніме көнбедің деп өшігіп, бір күні қыз қызыл орамал тартып, үйден ұзай бергенде, бүркітін шүйітіп, қастандық жасайды. Бүркіт қыздың басын мылжалап өлтіреді. Ашынған ағайындары төреден құн сұрайды. Әлі сұлтан оларды маңына жолатпай, барған билерді ит қосып қуып жібереді. Ақыры ел арасы екіге жарыла бастайды. Ең соңында құн сұраушылар жағы Әйтеке биге келіп өтініш жасайды. Ол қасына сіргелі батыры Қазыбекұлы Жабайды, байбақты батыры Шоланды ілестіріп Әлі сұлтанға барады. Әйтекенің айбарынан ығысатын Әлі сұлтан амалсыз құн төлеуге келіседі. Әйтеке қыз құнына қосымша оның өнерлі екенін айтып, «өнер құнын» және қыздың жоқтаушыларын келеке қылып, сүйек сындырғаны үшін «сүйек құнын» төлеуді талап етеді. Бұл екі құнның әрқайсысы негізгі құнның жартысына тең екен.

Сөйтіп, Әйтекенің қаһарынан қаймыққан Әлі сұлтан толық екі күн төлеуге мәжбүр болады. Бұл оның ата дәстүр-салтына жетіктігімен бірге, өнерлі адамға айрықша құрметін көрсетеді. Әйтеке ержете келе билікті мақал-нақылмен мәнерлеп, айтатын, дауды еділ шешіп кесе-кесе сөйлейтін өте әділетті, білгір шешен би болған. Сон-дыктан да ол аға би атанып Кіші жүз елін ұзақ жылдар басқарған. Тәуке ханның Төле би, Қазыбек би сияқты кеңесші бас билерінің бірі, «Жеті жарғы» заңын жасасқан азамат.

Қазыбек Келдібекұлы (1667-1764) Сырдария жағалауындағы ауылда туып, жастық шағын Қаратау, Ұлытау атырабында өткізсе керек. Қазақ шежіре деректері бойынша, Қазыбек Арғынның Қаракесек (Болатқожа) руынан. Сол Қаракесектің бір атасынан Бұлбұл, одан Шаншар туады. Қаз дауысты Қазыбек би, Қазыбек Келдібекұлы – қазақ халқының XVII – XVIII-ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Орта жүз арғын тайпасының қаракесек руына кіретін болатқожа атасынан шыққан ол 1667 жылы Сыр бойында дүниеге келген. Арғы аталары Шаншар абыз, Бұлбұл, өз әкесі Келдібек — есімдері елге белгілі әділ билер болған.

Қаз дауысты Қазыбектің оқыған жерлері, алған білімі туралы нақты дерек жоқ. Дегенмен, ел аузындағы әңгіме, аңыздар мен биден жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, рәміздерін, ата жолы заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғандығын айқын аңғартады. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің Бас биі еткен. Би Әз Тәукенің тұсында хан кеңесінің белді мүшелерінің бірі болса, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезеңдерде де мемлекет басқару ісіне жиі араласып, ішкі-сыртқы саясатта ақыл-кеңестер беріп отырған. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, ол Тәуке ханның белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне ілесіп алғаш рет қалмақ қоңтайшысы Цэван Рабданға барғанында 14 жаста екен. Қылышынан қан тамған қаһарлы қалмақ ханының алдында қазақ билері жасқаншақтық танытып, күмілжіңкіреп қалған сәтте жасөспірім Қазыбек: “Дат, тақсыр!” деп жұлқынып алға шығады да:

“Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп найзасына жылқының қылын таққан елміз. Дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз. Бірақ асқақтаған хан болса – хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса – күң боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз. Сен темір болсаң, біз көмірміз – еріткелі келгенбіз, қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге — танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең – шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз. Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жеріңді айт!” – депті. Жас баланың бұл сөздерінен бас алыспақ батырлықты да, ынтымаққа шақырған ізгілікті де аңғарған қалмақ ханы әділдікке жығылып, өжеттігі мен шешендігіне риза болып: “Дауысың

қаздың дауысындай екен, бұдан былай сенің есімің Қаз дауысты Қазыбек болсын”, – деген екен. Соның арқасында елшілік жау қолындағы 90 тұтқынды шабылған мал, тоналған мүлігімен шашау шығармай қайтарып алып, елге олжалы оралған екен. Қазыбек бұдан кейін де жоңғарларға екі рет елшілікке барып, ел намысына дақ түсірмей, көздеген мақсатын орындап қайтқан.

Тәуке хан үйсін Төле, алшын Әйтеке, арғын Қазыбек билерге жаңа заң жобасын – “Жеті жарғыны” жасатып, Күлтөбенің басында бүкіл халық алдында қабылдатты. Сөйтіп, ұлы үш бидің көмегімен ел ішіндегі әдет-ғұрып нормалары, жер-су, қоныс иеліктерінің мөлшері, жесір дауы, құн төлеу, кек алу, ұрлық-қарлыққа тыйым салу, ағайын-туыс, ру арасындағы дау-дамайлар, ел бірлігі, мемлекет басқару, Отан қорғау, сыртқы жаулардың шабуылдарына тойтарыс беру, ұрпақ тәрбиесі, т.б. мәселелердің шешілу жүйесі жаңаша белгіленді. Қазыбек би 1764 жылы Семізбұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында 97 жасында дүниеден өткен. Денесін баласы Бекболат Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне апарып жерлеп, басына құлпытас орнатқан. Қазыбек бидің қайраткерлік қызметі мен шешендік өнері туралы Алексей Левшин, Шоқан Уәлиханов, Шаһабуддин Маржани, Балтабай Адамбаев, Нысанбек Төреқұлов, т.б. зерттеулері сақталған. Жазушы Софы Сматаевтың “Елім-ай” романында кемеңгер бидің келісімді тұлғасы жасалған. Қарағанды облысында бір ауданға, Алматы, Шымкент қалаларында көшелерге би есімі берілген, ел ордасы – Астанада ескерткіш орнатылған. Қазыбек бидің әдеби мұрасы әр жылдарда баспадан жарық көрген шешендік сөздер жинақтарына енгізілген.

## 4 Заңгердің сөйлеу техникасы.

### 4.1 Сөйлеу техникасы

Заңгердің шешендік шеберлігінің көптеген құрамдас бөлімдері ішінде (сөйлеу мазмұны, логикасы, композициясы) сөйлеу техникасы ерекше орынға ие, өйткені оған алғашқы кезекте көңіл аударылады.

Сонау Ежелгі Афина мен Римде сөйлеуге ерекше мән берілген. Көне грек шешені Демосфеннен сөйлеу өнерінде не маңызды деп сұрағанда, ол «Біріншіден сөйлеу, екіншіден, сөйлеу; үшіншіден – сөйлеу» деп жауап берген.

Белгілі Римдік сот шешені Марк Туллий Цицерон «Шешен» трактатында былай деп көрсетеді: «Дауыстың жақсы болғаны дұрыс, бірақ ол біздің билігімізде емес. Дауысты меңгеру біздің билігімізде. Сондықтан үлгілі шешен дауысын өзгертіп, түрлендіріп отырады. Дыбыстау дәрежесін жұмсартып әрі қатаң етіп реңк береді».

Шешеннің дауыстық бетпердесі көбіне тыңдаушылардың эмоциялық тұрғыдан қабылдауына арналады да, ал заңгердің көпшілік алдында сөйлеу техникасы екінші дәрежелі сипатқа ие болады, тіпті артық актерлік әрекет деп танылады. Маңыздысы – нені және қалай айту керектігінде. «Нашар сөйлеу ойды шатастырады», - дейді К.С.Станиславский.

Дәстүрлі түрде сөйлеу техникасына мыналар енеді: а) бірқалыпты тыныс алу; ә) мәнерлі дауыс; б) жатық дикция; в) екпінге және сөздің айтылуына көңіл аудару.

Сөйлеу техникасы ішінде тыныс алу мен дауыс таза физиологиялық табиғатқа ие, қажет жағдайда түзетіліп отырады.

Әдетте, кәдімгі және сөйлеу кезіндегі тыныс алу түрлері болады. Егер біріншісінде дем алу – дем шығару – кідіріс кезектесе келсе, екіншісінде терең дем ала отырып, аз ғана кідіріс жасайды. Содан соң баяу дем шығарады. Орташа есепте дем толқыны 8-10 секундты алады, тәжірибелі шешендерде ол 20 секундқа дейін жетеді.

Дауыстың кәсіби қасиеттеріне дыбыстылық, жеңілділік, икемділік, жатықтылық, әуенділік жатады. Сөйлеу мазмұнына сай келетін сөз тиімді болып келеді. Сөйлеу кезінде интонацияны өзгерту арқылы тыңдаушылардың қызығушылығы артады, шешеннің ой жүйріктігі көрінеді.

Өткен ғасырда өмір сүрген ағылшын адвокаты Рихард Гаррис «Адвокатура мектебінде» дауыс модуляциясын «шешендік өнер ішіндегі ең кереметі» деп атаған.

Тыныс алу мен дауыстың ерекшелігі, дикция – дыбыстардың ашық, жатық әрі түсінікті айтылуы – табиғи (физиологиялық) қасиеттерге онша тәуелді емес. Оны арнайы жаттығулар арқылы түзетуге немесе жақсартуға болады: жаңылтпаштар, өлеңдер оқу, фонетикалық тренинг т.б.

Сөйлеушінің дикциясында жиі кездесетін, оңай түзетілетін қателіктерге мыналар жатады: сақаулану, дыбыстарды ауыстырып алу, буындарды дұрыс қоймау. Мәселен, балалар – балдар, керісінше – кесінше т.б.

Екпінді дұрыс қою және сөзді дұрыс айту заңгердің жалпы мәдениетіне жатады. Орфоэпиядағы қателіктен сөз дұрыс қабылданбайды. Бұл туралы П.С.Пороховщиков былай дейді: «Сотта нағыз айыптаушы немесе қорғаушы болу үшін, сөйлей білу керек». Сондықтан «Орфоэпиялық сөздікке» көңіл бөлген дұрыс.

Өз дауысымен, дикциясымен және орфоэпиямен жүйелі жұмыс істегенде ғана, сөйлеу техникасы тыңдаушыларға әсер ететін шынайы құралға арналады. Сондықтан А.Ф.Конидің кеңесіне құлақ салыңыз: «Дауыстап ашық, жатық, мәнерлеп сөйлеу керек. Дауыс реңкінде сенімділік болуы қажет. Сөйлеу тонын айтылатын ойға қарай қатты әрі баяулатуға болады».

## 4.2 Сөйлеу мәдениеті

«Криминология» оқулығының авторлары ауызша және жазбаша сөйлеуге талдау жасау арқылы тиісті адамның кәсіби білімі мен мәдениеті туралы білуге болады деп көрсетеді. «Осы мәселе шешілген соң, сөздік қорына, стилистикалық-синтаксистік құрылысына, жаргондық оралымдарына, кәсібилігіне көңіл бөлінеді» деп түйіндейді.

Кейбір прокурорлар мен адвокаттардың сотта сөйлеген сөздеріне «криминологиялық» талдау жасайық:

«Ерекше тұрғыда атап өтер болсам, жалпы оның шешімімен таныспыз».

«Бұзақының қорылы мен киіміндегі дақтарынан оның қанша арақ, сыра ішкендігін білуге болады».

«Тайжұмаев көпшілік тәртіпсіздіктердің ұйымдастырушысы болды. ГАЗ - 66 автомашинасына ол үш тас, өрт машинасына бес тас лақтырды».

Мұның өзі заңгердің орашалақ сөйлейтіндігін, әділетті іске асырушылардың кәсіби біліктілігі төмендігін көрсетеді.

Заңгер фонетикалық нормаларды сақтаумен қатар лексикалық нормаларға, яғни сөздерді дұрыс қолдануға да мән беруі қажет.

Өткен ғасырдағы заңгер К.Л.Луцкий өзінің «Сот шешендігі» жұмысында былай дейді: «Сот тілінде дәлме-дәл сөйлеу білу нақтылықты көрсетеді. Мұнда ой өзіне ғана тән сөздермен берілуі қажет. Өкінішке орай, біздің үздік деген сот шешендеріміз нақты сөйлеуге дұрыс көңіл бөлмейді»:

Сөздің нақтылығы, жатықтығы және тазалығы сөздерді өз орнымен пайдаланудан туындайды. Сөздерді дұрыс таңдай алмаған жағдайда, заңгердің тілінде қателік кетеді. Ондай қателіктерге мыналар жатады:

- рөл ойнайды деудің орнына маңыз ойнауды, әсер ету дегеннің орнына әсер жасау деп айту;
- омонимдерді дұрыс қолданбау;
- сөз тіркестерін дұрыс қолданбау;
- тавтология-қайталау.

Кез-келген анықтаманың мақсаты – қолданылушы ұғымдардың мазмұнын нақтылау, айтылған сөзге нақты мағына беру.

Кезінде Аристотель былай деп ескерткен: «Дәлелдемелерден қорытынды шығару керек, ал анықтамалардан – айқындылық көрінуі керек».

XIX ғасырдағы заңнамаларда П.С.Пороховщиков «Нағыз қытай сауаты» деп атаған: «Қылмыстық істер менқызметтік айыптаулар арасында маңызды айырмашылық бар. Қызметкерлердің тәртіптік жауапкершіліктері қызметтік міндеттерді бұзудан келіп шығады».

П.С.Пороховщиков мәтінді былай өзгертеді: «Қызметтік кінәлар қызметтік қылмыстардан былай ерекшеленеді. Мұнда қызметтік бағыныстылық міндеті бұзылады немесе биліктің қадір – қасиетін қызметтен тыс жерде сақтамаудан көрінеді. Бұл әрекеттер үшін тәртіптік жауапкершілік белгіленеді».

Заңгер сондай-ақ синоним сөздерді де дұрыс қолдана білуі керек. Синонимдік сөз қатарларын өз орнында қолдану қажет. Өйткені, бір ғана құбылыс, әрекет, заттар бірқатар мағыналық және стилистикалық белгілерге ие болуы мүмкін. Әрбір мағыналық айырмашылық әрбір нақты жағдайда бірден-бір дәлме-дәл сөзді таңдап алуға мүмкіндік береді.

Синонимдер ойды нақтылай түседі. Салыстырып көріңіз: - атты – атып жіберді. Мұнда «атып жіберу» сөзі әрекеттің әдейі істелінгенін көрсетеді.

Синонимдердің көмегімен мағыналық дәлсіздікте жойылады. Мәселен, Р. Және оған қатысушылар. Қатысушылар қылмыстық әрекетте ғана болады. Бұл жерде «Р. және оның ымыраластары» деп жазылуы керек.

### 4.3 Мәтін риторикасы

Құқықтық нормаларды жасау, негіздеу және қолдану барысында, заңгер ауызша және жазбаша мәтіндермен жұмыс істейді.

Алдыңғы параграфтарда атап өтілген тіл аспектілері (сөйлеу мәдениеті, сөздің мағыналық типтері, сот дауының логикалық формулалары) мәтінге қойылатын талаптарға да қатысты болып келеді.

Ауызша тілдің жазбаша тілге қалай өзгертілетініне мысал келтірейік:

Куәден жауап алу.

Ч. – Сонымен, 9 қабатты жатақханаға жеделхат апаруға кеттім. Бұл шамамен жұмыс күні сағат 9 кезі еді. Мұнда орман. Ана жерде Беляевскіге жол бар. Мен сол жолмен жатақханаға бара жатып, айқай естідім. Құтқарыңдар дейді. Мен жылдам жүріп отырып, вахтершіге милицияға қоңырау шал дедім татар әйелге.

Тергеуші нақтылай түседі:

- Сіз жатақханаға көтерілген кезіңізде, айқай естідіңіз ғой?
- Иә, баспалдақпен көтерілген кезде. Қорқып кеттім. Ол қатты айқайлап жатты.
- Сіз кім деп ойладыңыз?
- Білмедім, қыз болар. Соңынан ол әйелді таныдым.
- Не деп айқайлады?
- «Құтқарыңдар» деді.

Тергеуші оның сөздерінен хаттаманың мәтінін құрады.

Жұма күні, 13 наурыз 1987 жылы 21 сағат шамасында Окраинная көшесінің маңында жатақханаға бара жаттым. Жатақханаға Беляевский ауылына баратын жолмен жүрдім. Жатақханаға жеткен кезде, бұрынғы балабақша жақтан қатты айқайды естідім. Айқайлаған қыздың даусына ұқсады. «Құтқарындар» деп қатты дауыстады. Жатақханаға кіріп, вахтерге милиция шақыруын өтіндім.

Кез келген мәтін бірізді және дәлелді ойлар негізінде құрылады. Мәтін сөздері бір-бірімен байланысуы керек.

Мәтіннің бірізділігі мазмұн элементтерінің ретімен орналасуын көрсетеді. Мәтіннің абстракталы композициялық схемасы келесі түрге ие:

Тақырып

|

Кіші тақырып 1

|

Кіші тақырып 2

|

Кіші тақырып 3

Мәтіннің негізгі бөлімі оның мазмұнын ашады. Бұл бөлім өте маңызды әрі көлемді болып келеді. Тақырыпқа орай жіктеме, типология, мүшелу, кезеңдерге бөліну үрдістері жүреді. Негізгі бөлім талқыланушы мәселенің гипотезасынан құралады.

Мәтін сызықтық-фактологиялық тізбекте құрылады: Мұнда әрбір үзінді алдыңғысымен логикалық-мағыналық байланысты болады.

Мәтіннің қорытындысында қысқа әрі нақты пішінде негізгі бөлімде негізделген нәтижелер баяндалады.

Көпшілік заң мәтіндері МЖМС талаптарына бағынады. Әсіресе, бұл қызметтік құжаттарға тиісті болып келеді. Кейде қызметтік құжаттың стандарт пішіні болады.

Рубрикация – мәтіннің композициялық құрылымының сыртқы көрінісін білдіреді. Ең қарапайым рубрика – абзац. Ол бір ойдан келесі ойға өтуді көрсетеді.

Абзацтың өзі кейде сан мен әріппен нөмірленуі мүмкін. Нөмірлеу аталған әрбір элементті жеке-жеке қарастыру қажет екендігін білдіреді.

Рубрикацияның маңызды бір құралы – тақырыпшалар. Олар мәтіннің құрылымдық бөлімі ретінде көрінеді. Тақырыпша мәтін немесе құжаттың тақырыбына сай келуі керек.



## II Шешендік өнердің негіздері

### 5 Шешен өнерінің негіздері

#### 5.1 Шешендік өнердің түсінігі

**Шешен өнер (ораторское искусство)** – жұртшылық алдында сөзін дайындау мен оны айтудан тұратын ортордың білімі мен қабілетінің жиынтығы болып табылады: бұл материалдар жинақтай білу, тындаушыларға әсер ететіндей етіп, сөзін дұрыс құрастыру; дәлелдей алу мен қарсы пікір айту, жеткізе алу қабілеті, сөйлеу шеберлігі (речевое мастерство).

Сотта сөйлеу шеберлігі сонымен қатар процессуалдық нормалар талаптарына сай келу қажет; аргументтер негізделен болу керек, оқиға болған жағдайға, сотталушының жеке басына, қылмыстың себептеріне психологиялық анализ беру арқылы соттың ойын өзгерту, өз жағына бұру ды білу қажет. Ол үшін дұрыс аргумент, дәл, қажет сөздерді құрал ретінде пайдала білі қажет.

Ал **шешендік**, яғни «*әдемі сөйлей білу*» бұл сотта сөйлеу шеберлігінің бір түрі болып келеді.

Бірақ сотта сөйлеу сөзіне қойлатын талаптар әр кезеңде әртүрлі болды. Егер революцияға дейінгі кезеңде адвокаттарға қалайда талаптар қойылмай, олар сотта еркін сөйлей алатын болса, кеңес дәуірінде әсерлеп сөйлеу керісінше зияны тиіп, мақсатқа жетуге кедергі келтірді. Тек заң тілімен сөйлеу ұсынылып, сот ораторларының сөзі бір стандартқа бейімделді. Ал қазіргі сот реформаларына сәйкес сотта сөйлеу өнерін қайта игеру қажеттілігі байқалады. Сотта сөйлеу шеберлігі тұрақты, мақсатты еңбекке негізделеді. Себебі оратор сөз сөйлеп тұрған адам ғана емес, оратор сөзді сөйлеу алатын, ойын көпшіліктің алдында жеткізе алатын, ораторлық өнердің әдістері мен заңдарын игерген маман болуы қажет. Яғни, *ол сөйлеу алу қажет*. Өз позициясын мүлтіксіз аргументтеуі, нақты, анық түсіндіруі - ораторлық еңбектің мәдениетінің негізгі белгісі. Ол үшін шешендік өнердің теориясын, белгілі сот ораторларының тәжірбиесін, сот ораторлық өнердің ең жақсы үлгілерін үйрену қажет. Сонымен қатар, үнемі сөйлеу қабілетін жетілдіріп отыру маңызды. Әйгілі Марк Туллий Цицеронның: «Ақын болып туылады, ал ораторлықты үйренеді».

Қорғаушының сөзі- соттық тексерудің өте қажет әрі маңызды бөлігі. Қорғаушы өз қажет әрі маңызды бөлігі. Қорғаушы өз сөзінде іс бойынша өзінің пайымдауларын ортаға салып, ең маңыздысы сол тұжырымдарының дұрыстығына сотты сендіруге тырысады. Қорғаушы сөзі сотталушының құқы мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталады. Сотталушының кінәсіздігін және жауапкершілік деңгейінің төмендігін дәлелдеу үшін ол іс жағдайын дұрыс бағалап, ақиқатты ашып, заңды әрі негізделген үкім шығартуға көмектеседі.

Сота сөйлеуге дайындық жасау барсында қорғаушы сөзінің жұмыр әрі жатық шығу үшін бар мүмкіндікті пайдаланады.

Егер тарихқа көз жүгіртсек XIX ғасырдағы орыстың атақты қорғаушыларының барлығы өз сөздерін алдын-ала дайындап, жүйелі түрде жазып алғандығын білеміз.

Сотта сөйлегенде қорғаушысөзге қатысты белгілі бір тәсілдер, ережелермен талаптарға сүйенеді.

Егер қорғаушы куәгердің өттірік мәлімдеме жасап тұрғаның білсе, онымен егеске түсудің қажеті жоқ . Және ол мәлімдемені өтірік дегеннен гөрі қателесіп тұрсыз деген тиімді болады.

Қорғау сөзінде басқалардың жеке басына тіл тигізіп мінеп-сынау орынсыз. Мұндай тәсіл жұмысын жаңа бастаған қорғаушыларға тән, өйткені оларда өзі мен қорғауындағы адамнан (сотталушыдан) басқаларды күдікті деп санау жиі кездеседі. Жас қорғаушыларға милиция теріс пиғылды, прокурормен сот әділетсіз көрнуі мүмкін. Әрине сондай жағдайда аракідік кездесіп жатады, бірақ үнемі емес. Қорғаушы өз сөзінде қарсыласының жеке басына қатысты мәселелерге бармай, айыптаушы ережелерді бұзғанның өзінде салқынқандылықты ұстанып, айғақты әрі сауатты сөйлеу білсе бұдан оның атақ-беделі жоғарылай түседі. Заң баптарын басшылыққа алып, оның сөздерін нық әрі көтеріңкі леппен жеткізе білген қорғаушы әрдайым құрметтеуге лайықты саналады.

*Дәлелдемелерді талдау және бағалау.*

Қорғаушы сөзінің маңызды бөлігі қылмыстық істің фактілік және заңды жағдайларын талдау болып табылады.

Қорғаушы тарапынан мына жағдайлар анықталып және ерекше ескерілуі қажет:

- 1) сотталушы жасады деп отырған қылмыс орны дәлелді ме?
- 2) сол қылмысты сотталушы жасағаны дәлелденеді ме?
- 3) бұл іс қылмысқа жатады ма және ол қандай қылмыстық заңмен қарастырылған ?
- 4) осы қылмыс үшін сотталушы кінәлі ма ?
- 5) сотталушы жазаға тартылуы тиіспе ?
- 6) жазаны жұмсартатын немесе қысқартатын жағдайлар бар ма ?
- 7) сотталушыға қандай жаза қолданылады ?

Егер айыптау тарапынан куәгер жауап беретін болса, қорғаушы аса жауапкешілікпен қарауы қажет.

## **5.2 Қазақ шешендік өнері**

Шешендік – қазақ елінің көнеден келе жатқан дәстүрлі тіл өнері. Шешендік – сирек ұшырасатын қасиет, дарын. Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр қисынға құрылады. Шешендік өнер мен билік қолма-қол туып айтылатын, суырыпсалма жүрекжарды әділ сөздерге негізделіп шығармашылық сипатымен дараланады. Шешендік өнеріне ерте замандардан-ақ, үлкен мән берілген. Ежелгі грек, рим елдерінде шешендік өнерді «риторика» деген атпен жеке пән ретінде оқыған. Дүние жүзіне әйгілі ерте заман шешендері Пратогор,

Демосфен, Цицерон, Квинтилиан сияқты өз заманының мемлекет қайраткерлері, ел аузына қараған ойшылдары болған. «Риторика» ғылымы өнердің падишасы ретінде ерекше бағаланған. М.В.Ломоносовтың 1748 жылы басылып шыққан «Шешендікке қысқаша басшылық» атты еңбегі бұл өнердің Ресейде дамып, қалыптасуына түрткі болды. Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты адамдары, ғалымдары жоғары бағалады. Шешендік сөздер нұсқаларын академик В.В.Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинаған болатын. Ол: «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын», – деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған. Сондай-ақ, қазақтың шешендік, тапқырлық, нақыл сөздерін жинап жариялағандардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол халық даналығының жас өспірімдерді тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбие құралы екенін жете танып, өз еңбектеріне орнымен енгізіп, пайдалана білді. Қ.Бейсенов өз ойын былайша өрбітеді: «Қазақ топырағында қалыптасқан рухани кеңістікте, Әл-Фарабиден Абайға дейінгі аралықта бұл (шешендік өнер) туралы айтқан ой саңлақтары баршылық. Мысалы, Әбунасыр бабамыздың логиканы біртұтас ойкешті ғылымдық жүйеге түсіріп, оның танымдық тәсілдерін айқындап бергені белгілі. Шешендік өнерге байланысты айтылған Әл-Фарабилік ойларға қысқаша тоқталсақ, онда ол диалетиканың қарапайым пікір таластырушылық өнер емес, ақылды ұстартатын ой кешу тәсілі екендігін баса айтқан болатын. Диалетика осы қасиетімен шешендік өнердің арқауы бола алады. Әл-Фараби диалетика мен риториканың тамырластығын бағамдай отырып, сонымен қатар, олардың айырмашылықтарын да көрсете білген. Айталық, егерде диалетика тек шынайы білімге негізделген, қисынды дәлелдер арқылы тұжырымдалатын ой түю тәсілі болса, риторика шешендік қисынға, ой жүйелілігіне, ұғымдар үйлесіміне негізделеді» Қазақ халқының сөз өнері, шешендік өнері жайында тереңнен ой толғап, нақты тұжырымдар жасаған ғалымдардың бірі – Р.Сыздықова. Автор шешендік өнер дәстүрі тарихына тоқтала келіп, шешендік өнер мен шешендік сөз ұғымдарының ара-жігін ажыратып көрсетеді. Біздіңше “шешендік сөз” деген терминді бұрынғысынша шешендік өнердің іс жүзінде асқан нәтижесін атауға қалдыру керек, яғни фольклор мұрасының бір жанрын және қазіргі кезде шешен айтылған сөзді осылайша атау керек те, шешендік өнердің, сөзге шеберліктің өзін сәл болса да өзгешелеу атау қажет. Бұл ұғымға “шешендік” деген абстрактілі есімді теліп, ол – “шешен сөйлеу” деген актінің атауы болса дейміз. Демек, әрі қарай біз орыс ғылымында «ораторское искусство, риторика, красноречие» деп жүрген категория сөз болған жерде ‘шешендік сөз’ деген тіркесті актінің нәтижесі, материалы дегенге береміз,” – дейді автор. Қазақтың шешендік сөз үлгілерін жинақтап, халықтың осы бір ерекше қасиетін байқаған, бағалаған белгілі ғалым В.В.Радлов: “...Қырғыздар (қазақтар) өз көршілестерінен ұтымды сөздің ұрымтал тұсын тауып қолдана білетін тапқырлығымен және керемет

шешендігімен ерекшеленеді. Менің жинаған материалдарым қазақтардың ақылы, ой өрісі мен тілі жайында нақты түсініктер мен мағлұматтар береді деп ойлаймын” деп, ойын басқа түркі тілдес халықтармен салыстыра отырып қорытады. Қазақ шешендік сөздері — бастау алар қайнар бұлақтарын түркілік танымнан түптен тартып, өзіндік ұлттық ерекшеліктерді, қасиеттерді бойына жинақтап, көркемдік қуатымен, ғибраттық сарынымен дараланған, сондай-ақ, аса бай поэтикалық тілімен өзгеше қалыпта көрінген, халқымыздың рухани азығына айналған көркемдік құбылыс. Сондықтан да баба мұрасы – ұрпаққа ұлағат, кейінгіге аманат, келер күнмен бірге жасайтын рухани асыл қазына.

**Шешен** (жезтаңдай, ділмар, айыркөмей, орақ ауыз, от тілді, сөзуар, тапқыр) - тілге жүйрік, сөз қисынын тауып айтатын халық қалаған сөз шебері. Ел-жұртты елеген, халқы қалаған азаматтарды ардақтаудың ана тілімізде атаулары мен дәріптеу, бейнелеу сөздерін айтып тауысу қиын. Оны қазақ теңеп те, бейнелеп те, асқақтатып та айта білген. Ел намысын қорғаған ерлерді "нар", "арыстан", "арыстан", "ерім", "азаматым" деген сияқты теңеулермен мадақтап, ардақтаумен бірге әділді "қара қылды қақ жарған"; шешенді "ердің құнын екі ауыз сөбен шешкен"; шеберді "темірден түйін түйген"; жомартты "атын түсіп беретін мырза"; адалды "сүттен ақ, судан таза"; сұлуды "ай мен күндей"; әдептіні "қыз мінезді жігіт"; бәйбішені "бес биенің сабасындай"; баланы "тойған қозыдай"; бойжеткенді "оймақ ауыз, күлім көз", деп дәріптеген. Жақсы адамдарды көріп, білмесе де сырттай сүйініп, ұрпағына үлгі еткен. Олар ауылына келгенде баласының аузына түкіріп, отырған жеріне аунатып алған. Ел сыйлаған адамдар есімі халық жадында мәңгі сақталған. Мыңдаған, жүздеген жылдар өтсе де, Бәйдібек, Қазыбек, Байдалы билердің, Домалақ ана, Гауһар, Ақбикеш, Айбике аналардың, Қабанбай, Бөгенбай, Ағынбай батырлардың есімін жұрт әлі де мақтанышпен айтып отырады. Шаршы топта сөз бастау қиын: Тауып айтсаң, мереке қылады, Таппай айтсаң, келеке қылады. -Досбол шешен

Шешені судай төгілген халықпыз. Түгел сөздің түбін түсірген, аталы да, баталы да сөз қалдырған түп атамыз Майқы бидің ұрпағымыз. «Сылдырап өңкей келісім» деп Абай айтпақшы, өлең сөзге дес бермеген, ауылдың алты ауызын аңыратып, ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен бітіретін данышпан халықтың перзентіміз. Небір дүлдүлдер домбыраны дәсерлетіп, қиыннан қиыстырып сөз тауып айта білетін аталар мен әжелер, ару аналар мен абзал әкелер тәрбиелеген ұланбыз. Тізбекті тарата берсем, таусылмасына көзім жеткендей-ақ. Ата-бабамыз жаудан қаймықпаған, сөзден тосылмаған. Ерттеулі атына міне сала жауға шапқан, шынайы шешендік өнерге машықтанғандар. Біз – шешендік өнерді сүйетін де, оны бағалай білетін де халықпыз. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демей ме дана халқымыз?! Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шешіп бере алатын қайран қазағым демеске лажым жоқ! Шешендік өнерді ең асыл өнер деп бағалаймын мен өзім. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шығарған халқымның өресі биік, өрісі кең, шығар асуы жоғары десем, нағыз бағасын бергенім ғой. Иә, көпті көрген, көп жасаған қазақ қариялары оқымаса да көкейге тоқығандарын, одан жасаған қорытындыларын

құймақұлақ жастарға үйретуден жалықпаған. Талапты жастар үлкендерден, қариялардан өнер-білім үйренуді өздеріне міндет, мұрат тұтқан, жақсының атын ерттеп, қасына ерген. Олардан үлгі-өнеге алуды ар-намыс санамаған. Үлгілі, аталы сөз кемеңгер ой мен шебер тілден ғана тумаса керек-ті. Қазақтың оқу жасына толмаған баласынан бастап, қол бастаған батырларына дейін бақылап, шешен-билерін тыңдаған поляк саяхатшысы Янушкевич халқымыздың ақыл-ой қабілетін ерекше бағалайды. Бір көргенін үйреніп, лезде жаттап ала қоятын, өзінің білгенін біреуге жеңіл де тез түсіндіре қоятын қабілетіне, зеректігіне шет жерлік жолаушы да қайран қалады. Шешендік — тек жақсы мен жайсаңның ғана еншісі емес, бүкіл халықтың қасиеті екендігіне көзі жетеді. Міне, осындай зор қасиет-қабілетке ие, менің халқым! Шешендік өнер қай жерде сөзге бостандық, еркіндік болса, сол жерде ғана дамиды деп ойлаймын. Өйткені, ақыл-ойға, сөзге, тілге қысым жасалса, шек қойылса, ақындар мен шешендер сөйлей алмайды, сөз өнері де тоқырауы әбден мүмкін. Мына мәліметке көңіл аударыңызшы.

### ***Керекті мәлімет***

«... Майқы Мәнұлы өз заманында бүкіл қазақ атаулыны билеген, билеу үстінде әділдік орнатқан, кара қылды қақ жарған адам болыпты. Майқыны заманында «Қарқуардай Майқы» дейді екен. Өйткені ол да шешендігіне байланысты болса керек. Қарқуар деген құс ертеден сайрағаннан талмай, түннің бір шамасында ғана сайрауын қояды екен. Содан екі бие сауым ғана дем алып, таң құлан иектене қайта сайрайды екен» деседі. Міне, Майқы атамыз сондай шешен болыпты. Аузы дуалы Төле, Әйтеке, Қазыбек сияқты үш бидің төрелігіне кім тайталаса алсын?! Олардың орны бір төбе. Астарлап сөйлегенде айласын асырған қайран шешендерім-ай! Келген бір елшінің ұсынысын естігенде, үш би өзара астарлап сөзлесіпті. Бірінші би: «Мына көлдің алар ма еді қазын атып?»- десе, екінші би: «Оғың босқа кетпесін жазым атып»,- депті. Сонда үшіншісі тұрып: «Құтылмастай бәлеге қап жүрмейік, суға келген перінің қызын атып»,-деген екен. Үш би мәмілеге келіп, елшіні өлтіріп, жағдайды ушықтырмай, өзара түсінісіп, елшіні жолға салған екен. Осындай шешендерді тілдің терең сырына, тіл байлығына қанып, оны сілкілескенде сілтей білетін, аса дарынды кісілер деп құрметтеген. Бөлтірік шешеннің баласына айтқан сөздерін де оқығанда өзіме үлгі тұтуды мақсат еттім. Ол бай баласына ренжіген баласын сөзбен тоқтатып былай дегенінде қаншама көрегендік бар? Жаман сөзден жақсы сөз дұрыс, Жаманға айтқан сөзден, Жақсыға айтқан сөз дұрыс. Ойсыз сөзден ойлы сөз дұрыс, Айтылмай қалған сөзден, Айтылып қалған сөз дұрыс. Міне, осы сөздердің тәрбиелілігі, көрегендігіне қалайша бас имессің?! Халық сөзі – қуатты құрал. Аса сөйлегенді қайтарып, екі жүздіні әшкерелеген де халық сөзі. Кейінгі ұрпаққа ақыл айтып, тұнық көл секілді тәтті сөздің былғанбауын тілеген. Адамгершілік асыл қасиеттерге тәрбиелеуде осы шешендік өнер – жол бастаушы болған. «Сөйлесең сөйле, қызыл тіл» демекші, ұрпағының адал, әділ болуына ықпал етуі де – жақсылық нышаны. «Көп білемін деме, көпшіліктен артық білмейсің» дейді халық. Кісімсіну, өркөкіректік, менмен, кекшілдік – адамның жанасымсыз, жағымсыз қылықтары

екендігіне де дәлелді шешендік сөздер баршылық. Ұсақ-түйек көңіл-кірбіндерін кек тұтпау керектігін халық сөзінен үйрендім десем болады. Ас тасыса, қатығың төгіледі, Ашу тасыса, ақылың төгіледі,- деген сөздерде қаншама ұлағат бар! Нағыз шешен қандай да сый-құрметке лайық. Ұрпақ алдындағы жауапкершілігін сезінетін парасатты қариялар болашақта елге басшы, үлгі болғысы келетін жастың өзіне қатал талап, қарсы сұрақ қойған. Ащы әзілмен тиісіп, айтысқа шақырған, ар-намысын барлаған. Кішігірім дауға қатыстырып, адалдық-адамгершілігін сынаған. Қандай тәрбие мектебі десеңізші! Кәдімгі өзімізге білім беріп, оқытып, үйретіп, әлденеше сынақ алып, шәкірттерге аттестат беретін қатал да әділ ұстаздарымыз тәрізді. Әбден сыннан өткен, шыңдалған шәкірт қана ұстаз алғысына бөленбей ме? Сол сияқты шешен шешеннен бата алып, жолын ашқан, ақ жол, даңғыл болашақ сілтеген. Ақындар секілді шешендерді баулып, ұядан ұшыратын ұстаздары – көне көз, кәрі құлақты қариялар азайып бара ма деген қорқынышым да жоқ емес. Өнер үйренгісі келетін жасқа үйретуден танбай, өміріне мұрагер, өзіне шәкірт дайындаған ата-дәстүріміз жоғалып, жойылмаса екен деймін. Көшпелі елдегі халықтық шешендік мектеп көшелі елдің тұғырынан түспегей деген балаң ойым бар. Асыл маржан ару мойнына, алмас қылыш ер қолына жарасатыны сияқты сөз асылы да өз орнында құнды. Теңіз тербеп, тереңінде шайқаған інжу-маржандай ғасырлар бойы халық жадында сақталып, көптің көкейіне орнаған, халық талғамын өтеген шешендік сөздердің тәрбиелік мәні зор. Оны керекті жерінде жаңартып, жасартып, кәдеге жарату, әлденеше ұрпаққа жаттап жеткізуді армандаймын. Қара қылды қақ жарған әділдік күшті! Қызыл тілден бал тамған шешендік күшті! Қылыштан қорықпаған адалдық күшті! Ардан аттамаған адамдық күшті! Шалқыған шабыт, толқыған сезім, өткір қиял осылай дейді. Сөз махаббат отын да тұтатады. Сөз адамдарды алдаусыратады да, арбастырады да, жауластырады да Ал менің көңілім – ақ, сезімім – пәк. Шын балалық ойым шырайлы шығып жатса, мен – ең бақытты жанмын. Менің байлығым – тілім, ұлтым. Төгіп-төгіп төпелеп жіберер халқымның бойындағы шешендік қасиет дарыса, ол ата-баба қанымен жеткені деп бағалар едім. Ұлттық қазынаның қазаны ортаймағай, ел еңсесі биік, ұрпағы – ұлдары көсем де шешен, қыздары әсем де абыройлы болғай!

### **5.3 Қазіргі кездегі сот шешендігі**

Классикалық тұрғыдан жіктегендегі шешендік өнердің негізгі тектеріне жататын — сот шешендігі біздің қазіргі қоғамымыздың сот жүйесінің ажырамас бөлігі. Сонау XIX ғасырдың екінші жартысынан бері Ресей империясының қазақ сахарасындағы әділқазылық төрелік қызметін атқарған билер соты институтына өзгерістер енгізіп, оны заңдастырылған құқықтық нормалармен біртіндеп ауыстыруға ұмтылудың нәтижесінде Ресейлік сот жүйесі қалыбының өзіміз ғұмыр кешіп отырған қоғамымызда түпкілікті белең алуына әкеліп соқты. Ендеше, риторика ғылымындағы сот шешендігі бізге де жат емес.

Сот шешендігі — шешендік тарихындағы көне де болса жаңа бағыт. Айта кетерлігі бұл жоталы сала бойынша отандық ғалымдарымыздың ішінде қалам тербеп жүргендер өкінішке қарай ауыз толтырып айтарлықтай көп емес, бірді-екілі Г. Гиздатов, С Негимов есімдерімен ғана тұйықталады. Қазақстан Респбликасында қорғаушы-адвокаттар сөздерінің орыс тіліндегі жинағы өткен ғасырдың 70-жылдары ғана жарық керген. Осындай игі дәстүр кейіннен жалғасын таппады.

Өзінің бастау көзін сонау антикалық дүниеден алатын сот шешендігі көне жіктеме бойынша, айыптаушылық (немесе прокурорлық), қорғаушылық (немесе адвокаттық), айыпталушының өзін өзі қортайтын сөзі болып үлкен үш түрге бөлінеді. Айыптаушыға да, қорғаушыға да керегі — қылмыстық сот жүргізу ісінде қажетті деңгейде ұтымды сөйлей алу.

Жалпы, отандық сот жүйесінде дйттеген деңгейде сөйлей білу шеберлігін керек ететін қызмет саласының бірі — сот процесі. Ол дауласқан екі жақтың жасындай жарқылдаған пікір-таластарынан, қисынды дәлелдерден, нақ та дәл, көрікті де көркем сөйлеуден тұратын кеңістікті құрайды. Мұндағы төрелік айтар тілмарлықтың мазмұны мен түрлерінің негізгі өзегі болған қылмыстық жағдайды тәпшітей анықтау, екі ұдай пікір туғызбайтын дәлелдер келтіру, ойды бейнелеп жеткізер амал-тәсілдерді қолдану арқылы белгілі бір ақиқатқа көз жеткізіп, көпшілікті иландыра алу секілді қисындардан тұрады.

Әсілінде, сот процесінде сөйленер сөздің мақсаты мен қисынын бажайлауға, ойын дәл, нақты етіп жегкізуге баулуға, көптің алдына шығып сөз сөйлер шешеннің тек өзіне тән ерекшелігін көрсете алу мәселелеріне арналған заңгерлер үшін қылмыстық-процесуальдық ғылыми еңбектер біздің топырақта жоқтың қасы. Ұлттық мәдениетіміздің тұтас бір бөлігін құрайтын шешендік өнерден арна тартып жатқан төрелік айтар соттағы тілмарлықты, тіл мәдениетін үнемі назардан тыс қалдырмайтын көкірегі ояу, көзі ашық зиялы қауым қашан да жоғары бағалаған. Сот мінбесі — тарихтың өзі көрсеткендей, талай ғасырдан бері әрі қазірдің өзінде де идеологиялық, адами, құқықтық ықпал-әсер ету құралы болып келеді. Сондықтан қазіргі кезде ойлау үрдісін, сөз қадірін білер сот шешендеріне үлкен талаптар қойылып отыр.

Сот шешендігі — прокурорлық, адвокаттық қызметтің алтын діңгегі. Олай дейтініміз сот төрелігін жүзеге асыруда сотпен бірге прокуратура, адвокатура органдарының маңызды орын алатыны айқын. Олар сот қарастыратын қылмыстық және азаматтық істерге тікелей араласуға құқылы. Қылмыстық істі тергегендегі прокуратураның міндеті: фактілердің дәлдігін, қылмыстың жасалуын, объективтік негіздер бойынша сотталушының кінәлілігін дәлелдеуге келіп сайса, адвокат қызметінің негізгі желісі: қылмыстық жауаптылыққа тартылған кісіге оның азаматтық құқығын қорғау үшін заң тұрғысынан қолдау, білікті ақыл-кеңес беруден тұрады. Екеуі де өздерінің көзқарастарын сот алдында ауызша сөйлеу түрінде жалпыға паш етеді. Адам тағдыры таразыға салынар жүргізіліп жатқан сот процесінде бұл бөліктің қылмыстық істі қарап, шешім шығарардағы алатын орны алабөтен ерекше.

Сөзімізді жүйелеп айтсақ, олардың жарыссөзге шығып сөйлеуі сот тергеуінен кейін басталады. Жарыссөз кезінде прокурор мен адвокат айыптаушы, қорғаушы тұрғысынан сот тергеуінің қорытындысын шығарады. Сот барысында істің мән-жайлары қарастырылғаннан кейін, өз дәйектемелерін келтіріп, сот мәжілісінде зерттелген іс материалдарын тереңірек, кеңінен түсінуге ұйытқы болады. Осылайша екі жақтың пікір-таластары ақиқатты ашуға, заңды тұрғыда әділ үкім шығаруға негіз береді.

Өз сөйлеуінде айыптаушы мен қорғаушы болған қылмысты жан-жақты тексеріп, оның қоғамға қаншалықты қауіптілігін анықтап, күнәкерге тиісті бағасын айтуы тиіс. Сайып келгенде, мұның сотталушыға да, сот залындағы қатысып отырған халыққа да тәрбиелік мәнінің әсерін жоққа шығаруға болмайды. Азаматтарға қылмыстық әрекеттің салдарын түсініп, дұрыс қорытынды шығаруға түрткі болады. Ендеше соттағы сөз сөйлеудің үлкен тәрбиелік, ғибраттық тәлімі бары сөзсіз демекпіз.

Сотта сөйлеудің маңызы мұнымен ғана шектелмесі анық. Қылмыстық істі қарау барысында айыпталушы мен қорғаушы оның сипаты мен орындалу амал-тәсіліне, мақсаты мен ниетіне терең талдау жасап, жасалған қылмыстың сурет-сұлбесін, яғни болған жағдайды, оқиғаны толық қайта қалпына келтіреді. Олардың жасалған жеке бөліктеріне тиісті баға беріп, көпшілік алдына сарапқа салуы сотқа қатысушы тұлғалардың талқыланып отырған істің мазмұнын терең түсінуге, көңіл зердесінен өткізуге түрткі болып, шығарылған үкімнің қаншалықты әділдігіне көз жеткізуіне мүмкіндік алады.

Сөз жоқ, жоғары талап деңгейінен шыға білген айыптаушының не қорғаушының сөзі — Қазақстан заңнамасын насихаттауда, мәртебесін көтерудегі қарудың бірі. Әйтсе де сот шешендері сөздерінің барлығы дерлік тап-тұйнақтай мінсіз шыққан десек, қателескен болар едік. Солардың ішіндегі сәтті шыққаны — нақты бір жүйеге құрылған, мән-мазмұнға бай, сауатты сөйлеген сөз ғана сот төрелігінің мейлінше әділ шығарылуына кепіл бола алатыны анық.

Соттағы «.. қорғау жеміссіз болмауы тиіс. Қылмыстық қорғау — ауыр да, адами тұрғыдан келгенде жауаптылығы мол іс» — дейді қорғаушы-адвокаттың жауапкершілігі жайында өткен ғасырдың әйгілі сот қайраткері, сот шешендігінің теоретигі П. С. Порховщиков. Егер «осы мамандықты өмірінің мәні деп ұққан адам сотталушыға қолынан келген бар қайранын жасауға ұмтылмаса, өзінің ар-ожданының алдында қылмысқа барады. Сотталушыға адал болу қасиеті бойына дарыған адвокат қана қызметінде кеп жетістіктерге қолы жетеді; егер ол сотта сұлу сөйлеп, атақ-даңқ көздеген пайдасыз құмарлық, ақша табумен шектелген болса, бұнысынан өмірінің соңына дейін қанағат таппасы анық» — дейді әйгілі сот қайраткері.

Қазіргі сот төрелігі тілмарлығының негізгі желісі — сонау антикалық заманнан бері келе жатқан кене грек-рим шешендік дәстүрінің амал-тәсілдері және ұлттық төл шешендік тәжірибесі негізінде құралады.

Дарынды, белгілі заңгерлердің төрелік сөздері (судебные речи) терең психологиялы болып келеді, өйткені шешендер сот алқасы мен сотқа



қатысушылардың ой-сана, сезімдеріне әсер етуге тырысқан. Осы күнгі төрелік сөздердің өзегінде психологиялық жағынан гөрі құрғақ дәлелдемелер жағы басымрақ. С. Негимов «Шешендік өнер» атты кітабында: «Қазіргі айыптаушылар мен қорғаушылар сөзінде ойдан гөрі айтыс-тартыс басым. Түйінді сөз айтуға ұмтылмайды. Әр күн сайын тілді дамытып отыруға, әңгімелесу үстінде естіген соны сөздерді жазып, көңілге тоқуға машықтану дұрыс. Шешеннің сөзі күн айнаға қалай түсіп жататыны секілді, сондай дәл, апанық болғаны жөн» — деп ескертеді.

Сотта сәтті сөйлеу үшін процеске тыңғылықты дайындықты қажет етеді. Ол коммуникативтік фазаны қалыптастыруға дейінгі бірнеше кезең-сатылардан тұрады. Бұл - іс материалдарын зерттеу; іс бойынша процессуалдық позицияны анықтау; сөйленер сөздің композициялық құрылымын ойластырып, жоспар жасау; оны әдеби қалыпқа түсіру.

Жүріп жатар сот процесі — шешендік өнер тағлиматында, бұлттар соғылып, найзағайлар шарпысқан пікір-талас, сөз жарыстыру кеңістігін құрайды. Сотқа қатысар екі жақтың мақсаттары мен міндеттері, айыптаушы, қорғаушы сөз тезистері, төрелік сөздің атқарар қызметі, түрі мен мазмұны — аталған кеңістіктің негізгі бөліктері болып табылады.

Соттық пікір-талас, сөз жарыстыру кеңістігінде сотқа қатысушы екі жақтың іскерлік-дағдысын жетілдіруге керекті нәрселерге: ақиқатқа жетердегі бірден бір айқын жол — диалектикалық бәсеке түрінде өтетінін ұғыну; қарсыластардың қисынды дәлелдерінің біртіндеп қомақты дәлелдемеге айналатынын, олардың ерекшеліктері мен өзгешеліктерін жете сезіну; сот шешендік кеңістігін дау-дамайлы алаңға айналдырмай, қарсы жақтың ақылға сыйымсыз даукестік мінез-құлқы белгілерін көре білу, оған қарсы қолданар иінді тәсілдер ойлап табу талаптары жатады.

Заңгердің қаперіне алар басты қағида — пікір-талас, сөз жарыстыру кеңістігінен абыроймен шығу жолдарын алдын ала іздестіре қарастыру; процесс үстінде күтпеген дағдарысқа ұшырап қалмау; ұзаққа созылған дауда сөз бейнелілігіне кепіл боларлық көркемдік құралдарды орнымен пайдалану.

Кезінде осыдан екі ғасыр бұрын сот тілмары атанған әйгілі П.С.Пороховщиков «Искусство речи на суде» аты еңбегінде сөйлеудің айқындылығы мен тазалығы, сөз байлығы мен пәнді білу, ой мен сөздің қарапайымдылығы мен қуаттылығы, әуезділігі мен ырғақтылығы, шешеннің рухани еркіндігі, жазба жұмыс пен импровизацияның қарым-қатынасы, тыңдаушының ынта-ықыласы, түсініксіз ойлар мен шұбалаңқы сөйлемдер жайында іргелі, күрделі пікірлер айтқан. Ол пікірлер әлі күнге өз құнын жойған жоқ. Оның пайымдауынша, шешен әр сөзін өзі қалай түсінсе, тыңдаушыға да солай ұғынықты ету керек. Сотта сөйленетін сөз өте-мөте анық болуы шарт. Тыңдаушылар еш қиындықсыз қабылдауы қажет. Сөз жоқ, мұндай шеберлікке жету үшін стильдің тазалығы мен дәлдігі және пән мен тілді терең меңгеру ләзім екендігін айтқан. П. С. Пороховщиков сөйленер сөзге жазып дайындалу дұрыстығын қалайды. Сөйлеген кезде жатқа айтасың ба, өзің білесің. Алғыр шешен күні бұрын тыңдаушының көңіл күйі мен ойларын өткір сезінеді. Ол аса

сақтықпен сөйлейді, әбден сөзіне бағындырып алған соң, олардың сезім күйлерін билеп әкетеді деп түйіндейді. Сотта сөз айрықша анық айтылуы қажет. Нақтылық пен айқындылық шынайы стильге тән, құбылысты барынша түсініп тану және тіл құбылыстарын жүйрік зердемен зерттеу құба-құп болар еді. Стильдің аса көркем өрнектері қарапайымдылықтан туындағанда табиғи сипатқа ие болады. Мінбеге шыққан шешен сөз туралы ойламау керек, ол рет-ретімен өзі тізіледі. Тыңдаушылар шешеннің өз ойымен өзі болып, яғни толқынды, құйынды ойларының ырқына бағынғандығының куәгері болуға тиісті. Кез келген ой өзіне тән сөздерді пайдаланады, сонда ғана табиғи сұлулыққа бөленеді, деп жазады ғалым. Әдетте сот шешендігі үш түрге: прокурорлық немесе айыптаушылық, адвокаттық немесе қорғаушылық және айыпталушының өзін-өзі қорғау сөзі болып бөлінеді. «Айыптау мен қорғау — бір-бірімен өзара байланысты құқықтық институт. Бұларсыз бірде-бір қылмыстық іс қаралмайды, сондықтан бұл екеуі заңда қатаң түрде өз орнын табуға тиіс».

## **6 Шешен өнерінің мәдениеті.**

### **6.1 Заңгер тілінің лингвогерменевтикалық аспектілері. Жалпы мәселесі**

Бастапқыда герменевтика өнерді талқылауды білдіретін, оған көп мағыналы сөздерді түсіндіру және мәтіндерді нақтылау тәсілдері енеді. Hermeneutike термині (грекше «өнерді түсіндіру») «қарапайым адамдарға құдайдың әмірін жеткізуші» берместің атымен байланысты. Орта ғасырларда герменевтика өнерді түсіндіруші ретте теологиямен, «шіркеу әкейлерінің» шығармаларын түсіндірумен байланысты болды.

Түсіну, түсіндіру мәселесі қарым-қатынастағы түрлі жағдайларға қатысты болып келеді. Өйткені түсіну процесінің өзі адам тұрмысының іргелі мәселесі болып табылады. Сондықтан библиялық, филологиялық, заң герменевтикасымен қатар XIX ғ. Ортасында философиялық герменевтика пайда болады. Оның негізін қалаушы Ф. Шлейермахер герменевтиканы рух туралы барлық ғылымдардың әдісі – гуманитарлық ғылымдардың әдістанымы деп саналады. Неміс философының пікірінше «түсіне білу өнері» киелі жазу үшін де, көркем мәтіндер үшін де, заң құжаттары үшін де бірдей болуы керек. Ф. Шлейермахер атап өткендей: «Герменевтикада берілгеннің барлығы да – бұл тіл, барлығы осы тілден табылуы қажет».

Кейіннен В. Дильтей герменевтиканы «өмірдің жазбаша түрдегі көріністерін түсіну өнері туралы ілім» деп атады.

Өткен ғасырда Савиньи «Рим құқығының жинағы» трактатында герменевтиканы кез келген мәтінді түсіндіру деп анықтады. Ол түсіндірудің жан-жақты типтерін түсіндіреді: сөз мағынасы бойынша (грамматикалық тұрғыдан түсіндіру).

### **6.2 Сөздердің мағыналық типтері**

Сонау көне дәуірлерден-ақ баяндаудың мағыналық типтері оның құрылымында орталық категория ретінде көрінеді. Көне грек риторикасында келесі реттілік бар:

- әрекетті хабарлау;
- - заттарды суреттеу;
- Заттар мен әрекеттердің арасындағы қатынастарды айқындайтын пайымдау.

Қазіргі риторика бұл жіктемені терминологиялық тұрғыдан ғана жаңартты, мәтіндерді бейнелеу және логикаландырылған түрлерге бөлді.

Хабарлау баяндаудың қарапайым тәсілі бола отырып, уақыт ішіндегі әрекеттер мен оқиғаларды бейнелейді. Хабарлаудың қарапайымдылығы алдамшы нәрсе (риторикада «әңгіме» терминімен, сөйлеу теориясында – «істің мән-жайларын баяндау» терминімен аталады). Қажетті динамизмнің орнына

сот шешені оқиғалардың реттілігін, олардың аяқталған түрдегі ауысуын көрсетеді. Мұнда қажетті емес оқиғаларды бірінен соң бірін айтып өтеді.

Көпшілік алдында сөйленетін сөздердің хабарлану түріне мыналар жатады: 1) этикалық тәсіл – болған оқиға туралы жалпылама әңгімелеу;

2) сахналық – көрнекі бейнелеу;

3) кинематографиялық.

Соңғы тәсіл көп жағынан көркем әдебиет стиліне жатады.

Біз үшін сахналық баяндау тәсілі ерекше қызығушылық тудырады. Мұнда құжатты көркем проза стилі ретінде оқиғаға қатысушылардың «тірі» дауыстары, бір-біріне берген жауаптары орын алады.

Саханлық хабарлау мен суреттеу сот тілінде өзара бірлікке, бірін-бірі толықтырып отырады. Левчинскаяның ісі бойынша Я.С. Киселевтің істің мән-жайларын баяндауы осы үлгіде құрылған. Түсіндіріп өтелік. Левчинская өз күйеуі Моховты өлтіруде айыпталады. Киселев өз версиясын қорғап қалды: Ол хатты жәбірлену арқасында күшті жан күйзелісінен кенеттен кісі өлтірді. «Осы жерде ең қорқыныштысы болады. Ешнәрсені ойланбаған Мохов сабырлы қалыпта Левчинскаяға «Мен айнып қалдым» дейді».

- Мен айнып қалдым, - дейді Мохов, - сен баланы бір жылға дейін емес, 10 айға дейін асыра, содан соң көзден жоғал Юркамен бірге.

Егер ол ашумен айтса, Левчинская кешірер еді. Бірақ мұндай сөзді қолына шарап ұстап, жантайып алып айтуы қалай әсер етеді?

Өзін-өзі ұстай алмай, қатты жәбірленген әйел ашуға булығыады. Электр үтігін алады да Моховты соғып қалады, содан соң өзі есінен танғанша , соққылай береді.

Суреттеу сот тілінде шындық жағдайда, мейлі ол портрет, пейзаж, интерьер, экстерьер болсын, егжей-тегжей бейнелеуді көрсетеді.

Суреттеудің негізгі мақсаты – болған оқиғаның дәлме-дәл (статикалық немесе динамикалық) картинасын жасау.

Пайымдау – баяндаудың мақсаты мен құрылымы бойынша ең күрделі типі. Пайымдаудың мақсаты – болған оқиға туралы білімді зерттеу, жалпылау, қорытынды мен дәлелдерді, анықталған тезистердің ақақат немесе жалған екендігін негіздеу.

Пайымдаудың құрылымы: кіріспе, алдын-ала хабардар болу, аргументтер мен қорытынды.

Кіріспеде оқиғаға байланысты сіздің қаншалықты хабардар екендігіңізді түсіндіру керек болады. Мұнда тыңдаушылармен байланыс орнатылады.

Алдын-ала хабардар болуда мәселенің маңызы, оның тарихы мен себептері түсіндіріледі.

Аргументтеуде өз ұстанымыздың басымдығын көрсетесіз, балама ұстанымдардың кемшіліктері нұсқалады. Өз шешіміңіздің дұрыстығын түсіндіресіз.

Қорытындыда сіздің аргументтеріңізді қабылдаудан келер пайда түсіндіріледі. Одан бас тарқан жағдайдағы теріс салдарлар айтылады.

Пайымдаудың мұндай схемасы немесе оған жақын схемасы сот тіліне қатынасы жағынан орнықты келеді. Көз жеткізе сөйлеуді көрнекті түрде көрсетеді.

Я.С.Киселевтің пайымдауындағы реттілік осы айтылған схемаға жақын келеді. «Неге бір ғана соққы болмады. Бір ғана соққы болса, онда Левчинская өзін ұстаған болар. Көп соққыны бірінен соң бірін жұмсағаннан соң, бұл әйелдің өзін ұстай алмағандығын білеміз. Ашу мен ызадан булыққан ол электр үтігін қолына алып, соққылай берген».

Әрине, пайымдау – бұл баяндаудың мақсаты мен құрылымы жағынан ең күрделісі. Өйткені ол жаңа білім шығару үрдісі. Баяндаудың осы тәсілінде ойлаудың барлық формалары мен әдістері берілген: себеп пен салдардың, болжамның, салыстырудың, қарама-қарсы қоюдың қатынастары.

Пайымдауда қолданылатын полемикалық тәсілдерге мыналар жатады:

- пайымдау алдындағы бағалау;
- оппоненттің пайымдауындағы алогизмді айқындау;
- оппонент сөзінен мысал келтіру;
- оппонент пайымдауындағы сенімсіз жайттарды айқындау, оның біліксіздігі, қорытындыларының негізсіздігі;
- жалпы пайымдауларды нақты жағдайларға көшіру;
- жеке тәжірибеге сүйену.

Қорытындысында айтарымыз, «Вульгарлық стиль» жасау қауіптілігі (риторикада бағалау сипатына ғана емес, сондай-ақ шынайы толығы сипатына да ие). Пайымдаудағы осы стильдің нашар тұстарынан бойды аулақ ұстау керек. Ойдың бір-біріне ұласуы мен байланысы айқындалмайды, пайымдаудағы басты нәрсе көрінбейді.

### **6.3 Сот дауының логикалық формулалары**

Сотта талқыланған жайттардың барлығы белгілі бір шешім қабылдаумен аяқталады. Егер ақиқатты іздеу жолында ұзақ дебаттар орын алмаса, онда бұл шешімнің мәні де жоқ.

Қазіргі соттардағы сөз сайыстары бұрынғыдай қарсыластардың пікірлер күресі ретінде көрінеді. Егер сотта сөйленетін сөз дауласуға әкелсе, ал дауласа білудің өзі - әрбір сот шешімінің маңызды қасиеттерінің бірі болып келеді.

Сотта дауласа білу мәдениеті мен оған қойылатын талаптар неміс логиктері П. Лоренцон мен К. Лоренц ұсынған диалогтан көрінеді:

1. диалог барысы оған қатысушылар арасында кезекпен жүргізіледі;
2. диалог нәтижемен аяқталады, мұның өзі кім жеңді және кім жеңілді деген мәселені шешеді;
3. диалогқа қатысушылар оған шектеу қоя алады;
4. диалог бір қатысушының келесі қатысушыға әсер етуі жағынан жүргізіледі.

Риториканың арнайы саласы – эристика да сот дауында маңызды рөл атқарады. Эристика айтылған көзқарастардың ақиқаттылығына көз жеткізуге үйретеді, тыңдаушыларды өз жағына үйіре білуге бейімдейді.

Қазіргі таңда аргументтеу теориясын, «риториканың нотасы» деп атайды. Жалпы алғанда, даудағы аргументтеу келесі түрде анықталуы мүмкін: Мұнда дәлелдеуге жататын кейбір тезис беріледі, осы тезиске қарсы пікірлер (аргументтер) қаралады. Негіздеу бағаланады және тезис терістеледі, тезистің ақиқаттылығы және антитезистің жалғандығы терістеледі, тезисті қабылдаудың дұрыстығы негізделеді.

Аристотель өзінің риторикасында былай деп атап өтеді:

«Адамға сенім ұялататын сөз айтылғанда, біз осы сөзді айтушыадамға кәміл сенеміз. Өйткені біздер өмірде жақсы адамдардың сөзін тыңдауға үйреніп қалғанбыз».

Этикалық аргументтеуде шешен тыңдаушылардың тұрақты болуына сүйенеді. Тікелей эмоциялық әсер ету үшін, дайын тұжырымдарды келтіреді. Әрине, этикалық аргументтеу алқалы билер сотында немесе саясатшының сөйлеген сөзінде қажет болады. Оған 60-70 жылдардың үздік адвокаты Я.С.Киселевтің сөзін мысалға келтіруге болады. «Жолдас судьялар! Жолдас прокурор өз сөзінде нақты әрі ұстамды болды. Тіпті қорғаудың өзі қажетке жарамай қалғандай. Бұл жағдайда тіке тұрып иілу керек те, «Әділет орнасын» деген ескі үлгідегіәдісті қолдану қажет сияқты.

Жолдас пркурор бізге Лесина қарт әйел, зейнеткер екендігін ескертіп өтті. Жағдайға қарай заң тарапынан жеңілдік берілетін барлық жайттарды прокурор айыптау сөзінде айтып кетті. Ева Михайловна Лесинаның ісі айқындалған сияқты. Мұның өзі тер төге еңбек етуді талап етпейтін қарапайым іс болмайтындығын растайды». (Лесинаны қорғау сөзінен).

Этикалық және патетикалық аргументтеу сотталушының және оның айналасындағылардың психологиясын түсіндіру үшін, оның себептерін талдау үшін қажет.

Сот тілінің келесі бір логикалық схемасы қолданылушы аргументтер мен логикалық қорытындылардың ақиқаттылығын көрсетеді. Секст Росцийдің қорғаған Цицеронның сөзіндегі басты ереже – сотталушы кісі өлтірмеген. Мұнда мынадай негізгі ережелер орын алған:

1. оның әкесін өлтіруге ешбір себеп болмаған;
2. ол мұны өзі немесе басқалар арқылы да жасай алмайды;
3. Тит Росцийдің кісі өлтіруге уәжі болды - өлтірілген кісінің мүлкін алғысы келді.

Логикалық аргументтеу ішінде дәлелдеу мен терістеу аса маңызды болып келеді. Дәлелдеме логикалық тұрғыдан аргументтерден шығарылған ережелерді көрсетеді. Ал терістеу ой қорытындысынан білдіреді. Осыған орай талқыланушы пайымдаудың жалғандығы көрінеді. Әрине, дәлелдеу мен терістеу өзара байланысты. Егер бір нәрсе дәлелденетін болса, сонымен қатар ол теріске шығарылады. Бұл туралы классикалық мысал келтіретін болсақ: «Дәлелденбеген кінә дәлелденген кінәсіздікпен тең».

Дәлелдеу мен терістеуге қатысты мынадай мысал келтірейік: Протагордың Еватлмен дауласуы.

Белгілі софист Протагордың Еватл атты шәкірті болды. Келісім бойынша Еватл өзінің алғашқы процесінде жеңіп шығатын болса, оқу ақысын төлемейтін болады. Бірақ Еватл бұған асыққан жоқ. Ашуға булыққан Протагор шәкіртін сотқа береді.

Протагордың талап арызы бойынша Еватл сотта жеңілетін болса, оқу ақысын толық төлейді. Жеңіп шықса сот белгілеген мөлшерде ақы төлейді.

Терістеуде қолданылатын логикалық тәсілдер мынадай:

1. қарсыластың жалпылама пікірлерімен санасу;
2. қарсыластың пікірін өзіне қарсы қолдану;
3. терістей алатын нәрсенді дәлелдеме.

Дауласқан кезде «ия солай, бірақ...» деген формуланы қолдану керек. Шешен оппоненттің пікірімен келіскендей болады да, сол жерде оны жоққа шығарады. Яғни шешен оппоненттің кейбір пікірлерімен келіскендей болады да, сыпайылықты ұстанады. «Шындығын да солай-ақ болсын, бірақ...» деген формуланың өзі ары қарай қарсылық білдіруді көрсетеді.

Дауласуда «интеллектуалдық алааяқтық» жасауға болмайды. Софизмде мынадай мысалдар бар: «Ұры жаман нәрсені қаламайды. Жақсы нәрсе алғысы келеді» немесе «Мен менмін, бірақ сен мен емессің. Мен адаммын, демек сен адам емессің?»

Сот дауында ұсынылған ережені негіздеудің орнына басқа бір тұжырымдаудың пайдасына аргументтер келтіріледі.

Сот дауында шешеннің табысқа жетуі немесе сәтсіздікке ұшырауы мыналарға байланысты: оның сенімділігі (өзіне сендіре білуі), құзіреттілігі мен динамизмі. Белгілі саясаткер У.Черчилл сөзде келесі компоненттер болуы тиіс дейді:

- сөздің күшті басталуы;
- 3-4 тармаққа бөлуге болатын бір ғана негізгі тақырып;
- жатық сөйлеу;
- эмоциялық немесе драмалық тұрғыдан аяқталуы;
- шешен алдағы сөйлейтін сөз материалына ие болуы;
- төрт ережені сақтай білу: жеке тәжірибеге сүйену, көрнекі түрде көрсете білу; проблеманың шешімін ұсыну, жағдайды шешуге бағытталған әрекет жасау.

## 7 Соттағы сөйлеудің түрлері

### 7.1 Қазіргі заманғы сот тілі: ұғымы, түрлері

Соттағы сөз сайыстары істерді сотта қараудағы өз алдына жеке бөлімдердің бірі болып келеді. Қылмыстық істерге қатысы бойынша сот қарауының өзі Дайындық бөлімінен, сот тергеуінен, айыпталушының сөзінен, үкімнің тоқтатылуынан құралады. Соттағы сөз сайыстарына айыпталушылардың азаматтық талап етушінің, азаматтық жауап берушінің немесе олардың өкілдерінің, қорғаушылар мен сотталушылардың сөздері жатады. Сонымен қатар оған жәбірленушілер мен олардың өкілдері де қатысады.

Қылмыстық және азаматтық істерді талқылау бойынша сот мәжілістерінде сот сөзінің келесі түрлері болады:

1. алғашқы инстанциялық соттағы қылмыстық істер бойынша прокурордың сөзі;

2. алғашқы инстанциялық соттағы қылмыстық істер бойынша адвокаттың сөзі;

3. өзін қорғау үшін сотталушының сөзі (өзін-өзі қорғау сөзі);

4. жәбірленушімен оның өкілінің сөзі;

5. азаматтық талап арыз берушінің және азаматтық жауап берушінің немесе олардың өкілдерінің сөзі (қылмыстық істер бойынша азаматтың талап-арыз беру шегінде);

6. азаматтық істер бойынша азаматтың талап-арыз берушінің, жауапкердің, олардың өкілдерінің сөзі;

7. алғашқы инстанциялық соттағы азаматтық істер бойынша прокурор және адвокаттың сөзі;

8. екінші инстанциялық соттағы қылмыстық және азаматтық істер бойынша прокурор және адвокаттың сөзі;

9. қылмыстық істер бойынша қоғамдық айыптаушылар және қоғамдық қорғаушылардың сөзі;

10. азаматтық істер бойынша қоғамдық ұйымдар мен еңбек ұжымдары өкілдерінің сөзі;

11. жауап қату – сот тілінің ерекше бір түрі.

Прокурор (айыптау сөзі) мен адвокаттың (қорғау сөзі) сөздері ерекше орынға ие. Мұнда айыптаушы мен қорғаушы сотта істің қаралуына қорытынды жасап қана қоймай, сондай-ақ алдыңғы жұмысын да қорытындылайды, дәлелдемелерді талдайды, іс бойынша өз ұстанымдарын баяндайды.

Сот тілі дегеніміз – бұл қылмыстық немесе азаматтық істерді талқылау кезінде сотқа және барлық қатысушы адамдарға арналған көпшілік алдындағы сөз. Алғашқы инстанциядағы сотта қылмыстық істер бойынша сот тіліне мыналар кіреді: істің нақты мән-жайлары, дәлелдемені талдау мен бағалау анықталған фактілік мән-жайларға заңды баға беру – қылмысты саралау, сотталушының тұлғасына сипаттама беру, жазалау немесе босату мәселелері



Екінші инстанциядағы сотта наразылық білдіру және шағымдану істері қаралады, соттағы сөз сайыстары болмайды. Сот тілінің сипаты мен мазмұны кассациялық шағым немесе наразылықты негіздеу, үкімнің дұрыстығын негіздеу немесе сынау арқылы анықталады.

## 7.2 Айыптау сөзі: жалпы ерекшеліктері, құрылымы

Сот тілінің бір түрі – айыптау сөзі, ол сотта прокурордың сөзі ретінде анықталады. Айыптау сөзінде мемлекеттік айыптау қолданылады, жиналған дәлелдемелерге талдау жасалады, қылмыстың саралануына пікір айтылады, жазалау шарасы айтылады. Айыптау сөзі сотталушы жасаған әрекеттің қауіптілігін сотқа, сот талқылауына қатысушыларға көрсету үшін қолданылады.

Логикалық тұрғыдан алғанда, айыптау сөзі – қылмыстық әрекет жасаған адамның жауапкершілігін негіздеу.

Кез-келген айыптаудың негізі – бұл айыптау фабуласы, оның заңды құрылымы мен құқықтық саралануы. Айыптау фабуласы іс бойынша фактілерді анықтайды. Айыптаудың заңды құрылымы әрқашан бірдей болып келеді. Айыптау фабуласын құрайтын фактілерді анықтау мен олардың заңды белгілерін айқындау арқылы қылмыс құқықтық тұрғыдан сараланады.

Құқықтық саралауәлдебір бап бойынша қылмысты негіздеу, тиісті бабын, оның бөлімі мен тармағын көрсету, заң актінің атауын белгілеу.

Сонымен, айыптауда айыптау фабуласы, заңды құрылымы, құқықтық саралануы болуы тиіс.

Айыптау сөзінің композициялық құрылымы әрбір нақты жағдайда қарастырылуынан істің маңызы мен ерекшелігіне, дәлелдемелердің сипатына, сотталушының тұлғасына байланысты болады. Айыптау сөзінің композициялық құрылымының 2 нұсқасы бар. Бірінші нұсқа бойынша айыптау сөзінің құрылымдық элементтері мынадай: 1) кіріспе сөз; 2) қылмыс құамын баяндау; 3) іс бойынша дәлелдемелерді соттық бағалануы мен талдауы; 4) қылмысты саралау; 5) сотталушының тұлғасын, оның жасалған қылмысқа қатынасын, оның себептерін сипаттау; 6) сотталушының жауапкершілігіне қатысты ұсыныстар.

Екінші нұсқадағы құрылымдық элементтер: 1) кіріспе бөлім; 2) істің мән-жайларын баяндау; 3) сот тергеуі барысында зерттелген дәлелдемелерді бағалау; 4) қылмысты заңды саралау; 5) сотталушының мінездемесі; 6) жазалау түрі мен мөлшері туралы, азаматтық талап-арызды қанағаттандыру туралы, материалдық зиянды өтеу туралы ұсыныстар.

Кіріспе бөлімнің негізгі мақсаты – қатысушылармен байланыс орнату. Кіріспе бөлімнің бірнеше тәсілдері бар. Көп жағдайда айыптаушылар сөз басында-ақ істің ерекшеліктерін көрсеткенді жөн санайды: қоғамдық-саяси, моральдық-этикалық, заңды, фактілік. Мәселен, прокурор В.Н.Сажин қарастырылушы істің қоғамдық-саяси бағасын былай береді:

«Жолдас судьялар! Орыс тілінде «жіптің ұшы қанша ұзын болғанымен, бәрібір соңы болады» деген сөз бар. Демек, жаман әрекеттер де құрықталады

деп айтуға болады. Сотталушылар С. Және К. өздерін жазасыз боламыз деп ойлады. Олар мемлекет қаржысын талан-таражға салды».

Кейде айыптау сөзінде кіріспе бөлім орын алмай, істің мән-жайлары бірден баяндалады. Кісі өлімі туралы В.И.Царевтің сөзінен мысал келтіреміз:

«Жолдас төраға! Жолдас облыстық соттың халық өкілдері! Біздің облысымыздың түпкі өңірінде – Ковровада өткен жылы күзде Татьяна Исаеваның мәйіті табылды. Оқушы қыздың зорлықпен өлтірілуі ата-анасына, достары мен құрбыларына, мектеп ұжымына зор қайғы әкелді».

Айыптау сөзінің кіріспе бөлімі логикалық тұрғыдан істің мән-жайларын баяндауға қарай көшуі тиіс. Осы бөлімде айыптаушы жалпы түрде істің фабуласын жасайды. Баяндаудың екі тәсілі бар: хронологиялық және жүйелі. Хронологиялық тәсіл қылмыстың әрбір эпизодында нақты бір сотталушының ролі көрсетіледі, уақыттық реттілігі беріледі. Мәселен, прокурор сөзін келтірейік:

«Сонау тамыз айында-ақ Васильченко Тимонинге ақша табуды, дүкенді тонауды ұсынды. Тимонин сол кезде-ақ «Ұсталып қалсақ ше?» деп жауап берген. Келісім болған жоқ. 25 қазанда Васильченко Тимонинге «мерекеге арнап азық-түлік алу керек. Ақшаны қайдан табамыз» дейді. Тимонин көршілері Щербаков деген кәрі кісілерді тонауды ұсынады. Сөйтіп ойластырылған жоспарға дайындық жасалады. 2 күннен соң қылмыс жасалады».

Істің мән-жайларын жүйелі баяндау кезінде әрбір сотталушының қылмыстық әрекеті көрсетіледі. Қылмыскерлердің қылмыстық әрекеттері жеке-жеке баяндалады.

Айыптау сөзінде дәлелдемелерді бағалау мен талдау – орталық орынды иеленеді. Прокурордың осы бөлімдегі сөзі арқылы сот айыптаушының ұстанымының дұрыстығына көз жеткізеді. Сот дәлелдемелері теориясының әдістанымдық негіздері М.С. Строговичтің еңбектерінде жүйелі баяндалған.

Сот тергеуінде қарастырылған барлық дәлелдемелерді талдау мен бағалау негізінде прокурор сотталушының қылмысы мен кінәсін дәлелденуі туралы өз қорытындысын жасайды. Мұның өзі айыптау сөзінің келесі бөлімі – қылмысты заңды саралауға көшуіне мүмкіндік береді.

Қылмысты заңды саралау айқын құрылуы тиіс, сот талқылауы барысында жасалған дәлелдемелерге негізделуі қажет. Қылмыстық кодекстің тиісті бабына ғана сілтеме жасалумен шектелмеуі керек. Мысал ретінде мынаны келтіруге болады: «азамат Халиковтың өлтірілуін растайтын дәлелдемелерге негізделе отырып, сотталушы Гулковтың әрекетін ҚК 102 бабы «г» тармағы бойынша саралауға болады. Өйткені, құрбандығының басына балғамен 24 рет соққы беруді ерекше қатаңдықпен кісі өлтіру деп қарастыру қажет».

Сотталушының тұлғасын сипаттауда айыптаушының сөзіндегі міндетті элемент болып келеді. Мұнда оның әлеуметтік сипаты (тегі, аты, әкесінің аты, туған жері және жылы, азаматтығы, жұмыс орны, білімі, тұрғылықты жері, отбасы жағдайы, ұлты және т.б. деректер), дене және психикалық жағдайы

(темпераменті, қабілеті, дүниетанымы, қылмыс жасау кезіндегі психологиялық жағдайы) келтіріледі.

Прокурор жазалау шарасы туралы сөзінде жаза белгілеу кезінде қандай мән-жайларды ескеру қажет екендігін баяндайды.

Айыптау сөзінің осы бөлімінде жазалау туралы ұсыныспен қатар азаматтық талап арызды қанағаттандыру немесе бұл талаптан бас тарту туралы мәселе қарастырылады.

өзінің айыптау сөзінде прокурор қылмыстың жасалуына ықпал еткен жағдайлар мен себептерге терең баға беріледі, талдау жасалады.

Айыптау сөзінің аяқтаушы бөлімінде айыптау сөзіне қорытынды жасалады. Мұнда айтқан әрі нақты қорытынды жасалады, тыңдаушыларға күшті әсер беріледі. Кісі өлімі туралы іс бойынша өз сөзін аяқтай отырып, В.И.Царев былай дейді:

«Жолдас судьялар! Сіздер аз уақыттан соң кеңесуге кетесіздер. Кеңесу бөлмесінде тұрған кездеріңізде халықтың ашулы даусын ести алмайсыздар. Виноградовтың жасаған қылмысы кешіруге тұрмайды. Сот өз үкімінде сотталушыға қандай жаза қолдануы тиіс деген сұраққа: Виноградов өлім жазасына кесілсін деп» жауап беремін.

Соттағы сөз сайысына қатысушылардың сөздерінен соң, прокурор айтылған сөздерге жауап қатуы мүмкін. Мұнда дәлелді сөздер айтылады.

### **7.3 Қорғау сөзі: жалпы ерекшеліктері, құрылымы**

Қорғау сөзінің жалпы ұғымына қылмыстық істі қарастыру кезіндегі сотталушыны қорғаушының сөзі және жәбірленушінің өкілінің – азаматтық талап-арыз берушінің немесе азаматтық жауапкердің өкілінің сөзі кіреді. Қорғау кезінде айыпталушыны ақтап шығаратын немесе жауапкершілігін жұмсартатын мән-жайлар айқындалады. Егер сотталушының кінәлі еместігі толық дәлелденбеген болса, қорғаушы оны ақтауы тиіс.

Қорғау қызметі үш кезеңге бөлінеді: 1) қорғаудың жалпы тұжырымдамасын құру; 2) қорғау тактикасын әзірлеу; 3) қорғау мен қорғау сөзін іске асыру.

Қорғаушының сөзінде сот тергеуіне қорытынды жасалады, іс бойынша жасалған дәлелдемелер талданады, сотталушыға сипаттама беріледі, сол негізде қорытынды жасалады. Француз адвокаттарының мынадай бір сөзі бар: «Сотқа біз бір нәрсені дәлелдеу үшін емес, прокурордың ешнәрсе дәлелдей алмағанын көрсету үшін келдік». Қорғау сөзіне мыналар енеді: дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалау, ұсынылған тезиске логикалық негіздеме беру. Прокурор мен қорғаушы өздерінің қарсы ұстанымдарын растау үшін, бір ғана фактілерді және бір ғана дәлелдемелерді келтірілуі мүмкін. Өкінішке орай, қазіргі әдебиетте бір ғана іс бойынша айыптау және қорғау сөздері келтірілген жинақ жоқ. Прокурор мен қорғаушының бір ғана фактілер мен дәлелдемелерді қарама-қарсы бағалауына Я.С.Киселев мынадай мысал келтіреді:

«Өз әйелін өлтіргендігі үшін айыпталушы Муранов өз кінәсін жоққа шығарады, әйелі өзін-өзі өлтірді деп тұжырымдайды. Прокурор айыптай отырып, былай дейді: «Муранов өз әйелін өлтіру туралы ойы болғандығын теріске шығарады, айыптауды теріс» дейді. Муранов наразы болып былай дейді: «менде кісі өлтіру туралы ой болған емес. Әйелін өлтіру туралы ойы болмағандығын басқа адам емес, Мурановтың өзі теріске шығарады. Мурановты муранов ұстап берді. Істе келесі мазмұндағы хат бар». Галинаның жүріс-тұрысы менің жынымды келтіреді. Мұның немен тынарын білемін. Мен оны өлтіремін». Естіп тұрсыз ба, Муранов? Мүмкін, бұл хатты мен жазбағанмын дерсіз, әйеліңізді өзіңіз өлтіргеніңізді теріске шығармайтын боларсыз».

Мурановты қорғаған адвокат Успенский дәйексөздің дәлдігіне дау келтірмей былай дейді:

«Егер Мурановтың өз әйелін өлтірмегендігі туралы дәлел керек болса, прокурордың оқыған хаты да жеткілікті. Бұл жерде хаттың кімге арналғаны және қашан жазылғаны да зор мәнге ие. Хат Муранованың анасына арналған. Ол қайтыс болардан екі күн бұрын жазылған. Егер Муранов шынымен-ақ адам өлтіргісі келсе, Галина Муранованың өзін-өзі өлтіргендігіне сендіруге әрекет жасар еді. Кім адам өлтірер алдында, қызыңды өлтіремін деп хат жазады. Жазды ма, демек - өлтіруді ойлаған жоқ. Жазды ма, демек ашуға бой берді, одан құтылудың жолы деп түсінді. Жазды ма, демек өлтірген жоқ».

Үкім шығарар кезде келесі мәселелер қаралуы тиіс:

1) қылмыстың жасалу факті даулы болған жағдайда, сотталушыға таңылатын әрекет орын алған ба; салыстырыңыз, айыптау версиясы – кісі өлтіру, қорғау версиясы - өзін-өзі өлтіру немесе бақытсыз жағдайдан алу, айыптау версиясы - өртеу, қорғау версиясы – табиғи жағдайлар себебінен өртену; 3) осы әрекетте қылмыс құрамы бар ма? 4) осы қылмысты сотталушы жасады ма? 5) оның жасалуына қатысты кінәсі бар ма? 6) сотталушы жазалануға жата ма; 7) сотталушыға қандай жаза тағайындалуы тиіс және ол жазасын өтеуі керек пе?

Қорғау сөзінің жалпы элементтері мынадай: 1) Кіріспе бөлім. 2) Істің фактілік мән-жайларын талдау. 3) Таңылған айыптаудың заңды жағын талдау. 4) Қорғалушының сипаттамасы. 5) Аяқтаушы бөлім.

Қорғау сөзінің кіріспе бөлімінде қорғаушы тыңдаушыларды қызықтыра білуі керек. Кіріспе сөздің бірнеше нұсқалары бар. Онда қоғамдық-саяси, фактілік ерекшеліктер қаралады. Э.О.Рогальскийдің ісі бойынша И.М. Кисенишскийдің қорғау сөзі былай басталады:

«Жолдас судьялар! Сот ісі аяқталып келеді. Алдын-ала тергеуге қорытынды жасалынуда. Сот процесінің аяқтаушы әрі шешуші кезеңі жақындап келеді. Бұл процесс біршама ерекше. Ол әлеуметтік маңызға ие. Цирк өнерінің көрнекті өкілдерінің есімдерімен байланысты. Өйткені осы процесте Ирина Бугримова, Олег Попов, Наталья Дурова, Игорь КИО сияқты танымал актерлерден жауап алынды. Бұл есімдер цирк өнерінде «аңызға айналған». Процесс барысында сіздің тарапыңыздан бірқатар жалпы, цирк

мәселелеріне, шығармашылық көркемдік және ұйымдастыру мәселелеріне көңіл бөлінеді».

Сот тәжірибесінде прокурордың айыптау сөзінде айтылған жағдайларға жеке-жеке сілтеме жасау да кездеседі. К.Г.Верховскийдің ісі бойынша (қызғаныштан кісі өлтіру) адвокат О.В.Дервиздің қорғау сөзі былай басталды:

«Құрметті жолдас судьялар! Біздер жаңа ғана менің қорғалушымызды қатан жазалауға шақырған мемлекеттік айыптау өкілінің сөзін тыңдадыңыздар. Жолдас прокурор Верховскийдің менмендігі, жеке инстинктері, әйелдердің құқықтарын құрметтемеуі туралы айтып өтті. Оның қорытындысы бойынша Верховский қызғаныштан әйелін өлтірді».

Қорғау сөзінің кіріспе бөлімімен кейінгі элементтерінің арақатынасы адвокаттың іс жүргізу ұстанымына байланысты болады. Ақтау туралы өтініш жасау кезінде сотталушының тұлғасына сөз басында сипаттама беріледі. Кейбір жағдайларда қорғалушы адамға берілген дұрыс мінездеме оның кінәсіз екендігіне дәлел бола алады. Оған тағылған айыптың дұрыстығына күдік келтіреді. Содан соң оның кінәсіздігін дәлелдейтін басқа дәлелдемелерге көшуге болады.

«Сонымен қатар басқа да объективті дәлелдемелермен қатар кінәсіздіктің бір дәлелдемесі ретінде оның өмірлік жолы, жоғары адамгершілік бейнесі ескерілуі тиіс.

Мен Кирилинаны парақорлықта айыптау оның тұлғасына дұрыс келмейтіндігіне өте сенімдімін. Вера Кирилина 16 жасында комсомол атанды. Ұлы Отан соғысында әкесі қайтыс болды. Қоршаудағы Ленинградта ол армияға өз еркімен алынып, Волховтан Шығыс Пруссияға дейін радист болып соғысты. Әскерде бөлімшенің комсоргы болды. Соғыстан соң заводта комсорг болды. Сауда техникумын үздік бітірді. Жұмыс орнында беделді қызметкер ретінде сипатталады, көптеген алғыс хаттар мен мақтау қағаздарына ие. Кімнен сұрасаңыз да, Кирилина туралы жақсы пікірлер айтылады».

Дәлелдерді талдау мен бақылау қорғау сөзінің маңызды әрі шешуші бөлімі болып келеді. Бұл бөлімде қорғаушы барлық дәлелдемелер мен олардың дерек көздеріне сындарлы талдау жасайды. Өз қорытындыларына сенімді дәлелдер келтіреді. Осы қарастырылушы бөлімдегі мәселелер істің ерекшеліктері арқылы анықталады.

Дәлелдемелерді талдау кезінде олардың іс бойынша басқа материалдарға сәйкестілігін көрсету қажет: куәлердің, жәбірленушілердің, сарапшылардың айғақтары, заттай дәлелдемелер, тергеу және сот әрекеттерінің хаттамалары.

Прокурор М.Ф.Громницкий сотталушы Даниловты былай сипаттайды: «Ол 17 жасынан өз бетінше өмір сүріп, ақша тапқан. Сыртқы түрі сүйкімді, ақылды. Альябеваның күйеуі атанып, Соковниндердің отбасы сеніміне кірген. Осы сенімді қалай пайдаланғанын да білеміз».

Студент Даниловтың тұлғасын қорғаушы былай сипаттайды:

«Прокурор Даниловты жас әрі толық дамыған адам ретінде сипаттайды. Үйлену ниеті кемелденген адамды білдіре бермейді. Ата-анасының үйінде тұруы, танысуы оның тұрмыстық тәжірибесін көрсетпейді. Оны жан жылуы

жоқ адам ретінде суреттейді. Бірақ, алқа билер, сіздер оның әкесі мен әпкесін көрдіңіздер. Шешесі сотқа келе алмады. Оның отбасына қарап, жақсы ортадан шыққандығын білуге болады».

Қорғаушының сөзінде адамның ішкі дүниесі, дүниетанымы, психологиясы, жан күйзелісі ашылады. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы сот шешендігі осынысымен ерекшеленеді. Ұқсас, жалпы фразалардан бойды аулақ ұстау қажет. К.С.Пиросманишвилидің ісі бойынша («мәжбүрлі пара») И.М.Кисенишскийдің сотталушыны сипаттау сөзін келтірейік: «Пиросманишвили өзінің адами және қоғамдық бейнесі бойынша қылмыскер меес. Бұл инцидент оның өмірінде кездейсоқ болды. Ол оған тән емес әрекет. Оның өмірі, өскен ортасы мұны жақсы дәлелдейді.

Пиросманишвили –баршаға танымал фамилия. Немере ағасы Пиросманишвили – атақты суретші. Тбилиси мен әлемнің басқа қалаларында Нико Пиросманишвилидің есімімен мектептер, көшелер, мұражайлар аталады. Карло өз фамилиясын ардақтайды, атақты Пиросманишвилидің аты жаман аталмау керек деп, ол ондай әрекетке бармайды».

Кейде қорғау сөздерінде жәбірленуші мен сотталушының тұлғаларына саклыстырмалы мінездеме беріледі. Өйткені қорғаушыны жәбірленушінің жүріс-тұрысы мен айыпталушы арасындағы өзара қатынасы қызықтырады (аталған белгілер ҚК жалпы бөлімінде жан-жақты берілген). Мұндай салыстыру арқылы сотталушының тұлғасы жеңіп шығуы мүмкін. Левчинскаяның ісі бойынша Я.С.Киселевтің сөзінен мысал келтірейік:

«Әрине, қазір Левчинская өзінің не істеп қойғандығын еске алғанда, жаны ауырып ұялса керек. Ол өзінің ана екендігін ұмытып кетті. Моховтың еркіне көніп, өз қолымен 6 айлық Юрканы өзі жақсы танымайтын адамдардың қолына берді. Мұны Мохов бағалады ма? Надежда Петровнаның әрекетінен бойы тіксіңді ма? Жоқ. Ол мұны жайбарақат қабылдады».

Құрбандық әкелінді, бірақ өмір жақсармады. Емшектегі бала ауырып қалды. Ортада дау туып, Мохов Левчинскаяға былай деді: «Сен оны бір жасқа дейін асыра, оған ана сүті керек. Содан соң баланы алып, сені қуып жіберемін».

Сотталушыға мінездеме беруде қылмыс жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларға талдау жасау ерекше орынға ие. В.Д.Спасович «қылмыс мотиві анықталмаған қылмыстық іс басы жоқ мүсін сияқты» деп дұрыс атап өткен.

Қорғау сөзінің аяқтаушы бөлімінде қорытынды жасалады. Мұнда адвокат ақтау туралы немесе мардымсыз жазалау жылын беруді өтінеді. Аяқтаушы бөлімде сөз басындағы мотивтер қайталанғаны дұрыс. Адвокат А.С. Экмекчи тубдиспансердің бас дәрігері В.Цыгарованы пара алуда айыптау ісі бойынша былай деп сөйлейді:

«Жолдас судьялар! Осы жерде Вера Михайловна Цыгарова 12 жыл жұмыс істеді. Қыстыгүні боранда, күзгі балшықта, қараңғы түнде алғашқы шалынған қоңырау бойынша алыс елдімекендерге сырқат адамдарға көмек беру үшін жол тартты. Оған берілген мінездемелер, сотта оқылған алғыс хаттар халықтың сүйікті дәрігері болғандығын көрсетеді. Бірақ В.Цыгароваға жала

жабылды, ол кінәсіз әрі ақталуы тиіс. Ары қарай А.С. Экмекчи өз сөзінің құрылымында композициялық тұтастық құрады: Тамаша совет дәрігері Вера Михайловна Цыгарова әлі де ұзақ жылдар бойы қар-боранға қарамай, қараңғы түндерде алғашқы қоңыраумен-ақ адамдарға көмек беруді жалғастыра түсетіндігіне сенімдімін».

Қорғау сөзіне арналған тарауда аяқтай отырып, оның құрылымы адвокат таңдаған іс жүргізу ұстанымына байланысты екендігін атап өту керек. Қорғау сөзінің композициялық-логикалық модельдену келесі элементтерден құралады: а) жауапкершілікті жұмсартатын мән-жайлар; ә) өмір сүру және тәрбиелену жағдайын сипаттау; б) отбасындағы, ұжымдағы, достары арасындағы өзара қарым-қатынасты сипаттау; в) жасалған әрекеттің психологиялық сипаттамасы; г) сотталушыға берілген мінездеме; д) едәуір жеңіл жаза тағайындаудың негіздемесі. Айыптауда қайта саралау бойынша бұл құрылымға мыналар енеді: а) күдік келтірілетін мән-жайларда, дәлелдемелерді талдау; ә) жаңа саралауда, процессуалдық шешімнің нұсқаларын талдау; б) сотталушының кінәсіздігіне дәлелдер келтіру; в) қылмыстық заң нормаларын талдау; г) сотталушының ақталуы туралы қорытындыны негіздеу.

## 8 Соттағы пікірталас жайлы жалпы ұғым

### 8.1 Соттағы даулардың кейбір түрлері

*Argumenta pro meliora parte plura sunt simpliciter* – шындықтың дәлелі үнемі соның жағында (лат.) деп айтады Квинтилиан. Аристотель де жазған: шындық жағында көбіне логикалық дәлелдер, айғақтар және адамгершілік дәлелдемелері.

Шындықты логикалық ретсіздікте баяндауға немесе әдейі жалған айтуға болмайды, өйткені ол осынысымен шындық болып құралады. Жан ділімен шындыққа ұмтылған адам батыл сөйлейді, оның келтірген пікірлерінде кемшілік болмайды. Біздің ақыл-ойымыздың қасиеттері бойынша, түсініктеріміз бен ойларымыздың жиынтығына орай шешен болып өткен жағдайлар туралы өз пікірлерінде, ақиқатты іздеу жолында фактілер туралы өз қорытындыларын растау үшін логикалық негіздемеге сүйенеді; басқаша айтқанда сөйлеу туралы алдын-ала пайымдауларында өз бойымызда дәлелдемелер пайда болады: сондықтан оқырмандарды оларды таба білуге үйрету үшін жоғарыда бесінші бөлімде айтылған жайттарға сүйенуге кеңес беремін. Бір ескертетін жағдай шексіз пайымдай түсу керек.

Тікелей айғақтармен жұмыс істегенде шешеннің негізгі міндеті мыналардан құралады: қылмыс жағдайын түсіндіру үшін, жанама айғақтармен жұмыс істегенде – сотталушының қылмысқа қатыстылығын дәлелдеу немесе теріске шығару қажет. Алайда аталған қос жағдайда да негізгі ереже бірдей болып келеді: *meditez, meditez encore, meditez toujours* (Ойыңызды түйіндеңіз, ойыңызды түйіндеңіз, тағы да барлық уақытта түйіндей біліңіз – фр.) деп айтады шешенге қазіргі заманғы жазушы. Квинтилиан да екі мың жыл бұрын осылай деп жазған болатын. Өзінен-өзі туындайтын ойларға қанағаттанбаңыз. *Non oportet offerentibus se contentum esse; quaeratur aliquid, quod est ultra*. Үздік дәлелдемелер әдетте істің түпкілікті мән-жайларында жасырын жатады; оларды табу тіптен оңай емес. *Plurimae probationes in ipso causarum complexu reperiantur eaeque sunt et potentissimae, et minimum obviae* (Квинтилиан). Бұл көгалда өсіп тұрған гүлдер емес сондықтан қолыңызды созып керегінше ала алмайсыз; бұл – жер астында жасырын жатқан қазба байлықтар. Іздеуші таудың қалың қабаттарында жайғасқан қымбат қазынаны немесе құм астындағы шексіз орналасқан алтын құймасын тапқанша ұзақ еңбектену керек. Тапқан кезде мол олжаға кенелесіз, өйткені сіздің қолыңызда алтын жарқырап тұрады. Яғни сотта сөйлегенде де солай болмақ, істің мән-жайлары мен ерекшеліктерінен ең маңыздысын ала білу қажет, барлық ортақ жағдайлардан да сенімдірек жайттар орын алады.

Логика ережелеріне және суфизмге қатысты ретте айтсақ: әрбір заңгер Шопенгауэрдің «Эристика немесе дауласу өнері» кітабын, сондай-ақ Миллдің қателіктер туралы бесінші «Логика» кітабын оқып шығуы тиіс. Бұл өте қажет нәрсе, өйткені кез-келген сотта сөйленетін сөз өз маңызы бойынша дауласу және дауласа білуді білдіреді. Мұның өзі шешенге қатысты аса құнды



қасиеттердің бірі. Төменде осы салаға қатысты кейбір риторикалық ережелер келтірілетін болады. Олардың қылмыстық іс жүргізу сотында пайдасы зор. Бұл сотта шайқаса білу тактикасының ережелері болып келеді. Алайда бұл жерде соттағы дауласу мен ғылыми дауласудың ерекшеліктерін атап өту қажет.

Ғылым өз құралдары еркін таңдап алады. Өз пікірлері сөзсіз дәлелдемелермен расталған жағдайда ғана, ғалым өз жұмысын аяқталды деп есептейді. Алайда ол зерттеу құралдары жетіспей жатса немесе зерттеуден шаршаса, өзінің ғылыми жұмбағының жауабын табуға міндетті емес. Ол өз сызбалары мен есептеулерін шетке ысыра салады да, басқа жұмыспен айналысып кетеді. Ақиқат күдік астында қалады, сөйтіп адамзат келесі бір жолы болғыш ізденуші табылғанша жолын тосып отырады. Ал сотта мәселені шетке ысырып қоя алмайсыз. Айыпты ма әлде жоқ па, міне осыған жауап беру керек.

Сотта мынадай бір қанатты сөз бар: ақиқат сотта сөйленген сөздің нәтижесі болып табылады. Бұл сөздің өзі ащы шындықты білдіреді. Сотта сөйленген сөз ақиқатты белгілемейді, бірақ істің мәнін шешеді. Сөз сайысы - қоғамдық қондырғының жетілмеген формаларының бірі. Соттағы сөз сайысы кейбір дәрежеде шартты сипатқа ие: олар адамдардың адамгершілік қасиеттерінен емес, мақсатқа сай келу тұрғысынан туындайды. Сонымен қатар сот шешімі салдарынан әділетті жаза тағайындалмауы немесе қылмыскерге жеңіл жаза берілуі, кейде айыпты емес кісіні жазалаудың өзі айыптаушы мен қорғаушы арасында нағыз шайқас тудырады. Егер семсер сілтей білетін адам ебедейсіз біреумен жекпе-жекке шығатын болса, өзінің басымдығын және жауының әлсіздіктерін пайдаланбай-ақ, оған кешірім беруге ерікті. Ал егер оның алдында тепе-тең қарсылас тұрса, шайқастың нәтижесінде біреуінің тағдыры шешілер болса, онда ол өз өнерін толық шамада пайдалануға міндеттімін деп санайды. Соттағы сайыста өзі үшін емес, өзгелер үшін күресуде тиісті нәрселенің көпшілігі кешіріледі, қарапайым адамды өз өнерін асыра пайдалануға итермелейді. Сот тергеуі мен сөз сайысына дайындала отырып, әрбір шешен өз қарсыласы жеңімпаз атану үшін қолдан келген өнерінің бәрін төгетіндігін, сондай-ақ судьялар да адам ретінде қателікке ұрынатындығын біледі.

Бұндай жағдайларда адам күрестің жасанды тәсілдерінен бас тарта алмайды. Олай етпеген жағдайда қарулы адамға жалаң қолмен қарсы шыққандай болып көрінеді.

Р. Гаррис былай деп айтады: «Адамды соттау үшін ғана жасанды тәсілдерге жүгінудің қажеті жоқ; бірақ сөйлеу құралы қылмыстық әрекет болғандықтан ғана ешкім де бұл тәсілден бас тартуға міндетті емес. Сіздің міндетіңіз мынадай: қолдан келсе әділетті құралдармен сотталушының кінәлі екендігін дәлелдеп шығу. Сіздің міндетіңіз мынадан көрінеді: қолдан келсе әділетті құралдар мен алқалы билер алдында айыпталушының кінәсін дәлелдеу. Оған қол жеткізу үшін фактілерді қысқаша күйде (бұл өнер), логикалық бірізділікті (бұл өнер) өте қарапайым түрде (бұл да өнер) бере білу». Йоркширде болып өткен бір сессияда адвокат Скарлет, ол кейіннен лорд

Эбингер атанды, өзінің тұрақты сәтсіздіктері арқасында алқалы билер алдында «вердиктер тонаушысы» атағына ие болды. Ол солай бола тұра от тілді Брумға қарсы бірнеше рет қарсы сайысқа түсті. Сессия аяқталған соң жолдастарының бірі алқалы билердің бірінен сот сайысынан алған әсерін сұрастырып көрді.

- Брум тамаша адам, - деп айтты ол, - ол өз сөзінің шебері; ал сіздің Скарлетіңіз онша бағалы емес. – Солай ма! Таңданарлық жағдай екен. Неге онда сіз әрбір жағдайды оның пайдасына шешіп отырдыңыз? – Таңданарлық ештеңесі жоқ. Оның жай ғана жолы болды. Ол ылғи дұрыс тараптың жағында болып келді. – Шындығында таңданарлық нәрсе жоқ, алайда оның басқа да себебі бар.

Сот дауының негізгі элементтерінің маңызы мынадай: *probatio* — дәлелдеу және *refutatio* — терістеу.

### **Probatio**

1. Ойластырылған жағдайлардың ішінен қажеттісін және пайдалысын, сөзсіз кездесетіндігін және қауіптісін айыра біліңіз. Дәлелдемесіз ешнәрсе қалдырмай қажетті нәрсені соңына жеткізе біліңіз, толық айқындалғанша түсіндіріңіз, шаршап – шалдықпай дамытыңыз, күшейтіңіз, безендіре түсіңіз, қайталай беріңіз; пайдалысын еске алудың өзі-ақ жеткілікті; қауіптісін асқан ұқыптылықпен сөз арасынан алып тастаңыз, оны байқаусызда сөз арасында айта көрмеңіз, олай болған жағдайда қарсыласыңыз сізден басым түсетін болады; сөзсіз кездесетін жағдайда шешімді түрде қабылдаңыз және түсіндіріңіз немесе оған мүлдем жоламай-ақ қойыңыз, ол өздігінен-ақ ойға түседі.

2. *argumentum ad rem* және *argumentum ad hominem* арасындағы айырмашылықты ұмытпаңыз.

*Argumentum ad rem*, яғни істің маңызына қатысты ой өзге жағдайлар тепе-тең болған кезде ең жақсы қару болып келеді. Сот ақиқатты іздейді, сондықтан *argumentum ad rem*, идеясында яғни осы адамға немесе бірнеше осы адамдарға қатысты, бірақ даудың маңызын шеше алмайтын ойлар сөз сайысында кездеспеуі тиіс. Қалыпты жағдайларда *argumentum ad hominem* дегеніміз оның ісі бойынша немесе өзіне қатысты ретте берілетін шешеннің жалаң сөздері болып келеді. Алайда сенімді емес судьялар жағдайында *argumentum ad hominem* осы сот құрамына сенімді ретте іске жарайды, мәселен, сотталушы және судьялар әр түрлі әрі бір-бірімен жауласушы топтарға немесе жауласушы саяси партияларға қатысты болса. Бұл жағдайларда осы дәлелдемерді пайдалану орны толмас қателіктерге ұрындырады.

### **Refutatio (терістеу)**

1. Қарсыластың жалпылама пікірлерімен ой бөлісіңіз.

Кейде кері тәсіл – жалпылаудың өзі орынды болып келеді. Квинтилиан былай дейді: айыптаушы сотталушыны қылмысқа итермелейтін кейбір әрекеттерді атап өтеді; мұндай ойларды талдаудың қажеті не? Егер адам белгілі болған әрекетке байланысты негізді себепке ие болса, бұл осы әрекетті жасады деген сөз емес қой.

2. Қарсыласқа қарсы пікір білдіргенде, ерекше талпынысыңызды көрсетпеңіз әлдебір пікірге табанды қарсылық көрсету тыңдаушылардың түсінігіне жаңа бір маңыз беруі мүмкін, олардың бойында шешенге тиімсіз болып келетін жеке пікірлер пайда болады: егер ол бұл жөнінде көп айтса, демек бұның өзі зор маңызға ие. Керісінше, қарсыластың пікірлеріне онша мән бермей ықылассыз қарсылық көрсететін болса, онда олардың екеуі де көңіл аударуға тұрмайды. Классикалық мынадай бір жағдай кездеседі: айыптаушы екі қорғаушыға қарсы қарсылық көрсетуіне тура келді; Алғашқысы екі сағат, екіншісі – бір сағат сөйледі. Айыптаушы алқалы билерге былай деді: «Алғашқысына қарсылық білдірмеймін, қарсылыққа тұрмайды. Екіншісіне көшейік». Әрине өз ісінің әділеттілігіне сенген адам ғана осылай сөйлейді. Егер бұл риторикалық қақпан болатын болса, қарсыласы оның осындай жеңіл ойларының талқанын шығарады.

3. Қарсыластың күшті пікірлеріне қарсылық білдіріңіз. Қарсылық білдіре отырып, оның келтірген дәлелдерін қайталай түсіп немесе дамыта көрмеңіз. Өкінішке орай, бізде бұл жағдай көп кездеседі. Бұның өзі түсінікті де, өйткені айтылған жайттарды қайталау оңай, бұл кезде көрсеткен қарсылығымыз жеңіп шығады деп ойлаймыз. Бәрі де керісінше болады. Қарсыластың ойлары барынша ыңғайлы формада баяндалды, оларды қайталай отырып біздер оны аздап қысқартамыз әрі оңайлатамыз; осы ойлардың конспектісін құрған боламыз, оларды қатысушыларға түсіндіреміз, солай ете отырып керемет үлгіде қарсыласымызға өзіміз көмектесеміз. Судьялар қарсыластың пікірін толық түсінбеуі мүмкін, біздер соны жеткізе түсіндіреміз, ұмытып қалса есіне түсіреміз. Осылай ете отырып, қарсыластың жағдайын нығайтамыз. Содан кейін кенеттен қарсыластың пікірлерін терістеуге көшеміз. Біз өз пікірлерімізді соңына дейін дамытуға үлгермей қаламыз. Басымызға алғаш келген ойларға сүйенеміз, ең маңыздыларын жіберіп аламыз, оларды сәтсіз үлгіде баяндай түсеміз. Қарсыластың қысқа әрі нақты ойларынан соң, көпсөзділік пен бұлыңғыр пікірлер айту қарсыластың дәлелдерін айқындай түседі.

4. Терістейтін кезде дәлелдей көрмеңіз. «Егер тұрмыстық немесе заңды презумпция сіздің жағыңызда болса, - дейді Уэтли, - әрі сіз өзіңізге келтірілген дәлелдерді теріске шығарсаңыз, онда сіздің қарсыласыңыз талқандалғаны. Ал егер бұл жолдан түсіп, өзіңізге қолайлы болған презумпцияны тыңдаушылардың ұмытуына әкелсеңіз, онда өзіңіз ең үздік дәлелдеріңізден айырыласыз, сәтсіз сөздерге ұрынасыз». Көрнекі мысал келтірейік. Адам айыпталушы ретінде ешбір дәлелсіз қылмыстық іске тартылып отыр. Ол өзін айыпты деп санамайтындығын айтып, айыптаушының кінәсін дәлелдеп беруін талап етуі тиіс. Алайда, ол мұның орнына өзінің кінәлі еместігін өзі дәлелдей бастайды. Бірқатар ойлар айтады. Көпшілік жағдайларда кінәсіздікті дәлелдеу яғни теріс жағдайды орнату мүмкін емес сияқты көрінеді. Күдікті сейілтудің орнына, ол мұны күшейте түседі.

5. Сөздерге фактілермен жауап беріңіз.

6. Қарсыласқа оның жеке дәлелдерімен қарсылық көрсетіңіз.

Ал. Мерк өлімі туралы іс бойынша айыптаушы мынадай бір ой айтады: егер Никифорова морфий тауып беруді Антоновтан сұраған болса, мұның өзі өзін-өзі өлтіру үшін емес, Меркті уландыру мақсатында ғана жасалған. Егер ол әйел өзін-өзі өлтіргісі келсе, едәуір күшті у табар еді. Қорғаушы қарсылық білдірді: «Прокурор мофийдан улануына сенбейді, прокурор кез-келген газетті ашып қарасын. Әйелдердің күнделікті сірке суынан уланып жатқанынан хабардар болады». Айыптаушы осы қарсылықты пайдаланып кетуіне болар еді. Ол өзін-өзі өлтіру үшін уландырғыш затты табу оңай екендігі қорғаушының сөзінен белгілі екендігін айтар еді. Антонова кез-келген қыз сияқты сірке суын улану үшін таба алар еді. Сондықтан өзінің таныс фельдшеріне бұл үшін өтініш жасауының қажеті де жоқ. Басқа бір адамды сірке суымен улау өте қиын. Ал уланушымен бір пәтерде тұра отырып оны қалай уландырасыз, оны байқамай ішіп қою мүмкін емес. Ал осындай жағдайда морфиймен уландыру өте оңай.

7. Күдіксіз дәлелдерге және дұрыс ойларға қарсы дау айтпаңыз. Оның пайдасы жоқ, тіптен адамгершілікке жат нәрсе.

Антоний Цицероннан былай деп келтіреді: «Менің алғашқы ережем мынадай – қарсыластың күшті дәлелдемелеріне және пікірлеріне мүлдем жауап бермеу. Мүмкін бұл күлкілі де шығар. Кім бұлай істей алмайды. Мен өз істегенімді айтамын. Өзгелердің менің орнымда болғанда істей алатындығын айтып тұрған жоқпын. Қарсылас менен күшті болса, шегінерімді мойындаймын. Бірақ қалқанымды тастамаймын және оны қалқаламаймын да. Мен толық реттілікте және жеңімпаз күйімді сақтап қаламын. Демек, менің шегінісім шайқасымның жалғасы болып келеді. Мен бекініс орнына келіп тоқтаймын, яғни қашу үшін емес, қорғаныс орнын иемдену үшін шегінемін». Егер факт анықталған болса, оған қарсы тұрудың қажеті жоқ. Шешеннің негізгі қорытындылары және ережелеріне сәйкес келетін түсініктеме табу қажет.

8. Сенімсіз нәрсені теріске шығармаңыз. Ол семсермен желге қарсы жүргеніңіз сияқты көрінеді. Сотталушы кісі өлтіруге деген екі қастандықта айыпталады. Ол екі адамды жақыннан тұрып мылтықпен атқан. Екеуіне де оқ тиген. Бірде-бір оқ олардың терісіне тереңдеп тимеген. Сарапшы оқ жұмсалған револьверден атылған оқтар киімді тесіп өте алмайтындығын, жай ғана қорқыту үшін қолданылатындығын атап өтеді. Айыптаушы да револьвердің онша зақым келтірмейтіндігін атап өтті. Қорғаушы револьвермен өлтіре алмайтындығын айту керек еді. Сотталушы бала аянышты халде еді, ол туралы жақсы пікірлер бар еді. Шамасы біреудің қожасына айдап салу үшін ересектер ішімдікке тойдырса керек. Сотта ол бұл жөнінде ешнәрсе айтпады, алқалы билерге мұны қорғаушы да түсіндірмеді.

9. Қарсылас мойындаған фактілерді пайдаланыңыз.

Эсхин афиндіктерді бұрын қалыптасқан пікірлер бойынша емес, қазіргі жағдайлар бойынша Демосфенді соттауға шақырды. Демосфен былай деп жауап берді: Эсхин сіздерге мен туралы үйлеріңізден ала шыққан пікірлеріңізден бас тартуға кеңес береді. Мұның өзі дұрыс емес. Демек, менің берген кеңестерім мемлекеттің пайдасына, оның кеңестері Филипке жарағаны.

Сіздерді айнытудың не қажеті бар? Демосфен өзіңізге пайдалы орынға өтіп, шабуылға шығу керектігін көрсетіп тұр.

10. Егер қорғаушы сөзсіз дәлелдерге үндемей құтылса айыптаушы судьяға оның жауап бере аламағанын айтуы тиіс. Егер қорғаушы сөзінде қателік кездесе, айыптаушы оны жай ғана түзетуі тиіс. Біздің айыптаушыларымыз мұны біле бермейді. Прокурорлар дәрекі түрде шабуыл жасайды. Мұның өзі қарсы жақтың ашуын тудырады.

Айыптаушы қарсылық көрсетпеуі керек. Қарсылық - әлсіздіктің белгісі. Қарсылық көрсетпеу өзінің әділ екендігін дәлелдейді. Егер сотта сөйлеу кезінде әселі пікірлер келтірілсе, айыптаушы оны аздап теріске шығарып, барынша жан-жақты талқылауы керек.

## **8.2 Ұлғайту. Қайталау.**

Әрбір практикалық ой қорытуда не айтылғаны ғана емес, қалай айтылғаны да басты болып табылады. Риторика ойлауды күшейтудің кейбір жасанды тәсілдерін көрсетеді. Сондай нұсқаулардың бірнешеуін келтіреміз.

Аристотельдің ескертпесі бойынша ұлғайту айыптауды бекіту немесе жоққа шығаруға қызмет етеді. Шешен сотталушының кінәсін дәлелдеу немесе теріске шығарудың орнына қылмыстың зияндылығы туралы айтады. Егер де осыны сотталушының өзі немесе қорғаушы жасаса, тыңдармандарға ол ондай зиянкестікті жасай алмайтындай болып көрінеді немесе керісінше айыптаушы айтқан кезде, ол осы әрекетті жасаған адам болып сипатталады. Бұл тәсіл немесе қолға түсіру тәсілі күнделікті әрбір қылмыстық сотта қолданылады. Аристотельдің көрсетуі бойынша бұл жерде энтимема жоқ, логикалық ой қорытындысы жоқ: тыңдармандар фактілердің бар немесе жоқ екендігі туралы дұрыс емес, күдікті қорытынды шығарады. Бұл тәсілді ла Ронсьераны қорғауда Ше д'Эст Анж қолданады: ол сотталушыны мүмкін емес зиянкес, тозақтың баласы ретінде көрсетеді.

Осы іс бойынша азаматтық арыз беруші Одилон Барро өзінің сөздерін былайша аяқтады: «Бүкіл Франция, бүкіл әлем сіздің жауабыңызды қорқынышпен күтіп отырған болар. Бұл жерде тек қана бір отбасы емес, екі-үш адамның тағдыры шешіліп жатқан жоқ. Бұл жерде жоғары адамгершілік сабағын беру қажет, жалпы отбасы қауіпсіздігін арашалау қажет». Бұл іс, мырзалар, адамгершіліктің бұзылуы сияқты болып көрінеді. Әрбір заманның өзіне тән сәні болған; Людовик XV, регент, империя кезеңдеріндегі бұзылған адамдарды білеміз; оларды біз білеміз, олардың да және басқалардың да өздеріне тән белгілерін білеміз. Біреулер өзінің сыртқы көрінісі астында өздерінің қылмыстарын жасырды; кейін басқа уақыт, біздің уақытымыз келді, және табиғатта кездесетін нәрселердің барлығы, мүмкін болатын нәрсенің барлығы тамаша деп ойлайтын адамдар келді, қылмыста қандай да бір поэзия бар сияқты... Өздерінің іске аспаған жобаларына қарамастан, олар жаңа мүмкіншіліктер іздей бастады. Адамгершілік санасы ауру жұқтырды, және әр күні бұрынғыларына мүлдем ұқсамайтын қылмыстар туралы естуге болады.

Бұл қылмыстар өзінің айуандығына қарамастан, өздеріне қорғаушы табады, өйткені олар адамшылық мүмкіндіктерден асып түседі. Егер де біз осыған жетсек, онда мемлекеттік құқық, сіздерге ұсынылған, адамшылық құқық қоғамға қатал ескерту беруі керек, осы жалпы құлдырауда оны тоқтату қажет, отбасы қауіпсіздігіне кепіл беру керек. Бұл бақытсыз отбасы (маған оның жоғары дәрежесі, байлығы, мықтылығы туралы айтудың қажеті жоқ; Моррель отбасындай аяушылық болған, бақытсыз болған отбасы жоқ шығар), оны бұл қорғаннан шығармау керек, ол жерге оны өзінің абыройын қалпына келтіру үшін алып келген, ол жерден сот шешімімен масқарасы шықпауы қажет.

Бұл не деген естімеген, болмаған қаскүнемдік? Бұл күнделікті жасалатын қылмыс және жиі қатал жазаланады. Бұл аяқталған қылмыс та болмаған, ла Ронсьер қыз абыройына қастандық жасағаны үшін айыпталды. Жарты ғасыр өткен кезде де басқа елде бұл сөздер әсер қалдырар еді. Оларда оған қарсы дәлелдердің көлеңкесі де жоқ болса да, олар сотта сотталушыға қарсы күшті жалған сенімдер келтіргені туралы байқауға болады. Өзіміз көріп тұрғандай, қорғаушы да сондай ойда. Алқа билердің қылмыстық зұлымдығы туралы ұлғайтылған түсінігін қолдап отырды. Сотталушы – хайуан да емес, зұлым да емес, ол бұл қылмысты жасауы мүмкін емес.

**Қайталау.** Бір сөзді әлденеше қайталаған адам мылжың деп саналады; бір мәрте айтылған нәрсе қайталанса, ол әдепсіздік. Ал сотта қайталау – ол ең керекті тәсілдің бірі. Қысқартылып айтылған сөз – шешен үшін қауіпті. Күнделікті көрініп тұрған ойлар тындарманға жетпейді. Қиын ойлар миға кіруге үлгермейді. Әрбірі күндізгі жарықтың не екенін жақсы біледі, жарықсыз көру қабілеті жоқ екенін біледі. Бірақ құдай әлемінің көркемдігіне қарап біз жарық туралы ойламаймыз. Бір жағынан аз дамыған адам үшін жаңа ой бұл қиындық. Оған ойлануға уақыт беру керек, қабылдауға, оған оның көңілін бөлдіру қажет. Тютчевтің өлеңін мысалға алайық.

Екі алып күш оған қызмет етті.

Екі күш бойына бітті:

Басында бүркіт шарлады,

Кеудесінде жылан ысылдады...

Кең қанатты шабыт күші

Бүркіттей самғады

Жыланның данышпандығы

Санасын улады.

Осы бір сегіз қатарда бір ғана ой бірнеше рет қайталаанады. Бірақ қайталау бізді ақынның терең ойына қарай жетектей жөнеледі.

Шешен қайталау кезінде ойы зерігерлік болмау үшін, қайталанған ойларды әр түрлі сөзбен беру қажет. Уэтлидің ескертуі бойынша бірінші рет тура мағынада беріліп, келесіде метафора түрінде қайталаса болады, антитезада қарама-қарсы түсініктерді орнын ауыстыруға болады, ой қорытындысында – қорытынды және сілтемелеп айтылған ойларды жаңаша жүйеде қайталауға болады.

### 8.3 Айтылмай қалған жайттар туралы. Мүмкіндік және ықтималдық

Біздің ақыл-ойымызға тән басқа тұлғамен айтылған, әрбір логикалық аяқталмаған қағида, біздің ойлау қызметімізге көрсетілген бағыт бойынша жол көрсетеді. Негізінде, кез келген қорытынды жасауда, екі нәрсені салыстыру қажет. П. Сергеич келесі мысалдарды келтіреді: «Мен былай деп жазамын: кейбір адамдардың шешендік таланты бар; бұл дегеніміз мұндай қабілеттен мақұрым адамдар да бар деген емес, немесе бұл жеке ой логикалық тұрғыда жалпы қағиданың мүмкіндіктерін шығармайды: барлық адамдарда шешендік талант бар. Бірақ ақыл қаламнан жылдам және логикадан күштірек. Сөйтіп менің оқырманым бұл жеке ойды оқып, логикалық тұрғыдан теріске шығармай, оған қарсы шығады: «Бірақ көптеген адамдардың шешендік таланты жоқ».

Қарсы шығу біліммен, өмірлік тәжірибемен айтылған болса, басқа ойды толықтыру қажеттілігі немесе оған қарсы шығу күштірек болады. Мен былай деп жазамын: егер оқырман кітапты түсінбесе, онда оған оның өзі кінәлі. Сіз айтасыз: жазушы кінәлі болу да мүмкін. Мен айтамын: егер оқырман кітапты түсінбесе, бұған жазушы кінәлі; сіздер қосасыздар: немесе оқырман. Екі жағдайда да өз сөздерімнің мазмұнын есепке алар едім, бірақ қараймын да және сізді қарама-қарсы қорытындыға алып барар едім. Екінші жағдайда сіздің миыңызда пайда болған ой менде бірінші пайда болған. Бірақ бірінші жағдайда, егер де ол барлық негіздемеден айырылмаған мағыналы ой болса, онда бұл басқа біреудің ойын қайталау емес, бұл сіздің ойыңыз, менікі емес.

Осынысымен ол сізге сенімдірек болып көрінеді. Тәжірибелі шешен тыңдармандардан өзінің негізгі ойын жасырып қала алады және де оны аяғына дейін жеткізбей алып баруы мүмкін. Оларда ой құралған кезде, аяқталған шығармашылықтың салтанаты қозғалған кезде және оймен бірге өзінің туындысына деген сүйіспеншілігі туылады. Ол кезде олар сенімсіз болған сыншылар емес, олар оның сөздеріне сүйсінген шешеннің одақтастары. Ой да сезім секілді жұқпалы». Жартының бүтіннен көп екендігін есте сақтау керек. Леонид Андреевтің драмасындағы «Аштық патшасы» сотта аштарға Өлім туралы айтқанда: «Ол ысқырып, қап-қара болып келеді, ұзын әрі қорқынышты...». Соңғы сөзбен әсері нашарлайды.

Вера Засуличтің ісі бойынша Александрованың сөздерінде ешқандай да оқыс сөздер жоқ. Қорғаушы айтады: өкім, оқиға, жаза, іс-қимыл; бірақ сіз бұл сөздерге қарап алқалы билер осы бір мәнсіз сөздерді естіп, іштей былай деп қайталайды «бассыздық, ессіздік, жазасыз қылмыс».

Шешен Фальстаф секілді болу керек: өзі ғана епті болмауы керек, басқалардың бойынан ақылды ояту керек. Егер де сіздер сот сөзінің жағдайын ойлап қарасаңыз, онда сіздер былай деп айтасыздар: аяқтап айтпау тәсілі - бұл тыңдарманның айыптаушы мен қорғаушының сөздерінен алған бүтін әсердің кепілі.

Фактілер өздері үшін айтқанда, сіздер аяқтап айтпаңыздар.

1856 жылы Лондонда Парсон Кукты уландырған деген айыппен Пальмердің ісі қаралды. Кешке, Куктың өліміне бірнеше сағаттар қалғанда,

Пальмер оған құрамында стрихнині бар дәрі алып келді. Ауру оны ішуге қарсылық білдіргенмен, Пальмер оны ішуге мәжбүрледі. Одан кейін Пальмер өзінің бөлмесіне ұйықтауға кетті, аурудың жанына оның досы Джонсонды қалдырды. Соңғысы үстінен соңғы көйлегін шешіп үлгерместен, Куктың шыңғырған дауысын естіді. Үй қызметшісі Пальмерге барды; ол сол заматта өз бөлмесінен шықты. Осы жайттарды өзінің кіріспе сөзінде алқалы билер сотына жеткізген генерал-атторней былай деді: «Екі минуттан кейін Пальмер аурудың жанында болды, одан ешкім сұрамаса да ол қызық ескертпе жасады: «Мен өмірімде ешқашан бұлайша шұғыл киініп көрмеппін». Сіздің жауабыңыздан, мырзалар, біздің білгеніміз, оған киінуге тура келді деп ойлайсыздар ма». Шешен өзінің ойын аяғына дейін жеткізбеді, әрине алқалы сот мынадай қорытынды жасамады деп айта алмаймын Уландырушы шешінген жоқ: ол күтті.

Адамды бір нәрсеге лайықты деп дәлелдеу кезінде мақтамаңыз әрі даттамаңыз. Сіз оны қорқақ, сараң, адамзаттың досы деп те атамай-ақ дәлелдеңіз, басқа нәрсе туралы айтыңыз, содан біршама уақыттан кейін сіз оны алқалыларға айтқан сөзіңізбен атайсыз.

Мақтау кезінде ұстамдылық қажет емес. Бұл әсіресе қатысушыларға қатысты айтылады. Айыптаушылар мен қорғаушылар олардың өмірде тәжірибесі мол әрі іске деген пайымды қатынасы туралы соттарға айта береді. Бұл өнердің маңызы мынада: шешен бекерден – бекер қолдауы немесе мақтауы қажет емес. Бәрі жүректен шығуы керек.

Бұндай сөздердің қалайша кенеттен және де керемет болатыны туралы айту үшін Буалоның Людовик XIV Францияға жасаған жеңісті жорығынан кейінгі атақты арнау сөздерін еске түсіру керек.

Ақын, жақсы өлең жазу қиын екенін айтқысы келетін тәрізді; бірақ сонымен қатар кенеттен өзіне басқаша ой айтады: француздар жеңіске жетуді үйренгені соншалықты, олардың қолбасшыларына жауласқан қалаларды алу - бұл ең жеңіл іс.

Аяқталмаған ой соңынан дейін жеткізіліп айтылған ойдан әлдеқайда қызықтырақ. Одан басқа ол тыңдарманға ой кеңістігін береді; олар шешен сөзін әрқайсысы өзінше толықтырады. Егер аяқталмаған ой дұрыс берілсе, онда ол шешеннің пайдасына шешіледі. «Цезарға қажеттісін бергіңіз келе ме, - деп Шекспирде айтылады, - Цезарь деп айт». Ешкім де бұны оның қорқақ, сараң, арам екендігін емес, керісінше әрбір адам зор бағалайтын еңбегі мен адамгершілік қасиеттерін ойлайды.

**Мүмкіндік және ықтималдық.** Сот шешені егер өзін асыра бағаламайтын болса, сирек жағдайда ғана «дұрыс» деп айтады. Көбіне ол «болуы ықтимал» деп айтуға тиіс. Өйткені сот сізден «ықтимал» сөзін естіп, ішінен «сондай шығар» деп айтуы қажет. Осы сөзді сәтті қолдануға бірнеше мысал келтірейік. Қорғаушылар көбіне тыңдарманға әсер етуі үшін «болуы ықтимал», бірақ «ешбір жағдайда» дегенді жиі айтады.

Сотталушы тонауда айыпталды. Ол көшеде кетіп бара жатқан адамнан темекі сұрайды. Ол адам жоқ деп жауап береді. Сотталушы оның қалтасына қол



салып, ақшасы бар әмиянды суырып алады. Міне, темекі деп әмиянды ала қашқысы келеді. Ол сотта өзін айыпты деп мойындаған жоқ, әмиянды темекі қорабы деп ойлағанын айтады. Қорғаушы сотта былай дейді:

«Меніңше, сотталушы тағылған айып бойынша қылмыс жасаған жоқ. Оның түсініктемесі мен үшін ақиқат. Әрине, темекі де ақша сияқты мүлік. Соза берсек, оны тонау деп атауға да болады. Бірақ бұлай түсіндіру сотталушының ниетіне қайшы келеді. Ол жәбірленушіден бір-ақ дана темекі сұрады, бірақ кездейсоқ темекі қорабын суырып алды. Содан соң жәбірленушінің айқайынан сасып қалып, қаша жөнелді. Сөйтіп, ол өз әрекетін осылай түсіндірді. Бұл жерден мен ешбір мүмкін емес, ықтимал емес жағдайды көріп тұрған жоқпын».

Шындығында, мүмкін емес нәрсе болған жоқ, бірақ мүмкін нәрсенің өзі болуы ықтимал нәрсе емес. Ықтимал нәрсе мүмкін нәрседен жақсырақ.

Келесі бір жағдай. Ұры бай көпестің пәтеріне кіріп, малайына оның қожасының әйелі көшеде ауырып қалғандықтан, ауруханаға әкетілді дейді. Қызметші әйел пәтерді жауып, дүкенге қожасын шақыруға кетеді. Тез арада қайта келгенде, есіктің құлпы бұзылғанын көреді. Пәтерде күміс түсті қант салғыш ыдыс пен күміс қасықтар ұстап тұрған ұрыны байлайды. Ұрының жолдасы қыздың келе жатқан дыбысын естіп, қашып кеткісі келгенімен, баспалдақта жолығып қалады. Ұрлық аштық себебінен болды. Ұрланған затқа ұры нан сатып алғысы кеген. «Сотталушылар, - деді ол, - қызметші қыздың тез келетінін білсе, пәтерді тонауды жалғастыра түсер ме еді. Бұл үлкен мәселе».

Сонымен, маңызды бір ереже: әлдебір күдікті жайтқа түсінік сөз таба отырып, оған көңіл толтыра көрмеспіз. Бала да, сәби де, хайуан да солай етер еді. Өз ойыңызға дұрыстап қараңыз. Егер сіз фактілерге мұқият болсаңыз, өз ойларыңыздың дұрыс болуына талап қойсаңыз, онда ықтимал нәрсенің мүлдем күдік келтірмеуіне лайық пайымдай білетін боласыз.

## 9 Сот барысындағы дәлелдеудің өнері.

### 9.1 Дәлелдемелік құқығы және оның дәлелделер теориясындағы орны.

Қылмыстық істерді алдын ала тергеу және сотта қарап шешу дәлелдеу қызметі арқылы жүзеге асырылады. Іс жүргізу органдары (тергеуші, анықтаушы, прокурор, сот) қылмыстың қалай жасалғандығын, оның барлық мән-жайларын дәлелдемелердің негізінде ғана анықтай алады. Дәлелдемелердің негізінде прокурор қылмысты айыпталушы жасағандығын соттың алдында ашып көрсетеді, ал қорғаушы айыпталушыға тағылған айып-тауды жоққа шығарады немесе оның жауаптылығын жеңілдету жөнінде өз талаптарын қоя алады. Сот айыптау және қорғау тараптары келтірген дәлелдемелердің негізінде сотталушының кінәлілігі немесе кінәсіздігі жөнінде анық тұжырымға келіп, айыптау немесе ақтау үкімін шығарады. Сондықтан да қылмыстық істер бойынша дәлелдеу мәселелерін зерттеу қылмыстық процесс ғылымының маңызды бөлімі болып табылатын дәлелдеу теориясының пәніне жатады. Дәлелдеу теориясы — ғылым бөлімі ретінде қылмыстық процестегі дәлелдеу қызметінің мәні мен мазмұнын, мақсатын, құқықтың негіздері мен жүргізу тәртібін, сондай-ақ бұл теорияның ұғымдырын қамтитын ілім, яғни ғылыми қағидалар жиынтығы болып табылады. Дәлелдеу теориясы ұғымын дәлелдеу құқығы ұғымынан ажырату қажет.

Дәлелдеу құқығы қылмыстық істер бойынша дәлелдеудің құқықтық негіздерін және дәлелдемелерді қолданудың ережелерін көрсететін нормалар жиынтығы деп білеміз. Яғни, қылмыстық істер бойынша дәлелдеу қызметінің қалай жүзеге асырылатындығы, оның жүргізілу тәртібі және қандай дәлелдемелердің қолданылатындығы қылмыстық іс жүргізу заңымен реттелген. Дәлелдеу қызметінің жалпы ережелері ҚПК-де жинақталған. Бірақ, дәлелдеу құқығының нормалары бұл тараулардың баптарымен шектелмейді. Себебі, дәлелдеу қызметі қылмыстық іс жүргізудің барлық стадияларына ортақ болғандықтан, әр стадияның жүргізілу тәртібін реттейтін заңның нормалары дәлелдеу құқығымен тығыз байланысты болып табылады. Сондықтан дәлелдеу құқығының жалпы ережелерін қылмыстық іс жүргізудің стадияларымен байланыстырып қарастыру және зерттеу -дәлелдеу теориясының пәнімен қамтылады. Қорыта айтқанда, дәлелдеу теориясы дәлелдеу құқығын қамтитын болғандықтан, одан кең мағыналы ұғымды білдіреді. Методологиялық тұрғыдан алғанда, қылмыстық процестегі дәлелдеу теориясы философиялық таным теориясының қағидаларына негізделген. Мұнын, себебі, қылмыстық істер бойынша дәлелдеу өзінің мәні жағынан тану қызметінің түрі ретінде қарауға жатады. Яғни, қылмыстың мән-жайларын толық ашу - таным қызметінің ерекше, заңмен реттеу арқылы жүзеге асырылатын түрі болып табылады. Осы айтылғанға байланысты, таным теориясының нақты қандай қағидаларының дәлелдеу теориясы үшін маңызы бар деген сұрақ туады. Бұл сұраққа жауап беру үшін алдымен дәлелдеу қызметінің басты мақсаты қылмыстық іс бойынша

ақиқатқа жету екенін айту қажет. Сондықтан, дәлелдеу теориясында ақиқат ұғымы туралы философиялық ілім қолданылады.

Философиялық ақиқат ұғымы күрделі мәселе болғандықтан, ол жөнінде барлыққа бірдей қабылданған пікір жоқ. Дегенмен, көбіне бұл ұғымды айналадағы құбылыстар мен заттардың адамның сана-сезімде бұрмаланбай бейнеленіп, соның нәтижесінде қалыптасқан оның (адамның) білімінің объективтік дүниеге сәйкес келетіндігі деп түсіндіріледі. Сол сияқты, қылмыстық процесте істің мән-жайларын толық көлемде және ол мән-жайлардың шындығында қалай болғандығына сәйкес дәл анықтау - қылмыстық іс бойынша ақиқатқа жету болып табылады. Яғни, қылмыстық іс жүргізу органдарының (тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың) істің мән-жайлары жөнінде тұжырымдары мен шығарған шешімдерінің ол мән-жайлардың шындығында қалай болғандығына сәйкес келуі ақиқатқа жеткендікті білдіреді:

Ақиқат ұғымы - білімнің объективтік дүниемен сәйкестігін білдіретін болғандықтан, ғылыми еңбектерде бұл ұғымды объективтік ақиқат деп те атайды. Дәлелдеу теориясының ғылыми негіздерінің бірі ретінде материяның бейнелеу қасиеті туралы ілімнің үлкен маңызы бар. Бұл ілімнің мәні қоршаған дүниеде болатын оқиғалар мен құбылыстар оларға сәйкес ортада өзара байланысты өзгерістер түрінде бейнеленіп, информациялық маңызы бар із қалдыратын болғандықтан, материяның осы қасиетін қолдану арқылы табиғи дүниені, қоғамдық құбылыстарды және болған оқиғаларды зерттеп анықтай аламыз.

Яғни, материяның бейнелеу қасиеті ғылыми зерттеу амалдары арқылы ақиқатқа жету мақсатында қолданылады. Бейнелеу қасиеті материяның барлық түрлеріне (тірі дүние мен өлі дүниені қоса алғанда) ортақ қасиет болғандықтан, оның ғылым мен тәжірибенің барлық салалары үшін маңызы бірдей. Бұл ілімді қылмыстық процесте қолданудың, мысалы қылмыстың іздерін және қылмыстың мән-жайлары жөнінде адамдардың жауаптарын (куәнің, жәбірленушінің, айыпталушының) дәлелдемелер ретінде қолдану болып табылады. Осындай дәлелдемелердің түрлерін қылмыстық істің мән-жайларын анықтау үшін қолдаудың заңды жолдары мен тәртібі дәлелдеу теориясында түсіндіріледі.

## **9.2 Таным теориясы – дәлелдемелер теориясының негізі.**

Дәлелдеу теориясында ғылыми зерттеулер жүргізудің жалпы және арнайы әдістері мен амалдары туралы **таным теориясында** қалыптасқан қағидалар қолданылады. **Таным теориясына** сәйкес, ғылымның барлық салаларына ортақ зерттеу әдістері және ғылымның әр саласының ерекшелігіне байланысты қолданылатын арнайы әдіс-амалдар ажыратылады. Мысалы, дәлелдеу теориясында, ғылымның басқа да салаларында сияқты, зерттеу амалдарының мынадай түрлері кеңінен қолданылады: болжау, байқау, суреттеу, салыстыру, эксперимент жүргізу, үлгілер жасау (моделирование), логикалық

талдау және қорытындылау. Ал, дәлелдеу мақсатында қолданылатын арнайы амалдарға әкілетті мемлекеттік органдар (қылмыстық ізге түсу органдары мен сот) жүргізетін тергеу (сда) әрекеттері жатады. Заңмен реттелген тергеу әрекеттері дәлелдемелерді жинау және зерттеу мақсатында тек қана қылмыстық істер бойынша қолданылады және бұл тергеу әрекеттеріне байланысты мәселелер дәлелдеу теориясында қамтылып зерттеледі.

**Дәлелдемелердің қатыстылығы және іске жіберілуі.** Іс бойынша объективті шындықты анықтау кезінде дәлелдемелерді іріктеудің бет алды сипаты болмауы. Іс жүргізушілік мағынасындағы белгілі бір дәлелдемелерді тергеудің және соттың қабылдауы, оларды нақты қылмыстық іс бойынша процеске тарту дәлелдемелердің қатыстылығы туралы мәселені шешуге негізделген. Дәлелдемелердің қатыстылығын - олардың және дәлелденуге жататын жағдайлардың арасында қисынды байланыстың болуы деп түсіну қабылданған, осыған байланысты қылмыстық іс бойынша белгілі бір фактілерді негіздеу немесе жоққа шығару үшін пайдаланылуы мүмкін<sup>3</sup>. Дәлелдемелердің қатыстылығының өлшемі сипатында мыналар көрінеді:

- дәлелдеменің ізделетін фактімен байланысы;
- нақты дәлелдермен анықталатын мән-жайдың іс үшін маңызы;
- тап осы мән-жайды анықтау үшін аталған дәлелдемелердің маңызы.

Дәлелдеменің ізделетін фактімен байланысының маңызы мынадан көрінеді: осы өлшемге сүйене отырып, «тергеу мен сот қылмыстық істерді тергеу және қарау кезінде өздерінің қолынан өтетін іс жүзіндегі материалдардың «үйіндісінен» оларды дұрыс шешу үшін қажетті деректерді тандап ала алады»!

Келесі екі өлшем өзара байланысты және бір құбылыстың әр түрлі жақтарын білдіреді.

Дәлелдемелердің қатыстылыш туралы мәселені шешу үшін оларда бар ақпарат сипатының маңызы болмайды (дәлелдемелер ізделетін фактілерді растауы немесе жоққа шығаруы мүмкін). Қатыстылық - дәлелдеменің мәнділігіне ықпал ететін ішкі қасиетінің белгісі. Сонымен бірге осы айтылған белгінің сыртқы көрінісі мынадай: ол істі басы артық ақпаратсыз-ақ көптеген жағдайларды анықтауға қатысы бар материалдарды іске шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Дәлелдемелердің **іске жіберілуі** дегеніміз - көздерінің, олар алынған әдістер мен тәсілдердің заңдылығы көзқарасы тұрғысынан дәлелдемелердің жарамдылығы, толықтығы. Дәлелдемелердің іске жіберілуін қамтамасыз ететін іс жүргізу нысандарының мынадай элементтерін бөліп көрсету қабылданған:

- дәлелдеудің тиісті қатысушысы;
- заңда көзделген дәлелдеме көзі;
- заңға сәйкес тергеу іс-қимылын (дәлелдеме алуға көмектескен) өткізудің тәртібі.

Дәлелдемелердің қатыстылығы мен іске жіберілуі арасындағы арақатынасты аша отырып, В.Д. Арсеньев былай деп жазды: «Егер қылмыстық іс жүргізу дәлелдемелерінің мазмұны олардың іске қатыстылығын көрсетсе,

дәлелдемелердің іс жүргізу нысаны - олардың осы іс бойынша іске жіберілуін айқындайды».

### **9.3 Дәлелдемелердің жіктелуі, оның теориялық және практикалық маңызы.**

Сипатына және қалыптасуына қарай дәлелдемелер бірнеше топтарға бөлініп жіктеледі.

1. (Қылмыстың оқиғасына қатыстылығы бойынша дәлелдемеле) тікелей және жанамалы болып бөлінеді.

Тікелей дәлелдемелер деп қылмыстың оқиғасын, оның қалай болғандығын және кім жасағандығын көрсететін фактілі деректерді айтамыз. Мәселен, жәбірленушінің өзіне қарсы жасалған қылмыстың қалай болғандығы және оны кім жасағанды жөнінде жауабы тікелей дәлелдеме болып табылады. Сол сияқты, айыпталушының айыбын мойындап, қылмысты қалай жасағандығы жөнінде жауабы немесе қылмыстың қалай болғандығын өз көзімен көрген куәнің жауабы - бұлар тікелей дәлелдемелерге жатады.

Жанамалы дәлелдемелер деп қылмыстың оқиғасын және қылмысты кім жасағандығын тікелей көрсетпейтін, бірақ іске маңызы бар басқа мән-жайлар жөнінде фактілі деректерді айтамыз. Мәселен, куәнің айыпталушыны қылмыстың оқиғасы болған жерде көргендігі туралы жауабы жанамалы дәлелдемелерге жатады. Немесе, тінту жүргізу кезінде ұрланған заттардың айыпталушының үйінен табылуы мүлікті ұрлау жөніндегі қылмыстық іс бойынша жанамалы дәлелдеме болып табылады. Өйткені, бұл дәлелдемелер қылмыстың қалай жасалғандығын және оны кім жасағандығын тікелей көрсетіп тұрған жоқ. Бірақ, мұндай дәлелдемелердің, жиынтығын қолдана отырып, қылмыстық іске маңызы бар мән-жайларды анықтау мүмкін болады.

Дәлелдемелерді тікелей және жанамалы деп ажыратудың практикалық маңызы ол дәлелдемелерді қолданудың ерекшеліктеріне байланысты. Тікелей дәлелдемелерді қолданудың маңызды шарты алдымен олардың шындыққа сәйкестігін анықтау болып табылады. Мәселен, айыбын мойындаған айыпталушының қылмысты қашан, қай жерде және қалай жасағандығы туралы жауабы өтірік айтылмаған болса, бұл жауап оның кінәлілігін көрсететін тікелей дәлелдеме ретінде қолданылады. Жанамалы дәлелдемелерді де қолданғанда алдымен олардың шындығына көз жеткізу қажет. Бірақ, жанамалы дәлелдеме шындыққа жататын болса да, ол қылмыстын, қалай жасалғандығын және оны кім жасағандығын тікелей көрсетпейді. Дегенмен, жанамалы дәлелдемелердің жиынтығын қолдана отырып, дәлелдеу пәніне кіретін мән-жайларды анықтау мүмкін болады. Қорыта айтқанда, жанамалы дәлелдемелерді қылмыстық іске маңызы бар мән-жайларды анықтау үшін қолдану бірнеше кезеңдерден өтеді:

1) алдымен олардың шындығына көз жеткізу;

2) оларды басқа дәлелдемелермен бірге қолдана отырып, іске маңызы бар мән-жайлардың дәлелденгендігі немесе дәлелден-бегендігі жөнінде нақты тұжырымға келу.

2. Айыптау пәніне қатысты дәлелдемелер айыптау және ақтау дәлелдемелері болып бөлінеді.

Айыптау дәлелдемелеі дегеніміз қылмыстың оқиғасын, қылмысты кім жасағандығын, сондай-ақ айыпталушының кінәлілігін, оның жауаптылығын ауырлататын мән-жайларды»і көрсететін фактілі деректер болып табылады.

Ақтау дәлелдемелеріне қылмыстың болмағандығын, іс қылмыстық жауапқа тартылған адамның айыпты емес екендігін, сондай-ақ оның жауаптылығын жеңілдететін мән-жайларды көрсететін фактілі деректер жатады. Ақтау дәлелдемелерінің, ерекше түрі «алиби» деп аталады. Яғни, қылмыс жасалған кезде айыпталушының басқа жерде болуы — оны ақтауға негіз бола алады. Бірақ, айыпталушының алибиі болуы оны барлық жағдайларда да ақтауға соқтырмайды. Өйткені, алиби бар айыпталушы бұл қылмысқа ұйымдастырушы немесе айдап салушы немесе көмектесуші ретінде қатысқан болуы мүмкін.

Дәлелдемелерді айыптайтын және ақтайтын деп бөлудің істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін маңызы бар. Дәлелдемелердің қалыптасуы ретіне қарай, олар алғашқы және туынды болып бөлінеді.

Алғашқы дәлелдемелер деп іске маңызы бар мән-жайларды тікелей өздері қабылдаған қайнар көздерден алынған фактілі деректерді айтамыз. Мысалы, куәнің немесе жәбірленушінің өз көздерімен көрген немесе тікелей өздері естіген істің мән-жайлары туралы нақты жауаптары алғашқы дәлелдемелер болып табылады.

Туынды дәлелдемелер деп тікелей өздері қабылдаудың негізінде емес, бірақ алғашқы қайнар көздер арқылы пайда болған фактілі деректерді айтамыз. Мысалы, куәнің басқа адамнан естен білген істің мән-жайлары туралы жауабы немесе құжаттың көшірмесі, сондай-ақ қылмыстың оқиғасы болған жерде табылған істердің көшірмелері туынды дәлелдемелерге жатады.

Дәлелдемелерді алғашқы және туынды деп бөлудің оларды қолдану үшін маңызы бар. Өйткені, туынды дәлелдемелер алғашқы дәлелдемелермен салыстырғанда оларға дәлме-дәл болмай, өзгерістерге ұшырауы мүмкін (объективтік және субъективтік себептерге байланысты). Мәселен, басқа адамнан естіп білген істің мән-жайлары туралы куә жауабының ол мән-жайларды өзі көрген адамның жауабынан айырмашылықтары болады. Сондықтан, қылмыстық іс жүргізу органы процессуалдық шешім шығарғанда негізінен алғашқы дәлелдемелерге сүйенуі тиіс. Осыған байланысты, туынды дәлелдемелер бар болған жағдайда бұл дәлелдемелерді қолдана отырып, алғашқы дәлелдемелердің өзін табуға шаралар қолдану талап етіледі.

Қорыта айтқанда, қылмыстық іс бойынша туынды дәлелдемелерді қолдаудың мынадай жолдары бар:

1) туынды дәлелдемелер алғашқы дәлелдемелерді табу мақсатында қолдануға жатады;

2) туынды дәлелдемелер қажет болған жағдайда алғашқы дәлелдемелерді тексеру үшін қолданылады (мысалы, іске маңызы бар мән-жайларды өз көзімен

көрген куә жауабын өзгертіп айтқан болса, бұл куә мен одан естіген куәнің арасында беттестіру жүргізу арқылы);

3) алғашқы дәлелдеме жойылып кеткен жағдайда, туынды дәлелдеме оның орнына қолданылады (мәселен, ауыр дене жарақаттарын алған жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, оның айтқанын естіген адамның куә ретінде берген жауабын қолдану). Мұндай жағдайда туынды дәлелдемені мұқият тексеріп, оның шындыққа жататындығына басқа дәлелдемелер арқылы көз жеткізу қажет болады.

**Дәлелдеменің қасиеті** — бұл мәліметтерден өзгеше дәлелдемелердің ерекшелігін құрайтын белгілер. Олардың мазмұны мен нысаны іс жүргізу заңымен анықталады.

Дәлелдеменің қасиетіне жататындар: қатыстылық мүмкіндік және шынайылық. Қылмыстық заң қылмыстық іс бойынша олардың қатыстылығы тұрғысынан алғанда дәлелдемелерді бағалау кезіндегі негізгі шарт болып табылады.

Дәлелдемелердің қатыстылығы дәлелдемелердің мазмұнын сипаттайды және іске маңызы бар мән-жайлардың бар екендігі туралы қорытындыға күмән келтіретін немесе растайтын болмаса теріске шығаратын нақты мәліметтермен іске қатыстылығы танылады.

Дәлелдемелердің қатыстылығы — бұл оның іс бойынша сәйкесті іс жүргізу шешімдерін негізге қоятын және мәні бойынша бағалайтын, істің материалдық құқықтық мән-жайлары мен дәлелдемелер арасындағы себептік байланысты объективті түрде көрсететін фактілерді анықтаудағы жарамдылығы.

Қылмыстық іс бойынша дәлелдеу затына енетін қандай да болмасын мән-жайдың бар не жоқ екенін анықтау үшін қолданғанда ғана тек сонда ғана дәлелдеме бұл іске қатысты болып табылады.

Дәлелдеменің қатыстылығын анықтау іс бойынша дәлелдеу процесі кезінде жүргізіледі, дәлелдеме жинаудан бастап мәселе шешіліп жатқанда қандай да бір тергеу әрекетін жүргізгенде және істің мән-жай тұрғысынан алғанда қандай нәтиже күтуге болады.

Дәлелдеменің қатыстылығын бағалау мен тергеуді жоспарлау тергеу мәліметтерін тергеу тәртібі, дәлелдемелерді жинау және оларды іске тігу жөніндегі процеске қатысушылардың ұсынысын шешу байланыстырылады.

Нақты іс бойынша дәлелдеу затына енетін мән-жайларды анықтау үшін маңызы бар мән-жайлар шегін алдын ала анықтау мүмкін бола бермейді. Бұндай мән-жайлар шегін ең алдымен тергеуші болған оқиғаны қарап, мәліметтер тексере отырып анықтайды, белгілейді. Олар процеске қатысушылардың ұсынысы бойынша да анықталуы мүмкін.

Дәлелдемелердің қатыстылығы негізінен осы дәлелдеменің көмегімен іс бойынша дәлелдеу затына мән-жайлардың енетіндігі мүмкін болғанда, сондай-ақ бұл мән-жайды анықтауға өзінің мазмұны бойынша дәлелдеме қабілетті болғанда анықталады.

Дәлелдеменің мүмкіндігі деп дәлелдеме көзінің заңдылығын, алыну тәсілдерін және нақты мәліметтерді анықтау түсініледі. Бұл оның дәлелдеменің бекітілуі, зерттелуі, табылу тәртібі, шығу көзімен салыстырғанда заң талаптарына жауап беретін, іске маңызы бар мән-жайларды анықтау кезінде пайдалану үшін жарамдылығы.

Дәлелдеменің мүмкіндігі — бұл дәлелдемелердің шығу көздерінің, әдістері мен тәсілдерінің олардың алынуына көмектескеннің заң тұрғысынан алғанда толықтылығы.

Заң бойынша дәлелдеудің міндеті айыптаушыға, анықтаушыға, тергеушіге, прокурорға және сотқа жүктелген.

Дәлелдемелердің мүмкіндігінің келесі белгісі тергеу, өндірісінің және сот әрекетінің нәтижесінде олардың алынуының заңды тәсілі болып табылады. Дәлелдемелердің мүмкін еместік ұғымы заңды түрде бірнеше құқықтық актілерде бекітілген. Бұл ең алдымен Қазақстан Республикасының Конституциясында, оның 77-бабының 9-тармағында «заңсыз тәсілмен алынған дәлелдемелердің ешқандай заңды күші болмайды» делінген. Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелерін ҚПК қайталайды, оның бабында былай деп нақтыланған: «Дәлелдемелер ретінде нақты деректер мүмкін емес деп танылады, егер олар Қылмыстық іс жүргізу кодексі талаптарын бұзу жолымен алынған болса». Олар:

1) қинау, күш қолдану, қорқыту, алдау, сондай-ақ өзге де заңсыз іс-әрекеттер арқылы;

2) оларға түсіндірмеудің толық немесе дұрыс түсіндірмеудің салдарынан туындаған қылмыстық процеске қатысушы адамдардың өз құқықтары міндеттеріне қатысты жаңылуын пайдалану арқылы;

3) іс жүргізу туындаған әрекетін осы қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге құқығы жоқ адамның жүргізуіне байланысты;

4) іс жүргізу туындаған әрекетіне қарсылық білдіруіне жататын адамның қатысуына байланысты;

5) іс жүргізу іс-әрекетін жүргізудің тәртібін айтарлықтай бұзу арқылы;

6) белгісіз көзден немесе сот отырысында анықтала алмайтын кезден;

7) дәлелдеу барысында осы заманғы ғылыми білімге қайшы келетін әдістерді қолдану арқылы.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 116-бабында тізілгендер дәлелдеме алудың тиісті көздері дәлелдеме мүмкіндігінің критерийлері болып табылады.

Бұлар:

1) күдіктінің, айыпталушының жауаптары;

2) жәбірленушінің, куәнің жауаптары;

3) сарапшының жауабы мен қорытындысы;

4) заттай айғақтар;

5) тергеудің және сот әрекетінің хаттамалары;

6) басқа да құжаттар.

Дәлелдеменің шынайылығы. Бұл олардың сипаттамасы сондай тексеру нәтижесінде анықталғандай, ондағы мәліметтер шынайы ақиқатқа, өмір



шындығына сай келеді. Ақиқаттығы ешқандай күмән келтірмейтін, негізделген, дәлелденген білім шынайы болып табылады.

Сонымен, кез келген шынайы білім ақиқат болып табылады, алайда кез келген ақиқат шынайы болып табылмауы мүмкін.

Жеткілікті деп тиісті іс жүргізу шешімін қабылдау үшін, іс бойынша ақиқатты анықтайтын, мүмкін болатын және шынайы дәлелдемелердің жеткілікті көлемде және бір жинаққа түгел жиналуын атайды.

Дәлелдеменің қатыстылық, мүмкіндік, шынайылық, және жеткіліктілік сияқты қасиеттерін зерттей отырып іс бойынша ақиқат анықталуы мүмкін, демек қылмыс жасаудағы адамның кінәсі де анықталады деген сөз.

## 10 Сот сөзі.

### 10.1 Сот сөзін сөйлеушінің мәдениеті

Сотта сөйлейтін шешен үшін сауатты әрі мәдениетті ойын жеткізе білудің мәні зор.

Соттағы сөздің мәдениеті-нақты тыңдаушыларға нақты бір жағдайда алға қойған міндетке сәйкес жақсы әсер қалыптастыра білу үшін тілдің материалдар құндылығы пайдалану. Сотта сөйлейтін шешен ана тілін шебер меңгерумен қатар, сол тілді өзі баяндайтын тақырыпқа орай орнымен қолдана білуі қажет. Сөздің сауаттылығы мен мәдениетіне қаралған істің, әрбір жеке адамның тағдырының дұрыс шешілуі тәуелді. Сөзде қолданылған әрбір сөз оның мағыналық мәніне толықтай сәйкес деңгейде болуы шарт. Өкінішке орай, көптеген айыптаушылар мен қорғаушылар өз сөздерінде нақтылық пен дәлдікті ұстала бермейді. Олардың басты кемшіліктерінің бірі-шет тілдерден енген, сөздерді оңды-солды қыстыру, көпшілікке онша түсініксіз осындай сөздерді арластырып сөйлеудің тиімсіздігі дәлелденген. Заң терминдерін шамадан тыс көп қосып сөйлеу де оң нәтежеге жеткізе бермейді.

*Соттық сөздердегі шешендік тәсілдер.* Сонымен, қылмыстық істі соттық тергеу аяқталуға жақын, сот соңғы сөзін айтатын сәт те келіп жетті. Әрине айтылатын сөз қағазға түсіріліп дайын тұр, оның мазмұны мен мәні-сот шешімінің ақылы мен жүрегінде қаттаулы.

Сөз сөйлеу - шешендік қызыл тілдің шарықтау шегі. Тәжірбиелі прокурор мен адвокаттарда сотта сөз сөйлеу бойынша өзіндік қалыптасқан дағдылар: салқынқандылық, ұстамдылық пен сабырлық мол, сондықтан олардың сөзі түсінікті әрі сенімді шығатыны даусыз. Ал жұмысын жаңа бастаған сот мамандары үшін үйренетін нәрсе көп.

Сот сөз бергенде он секундтай үзіліс жасап барып бастаған дұрыс, бұл тыңдаушылардың назарын өзіңізге толық аудару үшін қажет «Киіміңе қарап қарсы алады» деген сөз бар сондықтан киім, аяқкиім мен шаштың сәні мұнтаздай таза әрі жинақы болғаны жөн. Сөз сөйлегенде нық әрі сенімді тұрып, қарапайым, табиғи және салмақты болған дұрыс. Ұзақ сөз сөйлеу қажет болғанда, бір орында қозғалмай қатты қалмай, қалпыңызды аздап өзгертіп тұрғаныңыз оңды.

Сотта сөйлеу сөзі тиімді әрі әсерлі болуы оның қаншалықты дұрыс аргументтелгеніне байланысты. Бірақ соған қарамастан жұртшылыққа әсерлі болуының негізгі құралы болып сөздің мәдениетті құрастырылуы, оның анық болуы, оратордың дұрыс сөйлей білуі жатады. Күшті, дыбысты дауыс, анық дикция, дұрыс және мәнерлі дауыс ырғағының (интонация) бірге болуын *сөйлеу техникасы* деп аталады. Адвокат ораторы үшін сөйлеу техникасын меңгеру деген – бұл өз сөйлеу аппаратын басқару, дауысын, дикциясын, дауыс ырғағын, паузаны дұрыс әрі толық пайдалану.

Сөзді қабылдау көп жағдайда оратордың *дауысына* байланысты. Дауыс – бұл сендірудің негізгі құралы. Бұл жіңішке, ғажап құрал. Күшті, білгіш, мәнерлі

дауыс барлық ойды және эмоционалдық әсер етуге септігі зор. Сондай-ақ оның даусының үні зор болу керек, яғни аудиториялық соңында отырған қатысушыларға естуі тиіс. Дауыстың күштілігі – адвокаттың өз ойын, сезімін, еркін жеткілікті түрде жеткізу және сендіре білу қабілеті. Ол үшін дауыс ырғағының шығу, жоғарлығы, үннің кең диапазонында да болуы, әр түрлі тембрмен әсемдеуі керек. Дауыстың диапазоны - оның үндік көлемі. Сөз сөйлеген кезде дауыс диапазонының өзгеруі арқасында оның мәнерлі шығуына және ойдың толық түрде берілуіне әсер теді. Ал диапазонның дұрыс шықпауы, бірқалыпты, өзгеріссіз сөздің айтылуы оның істі толық түрде түсінуге кедергісін тигізеді. Егер оратор істің материалдарын дұрыс білмесе, дәлелдемелер таппаса, онда оның даусында үзілістер көбейеді, түсініксіздеу болады. Сөзді жақсы қабылдау мүмкін болмайды оратордың дауысы жіңішке, әлсіз, өз-өзіне сенімсіз шықса, тыңдаушылардың арасында оны түсіну қиын болады, оларды сендіру қиынға түседі. Сондықтан да дауыстың дұрыс шығуын үйрену маңызды болып табылады.

Таза дикциялық сөз - адвокат оратордың үлкен абыройы мен қадір қасиеті. Дикция- үндері, буындары, сөздері нақты, түсінікті ашық айтылуы. Дикцияның анықтылығында оратордың мәдениеті көрінеді, оның тілге деген, сотқа азаматтарға, сот процесінің тыңдаушыларына деген сыбайластығын білдіреді. Нақты оның дикциямен сөйлеу үшін тілмен ерінмен жән жақ пен дұрыс жұмыс істеу кезінде ғана жетуге болады. Осыған жақсы көмекші ретінде жаңылтпаш айтудан бастауға болады. Егер жаңылтпашты тез айта білген соң, әр сөздің мағынасын түсініп, дикцияны дұрыстау мүмкіндігі туады. Тез оқып үйренген соң, жайлап оқып, сосын тез оқу керек, бірақ дикцияны сақтау керек. Сондай-ақ оратор өз сөзінде темпті өзгертіп отыруы оның ішкі сезімдерінің әсерінен болады. Бірақ өте тез темпта сөйлеген кезде, мәліметтерті толық түсінуге мүмкін болмайды. Ал өте жәй темпте сөйлеу, соттың маршрутына әкеліп соқтырады, мұның бәрі оратордың есті толық білмеуі, дәлелдемелердің болмауынан.

Егер сөз оптимальді темпте беріліп, бірақ еш өзгеріссіз айтыса, онда оны түсіну қиынға түседі, яғни әр түрлі мән-жайларды, айыпталушының іс-әрекеттерін және оның мінездерін айтқанда материалдарға анализ жасағанда, сот ораторы оның шындыққа сәйкес екеніне немесе жалған дәлелдемелер екенін айтқанда, аргумент жасағанда шешім қабылданғанда бір темппен айту дұрыс емес, қайта ол сөзді нақты, анық, тоқталып, кей жерде асықпай айту оның шеберлігін көрсетеді.

Мәнерлеп айтылу сот сөзінде интонацияның байлығын көрсетеді. Интонация дегеніміз сөздер әсерлеу, кезектілікпен үннің шығуы, темп пен тембрдің шығу жоғарлығымен айтылуы. Тон - үннің шығу жоғарлығы сөйлеу кезінде үннің өзгеріп отыруы; адам даусының жоғары дәрежеде шығуы. Тембр - бұл адам даусының табиғи үнбік өзгеруі яғни әр адамда өзіне тән қайталанбас болуы. Бірақ тембр оратордың физикалық және моральдық күйіне байланысты өзгеріп отырады. Дауыс ырғағы адвокат сөйлеу кезінде өзіндік бір музыкалық әсемдеу беріп, әсер қалдырумен ерекшеленеді. Бұл тонның өзгеру кезінде

байқалады. Сот оратордың сөзінде әр түрлі мелодиялық әсерлеу арқылы берілуі көп жағдайда қажет болып табылады. Даус ырғағының бай суреттелуімен Ф. Н. Плевако қорғау сөзінде сот процесіне қатысушыларға әсері өте жоғары болды.

Адвокат сөйлеген кезде үзіліс жасау өте маңызды, өйткені сөздің немесе сөйлемнің ойдық әне эмоциялықтың жағынан ерекшеленіп берілуі. Үзіліс- бұл уақытша үннің тоқталуын яғни келіп тұрған ойды белгілі бір себептерге немесе әсер етуші функцияларға байланыста тоқтата тұруы. Аызша сөйлеу кезінде ойлаумен байланысты үзіліс болуы мүмкін, яғни оратор өз ойын жинақтап, тілдік құралды пайдалана отырып ең керектісін айтуға қаже болуы мүмкін.

Үзіліс атқаратын функцияларына байланысты:

1. Логикалық үзіліс; 2. Психологиялық үзіліс болып бөлінеді.

Логикалық үзіліс - сотта сөйлеу барысында туады, ойын білдіру кезінде, яғни бір ойдан келесі ойға өту дұрыс реттілікпен айтылуына, маңызды әсерлерін атап өтуге, қатысушылардың көңілін аударуға маңызды құрал б.т.

Психологиялық үзіліс эмоциялық кезендердің атап өтуге, қатысушыларға психологиялық әсер ету құралы б.т.

2. Сот ораторының мәдениетінде маңызды көрсеткіш ретінде сотта сөйлеу кезендегі нақтылық пен тапқырлықтың әдеби тілде айтылуы. Бірақ әдеби тілде айтылудың нақты айтылу түпнұсқалары жоқ, орфоэпиялық норма сәйкес әрекет етуші (кезектілікпен) жүйенің кезектілікпен айтылуын айтамыз. Адвокат оратор сотта сөйлеген кезде оның дауысты және дауыссыз дыбыстыларды, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздыларды ережеге сәйкес айтуы.

3. Дыбысты әсерлеу немесе эвфония (грек euphonia-ішінен, eu-жақсы, rhoia-дыбыс) үндері эстетикалық жағынан бағалау, олардың сәйкес келуі, құлаққа жағымды және жақсы естілуі.

4. Сөзінде үндік ұйымдастырушылықтың маңызды элементі ретінде екпінді дұрыс қою арқылы акцентология норианы сақтау болып табылады З.В. Савковтың айтылуынша «Сөздік екпін-сөзді ұымдастырумен байланысты олар сөздің мықтап айтылуына, үндерді бір-біріне жалғайды, буындардың құрылып (сөйлемнің) сөздердің дұрыс құралуына септігін тигізеді. Шын мәнәнде, екпіннің дұрыс белгіленуінің негізгі функциясы сөздің фонетикалық ұйымдастырылуын жүзеге асыру болып талылады.

## **10.2 Қылмыстық және азаматтық істер бойынша сотың бірінші сатысындағы прокурор мен адвокаттың сөйлеулері**

Прокурор мен адвокатқа қылмыстық іс бойынша процессуалдық позицияларын анықтап алулары үшін ең алдымен іс материалымен етене танысқандары абзал. Бұлай ету - сөз сөйлеуге дайындықтың негізін құрайды. Кез келген, барынша айқын, ешқандай қиындық тудырмайтын қатардағы іс болса да, онымен тынғылықты танысып алғандары жөн. Әсілі, бұлай, іспен егжей-тегжейлі танысу - сотта ұтымды сөйлеу кепілдерінің бірі болмақ. Әрбір қылмыстық істің материалдарын жан-жақты игерудің мақсаты мынаған саяды: кәсіби шеберлікке тән қасиетпен сот барысында не тексерілетінін алдын ала

болжай алу; айыптау қорытындысы шешімдерінің іс материалымен сәйкестілігін анықтау; іс бойынша барлық дәйектемелер мен дәлелдемелерді тергеушінің есепке алуын қадағалау; соттың алдын ала тергеуінде кемшін деген тұстарды толықтырудың қажеттілігін айқындау. Істі етене жақсы білу процеске қатысушы басқа тараптардың жетегінде кетпей, сот тергеуінде өзіндік әдіс, тактиканы, позицияны тандау үшін, сөз сөйлеудің мазмұнын айқындап, сөйлеуге жоспар құру үшін қажет-ақ.

Іспен танысу барысында алдымен қылмыстың неге, неліктен болғанын, сотқа нені, қалай дәлелдеген ләзім екенін, сот шешіміне қалайша әсер еткен дұрыс дейтін сауалдарға жауап іздеген құба-құп. Сот шешіміне әр түрлі дәйектемелер, дәлелдемелердің әсер етуі мүмкіндігін есте ұстап, ол үшін іс материалдарын еркін меңгеріп, сот процесіне белсене араласқандары ұтымды болмақ. Сонымен бірге айыптаушы мен қорғаушының іс бойынша кәперлеріне алатын мәселелері: істің нақты мән-жайын пайымдау; дәлелдемелерді бағалап, талдау; қылмысты саралауды негіздеу; сотталушы мен жәбірленушінің жеке тұлғалық мінездемелері; қылмыстың жасалуына түрткі болған себептер мен жағдайларға талдау жасау; жазалау шаралары туралы төл ойлары мен азаматтық талап.

Соттың бірінші сатысындағы қылмыстық іс бойынша төрелік айтылар сөздің өзегін мыналар құрайды:

- істің нақты мән-жайы, олардың қоғамдық-әлеуметтік бағасы;
- дәлелдемелерді талдау мен бағалау;
- анықталған нақты мән-жайларды заң тұрғысынан бағалау — қылмысты саралау;
- сотталушының жеке тұлғалық, қажеттілігіне қарай қылмыстық сот процесіне басқа да қатысушылардың мінездемесі;
- қылмыстық жазаны қолдануға байланысты немесе одан адалау мәселелері;
- азаматтық талапты шешу мәселелері;
- шешімін табуға тиісті басқа да мәселелер;
- қылмыстың жасалуына түрткі болған себептер мен салдарларды талдау және оның алдын алу туралы ұсыныстар.

Соттың бірінші сатысындағы азаматтық іс бойынша төрелік айтылар сөздің өзегіне мыналар кіреді:

- іс үшін маңызы бар нақты мән-жайлар;
- дәлелдемелерді бағалау;
- іс бойынша заң баптарын қолдану туралы ұсыныстар;
- іс шешудегі ұсыныстар;
- негіздің барлығына байланысты жеке анықтаулар шығару туралы ұсыныстар.

Наразылық пен шағым бойынша өтілетін соттың екінші сатысында соттық пікір-таластарға орын жоқ. Ондағы сот шешендерінің шығып сөйлеуінің мазмұны басқаша сипат табады.

### 10.3 Қылмыстық және азаматтық істер бойынша соттың екінші сатысындағы прокурор мен адвокаттың сөйлеулері

Соттың екінші сатысындағы прокурор мен адвокаттың сөздері өзінің мақсаты мен міндеті, түрі жағынан бірінші сатыдағы сөйлеулеріне қарағанда мүлдем өзгеше. Сотқа жазатын апелляциялық шағымы бойынша адвокат өз сөзін шығарылған сот үкімінің дұрыс, бұрыстығы жөніндегі түсініктеме беруден құрады. Оның түпкі мақсаты — соттың бірінші сатысындағы шығарған үкімінің күшін жойдыруға тырысу. Адвокат өз сөйлеуінде үкімнің заңсыздығы мен негізділігін тілге тиек етіп, қорғаушысының арызын қолдап сөйлейді. Қарсы жақтың шағымын жоққа шығаруға тырысады. Соттың бұл сатысында прокурор наразылықты қолдап, іс бойынша қорытынды сөзін шығарады.

Сот мәжілісіндегі апелляциялық сатыдағы қылмыстық істі қарау барысындағы төрелік айтар сөздің негізгі мазмұны мынаған саяды:

- шығарылған шешім немесе үкімнің дұрыстылығын негіздеу не сынау;
- апелляциялық шағымды немесе наразылықты негіздеу не сынау;
- жинақталған қосымша материалды талдау және бағалау;
- белгілі бір шешім шығаруға (апелляциялық сатыдағы сотқа) ұсыныс айту.

Сонымен әрбір сот сатысындағы сөйленер төрелік сөздің мазмұнына оның өзегін құрайтын осындай негізгі элементтер кіреді. Бұларды айтпай кетуге негіз жоқ.

Прокурор мен адвокаттың сөйлейтін сөздерінің құрылымы олардың ұстанған позицияларына тікелей байланысты келеді. Сотқа берген шағым-түсініктемесінде адвокат тек соның аясында ғана шектеліп қоймайды, істің мән-жайы туралы өзінің жаңаша көзқарасын білдіруге құқылы. Қылмыстық іске, құқықтық тұрғыдан жаңаша бағасын бере сөйлейді. Мұның өзі көбіне көп қылмыстық істегі фактілерге, дәлелдемелерге сот мүшелерінің басқаша баға беруінен келіп туындайды. Адвокат пен прокурор соттағы өз позициясын негіздеу үшін кей қосалқы дәлелдемелерді айғақ ретінде келтірулеріне болады.

Прокурор мен адвокатқа өздері жазған наразылық пен шағымдарын түгел қайталап оқып шығудың қажеті шамалы. Өйткені сот мүшелері онымен алдын ала танысады, мазмұнына қанық. Керегі тек ең сөлін, негізгі желісін басқаша, жаңаша пайымдаумен жеткізсе болғаны. Сот алқасының алдына шығып сөйлейтін сөздерінің жоспары болуы міндетті. Жоспарының мазмұны шағым не наразылықпен өзектес шыққаны ләзім. Алайда өзекті жайға шағым не наразылықтағыдан гөрі барынша кеңінен тоқталады. Сондай-ақ сөздерінде қосымша дәлелдеме, дәйектемелер, заңға сілтемелер келтірулері тиіс. Сөздерінде соттың бірінші сатысында, алдын ала тергеу органдары заңдық тұрғыда қандай бір өрескел бұзулар жасады, бәрі-бәрін назардан «тыс қалдырмай көрсеткені жөн.

Адвокат сот мүшесінің баяндауынан кейін барып шығып сөйлейтін болғандықтан, қылмыстық істе соттың назарына іліге қоймаған кей мәнді орны бар дәлелдемелерге тоқталғаны дұрыс дейді мамандар<sup>1</sup>. Адвокат өз сөзінде

шағымды тынғылықты негіздеп, тұжырымдарын нақтылап, қосымша дәйектемелер келтіруі міндетке саналады<sup>2</sup>. Адвокат сөзі әуелгі үкімнің не шешімнің заңсыздығы не негізсіздігін қозғаған қысқаша кіріспеден тұрып, содан кейін барып, өз сөзін дәлелдеуге құрады, негізгі бөліктері: үкімнің не шешімнің негіздерін, жәбірленушінің, қарсы жақтың, прокурордың көрсетпелерін сынға алады; өз позициясының негізі болған дәйектемелерге талдау жасайды. Қорытынды бөлікте тұжырымдары мен өтінішін мейлінше айқын етін нақтылай көрсетеді.

Прокурор соттың екінші сатысында шығарылған үкімнің не шешімнің заңдылығы әрі негізділігі туралы қорытынды шығарады. Егер іс наразылық бойынша тындалса, прокурор қорытынды шығарумен бірге, соттың бірінші сатысындағы прокурордың позициясымен байланысты болмаса да, наразылықты негіздейді. Онысы жан-жақты әрі заңдық тұрғыда нақты негізделуі шарт. Прокурор соттың назарын шағымда не наразылықта көрсетілмеген, бірақ істі қарауда маңызды орын алатын кейбір мән-жайларға аударуға тырысады. Прокурор шағымда келтірілген әрбір дәлелдемелерге талдау жасауы тиіс. Прокурордың қорытынды сөзі шағымда не наразылықта келтірілген дәлелдемелерге талдау жасаудан, істі жан-жақты, толыққанды қараудан, қылмыстық не азаматтық заңды дұрыс не бұрыс қолданғаны туралы дәлелдеуден тұрады.

#### **10.4 Прокурорлық немесе айыптаушылық сөз**

Прокурордың айыптау сөзі оның қызметімен тікелей байланысып, өзара қабысып, астасып жатыр. Яғни, прокурор сөзі оның негізгі атқарар қызметінен туындайды. Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабының 1-4 тармақтарына, 1995 жылдың 21-желтоқсан күнгі Елбасының заңды күші бар «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы ҚІЖК 62-бабына сәйкес: «Соттың қылмыстық істі қарауына қатысушы прокурор айыптауды қолдау жолымен мемлекеттің мүддесін білдіреді және Мемлекеттік айыптаушы болып табылады. Мемлекеттің мүдделерін қорғап талап қоюға құқылы».

Айыптаушылық сөз — қылмыстық іс бойынша жарыссөзге қатысады, мемлекет атынан айыптауды қолдаған, іс бойынша жинақталған дәлелдемелерге талдау жасаудан тұратын, жасалған қылмысқа баға беріп, сараптайтын, соның негізінде жазалау шарасын тағайындайтын, басқа да заң тұрғысынан негізгі үкім шығаруда маңызы бар, азаматтарды құқықтық, адамгершілік жағынан тәбиелейтін прокурордың сөзі.

Қылмыстық істің түйінін шешуде сотқа қосалқы көмек беретін, мемлекет атынан айыптаушы міндетін атқаратын прокурордың сөзінің қылмыстық сот жүргізу ісінде алар маңызы ерекше. Орыс заңгері Р. А. Руденко сотта мемлекеттік айыптаудың қылмысқа қарсы күресте қоғамдық пікірді қалыптастырудағы орнын айрықша бөліп айтқан еді.

Айыптаушылық сөздің мазмұны белгілі бір іс бойынша сөйлейтін прокурордың азаматтық позициясымен, төрелік айтар сөздің мәнімен өрнектеледі. Қазірде халық арасында прокурор сөзін алдағы сот шығарар үкімнің әуелгі негізгі жобасы санайтын жаңсақ пікір етек алған. Ендеше бұдан қорғаушы сөзі де алдын ала белгіленген үкім жобасының негізінен шығады деген ұғым туындауы да мүмкін. Осы екі жобаның қисынға келер бірін ғана соттың таңдауы керек деген жорамал айтады. Бұл тіпті де олай емес. Соттағы төрелік айтар сөзде үкім шығару үшін қарастырылар барлық мәселе тілге тиек болады. Прокурор болашақ үкім жобасын емес, қылмыстық іске деген өзінің ой-шешімін ғана айтады. Шынтуайтында заң бойынша прокурор былай тұрсын соттың да сот процесіндегі жарыссөзден кейін кеңесу бөлмесінде болмаса, алдын ала үкім шығаруға құқысы жоқ.

Прокурор өз позициясын іс материалдары бойынша әрі соттағы процессуалдық қызметіне қарай айқындайды. Бүгінгі таңдағы ғылыми әдебиетте прокурордың істегі процессуалдық қызметі туралы екі түрлі көзқарас қалыптасқан: бірі — кей авторлар оны мемлекеттік айыптаушы деп біледі, екінші біреулері — заңның дұрыс жүргізілуін қадағалайтын бақылаушы органның өкілі деп таниды. Негізгі мазмұнының өзегінде көптеген мәселелер қамтылатын айыптаушылық сөз бір ғана айыптаумен шектелмек емес. Прокурор өз сөзінде қылмыс жасауға түрткі болған себептер мен жағдайларға тоқталып, соттың назарын заңның өрескел бұзылуына аударады, орын алған қылмыстық іске қоғам тарапынан бағасын береді. Сондай-ақ бұл тәрбиелік, адамгершілік аспектілерді де қозғай кетеді. Осылайша соттың айыптауын қолдауы — айыптау сөздің негізгі желісін құраса да, ол бір бөлігі ғана. Ол заң талабын дұрыс та бұлжытпай орындауды керек ететін прокурордың Конституциялық және процессуалдық қызметінен келіп шығады.

Айыптау ұғымы туралы ғылыми пікір-көзқарастарда бірізділік жоқ, алақұла. Айыптау — белгілі бір іс жүргізу түрімен анықталған белгілі бір тұлғаның қылмыс жасағандығының көрсеткіші, қылмыс жасаған қылмыскерді анықтауға бағытталған, қылмыстық әрекетті дәлелдеудің дұрыстығын әйгілейтін сот ісін жүргізудің бір түрі. Егер прокурор соттың қарау барысында қылмыстық жауаптылыққа тартылған тұлғаның қылмыс жасағандығына анық көз жеткізсе, айыптау тұрғысынан іс материалдарын қорыта отыра, өзінің сөзін көпшілік алдына көлденең тартады. Алайда бұл міндетті түрде айыптау қорытындысының шешімдерін қолдайтын, айыптау үкімі туралы қаулы шығару деген шарт емес. Прокурорлар соттаулышыны кінәлі деп тапқан талай қылмыстық, азаматтық істерге тоқтау салынып, не ақталып жатуы, сөз жоқ, олардың кәсіби деңгейіне күмән туғызады. Оның артында адамдардың заңды құқығын бұзу, сот төрелігі мүддесіне қайшылық, заңның сақшысы ретіндегі прокурор беделіне нұқсан келтіру деген көзқарас, пікір қылаң береді. Прокурор көпшілік алдына шыққан кезде өзінің заңның сақшысы, әділдіктің жаршысы, мәмілеге келе бермейтін тұлға, сөзі мен ісіне табанды жан екенін ұғынуы қажет. Прокурор сөзінде айыптау жағы басымдау болғаны ләзім. Бірақ бұл



қоғамға қауіпті жасалған іске атүсті жеңіл-желпі қарау, шындық, ақиқатқа қайшы келетін әрекетке бару деген сөз емес.

Қазірде іс жүзінде талапқа сай келмейтін айыптаушылық сөздер аракідік болса да кездесіп қалады. Мысалы, бұзақылық туралы қылмыстық істе прокурор мынадай сөз айтқан: «Құрметті сот төрағасы, болған іс бәрімізге түсінікті. Сотталушы К гүлзардың гүлін жұлған. Әйел мен балаларға балағат сөздер айтып, төбелес шығарған. Қылмыстық істе төбелестің ұрыс-айғайдың болғанын дәлелдейтін мағлұматтар бар. Сотталушыны кінәлі деп тауып, үш жылға бас еркінен айыруды сұраймын». Мұндай сөздерде қылмыстық іс жан-жақты тексеріліп, объективті баға берілген деп айтпас едік.

Қазақстан Республикасының ҚІЖК айыптаушылық сөз элементтерінің неден тұратынын белгілемейді. ҚР ҚІЖК 317-бабының 4-тармағында: «Прокурор дәлелдерді ұсынады және оларды зерттеуге қатысады, сотқа айыптаудың мәні бойынша, сондай-ақ сот талқылауы кезінде ондаған басқа да мәселелер бойынша өзінің пікірін баяндайды, сотқа қылмыстық заңды қолдану және сотталушыға жаза қолдану туралы ұсыныс айтады» делінген. Алайда тәжірибе жүзінде соттағы дауларда бүгінгі таңда айыптау сөздің құрылымы қалыптасып үлгерген деуге әбден болатындай. Айыптау сөзінің құрылымы мынадай элементтерден тұрады:

- 1) қылмыстың қоғамдық бағасы;
- 2) істің мән-жайын баяндау;
- 3) іс бойынша жиналған және сот тексерген, зерттеген дәлелдемелерді талдап, бағалау;
- 4) қылмысты саралауды негіздеу;
- 5) сотталушыға, ал кейде жәбірленушіге мінездеме беру;
- 6) жазалау шарасы және азаматтық талап бойынша өз ой-пікірін білдіру;
- 7) қылмыстың жасалуына түрткі болған жағдайлар мен себептердің көзін ашу және оларды жою туралы ұсыныстары.

Сотталушының, ал кей жағдайларда жәбірленушінің, басқа адамдардың мінездемесі сотталушы сияқты жеке тұлғаның жауапкершілігін негіздеу үшін ғана емес, сондай-ақ қылмыстың субъективті жағын анықтап, дәлелдемелерді бағалау үшін де керек. Құрылымының негізгі бөліктерін міндетті түрде сақтап отыру қажет те емес. Өйткені айыптаушылық сөздер бір-бірінен аумайтын егіздің сыңарындай, тұщымсыз, татымсыз шығып, тәрбиелік мәнінің жойылуына әкеліп соғар еді. Мәселен, Қарағанды облыстық сотта қаралған № 9816129 азамат Н-ны ҚР ҚК-нің 96-бабы І-бөлімімен айыптау туралы қылмыстық істегі айыптаушының сөзі: «Құрметті сот төрағасы! Сот мәжілісінде сотталушының ҚР ҚК-нің 96-б. І-бөлімімен айыпталған іс қаралып отыр. Алдын ала тергеу барысында айып дұрыс дәрежеленген. Нураскаров сөзге өгей әкесі Абдрахманов Отанмен келіспей қалып, төбелесіп, жанжалдасқан. Миына зақым келіп, өкпесіне қан құйылған, қабырғалары сынған. Іс құжаттарымен, сараптама қорытындысымен, сотталушының жауабымен айып толық бекіп отыр. Ауыр дене жарақатын алып, осы ауыр дене жарақаты салдарынан қайтыс болған. Сотталушыны ҚР ҚК-нің 96-бабы І-

бөлімімен айыпты деп тауып, 8 жылға бас еркінен айыруды, жазаны қатаң режимде өтеуді, бас шарасын өзгеріссіз қамауда қалдыруды сұраймын». Айыптау дәлелдермен толық анықталса да, сөз қан-сөлсіз шығып отыр. «Н. сөзге өгей әкесі - А.-мен келіспей қалып, төбелесіп, жанжалдасқан. Миына зақым келіп, өкпесіне қан құйылған, қабырғалары сынған» деген сөздің стильдік құрылымында тіпті жәбірленген адам емес, сотталушы қайтыс болғандай көрінеді. Қылмыстық істің қоғамдық бағасы берілмеген. Біздің пікірімізше, айыптау тактикасы бойынша құрылымның қатып қалған шаблонын емес, ойдың бірізділігін сақтау жөн. Егер айыптау дәлелдермен толық анықталған болса, оған көп көңіл бөліп, тоқтаудың қажеті шамалы дейміз. Қылмысты саралау (квалификациялау) дау туғызатындай пікірталасқа әкелер болса, оған заң тұрғысынан негіздеуге көбірек көңіл аударған ләзім. Егер айыптау жанама дәледемелерге ғана құралса, анық болған істі тәпіштей баяндап, дәледемелерге тиянақты түрде талдау жүргізу тән.

Айыптаушылық сөзде сот тергеуінің қорытындылары келтіріліп, істің барлық материалдары анықталады, дәледемелер мемлекеттік айыптау тұрғысынан талданады. Прокурор мемлекет атынан сөйлейтіндіктен оған қатаң талаптар қойылады. Әрбір айыптаушылық сөзде қарастырылып отырған істің қоғамдық бағасы беріледі, жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілігі келтіріліп, қандай да қылмыстық іспен ұсақ-түйегіне қарамай қарсы күрес жүргізуіне үндеп, қылмысты жасаудың алдын алу көзделеді.

Прокурордың айыптаушылық сөзіне этикалық талаптар да қойылады. Соның ішінде ең бастысы — істің қарау барысында прокурордың өз позициясын айқындап, анықтап алу жатады. Оның шешімдері мен тұжырымдары заңға қатаң сәйкес болуы — шарт. Сотталушыға тән қылмыс жасалған сәттегі, іс-материалдарына қажетті белгілерді таба білуі керек. Сотталушының толық мінездемесін келтіру міндетті емес. Маңыздысы — қылмыскердің моральдық бейнесінің, мінез-құлқының қоғамға қауіпті әрекетіне қатысы барлығын айтуда. Қаралып отырған қылмыстық іске қажетсіз болған жағдайда көпшілік алдында оның өмірінен арына кір келтіретіндей дерек іздеу, өмірінен мәліметтер айту тіптен де адамгершілікке жатпайды. Сотталушыны келеке қылу, намысына, арына тиіп сөйлеу — прокурорға жат қылықтар. Кей сәттерде жәбірленушіге де мінездеме беру шарт. Оған жабылған жаладан, негізсіз айыптаудан қорғап қалуы керек. Жәбірленушіге теріс мінездеме берілсе, ол барынша негізді, ұстамдылықпен, байсалдылықпен айтылуы тиіс. Қылмыс жасалған кездегі жәбірленушінің құқыққа қарсы әрекетін, адамгершілікке жатпайтын қылықтарын да назардан тыс қалдырып, сөз етпей кетуге болмайды. Прокурор айыптаушылық сөзінде біржақты пайымдаудан қашқаны абзал. Оның айыптауы соттың айыптауы емес. Ол сот процесінде шығып сөйленде көпшілік оның сөзінен сотқа деген қадірін, құрметін сезінуі керек. Ұстанған позициясы мейлінше айқын, дұрыс екенін сотқа сездіруі шарт.

## **10.5 Қорғаушылық немесе адвокаттық сөз**

Әдетте тергеушілер қызметі туралы аз жазылып жүрген жоқ. Сот жайында да жазылған жұмыстар баршылық. Ал адвокат еңбегінің технологиясы туралы білетініміз тіптен мардымсыз. Егер аналогия келтірсек, жасалған қылмыс туралы дәлелдемелер жинақтаудағы тергеушінің мүмкіндік арсеналы мейлінше шексіз. Адвокат болса алдын ала тергеу қорытындысының қателіктеріне, кемшіліктеріне көзі әбден жетіп тұрса да, ол тек заңға жүгініп, содан өзіне ілік, жақтас іздейді, өзінің ойлау үрдісінің темірқазық логикасына, сондай-ақ қарастырылар іс материалдарының жеке-жеке детальдарына ғана сүйеніп, тұңғыықтан алып шығар жіңішке сүрлеулі жолын іздейді. Осындай шынайы қорғаушының күш-қайратының арқасында ғана әділеттіліктің туы желбіреп, кінәсіз адам қамаудан босатылады. Ендеше қоғамдағы зәрудей қажеттілігі еш күмән туғызбайтын шешендік шеберлікі меңгерген адвокаттық кәсіптің қыр-сыры нендей, оның әділетті сот жүйесіндегі алар орны қандай деген сауал зайырлы, құқықтық қоғамда ғұмыр кешкен әрбір адамды толғандырмай қоймайтыны анық. Нақтылай айтқанда, адвокат ісі: жұртшылықты қабылдау арқылы консультация-кеңес беру, тергеу сатыларынан бастап қылмыстық істерді жүргізуде белсене қатысып, сотта сөйлеу; жеке, мемлекеттік кәсіпорындарында қызмет көрсету, азаматтық істерді жүргізу т. б. толып жатқан еңбектерден тұрады. Сот шешендігінің жүйесі қорғаудың стратегиясы мен тактикасы, оның мазмұны мен құрылымынан келіп түзіледі. Белгілі ғалым Е. Қайыржанов пен Р.Жәмиева бірігіп жазған еңбектерінде қорғау тактикасы мен түсінігіне, мазмұны мен құрылымына ғылыми әдебиетте тұщымды жауап беріле қойған жоқ дей келе, өздері тарапынан анықтама бере кетеді: «Қорғау тактикасы — бұл қорғау қызметін оңтайлы жүзеге асыруға бағытталған ғылыми ережелер мен ұсыныстар жүйесі... Қорғау тәсілі — бұл қорғау міндетін шешу мен мақсатқа жетуге мүмкіндік туғызатын, қорғау жағдайын есепке ала отырып, қолданылатын ғылыми ұстанымдарға негізделген қорғауды анағұрлым тиімді жүзеге асыратын тәсіл... Қорғау тәсілінің ішінде білімділік, шеберлік секілді өнерге тән қасиеттер кіреді. Шеберлік, іскерлік — бұл қорғау тактикасы қызметін іске асырудың, оның тиімділігінің шарты, бірақ мазмұн элементі емес. Қорғау тактикасы шеберліксіз де қолданылады, ол қаншалықты тиімді, дұрыс таңдалып, білгірлікпен жасалды ма, мәселе сонда. Қорғау тактикасы — бұл өнер ғана емес, көбіне-көп қорғаушының жеке санасына байланысты әрекет. Білімділік пен шеберлік әдемі тілмен өрілсе ғана қуатты қаруға айналады».

Аталған ғалымдар қылмыстық іс бойынша қорғауды түрлі қырынан, осы сөздің сан түрлі мазмұнынан — кең мағынада (әлеуметтік-құқықтық), тар мағынада (қылмыстық іс жүргізу) қарауға болады дей отыра, оның өте ауқымды күрмеуі қалың күрделі мәселе екенін айтып, «оны мүмкіндік болғанынша әлеуметтік-құқықтық, қылмыснамалық, қылмыстық іс жүргізу, криминалистік және басқа да жағынан зерттеу, түсіну қажет»<sup>2</sup> деп нақтылай атап көрсетеді.

Елден ерек адвокат қызметінің ерекшелігін, сот дауындағы өткір де қызу таластардан тұратынын жүргізілер стенограммалардан анық байқауға болады. Адвокат еңбегін төгілдіріп қарастырудың ұтымды жағы сол, оның елімізде енді-енді ғана белең ала бастаған құқықтық білімділікті жетілдірудегі, әрбір адвокаттың азаматтық белсенділікті арттырып, заңды бәрінен де жоғары ұстау бағытындағы еңбегінің үлесі зор. Егер шынайы адвокат қорғау барысында өз міндетіне барынша жауапты, шығармашылық түрде келіп, істі әділетті жүргізсе, мұндай игі істер әділетті сот мәртебесін одан сайын көтермесе, әсте төмендетпейтіні белгілі.

Былайғы жұрттың ұғымында егер адам қылмысқа барған болса, ол тек жазалануға тиісті, оны заң алдында ақтау қажетсіз іс деп біледі. Бұл — қате пікір. Мемлекет алдымен құқық тәртібін бұзушының тірі жан иесі — адам екенін сезіну керек. Ол белгілі бір қоғамдық қызмет атқарып отырған мемлекеттің бір мүшесі, өзінің отбасының отағасы мен отанасы, ақыр аяғында ол мемлекеттің азаматы. Ендеше мемлекет оған жеңіл-желпі қарамағаны жөн, өзіне жүктелген тікелей міндетін атқарып жүрген толыққанды бір мүшесінен жеріп, оны заңсыз мансұқ етпеуі тиіс. Әрбір адам ауыр қылмыс жасағанның өзінде қорғаушыны керек етеді. Еліміздің Ата Заңы — Конституциямыздың 16-бабында: «ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы» деп осыған кепілдік беріп отыр.

Алайда, адамды қылмыскер ретінде танымас бұрын, міндетті түрде, бұл қылмысты нақ соның жасағанын дәлелдеп алу керек. Ол көптеген факторларды қажетсінеді. Адвокат міндеті адамның жауапкершілігін жеңілдететін қиыннан қиыстырылған дәлелдемелер табумен өлшенеді. Жасырары жоқ, кейде еш кінәсіз адам да белгілі бір себептермен жауапқа тартылатын болады немесе оған жасаған қылмыстан артық жауапкершілік жүктеледі. Адвокат еңбегінің, шарықтау шыңы, осы жерде паш етіліп, жарқыл қағады. Адам сот алдында жауапты тағылған айып бойынша емес, жасаған қылмысы негізінде ғана жаза тартуы шарт.

Қылмыстық істі қарауға қатысқанда адвокат сотталушының қорғаушысы ретінде қорғау сөзін сөйлесе, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкердің өкілі ретінде олардың құқығын заңды мүддесін қорғай сөйлейді. 1997-жылдың 5 желтоқсаныныңдағы «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында: «Адвокатура қылмыстық істер бойынша қорғау, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және басқа да істер бойынша өкілдік ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау және іске асыруға жәрдемдесу мақсатында заң көмегінің өзге түрлерін көрсету жөніндегі адвокаттардың қызметін ұйымдастырады» деп көрсетілсе, келесі баптарында оның міндеттері нақтылана түседі: «Адвокат көмек сұрап келген адамға ол мұқтаж болған кез келген заң көмегін көрсетуге құқылы. Барлық соттарда заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға және білдіруге құқылы»<sup>1</sup>.

ҚР ҚІЖК 70-бабына сәйкес «Қорғаушы — заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыптаушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам». Яғни, адвокат өз қызметін қорғанушының талап-тілектерінің негізінде емес, заң талаптары бойынша жүзеге асырады.

Адвокаттың қорғау сөзі бойынша қорғанудың қажеттілік, пайдалы екеніне, адвокат қалаған позициясының заңды, әділетті екеніне адамдардың көздері жетуі тиіс. Міне, осы жайттар төрелік айтар сөздің негізгі мазмұнын құрайды. Сот процесінде кей адвокаттардың белсенділік көрсетпеуін, тәжірибе көрсеткендей, оларда кәсіби шеберліктің, біліктіліктің жетіспеуінен деп ұққан ләзім.

Сотталушы өз тарапынан айтылар айғақтарды дәлелеуі міндетті емес, ал адвокат қорғау сөзінде дәлелдемелер келтіруге міндетті саналады. Әйтпесе сотта адвокаттың қажеті шамалы, Сот процесінде адвокат прокурордан кейін сөз алатындықтан оның сөзі өткір, өтімді болғаны абзал. Қылмыстық іске итермелеген психологиялық факторларды назардан тыс қалдырмағаны дұрыс. Мысалы, Қарағанды облыстық сот тергеуінде (№200001705 қылмыстық іс) қорғаушының сөйлеген сөзінен үзінді: *«Сот мәжілісінде сотталушыны айыптаған іс қаралып отыр. Алдын ала тергеу барысында айып дұрыс дәрежеленбеген. Қасақана өлтіру құрамы жоқ. Тікелей ниетпен бармаған. Бас араздығы жоқ. Танысына әжем, шешем, бауырым, ағам қайтыс болғанда көңіл айтып келмедің, ұл-қызым мектеп бітірді, оқуға түсті, көмектеспедің деп жай сөзбен айтқан. Көптеген жарақат алып, ауыр дене жарақатынан қайтыс болған дейді, нақтылы ол өлтіргені жөнінде дәлелдер жоқ. Күмәнді жағдай сотталушының пайдасына шешілуі тиіс. Қасақана ауыр дене жарақатын түсірмеген, абайсызда болған оқиға. Іс-әрекетіне тұжырымды баға беруі керек. Сондықтан 103 б. 3-бөлімі айыбын өзгертіп дәрежелеуді сұрап, отбасы жағдайын, бұрын сотты болмағандығын, жағымды мінездемесін ескеріп, жаза мөлшерін төменгі шекті қолданып, жазалауды сұраймын»*. Мұнда қорғаушы айыпқа дәлелдер жетіспеушілігін, оқиғаға қазақтың салт-дәстүрінен туындаған түсінік түрткі болғандығы секілді психологиялық негіздерді алға тартады. Прокурормен пікірталас кезінде адвокат сөзі жоғары талап деңгейінде шығуы шарт. Өйткені ол тек айыптаушымен ғана емес айыптаумен де қарсы дауға түседі. Прокурор істегі кей маңызы бар детальдарды сөз етпей кетуі мүмкін, ал мұны адвокат та сөз қылмауы керек деген ұғым тумаса керек. Ол осы жайтты ұтымды пайдалануы тиіс. Адвокат сөзі жасалған қылмыстың түрлеріне байланысты іс материалдарынан келіп шығады. Соның жүйелі негізінде құралады. Бұл үлкен шеберлікті талап етеді.

## 11 Заңгердің жазба сөйлеуінің мәдениеті.

### 11.1 Заңгердің сөйлеуінің мәдениетіне жалпы шолу

Заңгердің міндетіне азаматтар мен ұйымдарға құқықтық көмек көрсету кіреді. Ол құқықтық сұрақтар бойынша кеңес және түсінік, заңнамалар бойынша ауызша және жазбаша анықтама береді, арыз, талап арыз жазуға және басқа да құқықтық сипаттағы құжаттарды толтыруға көмектеседі, жалпы юрисдикциялық, төрелік сотта және басқа да мемлекеттік органдарда азаматтық, еңбек істері, экономикалық дау, әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша өкілеттілік танытады. Заңгерлердің алдын ала тергеу органдарының әрекетіндегі қызметінің маңызы зор. Ол сотта жәбірленушінің, азаматтық арызданушы немесе азаматтық жауап берушінің өкілі, қорғаушысы болады. Клиентімен жақсы қарым-қатынас орнату, оның сеніміне кіру – заңгердің кәсіби міндеті.

Әділеттілік орнатуда маңызды қызметті судьялар атқарады. Ол азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және т.б. сот отырыстарына төрағалық етеді. Сонымен қатар, лауазымды тұлғалардың, мемлекеттік биліктің, органдардың азаматтардың құқығын шектейтін заңсыз әрекеттеріне қатысты шағымдарды қарайды. Мұның барлығы төзімділікті, адамдардың психологиясын жақсы білуді, олармен қарым-қатынас жасай білуді талап етеді. Сот процесі дауласқан екі жақтың жасындай жарқылдаған пікір-таластарынан, қисынды дәлелдерден, нақ та дәл, көрікті де көркем сөйлуден тұратын кеңстікті құрайды.

Ішкі істер органдарының бөлімшелерінің қызметкерлері құқық қорғау қызметімен бірге басқару қызметін, бөлімшелерді, аппараттарды басқару қызметін де атқарады, халыққа құқықтық тәрбие беру ісін де жүзеге асырады. Демек, заңгер өз қызметінде тек заңды пайдаланып қана қоймайды, сонымен қатар, түсіндіреді, дәлелдейді, иландырады. Сондықтан ол «кәсіби коммуникант» болуы тиіс, яғни уақыты мен күш-қажырын үнемдей отырып, коммуникативті мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін адамдарға әсер етудің арнайы дағдыларын белсенді түрде пайдалана білуі қажет. Заңгердің тұлғааралық қатынасының деңгейі неғұрлым жоғары болса, ол кәсіби міндеттерін де соғұрлым тиімді шешеді. Заңгер қатысымының коммуникативтік сипаты:

- Нормативтілік немесе тілдесімнің дұрыстығы, яғни ойын әдеби тіл нормасына сәйкес жеткізе білу шеберлігі.

- Нақтылық. Заңгер қатысымы процессуалдық ережелердің талаптарына сай болуы тиіс. Мәтіннің процессуалды заңға сәйкестігі құжатты дұрыс атау, тұжырымдар мен заңгерлік терминдерді заңда жазылған мағынасына сәйкес қолданудан байқалады. "Трудно назвать какую - либо другую область общественной жизни, где неточность слова, разрыв между мыслью и словом были бы чреватые такими иногда тяжелыми последствиями, как в области права, - подчеркивает А.А. Ушаков. - Неточное слово в праве - большое социальное зло. Оно создает почву ... для произвола и беззакония" [3.48].

- Логикалығы – ой құрылымы тілдік элементтердің семантикалық байланыста болуынан байқалатын қатысымның коммуникативтік сипаты. Баяндау логикасының сақталуы немесе бұзылуы тілдесімді қабылдаушылардың жағдайды түсінуіне тікелей ықпал етеді.

- Тіл тазалығы. Заңгер қатысымында әдеби тілге жат элементтері қолданылмайды, сондай-ақ сөздер орынды қолданылады.

- Анықтық және түсініктілік. Анықтыққа құжаттың нақты композициясы, баяндаудың логикалық жақтан дұрыс құрылуы, аргументтердің дәлелділігі арқылы қол жеткізіледі. Сондай-ақ құжаттарда күрделі ойды жеткізу үшін күрделі синтаксистік құрылымдарды пайдалануды көздейді.

- Тіл байлығы. Бұл коммуникативті мақсатқа қол жеткізу үшін әртүрлі тілдік құралдарды пайдалану. Қатысымда сөздер неғұрлым дұрыс қолданылса, соғұрлым онда ақпарат мол болмақ.

- Көркемдік. Тіл көркемдігіне мына құрылымдық элементтердің көмегімен қол жеткізіледі: тілдік фигура, көркемдегіш құралдар (теңеу, эпитет, ирония және т.б.) және эстетикалық жағынан жетілген стиль. «Шешендік сөзде сөйлеу айшықтары мол қолданылады. Сөйлеу айшықтары дегеніміз – тыңдаушыға әсерлі болып, сөйлеудің әсемдігін, мәнерлілігін, экспрессивті мәнін күшейтіп беретін синтаксистік құрылымдардың ерекшеленген формаларына шендестіру (антитеза), градация (дамыту), қайталау, параллелизм, риторикалық сұрау, риторикалық қаратпа сөздер, дауыс ырғағы т.б. жатады. Шешендік сөздерде бейнелі эпитеттер, образды теңеулер, аллитерация, ассонанстар молынан қолданылады» [4.70].

Сөз өнерін шебер пайдалануды қажет етпейтін мамандық бүгінде жоқтың қасы. Тіпті адам қызметінің кейбір салаларында сөйлей білу шеберлігін меңгермей жұмыс істеу мүмкін емес. Соның бірі - құқық қорғау органдары десек, асыра айтпаймыз

Сот шешендігі — сотта сөйлей алу шеберлігі сонау антикалық дәуірден бергі, көнеден келе жатқан асыл өнерлердің бірі. Прокурор мен адвокаттың сөздері бір-біріне қарама-қарсы сөз жарыстыру, пікір-таласқа құрылғандықтан, көз алдымызға ежелгі би-шешендеріміздің өзара сілкісін, батырлардың жекпе-жегін елестетерлік сот мәжілісін қып-қызыл майдан алаңына айналдыра алатындай қуаты күшті келеді. Қылмыстық, азаматтық, арнайы не әкімшілік іс бойынша орын алған оқиға, дәлелдемелерді тексеріп, жан-жақты ашып көрсетуге құрылған олардың сөздерінің дені соттың шығарар шешімі мен үкіміне ықпалды әсер ететіні сөзсіз. Кей кездері қылмыстық сот ісіне қатысушы тұлғалар іс бойынша дұрыс шешім шығаруға маңызы бар болған істің фактілері мен мән-жайларын біле, оған анық көзін жеткізе тұра, ойын қажетінше жатық тілдік тұрғыда жеткізе алмайды.

Кәсіби заңгерлер сөздерін мәнді етіп көпшілік алдында көлденең тарту үшін олар іс материалдарын жан-жақты талдап, тексеріп қана қоймай, заң кодекстерін ғана емес, сондай-ақ психологияны, педагогиканы, этика мен логиканы жетік білетін жоғары білікті мәдениетті адам болулары керек.

Соттағы айтылар төрелік сөздер қазақстандық азаматтар үшін тәрбиелік мәні бар конституциялық принциптерді сақтауда үлкен орын алады. Прокурор мен адвокаттар сөздерін төгілдіріп талдау үстінде сөйлеу сапасына әсер ететін мына жайттарды анықтадық: шешеннің биіктен шалар көсем ойлылығы, жалпы эрудициясы мен кәсіби шеберлігі; алқалы топ алдында ұтымды сөйлей алу қасиеті; сөйлеуге алдын ала тыңғылықты дайындықпен келуі. «Көпшілік алдындағы сөздің басқалармен байланыс орнату, тыңдаушының назарын аудару, сыпайылық таныту, тыңдаушының көңілін аулау, т. б. тәрізді функциялары бар». Ендеше, қазіргі сот шешендігіне қатысты тілге тиек етер зәру мәселе — заңгерлердің сот процесінде болсын немесе көпшілік алдында болсын сөйленер сөздің түрлі-түрлі ерекшеліктері, сөз мәтіндерін құру ережелері төңірегіне келіп саяды. Сөйлеу мәтіні бойынша жұмысты немесе сөйлеуге дайындық процесін риторика ғылымында бірнеше кезеңге бөліп қарау бар: бірінші кезең — бұл, ең әуелі тақырып пен оның мақсатын анықтап алу, екінші кезеңге — сөйленер сөздің кімге бағышталатынын, тыңдарман қауымын, аудитория ерекшеліктерін алдын ала аңдап алу жатады, үшінші — ой жүйелілігі үшін сөйленер сөз мәтініне жоспар құру және дәйектемелік, теориялық материалдармен қарулану кезеңі, төртінші — мәтіннің толық үлгісін жазып шығу, бесінші — мәтінді дауыстап оқу, ауызекі оқу жаттығуларымен жұмыс, алтыншы — екі ұдай, анықтамалық сұрақтар жүйесін алдын ала білуге ұмтылып, оларға ұғынықты, ұтымды жауаптарды дайындап қою, жетінші — бәсекелік пікірталасын ұйымдастыра алу, сөйлеп болғаннан соң, мәтінге толыққанды талдау жасау кезеңдері жатады. Сөз сөйлеуге дайындықтың классикалық үлгісіне жататын бұл кезеңдердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, ондағы көзделер мақсаттарды айқындап көрелік.

## **11.2 Сөз сөйлеуге дайындық кезеңдері.**

1) Сөйлеу тақырыбы. Сот процесінде тақырып жасалған қылмыс материалдары, ҚР ҚК, ҚІЖК, АІЖК, ӘҚБТК баптары негізінде айқындалады. Мұны жоғарыда сөз еттік. Ал көпшілік алдында сөйленер сөздің мәтінін жазудың негізгі алтын арқауы ой қай мәселенің төңірегінде құрылатынымен тікелей байланысты. Дәлірек айтқанда, бірінші кезекте күн тәртібінде тұрған өзекжарды көкейкесті мәселені ортадан ойып алып таңдау мәселесі тұрады. Оны сөйлеушінің өзі белгілейді. Мұндағы қойылатын бірден-бір талап — тақырып сотқа қатысушы тараптар, яғни тыңдарман қауым жете түсінетіндей ҚК-нің баптарына сүйенген қарапайым, ұғынықты болумен бірге, көптің ықылас, ынта, зейінін өзіне лезде аударып, елітіп алып кететіндей ерекшеленуі тиіс. Яғни сөйленер сөздің идеясын, проблемасын, қылмыстық істің мазмұнын терең түсініп алу керек.

Әдетте сөйлеу тақырыбы алдында тыңдаушыға белгілі бір өзекті, зәру мәселеден мағлұмат беріп, ой-санасына түрткі салу, руахни байытып, таным-түсінігін кеңейту, тереңдету сипатты келелі мақсаттар қойылады. Тақырып мақсатының көпсатылығы дейтініміз осы. Кейде жіңішке сұрлеу жолды жеке



мақсаттар да көзделуі мүмкін. Мәселен, сот ісінде белгілі бір адамның іс-әрекетін заң аясында ақтап шығу, т. б. с. с.

Сөйлеу тақырыбының көтерер жүті, мақсатына сәйкес сөйленер сөздің көлемі де әртүрлі болады. Көпсөзділікті көтермейтін, лақ еткізе нөсерлете төгіп, тоқ етерін бір-ақ айтып салатын митингілік қысқаша қайырып, уытты, отты сөйлеу бар да, ғылыми, әлеуметтік-саяси ыңғайда кеңінен жазып, емін-еркін көсіле сөйлеу бар.

2) Тыңдармандар құрамын аңдау — сот процесіндегі сөз сөйлеуге дайындықтың келесі кезеңі. Айыптаушы да, қорғаушы да сот процесіне қатысушы тұлғалармен, тыңдарман көпшілікпен, ал зангер-шешен аудиториямен тікелей байланысты болғандықтан тыңдаушылардың әлеуметтік құрамын алдымен біліп алудың еш артықтығы жоқ. Шешендік өнердің бір шарты — сөйлеушінің тыңдармандар туралы алдын ала жан-жақты мағлұматтар жинап, хабардар болуын талап етеді: олардың жас ерекшеліктерін, қызметін, біліктілік деңгейін, білім саласын, біртектілігін, әртектілігін, сөз болатын мәселеге олардың алыс-жақын қарастырылған, наным-сенімін есепке алмай болмайды. Бір қарағанда бұл жайттар «салмағы білінбейтін бір мысқалдай» елеуге тұрмайтындай болса да, сөйленер сөздің сәтті, мәнді өтуін болжап білуге мүмкіндік туғызатын қажетті арттар. Ұсақ-түйек нәрсе жоқ. Тіпті сөз сөйлеудің өтетін жерін де, онда мінбенің, микрофонның бар екендігі, мезгіл-уақыты, кімнен кейін шығып сөйлейтінін, әлгінде ғана сөз болған мәселеге көпшіліктің ықылас-зейіні қандайлығын қадағалап отырмай болмайды. Бұлардың бәрі-бәрі шешеннің назарынан тыс қалмауға тиіс дүниелер.

3) Жоспар құру. Дәлелдемелік, дәйектемелік, теориялық материалдармен жұмыс. Айыптаушы мен қорғаушының сөздері, үлкенді-кішілі жазу жұмысының қандайы да жоспарсыз жазылмайтыны кәдік. Кейде алдын ала күні бұрын құрылған жұмыс жоспары дәйектемелік-дәлелдемелік материалдардың жинақталу ыңғайына қарай әуелгі қалпынан мүлдем танымастай өзгеріп кетуі де әбден ықтимал. Бір анығы сотқа қатысушы қауымның ақиқатқа көзін жеткізу үшін, оларды иландыру, сендіру, мойындату мақсатындағы сот процесі барысында қорғап не айыптай сөйлеу көптеген дәлелдемелік дерек-айғақтар келтіруді қажет етсе, ал мерейтойда, дастарқан басында сөйленер сөздің табиғаты мүлдем басқаша, онда эмоциялық көңіл-күй реңктерін білдіретін сөздер басым келеді, той иесінің жеке басына, мереке күніне қатысты жайттар қана мысал ретінде пайдаланылады. «Фактілер — ғылымның негізгі өзегі» деп әйгілі И. П. Павлов айтатындай келтірілетін дәйектемелер мен дәлелдемелер өз орнында, иінді қолданылса ғана сөз соғұрлым әсерлі, сом алтындай салмақты шығары хақ.

Дәйектемелік, теориялық материалдармен жұмыс кезінде негізге алынатыны — дәлел-айғақтардың шынайылығы, өмірдің қайнап жатқан ортасынан алынып, соқырға таяқ ұстатқандай айқын да нақты болуы. Десек те олардың көп болғанының зиянды жағы жоқ емес, өйткені дәлелдемелердің

көптігінен негізгі айтылар ой төркіні көмескіленіп, тыңдаушының көкейіне жетпей қалатыны болады.

Жазба нұсқалармен жұмыс істей білудің бірнеше әдістері бар. Оларды сатылай берсек, біріншіден, қылмыстық іс томдарына, газет-журнал, ғылыми еңбектерге алдымен үстірт қана көз жүгіртіп өткен жөн. Бұлай оқу барысында бұрынғы тәжірибе, оқып-білгенің жадында қайта жаңғырып, есіңе кей тұстары түсіп жатады, екіншіден, сөйленер тақырыпқа үзінді пайдалану үшін материалды талдап таңдап, әрбір жолына үңіле оқу бар, үшіншісіне еңбектерден циталалар келтіру үшін үнемі конспектілеп жазып отыру тән.

Мұндағы жазылып алынған үзінділер не үшін, не мақсатпен қолданылады дегенге келсек, ең әуелі, цитаталар шешеннің айтатын ойын жинақтап, басқаша түрде қайталап береді. Бір түсінік бірнеше рет бірнеше түрде қайтанылса, тыңдаушының ойында мықтап орын тебетініне сенім мол. Сондай-циталар бірізділіктен, жалықтырудан сақтандырады. Біреудің сөзін бұрмалау шешенге абырой әпермесі анық, сондықтан жолма-жол үзінді келтіргенде оны бұрмалауға өз сөзіңмен өзгертуге әсте де болмайды. Цитаталардың қуаты оны көп қолданудан көрінбейді, оларды орынды-орынсыз, келсін-келмесін қолдана беру сөйлеуші сөзін әрсіз етеді, әсерлілігін кемітеді, ажарын тайдырады.

Әсілінде мақала, қылмыстық іс материалдарын, ғылыми әдебиет, көркем әдебиет кітаптарын оқу барысында пайда болған ойларды ізін суытпай жеке қағазға бөлек-бөлек жазып отыруды әдетке айналдырған дұрыс. Иінді жерінде, сәтті пайдалануға болатын мұндай үзіктерді арнаулы бір дәптерге әр бетіне бір ғана үзіндіден түсіріп, жоғарғы жағына тақырыпты, соңында қай нұсқадан алынғандығын келтіріп отырғаны ләзім. Осындай үлгіде газет-журнал қиындыларында жүйелі түрде жинап, бір ізге түсіріп, жүрген абзал. Әрбір шығып сөйлеуші қажетті материалдарды мол жинаудың артықшылығы - қосымша уақыт табылып қалған жағдайда қосымша деректер пайдаланылады.

4. Сөз мәтінінің толық нұсқасын жазу қажеттігі. Сөйленер сөз мәтінін толық жазу керек пе деген мәселе туындауы да мүмкін. Кейбір шешендер мәтінді толық жазғанды үзілді-кесілді жақтайды. Сот шешендігінің ірі өкілі П. С. Пороховщиков сөзінің «Сот шешенінің өнері» атты кітабында былай дейді: «Жазған дұрыс па, бұрыс па деген әбден жауыр болған, бітпейтін дауды қайталамай-ақ қоялық. Бір анығы тең-тең бума қағазды жазып тауыспайынша күрделі қиын істе пәтуалы қуатты сөз айта алмайсың. Сондықтан сөйлеуге қаламмен дайындалған дұрыс. Сөйлегенде оны жатқа айтасың ба, оны өзің білесің». Автор мәтін толық жазылу керек деп талап етсе де, қысқаша түрде егжей-тегжейлі логикалық жүйелікті сақтай отыра, конспект жазумен шектелуге болады деген де уәжді айтады. Ашығында, мәтінді толық жазбай, конспектілемей, жүйелі жоспар жазумен шектелу, шын мәнінде, ілуде бір майталман шешендердің ғана талайына біткен өнер. Мәселен, көп алдына жиі-жиі шығып, сөйлеуге тура келгендіктен А. В. Луначарский өзіне ғана түсінікті майда жазумен қойын дәптеріне қажетті ой өзегін түртіп алып, сол жүйе бойынша сөйлеуге ысылып, дағдыланып үйренген. Бұлай сөйлеу әрине,

шешеннің тәжірибелілігі мен біліктілігіне байланысты. Әділіне жүгінсек, мәтіннің толық жазылмауы кейде тәжірибелі шешендердің өздерін де дегбірсіздікке ұшыратып, сөзінің сапасын төмендетіп алатынын кездестіріп қалып жүрміз.

5. Сөйлеп жаттығу кезеңі. Сөйленер сөздің мәтінін толық немесе қысқаша тезистік түрде жазып шыққаннан кейін, оның қанша уақыт алатынын білу қажеттілігін сөйлеу нормасына сәйкес мәтінді алдын ала оқып шыққан абзал. Оқудың екі түрі бар сыртқы монологты (дауыстап оқу) және ішкі монологты (іштен оқу). Жазба жұмысты көз жүгіртіп іштен оқумен дауыстап, нақышына келтіріп оқып, жаттығудың нәтижелі тыңдаушыға ықпалы мен әсері бірдей болмайды. Дауыстап мәнерімен оқығанда жазылғанның мазмұны мен идеясы, көркемдік ерекшеліктері, қажетті дауыс кідірісі мен интонациясы, тиісті ырғақ, дауыс күші мен созылыңқылығы, дауыс әуені мен жылдамдығы арқылы ажарлана, көріктене түссе, сәтіне қарай иінді жерде шешеннің қимыл-қозғалысы, ым-ишарасы, яғни өзін-өзі ұстауы да сөзді нақтылата, шынайылата түседі. Шешеннің мәнерлеп оқуы немесе айтып түсіндіруі оның дауыс ырғағымен тікелей байланысты, өйткені дауыс ырғағының сан түрлі құбылысы адам көңілінің айнасы, соның тікелей көрінісі. Кейде сөзбен жеткізе алмаған ойды дауыстың сан түрлі құбылыстары арқылы түсіндіру әлдеқайда жеңіл болып тұрады. Керісінше, мазмұнды көркем жазылған мәтін тиісті дауыс ырғағымен айтылмаса, немесе оқылмаса, өзінің құнын жоғалтып, алтын пікір мысқа айналады. Мазмұнға лайықты дауыс ырғағымен оқығанда мәтінге жан біткендей болады. Демек, сөйлеген сөздің де, оқылатын мәтіннің де әсерлі құлаққа жағымды, көңілге қонымды болуы — оның өз мәнерімен оқылуына, айтылуына байланысты.

Сөзді нақышына келтіріп сөйлеу — дыбыстан басталып, сөзге, фразаға дейін қажет болып қоймастан сөйленетін сөз атаулының бәріне тиісті. Пікірді толық түсіндіруде дауыс ырғағының ықпалы күшті, оның мағынасына қарай сөйлеу сазының сан түрлі өзгеріп отыруы — ішкі сезімін тыңдаушысына жеткізуіне жәрдемдеседі. Керісінше, терең мағыналы пікірлер дұрыс дауыс сазымен айтылмаса, оның әсері аз болады. Ол үшін шешеннің дауысы ашық, дикциясы анық, оның әр сөзді өз әуенімен айтатын, әдеби тілде дұрыс сөйлей білетін болуы керек. Демек, шешен айтатын ойының мазмұнын, оның идеясын толық меңгеріп қана қоймай, оны барлық жан дүниесімен, сезімімен қуантып та, қиналып та, тебіреніп те, қобалжыл та тыңдаушыға жеткізе алуы қажет. Осыған байланысты әрбір сөйлемнің өз интонациясы болады, интонация сөйлемнің лексико-грамматикалық құрылысымен тығыз байланысты. Интонация сөйлемді сан түрлі типтерге бөліп, әрбір сөйлем өз бояуымен айтылады.

Шешендік өнерге енді ғана ден қойып, жаңадан бастап жүргендерге мәтінді дауыстап оқып, дайындалғаны ләзім. Өйткені «көкейдегі ойдың ауыздан шыққанда көркі қашады» деп Абай айтпақшы, сөздің мағынасы дыбысталу (естілу бейнесі) арқылы жанданады, Қандай сөзді болсын терең

мағына, мән беріп, белгілі мазмұнда, айрықша мәнерлеп айтуға болады. Айтқанда тыныстың, дем алудың дұрыс болуы, оның қалыптасып, үйреншікті дағдыға айналуын сөйлеу аппаратының шынығуына байланысты. Ол арнайы жаттығулар арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ оқығанда не сөйлегенде дем алу мен дем шығару процесін оқушының (айтушының) өзіне қадағалату тәсілі де қолданылады. Сондай арнайы жаттығудың бірі ретінде әдістемеші Л. А. Горбушина қолданған жаттығуларды басшылыққа алуға болады:

1—жаттығу.

а) қысылмандар, еркін, тура тұрындар. Иықтарыңды түзу, кеуделеріңді жазып ұстаңдар.

ә) өкпені ауадан босатындар, дем шығарындар.

б) іштен 1-ден 5-ке дейін санай отырып, дем алындар, сол сәттегі диаграмма мен қабырға қозғалысының тым жиілеп не өте баяулап кетпеуін және өкпеге ауаның толып кетпеуін бақылаңдар.

в) 1-ден 3-ке дейін санап болғанша жұтқан ауаны тежей тұрындар (бұл — өкпедегі ауаны сыртқа шығару алдындағы әзірлік).

г) 1-ден 5-ке дейін санап тұрып, ішке жұтқан ауаны біртіндеп шығарындар.

Бұл тәрізді жаттығулар тілдегі дыбыстарда сөздерді айтқанда, оқығанда дұрыс дем алу дағдысын жетілдіреді, дыбыстау мүшелерін шынықтырады. Сондықтан оны үнемі болмағанымен оқта-текте жүргізіп отырудың артықшылығы жоқ.

2-жаттығу.

Жаттығуға жеке сөйлемдер немесе шағын мәтін алынады. Оларды оқығанда демді ішке алып, сыртқа шығаратын жері белгіленеді. Оқитын адам сол белгіге қарап оқиды. Мысалы «Оқыған (демді ішке алу) — білгір (демді сыртқа шығару), оқымаған (демді ішке алу) — ділгір (демді сыртқа шығару)».

Жаттығуға мақал-мәтелдер, бунақ саны аз өлеңдер шумақтары, құрамы мен құрылысы жағынан жеңіл сөйлеммен жазылған әңгімеден үзінділер алынған жөн.

Ал кейбір сөзді айтқанда шешеннің түр-әлпетінің бұзылатынын аракідік болса да ұшыратып жүрміз. Мұндай көріксіз мимиканы, басы-артық қимыл-қозғалысты, ым-ишараны болдырмаудың кепілі — күнбе күн айна алдында жаттығып дайындалу. Шешеннің өзін-өзі ұстауының маңызы ерекше. Өзінді еркін ұстайтын қалыпты іздеу керек. Сөздің өте-мөте әсерлі жерлерін ым-ишара толықтырады. Әр сөзді айтқанда үнемі қолды сермей бермей, белгілі бір оқиға, сөзге көпшіліктің көңілін аудару үшін екпін түсірерде ғана қолданады. Бір анығы, театр, кино, радио, теледидар арқылы көркем сөз шеберлерінің оқуына арнайы зер салып, қадағалап отыруға әдеттену — сөйлеу мәнерін жетілдіре түсетін фактор екені даусыз.

6. Мәтінді оқып жаттығу. Сөйлеуге дайындықтың бірнеше процесінен өтіп, мәтін пісіп-жетіліп болғаннан кейін тыңдаушылар алдына шығатын кез туды. Осындайда қалай сөйлеу керек деген ой көкейді тесері анық. Сөйлеудің

үш түрлі тәсілі бар, бірі— мәтінді мәнерлеп оқу, екінші түрі — ауызша айтып, кейбір үзінділерді оқып берумен шектелу де, үшіншісі — еркін импровизация.

Сөйлеу тәсілі сөздің тегі мен түріне тікелей қатысты. Сот процесінде, ресми дипломатиялық, салтанатты жиында немесе мерейтойлар мен құттықтау сөздерде мәтінді оқыған дұрыс. Ал дәріс кездерінде қағаздан бас көтермей оқығанда аудиториямен байланыс үзіледі, осыдан сөздің әсері, ықпалы кемитіні сөзсіз. Басқаша айтқанда, сөйлеуші ойын мәтін арқылы оқыса, қағаз оны аудиториядан бөліп тастап, олардың ортасында қорған болуы мүмкін. Бұндай жағдайда шешен көпшілікті көрмейді, олармен байланыс үзіледі. Соның салдарынан аудитория мен шешен бірге ойлай да, сезімдерін бірге бөлісе де алмайды.

Парламенттік шешендік талабы бойынша негізгі, қосалқы баяндамалар оқылады да, жарыссөзге шыққандар пікірлерін ауызша білдіреді. Басқа жағдайда бүкіл залдың қолдауымен өрелік етуші олардың сөзін бұзып, кезегін алып қоюға хақы бар. Жарыссөзге шығушылар қағазды екі жағдайда ғана сандық көрсеткіштерді дәлелге келтіргенде және негізгі, қосалқы баяндамалардан немесе басқа құжаттардан үзінді оқығанда пайдаланылады.

Сотқа қатысушы тараптар оқығаннан гөрі ауызекі айтқанды жақсы қабылдайды. Қағазбен сөйлейтін шешендер сөздерінің ұтымды болмай шығуы — мәнді жерлерін сырғытып тез оқуында, дауыс ырғағының кісіні жалықтыратындай бір қалыптылығында. Ауызекі сөйлеу өнерін меңгеру бір күннің ісі емес, ұзақ уақыт жаттығуды керек етеді. Қолға конспектіні не тезисті, не мәтін жоспарын алуға болады, бірақ оған басыбайлы берілмеу керек. Сөйлеуге жан-жақты ыждағатты дайындалғанда ғана көп кемшіліктен ада боларың сөзсіз.

7. Сотта сөйлеп болғаннан кейін сөз мәтініне талдау жасау кезеңі. Сөйлеп болғаннан кейін сөз мәтіні міндетті түрде жеке талдалуы тиіс. Алдымен келешекте жіберілмеуге тиісті кемшіліктер анықталады. Шешендік өнерін үнемі ұштай түсіп, жетілдіріп отыру шешендерге қажет қасиет-ақ. Мәселен, әдеби-проза кеңістігін алсақ, Л. Н. Толстой шығармаларын теруге жібергенше өңдей келіп, корректурасын оқығанда, өзі тағы қараумен болады екен. Соның нәтижесінде кей жері бірнеше рет жөнделеді.

Мәселен төл тарихымыздан белгілі — би-шешендеріміз сөзін әсерлі-ықпалды ету күшін арттыратын көркемдік әдіс-тәсілдерді емін-еркін молынан пайдаланған. Қазақтың шешен-билерінің тұлғасы, болмысы, сөйлеу процесіндегі өзін-өзі ұстауы, қимыл-қозғалысы туралы әдеби-тарихи деректерді табу болашақтың ісі. Десек те кешегі ұланғайыр ұлыстың төресі мен төлеңгітін, тентегі мен телісін тосыннан ұтқыр айтылар орамды сөз, уәжді ойымен бірдей ұйытқан дуалы ауызды билеріміздің әр даудың өзіндік табиғатына сәйкес қолданатын көркемдік тәсілдері болғанына ешкім де шек келтіре алмас.

Сонымен сөз сөйлеуге дайындықтың кезең-сатылары:

1-кезең — тақырыпты таңдау, (сотта болған істің мән-жайын) оның мақсат-мұраттарын анықтау;

2-кезең — тындарман құрамын, (отта сот алқасының құрамын) аудитория ерекшеліктерін аңдау;

3-кезең — алдын ала жоспар құру, дәлелдемелік, дәйектемелік және теориялық материалдармен жұмыс жасай алу үлігісі;

4-кезең — сөз мәтінін толық жазу қажеттілігі;

5-кезең — сөйлеу жаттығулары;

6-кезең — дәрісті оқып жаттығу;

7-кезең — сөйлеп болған соң, мәтінді талдау кезеңі.

Соттағы айтылар төрелік сөздер қазақстандық азаматтар үшін тәрбиелік мәні бар конституциялық принциптерді сақтауда үлкен орын алады. Прокурор мен адвокаттар сөздерін төгілдіріп талдау үстінде сөйлеу сапасына әсер ететін мына жайттарды анықтадық: шешеннің биіктен шалар көсем ойлылығы, жалпы эрудициясы мен кәсіби шеберлігі; алқалы топ алдында ұтымды сөйлей алу қасиеті; сөйлеуге алдын ала тыңғылықты дайындықпен келуі.

Соттағы сөйлеуші сөзі монологты, диалогты болып екіге бөлінетіні белгілі. Бұл сөйлеудің екі түрі де шешендік өнердің этос, пафос, логос деп аталатын элементтерінен құралады.

Этос — құқықтық, моральдық, адамгершілік нормаларынан тұрады. Сөйлеуші сөйлеген сөзінде осыларды негізге алып отырады. Әр топтың алдында сөйлегенде сол топқа лайық қолданар сөйлеу мәнері, стилі, этикеті болады. Бұлар — этостың негізгі құрамдары.

Пафос — көптің көңіл-күйін аңдап білу, шешеннің эмоционалды бағалауы.

Логос — сөйлеу стилінің мәдени, логикалық, психологиялық заңдылықтардың бірлігінен тұрады.

Әсілінде, сөйлеу сапалығы — сөздің бейнелілігіне, мақсатының айқындылығына, эстетикалық тұрғыдан сапасының жоғарылығына тікелей тәуелді. Осындай орайынан алғанда, сот төрелігінің тілмарлығы — иландыру, дәлелдеу, әдіс-тәсілдерінің құрылымдарын да жүйелейтін өнер.

### **11.3 Соттағы сөйлеу сапасын арттыру тәсілдері.**

Соттағы шеберліктің негізгі сыры — тілдік амал-тәсілдерді орынды қолдана білуде, шешеннің талғампаздығында, сөз қолдану мәдениетінде. Тек тілдің көркемдеу тәсілдерін орынды қолдану арқылы шешен көздеген нысанасына жете алады. «Шешендік. сөзде сөйлеу айшықтары мол қолданылады. Сөйлеу айшықтары дегеніміз — тындаушыға әсерлі болып, сөйлеудің әсемдігін, мәнерлілігін, экспрессивті мәнін күшейтіп беретін синтаксистік құрылымдардың ерекшеленген формаларына шендестіру (антитеза), градация (дамыту), қайталау, параллелизм, риторикалық сұрау, риторикалық қаратпа сөздер, дауыс ырғағы т. б. жатады. Шешендік сөздерге бейнелі эпитеттер, образды теңеулер, аллитерация, ассонанстар молынан қолданылады». Сөйлеу сапасын арттыру тәсілдерін сөз өнері ғылымында

қалыптасқан үлгі бойынша троптар мен фигуралар деп үлкен екі топқа бөліп қарастырамыз.

1. Троптар. Шешендік сөзді көркейтетін көптеген әдеби тәсілдер бар. Солардың бірі — сөздердің ауыспалы мағынада қолдану. Сөздерді тура мағынасынан бұрмалап, бейнелеп қолдануды әдеби тілде ауыстыру (троп) дейді. Троп гректің бейне, бейнелеу деген сөзінен шыққан. Бір затты, уақиғаны, екінші затқа, уақиғаға ұқсата бейнелеуді метафора (ұқсату) дейміз, Заттың немесе уақиғаның жайшылықта еленбейтін, көптің көзіне іліне бермейтін қасиетін, ерекшелігін баса көрсету қанатты сөзге жаңа мағына береді, оның ғибраттық күшін арттырады. Прокурордың сотта қолданған Ауыр жол — ерге сын дейтін тіркесте «ауыр жол» өз мағынасында емес, адам өмірі, өмірде болатын қиын уақиғалар мағынасында қолданылған. Би-шешендердің сөздерін көркем ететін осындай бейнелі қолданыстар.

Адвокат сөзінде кездескен «Көлден кетсе жалбыз мұң, Елден кетсе жалғыз мұң» деген жолдардағы, ет жақындарынан айырылған жалғыз ерге ұқсата суреттеу — жансызға жан бітіре ауыстыруды — кейіптеу (олицетворение)дейді.

Зат, уақиға үнемі ұқсастығына қарай ауыстырылмайды, кейде тұрақты белгісіне қарай ауыстырылады. Ондай тәсілді алмастыру (метонимия) дейді.

Тұяқты тұяқ жібермейді, Іштен шыққан шұбар жылан. Бұл өткір сөз иірімдерінде тұяқ «жылқы» орнында жылан «бала» орнында алмастрылған. Бір ұғымды меңзеп тұспалдап жеткізу — шешендік сөздердің сөйлеу үлгісіне жатады. Мысалы, Қазыбек әкесінен рұқсат алып, біраз жолдасымен Төле бидің алдына сәлем беріп келіпті.

- Шырағым, «баз бала әкесінен өтіп туады, баз бала әкесіне жетіп туады, баз бала кері кетіп туады» деген. Сен соның қайсысың? дейді Төле би сынай.

- Өткенімді алдымдағы өмірім біледі. Өз ойымша әкеме жетіп тудым-ау деймін, — дейді Қазыбек сөзден тосылмай.

- Ә, шығарым, жарайсың, - деп Төле би балаша жадырап ризалығын білдіреді.

Ауыстырудың бір түрі - меңзеу (синехдоха). Меңзеуде бүтіннің орнынан бөлшегі, көптің орнына жекеше алынады. Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді, Бір жаман мың қолды ірітеді, - мұнда жекеше (бір), көпше (мың) санына қарсы қойылған. Мәңке би Сырымның «Алты шаңырақтың іргесі ажырамасын» деген батасының сырын былайша түсіндіреді: Екеуіміздің балаларымыз қосылып, ата жолын ілгері жалғастырмақшы. Сенің балаң маған келін боп түседі. Ол үш шаңыраққа ие болады. Біріншісі - қайын жұрты, екіншісі - нағашы жұрты, үшіншісі - төркін жұрты. Сол сияқты менің балам саған күйеу болады. Ол да үш шаңыраққа ие. Олар - өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Демек, екі бала қосылғанда алты шаңырақ шығып тұр. Осы алты шаңырақтың іргесі ажыраспаса - онда біздің ағайындығымыздың мәңгіге кеткені. Осы аталған алты шаңырақ ажыраспаса — сол алты шаңырақты құрап отырған алты рулы елдің татулығы. «Құда мың жылдық» деп осындай тамырлы

жарастықты атаса керек. Осындағы үш шаңырақ, алты шаңырақ, алты рулы ел, құда мың жылдық деген ұғымдар меңзеуге жатады.

Ауыстырудың ендігі бір түрі - екі нәрсені бір-біріне салыстыру, теңеу. Салыстыру - ойды айқындаудың, анықтаудың таптырмас тәсілі. Көптеген қиындықтар заттық атаулармен, ұғымдармен салыстыру арқылы айқындалады, тыңдаушының қабылдау сезіміне тез әсер етеді, есте ұзақ қалады. Өнер - ағыш жатқан бұлақ., Білім жанып тұрған шырақ.

Шешендік сөзде троптың жиі кездесетін екі түрі - үлкейте әсірелеу (гипербола) мен кішірейте әсірелеу (литота). Халық айтуға оқталған ой-пікіріне көпшіліктің көңілін аударып, сөзін әсерлі ету үшін белгілі бір затты, уақиғаны әлденеше есе өсіріп, ұлғайта әсірелеп, «түймедейді түйедей» етіп көрсетеді: Сырдың суы сирағымнан келмейді. Жігіт бір күнде бір кісілік, Бір күндерде мың кісілік.

2. Фигуралар. Қазақ шешендік сөздерін көркейтуде ауыстырудың алуан түрлі тәсілдерімен бірге мәнерлеу (фигура) түрлерінің де атқаратын қызметі зор. Мәселен, «Күлдір, күлдір кісінетіп, Күренді мінер ме екенбіз» — деген үзіндіде қайталау сөздердің (күлдір-күлдір) өлең жолдарының мағынасын ашып, көркемдігін арттыруда атқарып тұрған қызметін, орнын ауыстыру қиын. Шешендік сөздерді тартымды, ұтымды ететін мәнерлеу тәсілдерінің ендігі біреуі — бірімен-бірі қарсы мағыналас сөздерді, ұғымдарды қарсы қою (антитеза): Дос жылатып айтады, Дұшпан күлдіріп айтады.

Сөзімізді қорытындылай келсек, болашақ шешен заңгерге мынадай ескертпелер айтқымыз келеді: тіліміздегі көркемдік мүмкіншілігі мол жекелеген сөздер мен сөз тіркестеріне қосымша мән үстеп, ой иірімдеріне түсіріп, айрықша келбет, бейне жасау шеберлігі ертедегі шешендерден қалыптасқан. Ана тілімізді терең меңгеріп, оның астарлы сырларына үңілемін, шешендік өнерден тәлім аламын деген бүгінгінің прокуроры мен адвокаты қазіргі шешендер сөзімен қоса, кешегі билер сөзінің көркемдігіне де назарларын аударғаны жөн.

#### **11.4 Сот сөйлеу сөзінің құрылымы**

Көпшілік алдындағы сот сөйлеу- ораторлық өнердің ежелгі бір түрі, бұған әрбір ғасыр ір бір мемлекет өзінің өзгерістерін енгізеді. Сот шешендігінің туған жері деп ежелгі греция болып табылады. Мемлекеттің дамуына байланысты әсіресе греция мен персия арасындағы соғстардан кейін, саяси күрестердің нәтижесіне байланысты демократиялық топтардың әсері нығайтылған сәттерде грецияның ішік құбылысында, халқтың көпшіліктің қызметі нығайтылады ораторлық өнердің дамуы да көріне бастады. Ол қоғамдық өмірдің маңызды факторы болып, алға шығумен байлыққа жеткізудің әдісі болып табылады.

Саяси қызметкерлерге өздерінің мүделерін көпшіліктің алдында қорғауы қажет болады және Афин азаматтарының саяси тағдырлары көбінесе көпшіліктің алдында сөйлеуді білуден тәуелді болды. Осыған үйренгілері келіп ол үшін көп ақша- қаражат төлеу қажет болды.



Сот сөйлемінің негізгі сапасы болып оның сенімділігі табылады - ол қорытындылармен болымдардың негізділігі. Сендіру дегеніміз - логикалық негіздерде әр - бір болымды дәлелдеу немесе жоққа шығару, тезистің (болымның) шындылығы дәлелденгенге сенім туғызу, яғни билерді өз ой пікіріне қарай бұрмалау.

Сот сөйлемінің сенімділігінің маңызды факторы болып оратордың өз позициясының шындылығына сену әне оның ойлау мәдениетінің биіктігі. Сенімділік іс бойынша құжаттарды жақсы білуден пайда болады.

Мысалы: Казаринов деген оратор айтқанындай "Сот маған қорғау міндетін жүктеді" сондықтан менің сотталушымның кінәсіз екендігіне сенгенім менің міндетімді жеңілдетті.

Заңгерге ойлаудың логикасымен қолдануы өте маңызды - процессуалдан аппрентің тезисін (болымын) жоққа шығарып өзінің шындығын дәлелдеу. Ойды дұрыс құру үшін, шын қорытындыға жету үшін - логикамен қалыптасқан ойлау заңдарын білу қажет - олар кемсілер: 1. тендестіру заңы, 2 қарамақайшы заңы, 3 жоққа шығару заңы және жеткілікті негіз заңы.

1 Т ереңдету заңы - ол ойдың негізігі белгісін білдіреді - оның анықтылығын : осы заң бойынша: әр бір ой осы ойлау процесінде өзінің анық бір мазмұнына ие болу керек, қанша рет ол қайталанбасада оның мазмұны өзгермеуге тиіс

2 Қарсылық заңы - екі, бір-біріне қайшы ой , бір пәнге байланысты, бір уақытта алғанда, бір қатынастар бойынша, екі де бірдей шындықты білдірмейді.

3 Жоққа шығару заңы , екі бір-біріне қайшы ойдың біреуі шындық, екіншісі жалған, үшіншісі болуға тиісті емес. Бұл заңда қарсылық заңы сияқты ойдың қайшылығына жол бермейді, бұл нақты, анық жауаптарды талап етеді, әсіресе нақты шешім қабылдау қажет болған дағдайда, және ол жанама дәлелдерге негіз болып жоққа шығаруға көмегін тигізеді.

4 Жеткілікті негіздеу заңы - әрбір айтылған болымдар нақты фактілермен дәлелденуді талап етеді. Әрбір дұрыс ой , басқа шындылығы дәлелденген ойлармен негізделу керек. Мысалы: адвокат өз қорғауындағы адамның кінәсіздігі жөнінде айта отырып, қажетті дәлелдер келтіруге міндетті. Айыптау үкімінде, оны қабылдауға жеткілікті дәлелдемелер болуы қажет.

Логика заңдарын сақтамау дәлелді ой білдірмеу, сөйлемнің сенімділігін әлде қайда төмендетеді, логикалық қателіктерге әкеп соғады, істі анықтауға қиындықтар тудырады, кейбір жағдайларда теріс қорытындыларға әкеп соғып және әділсіз шешім қабылдаудың себебі болаад.

Дәлелденулердің логикалық операциялары(яғни әрбір болымның шындылығын негіздеу) өз ара байланысты элементтерден тұрады: тезис, аргумент, декмонстрация.

Ойдың дұрыстығын негіздеу үшін дәлелдеменің негізгі пункті тезис екендігін ұмытпау қажет.

Тезис дегеніміз - ол бір өзінің шындығын дәлелдеуді талап ететін болым.

Тезиске байланысты дәлелді ой келесі екі ережені сақтауды талап етеді.

1) Тезистің нақтылығы және анықтылығы, оның логикалық анықтылығы, логикалық қарсылықтың жоқтығы.

2) Тезистің өзгермеуі, ой білдіру процесіне оның өзгеруіне тиым салынуы.

Өз ойының дұрыстығын қалай дәлелдеуге болады? Сенімді аргументтер қолдану арқылы, білімді пікірлер арқылы сенімділікті тудыруға мақсатталған. Сот сөйлемінің сенімділігі көбінесе аргументтердің сапасына байланысты.

Сот, прокурор мен адвокаттың, ойларының дұрыстығын ал дегенде құжаттарының маңыздылығын және құндылық дәрежесіне қарай бағалайды.

Соттардаң толық ішік сенімдеріне аргументтердің күші және сенімділігі ғана маңызды болады. Аргументтерге қандай талатар қойылады? Тындаушыларға сенімді болу үшін олар қандай сапаға ие болулары қажет? Аргументтер шындықты білдірулері қажет, және олар бір біріне қайшы келмеу керек олардың шындылығы тәжірибиемен анықталған. олар дәлелдемелер үшін жеткілікті болу керек. Аргументтердің, жеткілігі - ол оның саны емес, сапасы. Риториканың үйретуі бойынша - дәлелдемелерді көбейту қажет емес, оларды өлшеу қажет жейді, жоққа шығарылатын аргументтерді алып тастау керек дейді. Ал енді, оратор өзінің мақсатын анықтап тезисті құрады, аргументтерін жинақтайды. Енді оларды сөйлемде қалай орналастыру аргументацияның тәсілдерімен әдістері жөнінде ойлану қажет- демонстрация дейміз. Демонстрация дегеніміз- дәлелдеудің әдісі- ол аргументтер мен тезистің арасындағы логикалық байланыстың нысаны болады.

Демонстрациялау дегеніміз- ол тезистің аргументтер арқылы логикалық негізделуі сондықтанда ол шындық болып табылады.

Тезисті негіздеу- дәлелдердің тікелей немесе жанама түрлерімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Тікелей дәлелдеу аргументтер арқылы жүргізіледі, тезиске қайшылық білдіретін болымдарсыз, аргументтерге тікелей сілтеме жасалады, әр-бір жағдайларды растайтын фактілер арқылы, жалпы қабылданған нормаларға сілтеме жасалады.

Сот ораторының сөйлемінде тікелей дәлелдеме аргументтердің рөлін куәгерлердің жауаптары, жазбаша құжаттар, заттай дәлелдемелер атқарған кездерде қолданылады.

Мәліметті дәлелдемелер (куәгерлердің жауаптары жазбаша құжаттар) міндетті түрде тексерілуі қажет, және олардың дұрыстығы дәлелденуі қажет.

Жанама дәлелдеме (қарсылықтан дәлелдеме) антитезисті қолдану арқылы жүзеге асырылады және оның жалғандығын анықтау арқылы содан кейін, үшіншіні жоққа шығару занының негізінде қортынды жасалады: Тезиспен антитезис бір бірін жоққа шығарғандықтан, антитезистің жалғандығы тезистің шындық екендігін білдіреді.

Аргументациялау өнері жоққа шығаруды білуді қажет етеді.

Жоққа шығару дегеніміз - ол логикалық, операция, ол алдында құрылған аргументациялау процесін қиратуға бағытталған; ол тезистің жалғандығын

анықтау, ол процессуалдық аппоненттің тергеу органдарының, сотталушының т.б. тезистерінің қателігін негізсіздігін білдіру көрсету.

Сөйлеу процесінде логикамен құрылған ережелерді сақтау қажет екендігі анықталады. Аталған ережелерді сақтамау логикалық мәдениеттің жеткіліксіздігіне әкеп соғып, логикалық қателік ретінде қабылданады.

Сот сөйлемінде келесі логикалық қателіктер болу мүмкін. Егер де оратор бір ойды құрастырып алып содан оны ұмытып, басқа ойға ауысатын болса ол жерде тезистің жоғалуы орын алады. Соның салдарында оратор сот сөйлемі бойынша өз мақсаты, бастамалы ойын жоғалтады. Толық немесе ішінара тезистің жоғалуы кездеседі. Мысалы: оратор белгілі бір болымды көздеп басқа бір болымды негіздейді.

Дұрыс, білікті аргументациялаудың салдарынан логикалық қателіктер пайда болады. Егер аргументтер дұрыс емес болса, мүмкіндікті ғана білдіретін болса онда олардың көмегімен дұрыс құртындыны негіздеуге мүмкіндік болмайды. Бұл қателік, негізгі адасу деп аталады, бұл жерде аргументтер ретінде көрнеу жалған болымдар қолданады, болмаған фактілер, мықты оратор, процессуалдық аппонентінің сөйлемінен жоқ дегенде бір тексерілмеген немесе негізсіз аргумент анықтайтын болса, онда ол оның бүкіл сөйлем жүйесін жоққа шығарады.

Демонстрациядағы қателіктер аргументтер мен тезистің арасындағы логикалық байланыстың жоқтығынан пайда болады.

Сөз арасында логикалық байланысты жоғалту түсініксіз, күлкілі жағдайларға әкеп соғады: Мысалы, сот қайтыс болған адамның талабын қанағаттандыра алмайды. Немесе, сотталушы Милов қайтыс болған Милова екеуі ішімдікті тұтынуды жалғастырды.

Дұрыс: (қайтыс болған адамның тустарының талабын қанағаттандыра алмайды) (сотталушы Милов, Милова екеуі, кәзіргі уақытта марқұм).

Сөздерді дұрыс таңдамау сөйлемде алогизмнің- пайда болуына әкеп соғады.

Алогизм дегеніміз- салыстырылмайтын түсініктерді салыстыру.

Сот сөйлемі- ол соттарға әсер етуге бағытталған шығарма. Әсер ету дегеніміз-ол сөйлемнің пәніне тыңдаушылардың назарын аудару оның мақсаты. Тыңдаушылардың ойларына өзгерістер енгізу, ол елдің ой -пікіріне әсер ету. Риториканың айтуы бойынша- аргументтерді таңдау өте маңызды.

Сот сөйлемі нағыз әсерлі болуы үшін, соттың назарына әсер ететіндей оның нысанын таңдау қажет.

Ораторлық өнердің аса таралған түрі болып сот сөйлемдері табылған. Афинада соттасу ол жеңіл жұмыс болмаған, прокурорлық институттар болған жоқ, сол себептен айыптаушы ретінде әр-бір адам бола берген. солонның атақты заңдарына сәйкес, әр-бір афиндық өз мүдделерін өздері сотта қорғауға қажет деп көрсеткен. Сотталушы өз кінәсіздігін дәлелдегеннен бұрын билерді өз жағына қаратып алуын талап еткен. Бірақ, барлық афиндіктер сөйлеу өнеріне ие болмағандықтан олар логографтардың (сот сөйлемін құрайтын адамдардың) көмектерін сұраған.

Сөйлеушінің өнері сот сөйлемінің мазмұнынан кем ролін атқармаған. Сол себептен әр-бір сот сөйлемі кіріспеден, (билерге алдын-ала әсерін тигізу мақсатында істің мәні бойынша сөйлеу). Кіріспеден кейін іспен байланысы бар болымдар туралы әңгімелер жүреді. әңгіменің басты мақсаты-сөйлеушінің шындығына билерді сендіру. Бұл бөлікте сөйлеудің көркем белгілері қолданған. Арықарай дәлелдемелер жүреді. Соңынан эпилог жүред, бұл жерде сотталушыға жан ашуды туғызатын сөйлемдер айту және ол тыңдаушыларға қатты әсерін тигізу қажет. Афиндегі сот қоғамдық мінбе болып шектелген, бұл жерде және әр-түрлі саяси сенімдер қарсыласқан, және оратор адамдарды сендіру білімімен біліктілігіне ие болуы қажет болған. Бұл білікті Платон «Үлкен ақылдың өнері» деп атаған.

## 12 Сот жарыссөзі

### 12.1 Сот жарыссөзінің жүргізілу тәртібі

Сот тергеуі аяқталған соң төрағалық етуші соттың сот жарыссөзіне көшетінін хабарлайды. Сот жарыссөзіне қатысушының өтініші бойынша оған сот жарыссөзіне дайындалу үшін уақыт беріледі, ол үшін төрағалық етуші оның ұзақтығын көрсете отырып, сот отырысында үзіліс жариялайды.

Сот жарыссөзі айыптаушының, жәбірленушінің немесе оның өкілінің, азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің немесе олардың өкілдерінің, сотталушы мен қорғаушының сөздерінен тұрады. Іске қатысушылардың сөздерінің реттілігін олардың ұсыныстары бойынша сот белгілейді, бірақ барлық жағдайларда бірінші болып айыптаушы сөз алады.

Егер мемлекеттік айыптауды бірнеше мемлекеттік айыптаушы қолдаса, іске бірнеше жәбірленуші, қорғаушы, азаматтық жауапкер мен олардың өкілдері, азаматтық талапкерлер мен олардың өкілдері, сотталушылар қатысса, төрағалық етуші өз сөздерінің кезектілігін өзара келісуі үшін оларға уақыт береді. Қажет болғанда бұл үшін сот отырысында үзіліс жариялануы мүмкін. Егер аталған адамдар жарыссөздегі өз сөздерінің кезектілігі туралы келісімге келе алмаса, сот олардың пікірлерін тыңдап болып, сөз кезегі туралы қаулы алады.

Сот жарыссөзіне қатысушылар өз сөздерінде сот отырысында зерттелмеген дәлелдемелерге сілтеме жасауға құқылы емес. Сотқа жаңа айғақтар ұсыну қажет болса, олар сот тергеуін қайта бастау туралы өтініш жасай алады.

Сот сот жарыссөзінің ұзақтығын белгілі бір уақытпен шектей алмайды, алайда төрағалық етуші, егер жарыссөзге қатысушы азаматтардың сөзі қаралатын іске қатысы жоқ мән-жайларға қатысты не сот отырысында зерттелмеген дәлелдемелерге негізделген болса, оларды тоқтатуға құқылы.

Сот отырысына қатысушылардың барлығы сөз сөйлеп болған соң олардың әрқайсысы тараптар өкілдерінің сөзінде айтылғандар бойынша тағы бір реттен қысқаша қарсылықтарын немесе ескертпелерін (репликаларын) білдіруге құқылы. Соңғы ескертпені айту құқығы барлық жағдайларда сотталушы мен оның қорғаушысына тиесілі. Әрбір сот жарыссөзіне қатысушы сотқа аталған мәселелер бойынша шешімнің өзі ұсынатын тұжырымын жазбаша түрде табыс ете алады. Ұсынылатын тұжырымның сот үшін міндетті күші жоқ.

Сот үкім шығару кезінде кеңесу бөлмесінде мынадай мәселелерді шешеді:

- 1) жасалуына сотталушы айыпталып отырған әрекеттің орын алғаны дәлелденді ме;
- 2) бұл әрекет қылмыс болып табыла ма және ол нақ қандай қылмыстық заңда көзделген (бабы, бөлігі, тармағы);
- 3) сотталушының бұл әрекетті жасағаны дәлелденді ме;

- 4) сотталушы бұл қылмыстың жасалуына кінәлі ме;
- 5) оның жауаптылығы мен айыбын жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар бар ма;
- 6) сотталушы жасаған қылмысы үшін жазаға тартылуға тиіс пе.

## **12.2 Сот жарыссөзіндегі адвокаттың қорғау сөзінің мақсаты мен міндеттері**

Елбасының 2014 жылғы 17 қаңтарында жария еткен Қазақстан халқына Жолдауы Қазақстанның 2050 жылға дейінгі дамуының негізгі бағыттарын айқындайтын, оның басты мақсат-міндеттерін нақтылап берген тарихи құжат болып табылады. Бұл Жолдауда мемлекет басшысы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытын көрсетті. Ең бастысы – Қазақстанды қуатты, дамыған мемлекетке айналдыру, Мәңгілік Ел болуға қарымды қадамдар жасау. Нақтылап айтқанда, осы Жолдау бойынша халықты көп толғандыратын әлеуметтік-экономикалық салалармен қатар құқықтық мемлекет құру жолында құқыққорғау органдарында нақты қадамдар жасауға бағыттар көрсетілді.

Ғылым мен заңдардың дамуына байланысты сот өндірісінің маңызы да күн санап арта түспесе, кемірек емес. Демек, сот өндірісінің, соның ішінде сот жарыссөзінің үкім не шешім шығаруда атқаратын міндеті зор. Олай дейтініміз, адвокаттардың қорғау сөзі сот шешімін заңды және негізді шығуы үшін ең қолайлы, ең тиімді, ең жедел әдісі болып табылады.

Азаматтардың құқықтарын қорғауды, заңды кәсіби кеңес беруді өзінің ең басты міндеті етіп алатын адвокат екенін, ал ондағы кез-келген адвокаттың – қорғаушы екенін ұмытпауымыз керек. Заңды жетік білу өз алдына, сонымен қатар сол заңды өз тілімен, шешендік өнерін пайдалана отырып, іске қатысушыларға, сотқа түсінікті жеткізе білу – адвокатқа қойылар ең үлкен талап болып табылады. Сондықтан кез-келген сала бойынша адвокат – қорғаушы ұдайы өз білімін жетілдіріп, кәсіби шеберлігін үздіксіз шыңдап отыруы қажет. Әйгілі шешендік өнерді зерттеген ғалым С. Негимовтың мына бір ескертпесін әсте ұмытпаған жөн. – «Қазіргі айыптаушылар мен қорғаушылар сөзінде ойдан гөрі айтыс-тартыс басым, Түйінді сөз айтуға ұмтылмайды. Әр күн сайын тілді дамытып отыруға, әңгімелесу үстінде естіген соны сөздерді жазып, көңілге тоқуға машықтану дұрыс. Шешеннің сөзі күн айнаға қалай түсіп жататыны секілді сондай дәл ап- анық болғаны жөн».

Сот процессі барысында оның бастапқы жетекшілік ережесін сақтап отыру шарт. Ал құқықтың көп салаларының даму шапшаңдығына байланысты, жоғарыда атап өткендей, адвокатураның маңызы арта түсуде. Адвокаттардың қорғау сөзі – ең жаңа қажетті деректерді тез жеткізудің бірден-бір тәсілі. Өйткені сот жарыссөзі үшін қажет тиімді, кесімді сөздерді нақты да дәл жеткізіп, оны іске қатысушылардан бұрын айыптау жағы прокурор мен сотқа ақиқатты ашуға, заңды тұрғыдан әділ үкім шығаруға негіз болу қиын мәселе екені белгілі жайт болса да, озық та білімді адвокат-қорғаушының сөзі олар үшін қашанда дайын болу керек.

Жалпы ережелерді нақтылай отырып, адвокаттардың қорғау сөзінің мақсаты мен міндеттерін былайша сипаттауға болады:

Бірінші мақсаты – ол тыңдаушыларды нақты бір іс саласына жетелей отырып, оны осы процесстің негіздерімен, сипаты мен орындалу амал-тәсіліне, мақсаты мен ниетіне терең талдау жасау және болған жағдайды, оқиғаны толық қайта қалпына келтіру.

Екінші мақсаты – Қылмыстың жеке бөліктеріне тиісті баға беру және сотқа қатысушы тұлғаларға талқыланып отырған істің мазмұнын терең түсінуге және шығарылған үкімнің қаншалықты әділ шығуына көз жеткізулеріне мүмкіндік беру. Кәсіби шеберлігін шешендік өнер яғни сөйлеу өнерімен жалғастыра сабақтастыра отырып, адвокат-қорғаушы нақты бір жүйеге құрылған, мән-мазмұнға бай, сауатты сөйленген сөз ғана сот төрелігінің мейлінше әділ шығарылуына кепіл бола алатынын дәлелдейді.

Процесс барысында адвокат-қорғаушы сотқа қатысушы тұлғаларға алдымен қылмыстың неге, неліктен болғанын, сотқа нені, қалай дәлелдеген ләзім екенін, соңғы жетістіктерімен таныстырып, қазіргі мәселелерді, соның ішінде сот шешіміне қалайша әсер еткен дұрыс дейтін сауалдарға жауап іздеп, өзі нақты айналысып жүрген сотталушы мен жәбірленушінің жеке тұлғалық мінездемелері, қылмыстың жасалуына түрткі болған мән-жайларға талдау жасау және жазалау шаралары туралы төл ойлары мен азаматтық талапты қамтиды. Өзі айналысып жүрген зерттеулермен таныстыру арқылы ол тыңдаушыны қылмыстық істің бір белгілі саласына жетелеп, олардың оған деген ынтасын көтереді. Қорғау сөзінің мазмұнын шешендік тұрғыда баяндай білу, адвокат үшін ең негізгі шарт болып табылады.

Өз міндетін орындау үшін, адвокаттың қорғау сөзі мынадай талаптарға жауап беруі керек: дәйекті де мазмұнды, тартымды, ал адвокаттың өзі заң саласындағы ілімді жетік меңгеріп қана қоймастан, үлкен мәдениеттің иесі болуы тиіс.

Сот ісіне қатысушы тұлғалардың, оның ішінде айыпталушының өзінің де сотқа, сот әділдігіне деген көзқарасының қалыптасуына, ынтасын, сезімін адвокаттың жеке қасиетінің, оның қорғау сөзінің мазмұны мен баяндау әдісінің үлкен ықпалы бар.

Қорғау сөзі – адвокат қорғаушылар мен айыпталушының өзін-өзі қорғау үшін ең бір маңызды, кәсіби және жауапты міндеттің бірі.

Қорғау сөзінің шеберлігін меңгермеген адвокат жақсы қорғаушы бола алмайды, ол өз әріптестері арасында да бедел мен құрметке ие болмайды.

Қорғау сөзі маңызды болуы үшін: адвокат-қорғаушыдан алдымен өз саласы бойынша терең білім мен өз қарауындағы істі еркін меңгеру, міндеттерді айқын сезіну, сол істің маңызы мен тарихын, қазіргі уақытқа сай анықталған нақты мән-жайларды заң тұрғысынан бағалау, істің зәру мәселелері мен болашағын білу талап етіледі.

Адвокат-қорғаушының жалпы мәдениеті, оның жан-жақты сауаттылығы, жалпы заң білімі, философия саласындағы салиқалы ой-өрісі, көзқарасы, қылмыстық жазаны қолдануға байланысты немесе одан адалау жөніндегі

тұжырымы, сондай-ақ қорғау әдістері, сөйлеудің айқындылығы мен тазалығы, сөз байлығы мен өз тәжірибелерін меңгеруі аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Адвокат үшін қажетті үшінші шарт – қорғау сөзін құрастырып қана қоймай оны ауызша айта білу шеберлігін меңгеру, үлкен сот залын басқара білу, іске қатысушылардың іске деген шабытын оятып, олардың ынтасы мен назарын аудара білу, өз ойын анық та қызғылықты түрде жеткізе білу керек.

Жақсы адвокат – тек қорғаушы ғана емес, сонымен қатар ол тілмар да, шешен де, әңгімеші де, заңның үгітшісі де, өзінің қорғауындағы айыпталушысына әрі дос, әрі аға, тәрбиеші, көзқарасты қалыптастырушы, парасат пен ішкі дүниенің жетекшісі, жақсы істері үшін үлгі болуы тиіс.

Шынайы қорғаушы бейнесін А.Ф.Кони былайша сипаттайды.: «Ол өзін жалдаған кісінің құлы емес, оның әділетті жазадан құтылуына ниеттес те емес. Ол сотталушы адамның досы, кеңесшісі, оның ұғымынша ол адам тіптен де кінәлі емес, кінәлі болған жағдайда соттың айыптауындай емес».

Қорғау шеберлігін бірден меңгеру қиын. Оған тәжірибе мен дағды арқылы жетуге болады, қорғау сөзінің маңызы неде, соны терең ұғыну шарт, адвокат сол мәселеге басты назар аударып, материалды жеткізудің тиімді әдісін табуға тиіс.

Сот жарыссөзінде қорғау сөзін сөйлеу барысында алдымен сот ісіне қатысушы тұлғалардың тамырын баса білу нағыз шеберліктің айғағы.

Сондықтан да, адвокат сот залын өзіне қаратқаннан кейінгі бірінші мақсаты іске қатысушы тұлғалардың назарын талқыға салатын негізгі мәселелерге жұмылдыру болып табылады. Ол үшін олардың ынтасын осы сұрақтарға аударып, қызықтыра білу талап етіледі.

Ынта қайдан туындайды? Бұл мәселеде екі түрлі сәтті ажыратып айтуға болады.

Біріншіден, ынта істің маңыздылығына байланысты туындайды. Сондықтан, адвокат о бастан сот аудиториясына талқыға салынатын іс бойынша мәселелердің немесе сұрақтар шеңберінің мәнін олардың болашақ қызметі үшін маңыздылығын түйсіктеріне тура жеткізе білуге тиіс.

Екіншіден, іске қатысушылардың ынтасын шақыру үшін олардың шабытын оята білуге міндетті. Ол үшін алдымен сұрақты, мәселені, міндетті анықтап, бейнелеп беру қажет. Олардың әзірше жауаптары жоқ екенін, сондықтан қиындықтар туындайтынын көрсетіп беруі шарт. Осы мәселе шешімінің қисынын қалай тапқан жөн, іске қатысушы тұлғалардың санасына белгілі бір дәрежеде сезім салып, ой жүгіртуге жетелей білу. Адамзаттың жаратылысы сонда, егер оған жұмбақ жасыратын болсаң, ол еріксіз шешімін табу үшін ми арқылы әрекет жасайды. Барлық жұмбақ, беймәлім, құпия нәрселер адам баласын қызықтыратыны даусыз.

Осылайша, сот залын ойландыратын және қызықтыратын «сиқырлы» әдістің куәсы боламыз.

Адвокаттың қорғау сөзіне қойылатын талаптар өте үлкен. Қорғау сөз алдымен айыпталушының адами тұжырымдық дүние танымын қалыптастыруға



септігін тигізуі тиіс. Адвокат прогрессивтік дәлелденген деректер мен нақты жағдайларды өндіріспен байланыстыра отырып, іске заңды сипат беріп өрбітеді. Қорғау сөзі, іске қатысушы тұлғаларды тек адвокат көтерген іс мәселесімен ғана қызықтырмай, әрмен қарай ой санасын жетілдіруге, ынтасын оятуға міндетті. Қорғау сөзі шабыт шақыруға, әділетті шешім шығару үшін шығармашылық еңбек етуге, адвокат-қорғаушының өзіне дем беріп, қанаттандыруға тиіс.

Жоғарыда айтылғаннан мынаны аңғаруға болады, адвокаттың қорғау сөзі ең алдымен терең мазмұн, үлкен жауапкершілік пен игі мақсаттылық талап етеді. Сол үшін адвокат-қорғаушы, қорғау сөзін дайындау барысында ең соны ақпараттармен, сот барысында не тексерілетінін алдын ала болжай білу, айыптау қорытындысы шешімдерінің іс материалдарымен сәйкестілігін анықтау, қарсыластардың қисынды дәлелдерінің біртіндеп қомақты дәлелдемеге айналатынын, сот шешендік кеңістігін дау-дамайлы алаңға айналдырмай, қарсы жақтың ақылға сыйымсыз даукестік мінез-құлқын көре білу, оған қарсы қолданар иінді тәсілдер ойлап тауып, оны орнымен пайдалануды сіңіріп алғаны мақұл және барлық бастапқы дайындықтар мен қорытындыларды заңды негізде құрғаны жөн.

Қазақ тілінде жарық көрген «Сот шешендігі» атты К.Х.Халиков пен Е.Е.Серімовтың еңбектерінің өзінде «Заңгердің қаперіне алар басты қағида – пікір-талас, сөз жарыстыру кеңістігінен абыроймен шығу жолдарын алдын ала іздестіре қарастыру, процесс үстінде күтпеген дағдарысқа ұшырап қалмау; ұзаққа созылған дауда сөз бейнелілігіне кепіл боларлық көркемдік құралдарды орнымен пайдалану.»- деп керемет атап көрсеткен.

Адвокат істегі қиындықтарды игеруге іске қатысушы тұлғаларға бағыт сілтеп, қорғау не ақтау міндеттерді жеңілдетпеуі де, күрделендірмеуі керек. Қорғау материалының кәсіби дәрежесі сот залын адвокат өз соңынан жетелеп отыруы үшін әдеттегі деңгейден едәуір жоғары болуға тиіс.

Тәжірибе мынаны көрсетеді, іске қатысушылардың соттың әділетті шешіміне деген көзқарасын қалыптастыруға айыптау сөзімен қатар қорғау сөзінің де ықпалы зор, сол арқылы қорғаудың міндеттері мен болашағын санаға сіңіріп, кәсіби пікірге ие болады.

Адвокаттың қорғау сөзі іске қатысушыларға істің жалпы саласы бойынша түсінік береді, оның негізгі идеяларын меңгеруге жәрдемдеседі және басқа салаларымен сабақтастығын сараптайды, сондай-ақ кәсіби білімді іс жүзінде қолданудың жолдары мен әдістерін айқындап береді.

Қорғау сөзі, оның арнайы сипатына қарамастан іске қатысушылардың дүниетанымын қалыптастыруға ықпал жасайды, ол негізін шешендік өнерден алатынын бәріміз жақсы білеміз. Демек, қорғау сөзін құрастыру дайындау міндетімен қатар тәрбиелік мәні де зор деген сөз. Адвокаттың қорғау сөзі сот шешімін әділетті шығарудағы ең ұтымды және кең тараған құрал десек, жаңылыспайтынымыз мәлім.

Қорғау табысты болуы үшін, оның тезисін нақты белгілеп, мақсатын айқындап алу қажет.

Тезис жасау сотта сәтті сөйлеу үшін процеске тыңғылықты дайындалуға жәрдемдеседі. Сот тілмары атанған атақты шешен П.С. Порховщиков (П.С. Сергеич) сөйленер сөзге жазып дайындалу дұрыстығын қалайды. Сөйлеген кезде жатқа айтасың ба өзің білесің .Ол шешендік өнерді зерттеген өз еңбектерінде жазба жұмыс пен импровизацияның қарым-қатынасы жайлы өте келелі пікірлер айтқан.

Мақсатты белгілеу үшін, қорғаушыға мазмұнды ғана нақтылап қою аз, сонымен қатар ол қорғау сөзінде әрбір іс-әрекеттің, дәлелдемелердің орынын, мән-мағынасын ұғындырып беруі қажет. Түсініксіз ойлар мен шұбалаңқы сөздер айтамын деп тыңдаушылардың ынта-ықыласын жоғалтып алуы мүмкін. Ол міндеттің қиындай түсетіні, қорғаушы әрбір процесстің қорғап шығудан басқа адами және тәрбиелік мақсатын ажырата білуге тиіс. Жалаң сұлу сөздер сөйлеп, өз пайдасын, атағын ғана ойласа оның қорғау еңбегінің бәрі бекер. Өйткені бұл жайлы да атақты шешен П.С. Порховщиков (П.С. Сергеич): «... осы мамандықты өмірінің мәні деп ұққан адам сотталушыға қолынан келген бар қайранын жасауға ұмтылмаса, өзінің ар-ожданының алдында қылмысқа барады. Сотталушыға адал болу қасиеті бойына дарыған адвокат қана қызметінде көп жетістіктерге қолы жетеді: егер ол сотта сұлу сөйлеп, атақ-даңқ көздеген пайдасыз құмарлық, ақша табумен шектелген болса, бұнысынан өмірінің соңына дейін қаңағат таппасы анық»- деп кесіп айтқан.

Жүйелілік, лайықты көлем және қорғау сөзінің әрбір жеке бөлімдерінің сабақтастығы – табысқа жетудің бірден бір кепілі болып табылады.

Қорғау сөзі – кіріспеден, мазмұндаудан және қорытындылаудан тұрады.

Алайда, бірдей істер бойынша да оның құрылымы әр түрлі болуы мүмкін. Бұл мәселеде адвокат-қорғаушының шеберлігі мен басты сұрақтарды ұсақ-түйек және қосалқы сұрақтардан екшей білуінің мәнісі өте үлкен.

Қорғау сөзінің құндылығы адвокат-қорғаушының өз қорғауындағы айыпталушымен араласа жүріп, өзара тығыз қатынас орната білуінде. Егер түсініксіз болса, кез-келген уақытта адвокаттың көмегіне арқа сүйеуге болады деген ұғымның өзі үмітке жетелеп, қабылдау түйсігін арттырады.

Қорғау сөзі адвокатқа таным процесін шебер басқаруға мүмкіндік береді. Бұл мәселеде айыпталушының өз бетінше дербес шұғылдануы адвокаттың қорғауымен бәсекелесе алмайды.

Орыстың ұлы қайраткері, тамаша шешен және лектор А.Ф. Конидің берген кеңесі: Лекция табысты болуы үшін аудиторияның назарын жаулап алып тізгінді ұстай білу қажет.

Қорғау сөзіне жүктелген бүкіл материалды бейнелеуші, баяндаушы және түсініктеуші етіп жіктеуге болады. Бейнелеуші және баяндайтын бөлімдердің ешбір қиындығы жоқ, оны дайындық ретінде қысқаша түрде сот процесінің үстінде-ақ айтып өтуге болады.. Сол арқылы адвокат – қорғаушы жаппай қайталап айтып беруден құтылып, тыңдаушылар назарын негізгі іс бойынша өзекті мәселелерге аударады. Бұл орайда уақытта үнемдеуге болмайды, өйткені іске қатысушы тыңдаушылар көптеген ұғымдардың арасындағы өзара

логикалық байланысты меңгеруі тиіс, сол сабақтастықтың бір желісін қалт жіберуің мұң екен, олардың бұл құрылымды ұғынуына нұқсан келтіреді.

Екінші әдіс адвокат-қорғаушыға қорғау сөзінің салмағын сақтай білуге мүмкіндік туғызады, бүкіл сот процесінің аяғына шейін сөйлеу өнері арқылы іске қатысушыларға тұтас түсінік береді, бірақ негізгі мәселеге баса назар аудару керек – сол мәселені бөліп, ажыратып таратқан жөн. Бұл әдіс мына тұрғыдан негізделінеді, әрбір қорғау сөзі тең емес екі бөлімнен тұратын сияқты. Біріншісі, бұл барлық адвокаттарға тән ортақ материал. Екіншісі –жеке адвокат-қорғаушының өз бетінше іздену жұмысының нәтижесі: қорғау сөзін өзгеше даярлау, тиімді логикалық дәнекерлер үйлестіру, тәжірибелік мәліметтер, бақылаулар, мысалдар, салыстыру, баға беру, ассоциациялар, сұрақтардың жауабы, яғни осының бәрі іске қатысушыларды қызықтыратын –адвокаттың заңгер тұлға есебіндегі жеке басының қасиеттері.

Сонымен, қорғау сөзі–сот өндірісінде, оның ішінде сот жарыссөзінде жетекші роль атқарады, алайда олардың мән-маңызы жағдайға байланысты бірдей емес. Адвокат-қорғаушылардың міндеті: сотта сөйлеу шешендік өнер деңгейін үнемі жоғары ұстап, шеберлікті шындай түсуге тиіс.

### Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

- 1 Судебная риторика: Учебное пособие / Под ред. Г.Г. Гиздатова. – Алматы: Издательство Жеті жарғы, 1995.
- 2 Очерки по истории судебной речи: Учебное пособие / Под ред. Г.Г. Гиздатова. – Алматы: Издательство Жеті жарғы, 1998.
- 3 Введенская А.А., Павлова Л.Г. Риторика для юристов. Учебник. – Ростов-на Дону: Феникс, 2002.
- 4 Ивакина Н.Н. Основы судебного красноречия (риторика для юристов): Учебное пособие. – М. «Юристь» 2000.
- 5 Қара қылды қаж жарған... Өтепбергел Ақыпбекұлы. Монография. Астана 2006 ж., 233 б.
- 6 Қазақтың шешендік өнері. –А,1983
- 7 Төрекулов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері. 1,2 кітап.- А,1993
- 8 Шешендік шыырлары.- А, 1993
- 9 Шешендік сөздер. Құрастырушы Балтабай Адамбаев.-А,1992
- 10 Адамов Е.А. Выдающиеся ораторы древнего мира м средних веков. – М., 1961
- 11 Адамов Е.А. Из истории ораторского искусства. – М., 1965
- 12 Алексеев Н.С. Макарова З.В. Ораторское искусство в суде.- Л., 1995
- 13 Александров Д.Н. Риторика.- М.,2002
- 14 Апресян Г.З. Ораторское искусство. – М.,1978
- 15 Гольдинер В.Д. Защитительная речь – М.,1970
- 16 Гиздатов Г.Г. Риторический практикум, Алматы, 1998
- 17 Глинский Б. Русское судебное красноречие. С. – ПБ., 1987
- 18 Губаева Т.В. Словесность в юриспруденции. Издательство Казанского университета, 1995
- 19 Губаева Т.В. Практический курс русского языка для юристов, Издательство Казанского университета, 1996
- 20 Введенская Л.А., Павлова Л.Г. Культура и искусство речи. Ростов-на-Дону 1999
- 21 Ивакина Н.Н. Культура судебной речи. Москва, 1995
- 22 Ивакина Н.Н. Профессиональная речь юриста. Москва, 1997
- 23 Козаржевский А.Ч. Античное ораторское искусство.- М,1980
- 24 Кохтев Н.Н. Основы ораторской речи. - М., 1992
- 25 Кохтев Н.Н. Ораторская речь: стиль и композиция.-М.,1992
- 26 Крыленко. Судебные речи. Избранное. М., 1964
- 27 Матвиенко Е.А. Судебная речь. Минск, 1967
- 28 Михайловская Н.Г., Одинцов В.В. Искусство судебного оратора.- М,1981
- 29 Михальская А.К. Основы риторики. Мысль и слово. Москва 1996
- 30 Ножин Е.А. Мастерство устного выступления.- М,1990
- 31 Россельс В.Л. Судебные защитительные речи. М., 1966
- 32 Руденко Р.А. Судебные речи и выступления. М., 1987
- 33 Сергеич П. Искусство речи на суде. М., 1960

- 34 Сурин Н. Ораторское искусство прошлых времен. Рига, 1971
- 35 Томасевич Ф.А. Методика подготовки и произношения обвинительной речи.- Саратов,1962
- 36 Царев В.И. Слово государственному обвинителю.- М.,1962
- 37 Шифман М.А. Судебная речь прокурора. М,1960
- 38 Салагаев В. Культура делового общения. Деловая риторика. Деловые документы.- Алматы,
- 39 Чихачев В.П. О культуре публичной речи. Л., 1968
- 40 Баймуратова Г.А. , Алданов Т.М., Жумагазиев Е.Ж. Мастерство выступления на судебном процессе. –Алматы, 2002
- 41 Алтын сандық.- А,1989.
- 42 Мыңбатырова Н. Толе бидің соттық шешімдері мен және қазақ ғұрып кұқығы. Автореферат.-А,2003
- 43 Тозған қазды топтанған қарға жейді. Құрастырушы Балтабай Адамбаев.- А,1991
- 44 Халық даналығы.- А,1978
- 45 Сот, судьялар туралы хикаялары./ауд. З.Сақи ұлы/ Кони А.Ф. Собрание сочинений в 8 томах. М., 1967
- 46 Кони А.Ф. Советы лекторам. М., 1956
- 47 Плевако Ф.Н. Избранные речи.- М,1993
- 48 Павлова Л.Г. Спор, дискуссия и полемика.- М,1991
- 50 Цицерон М.Т. Три трактата об ораторском искусстве. М., 1972
- 51 Цицерон М.Т. Избранные произведения.- М., 1975
- 52 Слово адвокату.- М,1981
- 53 Судебные речи советских адвокатов по уголовным делам. – М,1975
- 54 Судебные речи советских адвокатов по уголовным делам. – М,1975